Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған
«ТАРИХТАН ТАҒЫЛЫМ ЖӘНЕ САЯСИ-ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ЖАһАНДЫҚ, ҰЛТТЫҚ ТРЕНДТЕР» атты
халықаралық ғылыми-практикалық офлайн/онлайн конференциясының

МАТЕРИАЛДАРЫ

14 желтоқсан 2021 ж

МАТЕРИАЛЫ

международной научно-практической (офлайн/онлайн) конференции
«УРОКИ ИСТОРИИ И ГЛОБАЛЬНЫЕ, НАЦИОНАЛЬНЫЕ ТРЕНДЫ В ПРОЦЕССЕ ПОЛИТИКО-СОЦИАЛЬНОГО РАЗВИТИЯ»,
посвященной 30-летию Независимости Республики Казахстан,

14 декабря 2021 года

Орал – Уральск

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған
«ТАРИХТАН ТАҒЫЛЫМ ЖӘНЕ САЯСИ-ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ЖАҺАНДЫҚ, ҰЛТТЫҚ ТРЕНДТЕР» атты атты
халықаралық ғылыми-практикалық офлайн/онлайн конференциясының

МАТЕРИАЛДАРЫ

14 желтоқсан 2021 ж

МАТЕРИАЛЫ

международной научно-практической (офлайн/онлайн) конференции

«УРОКИ ИСТОРИИ И ГЛОБАЛЬНЫЕ, НАЦИОНАЛЬНЫЕ ТРЕНДЫ В ПРОЦЕССЕ ПОЛИТИКО-СОЦИАЛЬНОГО РАЗВИТИЯ»,
посвященной 30-летию Независимости Республики Казахстан,

14 декабря 2021 года

Орал – Уральск

Жалпы редакциясын басқарған / Под редакцией:

Сабыр М.Б. - Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Педагогика факультетінің Ғылыми бөлім басшысы, филология ғылымдарының докторы, профессор

Редакция алқасы / Редколлегия:

Раманова А.А. – Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, тіл және менеджмент факультетінің деканы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Муханбеткалиев А.С. – Филология, мәдениет және оқыту әдістемесі кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

Бекмашева А.Н. – филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Абдульманов А.А. – филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Кусайынова Д.Ж. – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

Казкенова Г.У. – педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы

Тарихтан тағылым және саяси-әлеуметтік даму үдерісіндегі жаһандық, ұлттық трендтер» / Уроки истории и глобальные, национальные тренды в процессе политико-социального развития: – Орал: Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, 2022. – 339 б.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған **«Тарихтан тағылым және саяси-әлеуметтік даму үдерісіндегі жаһандық, ұлттық трендтер»** атты халықаралық ғылыми-практикалық офлайн/онлайн конференциясының жинағына тарих, саясаттану, әлеуметтану, білім беру саясаты мәселелеріне арналған ғылыми-әдістемелік мақалалар енгізілген. Әсіресе Тәуелсіз Қазақстанның жүріп өткен тарихындағы жетістіктерімен қатар кемшін тұстары да талданған ғылыми мақалалар аса маңызды. Жас ұрпаққа Тәуелсіздіктің қадір-қасиетін жаңаша көзқарастармен зерттей отырып, жеткізу өзекті болып табылады. Сондықтан ұсынылған конференция жинағының материалдары жоғары оқу орындары оқытушылары мен арнаулы орта, жалпы орта білім беретін мектеп мұғалімдері қызметінде практикалық қолданыс табатынына сенеміз. В сборник международной научно-практической оффлайн/онлайн конференции «Уроки истории и глобальные, национальные тренды в процессе политико-социального развития», посвященной 30-летию Независимости Республики Казахстан, включены научно-методические статьи, посвященные вопросам истории, политологии, социологии, образовательной политики. Особенно важны научные статьи, в которых наряду с достижениями за всю историю независимого Казахстана были проанализированы и недостатки. Актуальным является передача подрастающему поколению достоинства независимости, изучая его с новыми взглядами. Поэтому надеемся, что представленные материалы сборника конференции найдут практическое применение в деятельности преподавателей высших учебных заведений и учителей средних специальных и средних общеобразовательных школ

ӘОЖ 94 (574)
ББК81.2
ISBN 9965-553-26-2

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

ӘОЖ 94(574)

ТӘУЕЛСІЗДІК -ЖАҢАРҒАН ҰЛТТЫҚ САНАМЫЗДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН РУХАНИ ЖАҢҒЫРУЫМЫЗДЫҢ КЕПІЛІ

Тайжанов А.Т.- филос. ғ. д., профессор
Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, Ақтөбе

Аннотация*: Статья посвящена 30-летию Независимости страны. Автор акцентирует внимание на роли независимого развития в формировании нашего национального самосознания и духовном возрождении нашей нации. В нем исследуется роль духовной независимости в формировании нации, раскрывается различие между искомым сознанием и чуждым сознанием. В нем четко ясно сказано, что национальные познание ходе развития Независимого государства в конечном итоге будут опираться на назидательность и принципы.*

Ключевые слова: *Независимость; духовность; духовная независимость; духовное возрождение; духовная сфера; национальное сознание; искомое сознание; чуждое сознание; познание и традиция; назидательность и принцип.*

Abstract: *The article is dedicated to the 30th anniversary of the country's independence. The author focuses on the role of independent development in the formation of our national identity and the spiritual revival of our nation. It explores the role of spiritual independence in the formation of a nation, reveals the difference between the sought-after consciousness and the alien consciousness. It clearly states that national knowledge of the development of the Independent State will ultimately be based on edification and principles.*

Key words: *Independence; spirituality; spiritual independence; spiritual revival; spiritual sphere; national consciousness; the desired consciousness; alien consciousness; knowledge and tradition; edification and principle.*

Жақын күндерде біз Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерекесін атап өтеміз. Осы жылдар ішінде біз неге қол жеткіздік, не тындыра алдық. Ең бастысы біз мемлекет ретінде әлемдік әлеуметтік кеңістіктен өз орнымызды алдық. Сол тәуелсіздігімізді Халықаралық деңгейде бекіту бағытында жұмыс істеп, оның заңдылық және құқықтық негіздерін бекіттік. Өйткені, Тәуелсіздік – қалыптасқан әлемдік қағидалар мен нормалар негізінде мемлекеттің өз саясатын өз еркімен жүргізу мүмкіндігі және қабілеттілігі. Тәуелсіздік туралы айтқанда, біздің алдымен көңіл бөлетініміз саяси – құқықтық және әлеуметтік – экономикалық еркіндік, еріктілік, бостандық. Алайда олардың нәтижелі болуы РУХАНИ ТӘУЕЛСІЗДІКПЕН тікелей

байланысты. Ендеше, ұлттың *рухани жаңғыруы* мен *ұлттық санасының жаңаруы* қоғам үшін де, сол қоғамды құрушы ұлт өкілдері үшін де ауадай қажет. Жаңа заманға сай санасы жаңарған, *құлдық психологиядан азат ұлт* қана қазіргі жаһандану заманында өзіндік даму жолын анықтап, ұлттық болмысын сақтап, тарих сахынасынан өз орнын ала алады және сол тарихта өз болмысымен қала алады.

Ұлтты бұғауда бодан етіп ұстаудың ең басты және тарихи сыннан өткен әдісі, оның тарихын ұмыттыру, ойлау қабылетін шектеу. Осындай халді бастарынан ұзақ кешкен ұлттар мен ұлыстарда ұлттық сана өспейді, жетілмейді, рух сөнеді, намыс мұқалады. Олар басқасын былай қойғанда кез-келген тіршілік иелеріне тән тіршілік үшін күрес пен қорғаныс иммунитеттерінен айырылады. Бұндай жайды көк түрік ұрпақтарының бір бөлігі қазақтар да бастан кешірді. Ұрпақтарымыз өткеннен сабақ алу үшін оны да білгендері жөн.

Осыны еске түсірсек, Ұлы Даланы мекендеген Түркі әлемінің байырғы Ата жұртында қалыптасқан қазақ халқының үш ғасыр бойы Ресей Империясының жан түршіктірер отаршылдығымен күресе, қарсыласа жүріп, тек XX ғасырдың соңғы жылдарында ғана азаттыққа қол жеткізгенінің куәсі боламыз. Бұрынғы өмірден өткен қазақтардың да, бүгінгі жер басып жүрген аға ұрпақтардың да өмірбаянында отаршылдықтан көрген қорлықтың табы көрініп тұрады, әсіресе, олардың сана болмыстарына көп әсер еткен. Сондықтан қазақ халқы осы тарихтың жанды куәгері ретінде отаршылдықтың не екенін айту арқылы адамзат баласын ең бір қасіретті қателіктен сақтандыруға әбден құқылы. Бірақ, оған ел ішіндегі құлдық сана құрсауындағы билік басындағылардың да, «зиялы қауым» атанып жүргендердің де жігері жетіңкіремей жүр.

Кезінде Ресей Империясының бодандығында болған 200-ден астам ұлттар мен ұлыстардың бірі ретінде қазақ халқының отаршылық кезінде бастан кешкен қасіретін белгілі ғалым Ақселеу Сейдімбек өзінің «Қазақ әлемі» атты еңбегінде жан-жақты қарастырады. Автор көрсеткен қисынды басшылыққа алып ой өрбітсек, ол мынаған саяды. Ұлы Далада көшпелі өмір-салт құрып, ғажайыып төлтума мәдениет қалыптастырған қазақ халқы отаршылдық кезінде жойқын рухани экспансияны бастан кешкен, нәтижесінде рухани ассимиляцияға түсіп, төлтума мәдениетін көмескілеген. Ұлттың төлтума мәдениетін жою қай кезде де метрополияның ең негізгі саяси-идеологиялық мақсаты болып отырған. Бұл мақсатты жүзеге асырудың тетіктері Ресей Империясында тәжірибеден ғылымға ұштасып отырған. Ресей экспансиясы белең ала бастаған XVIII ғасырдан бастап 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына дейінгі аралықта қазақ халқы отаршылдыққа қарсы 300-ге жуық ұлт-азаттық көтерілісті бастан кешкен. Алайда дүлей күш қазақ халқының азаттықты көксеген рухын ұдайы қанға тұншықтырып отырған...[1., 795-796.]. Әрине, бұлар ұлтымыз басында болған әлеуметтік әділетсіздік пен нәубеттердің бір парасы ғана.

Көріп отырғанымыздай қазақ халқы қазіргі азаттығына осындай нәубеттерді бастан өткеру арқылы қол жеткізді. Азаттық жолында халық

талай қансырады, бірақ қаза болған жоқ, есеңгіреді, бірақ есінен адасқан жоқ. Алайда әділетсіздік пен зұлымдық ұзақ өмір сүрмейтінін көне тарих талай рет көрсеткен. Империя да құлады. Кезінде халқымыз үшін отаршылдықтан құтылу қанша қиын болса, оның зардабынан арылудың одан да қиын екеніне көз жеткізіп келеміз. Соның бірі қазіргі қоғамымызда көтеріліп жатқан әр түрлі деңгейдегі әлеуметтік жағдайлар мен халықаралық, ұлтаралық, экономикалық қатынастар.

Тәуелсіз елміз десек те, жоғарыда айтылған Ресей үстемдігінен біз әлі алыс кете қойған жоқпыз. Енді соңғы жылдарда оған Қытай мәселесі қосылды және бұқара халыққа, көпшілік әлеуметке түсініксіз бағытта дамуда. Олардың қатарына Қытай елінен алған қарызды, біздің елімізге әкелінбекші сандаған заводтарды, Қытай жұмысшылары мен жергілікті жұмысшыларлың әлеуметтік теңсіздіктерін, тағы басқаларын атауға болады. Әрине, бұл істердің көпшілік түсіне бермейтін жақтары да болуы мүмкін, бірақ ашықтық аса қажет. Соңғы кездердегі Қытай елінде аз халықтарға көрсетіліп жатқан әр түрлі қысымдар туралы әлемдік ақпарат шулап жатқанда біздің ресми ақпарат көздерінің үнсіз қалуын қалай түсіндіреміз. Әлде бізді әр түрлі себептермен шет елге кетуге мәжбүр болған, немесе, тағдырдың тәлкегімен шет елдік болған қандастарымыздың тағдыры ойландырмай ма?! Әлемдік практикаға жүгінсек, біз әлемдік қауымдастықтың мүшесі ретінде және өзіміздің статусымызға сәйкес әрекет етіп, оларды қорлатпай, керісінше, қорғауға міндеттіміз. Бірақ біздің ұлтымыздың бойына терең сіңген *құлдық психология* мен бұрынғы уақыттан қалған *үрей* бізді ондай қадамға жібермей отыр. Ендеше, біз ең алдымен тұманданған санамызды сейілтуіміз керек. Ұлт бойына батпандап сіңген отаршылдықтың дерті енді мысқалдап шығады. Яғни, қазақ халқының ең өзекті әрекеттері рухани сауығуға, өз болмысын парықтауға бағытталғаны абзал. Мұны тура мағынада да, бейнелі мағынасында да «рухани жаңғыру» немесе «рухани реставрация» деп те атауға болады.

Әділдік үшін айта кеткеніміз жөн, еліміздің Егемен, Тәуелсіз даму барысында бұл бағытта біраз істер жасалды. Солардың ішінде «Мәдени мұра» бағдарламасын ерекше атағанымыз абзал. Соңғы жылдардағы Рухани жаңғыруымыз бен Ұлы Даланың көнеден тамыр тартатын тарихын жастар мен ұлт санасына сіңіру бағытындағы алынған шаралар да өз нәтижесін береді деген ойдамыз. Алайда, бұл мақсаттарға жету үшін де біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс.

Алдағы уақытта Қазақстанның саяси-экономикалық және мәдени даму болашағының айқын мақсаттары ары қарай сарапануы керек. Өкінішке орай, әзірше барлық сала бойынша, оның ішінде білім мен ғылым салаларында да шетелге жалаң еліктеп, жалпы таңырқаудан әріге бара алмаушылық айқын байқалады. Мұның сыртында, шетелдік алпауыттар Қазақстанның нарықтық қатынастарға деген ынтасын пайдаланып, қазірдің өзінде мәдени-рухани, моральдық-этикалық және діни-идеологиялық экспансия жасай бастағаны аңғарылып отыр. Кез-келген ұлттың, кез-келген қоғамның тарихи-әлеуметтік дамуында айнымас заңдылық болады. Ол – сол қоғамның нақтылы тарихи-

әлеуметтік, мәдени-рухани болмысымен санаса отырып жол табу заңдылығы. Өмір-салты мүлде бөлек, экожүйесі басқа, талғам-танымы мен дәстүрі бөтен елдің болмысына жалаң еліктеу түптің түбінде кез-келген ұлтты рухани дағдарысқа ұрындырады. Басқасын айтпағанда, зорлықпен таңылған социалистік өмір-салтының қазақ халқын қандай қасіретке ұрындырғанын еске түсірсек те жеткілікті. Сондықтан, «бар болғаны геосаяси ортаны ғана жасап алған Ресейдің де, ұлтсыз экономикалық тұтастықтағы Американың да, әрбір субъектінің қарақан басын күйттеуге алып келетін Европа елдерінің де, ортағасырлық діни мистиканы мәдени-рухани болмысына негіз еткен араб елдерінің де даму үрдісі қазақ халқының азат, тәуелсіз дамуына үлгі бола алмайды» [2., 801-бет]. Кез-келген ел өзінің тарихи тағдырына орай қалыптасқан, өзіне ғана тән құндылықтар жүйесіне негізделген өмір сүру стилін қалыптастырса ғана бақытты бола алады. Мұның жарқын үлгісін жапон елі бүкіл әлем жұртшылығына көрсетті.

Ұлт болмысы алдымен күнкөріске, еңбекке, кәсіпке негізделеді, сол арқылы белгілі бір қоршаған ортада, экожүйеде, Атамекенде – ұлттық сана, ұлттық тәрбие мен тәртіп, дәстүр, салт, сауық, наным-сенімдер, т.б. ұлттық болмысымызға тән компоненттер қалыптасады. Ендеше, қоршаған орта, экожүйе, Атамекен туралы кез-келген байсалды ойдың түйіні өзінен-өзі адам және табиғат, қоғам және табиғат, ұлт және табиғат деп келетін іргелі проблемалармен ұштасады.

Кешегі Кеңестік дәуірде, діни наным-сенімдерге қарсы тұрамыз деп жүріп, өзімізді табиғатқа да қарсы қойдық. Саналы адамның табиғатты мүмкіндігіне қарай тануы мен игеруін, оны *бағындыру*, немесе, *табындыру* деп түсіндік және түсіндірдік. «Біз табиғаттан рахым күтіп отыра алмаймыз, оны өзімізге бағындырамыз, бермесін тартып аламыз» *(И.В. Мичурин),* «Адамға табын, Жер енді!» *(О. Сүлейменов)* – деген сияқты шабытты ұрандар сол сананың салқыны. Ал шын мәнінде дүние жаралғалы Табиғат-Ана тіршілік атаулыға бейімделіп көрген емес, керісінше, тіршілік атаулы табиғатқа бейімделу арқылы ғана ғұмырын сақтап отырды. Демек, экожүйенің болмысын танып, оның бітім-қасиетімен санаса білген қоғамның ғана болашағы бар, халқы да сау.

Табиғаттың бермесін тартып алу, «пайдасызын» жойып жіберу, табиғатты қалауына көндіру және сол арқылы тұрғылықты халық болмысын өзгерту үрдісі, әдетте, отаршылдықты өмір сүрудің тәсілі еткен халықтардың барша әрекет-болмысынан айқын көрініп келе жатыр. Ресей империясының қол астына өткен үш ғасырлық бодандық Қазақ даласын қансырата жаралап кетті, жер азды, өсімдік селдіреді, жан-жануар сиреді. Бірқатар алап-аймақтар шөл-шөлейт қана емес, сейілмес уға бөгіп, мүлде пайдалануға жарамайтын қу далаға айналды. Нәтижесінде қазақ халқының тарихи-әлеуметтік, мәдени-рухани және биопсихологиялық болмысы табиғи даму үрдісінен жаңылып, ұлт болашағына деген алаңдаушылық сезімін туындатты.

Кез-келген табиғи ортаның өзгеріске ұшырауы ең алдымен жаңа әлеуметтік-этникалық психологияның, дәлірек айтқанда, сырттан келген

өктем күштің үстемдік құруымен тікелей байланысты екеніне тарих куә. Кез-келген этнос – барша болмысымен *(биологиялық, психологиялық, антропологиялық, өмір-салттық, т.б.)* белгілі бір табиғи ортаның нәтижесі. Сол табиғи ортаға екінші бір табиғи бөлек ортаның нәтижесі болып табылатын этнос, айла-шарғымен, немесе, зорлықпен басып кіреді. Мұндай зорлықтың басты себептері: өз күшіне сенімділік, қомағайлық, жеңіл олжаға қызығушылық, өзгенің есебінен олжалы болу т.б. Осындай жолдармен әр текті этностардың араласқа түсуі, сөз жоқ, мың сан кереғар таным-түсінікті өзара шарпыстырады да, оның тауқыметі мен ауыртпалығын қара халық тартады.

Ешбір этнос, әсіресе басқыншы этнос, еш уақытта өз еркімен табиғи болмысын өзгерткілері келмейді. Сондықтан, өз Атамекенінен басқа табиғи ортаға басып кірген өктем этностың алғашқы қарсыласы сол табиғи ортаның өзі болып шығады. Сол табиғи ортаның байырғы тұрғындары да өз табиғатының бір бөлшегі ретінде өктем этносқа қарсы тұрады. Мұндай текетірес барысында өктем этнос сол келген ортасына амалсыз бейімделуі керек, немесе, сол келген ортасын өзінің өмір-салтына бейімдеп өзгертуі керек. Бұл орайда табиғаттың адам қалауына қарай бейімделмейтінін ескерсек, сыртқы басқыншы күштің табиғи ортаны жоюы ғана емес, осы ортада қалыптасқан этностың болмысын да өзгертуі болып табылады. Болмысы жоғалған соң сол табиғаттың төл перзенттері ретінде, сол жердің байырғы тұрғындары да бірге жойылады, не өктем этностың мәжбүрлеуіне орай өзге болмысты қабылдайды. Қашанда зорлық атаулы өзіне қарсылықтар қалыптастыратын болғандықтан, жергілікті зәбір көруші этнос та қарсыласу барысында өктем этностың ең жаман қасиеттерін игеріп алады. Осындай этникалық идеялар шарпысқанда рухани мәдениет тұрақсыз, құбылғыш қалып танытып қана қоймайды, өз өлшемінен де айырылады. Бұқара санасы мен психикасы этникалық дәстүрден нәр алмайды, қара басының аңсарымен шектеліп, таза экзистенция жетегінде болады. Мұндай адамдарды субъективті сенім иектеп, олар даңқеуде, мақтаншақ, өзімшіл, дүбәра, бетпақ-демагог қалыпта ғұмыр кешеді. Жойылу үдерісі бірнеше үлгіде өтеді: тікелей қан төгіп, қарсыласу арқылы жойылу; тарихи бітім-болмысы бөлек шаруашылық-мәдени типіне зорлықпен көну арқылы жойылу; жат идеалға мойын ұсыну арқылы бірте-бірте ассимиляцияға түсу, т.б. Кешегі Кеңес заманында бұл үлгілердің біразы қолданылды. Соған қарамастан «Мың өліп, мың тірілген» ұлтымыз ақырғы үміті үзілмей, Тәуелсіздікке қол жеткізді.

Ал тәуелсіз даму бұрынғымен салыстырғанда түбегейлі өзгерістерді талап етті. Өзгергенде біздің мемлекетіміздің ішкі және сыртқы саясаты, экономикасы – бір сөзбен айтқанда, мазмұны өзгеріп қана қойған жоқ, жалпы ұстанымымыз да өзгерді. Өйткені, қоғаммен қоса адамдар өзгерді, олардың болмысы, түсініктері, санасы өзгерді. Біздің бұрынғы Кеңестік Одақты мекендеген халықтар үйреншікті жағдайдың кілт өзгеруінен, болашақтың қатты соққысынан футуршок алып есеңгіреп қалған еді. Себебі, бұл тұста мемлекетті ұстап тұрған *«мәңгілік идеологияның» да, «теңдесі жоқ теңдікке қол жеткізген, әлемдегі ең озық мемлекет» туралы ертегінің де, өзіміз өмір*

бойы қуған «коммунизм елесінің де» күлі көкке ұшқан-ды. Ал адамдар болса дағдарысқа түсті. Бұл барлық саламызды қамтыды. Бір ғана саланы – рухани саланы алалық. Адамға алдымен ішіп-жеу, киіну, белгілі тұрақ, т.б. керек екені рас. Бірақ адам болмысын қалыптайтын *рухани сала.* Ол дағдарысқа ұшыраса, ұшы-қиыры жоқ ен далада, немесе, мұхит үстінде компассыз қалған адамдай, оның санасы да дағдарысқа ұшырайды. Адам санасы дағдарысқа ұшырағасын оның осы кезге дейінгі танымы мен түсінігі де іске алғысыз, керексіз болып қалады. Біздің халық сол кездерде сондай күн кешті. Өйткені белгілі социолог Дюркгейм айтқандай: «Жауаптар ғана емес, қойылар сұрақтар (*мәселелер – А.Т.*) да ескіріп, қажетсізге айналды» [3., 253-бет]. Осыдан келіп өзгеру керек болды. Өзгеруіміз де объективті жағдай болатын. Жаһандану заманында өмір сүріп оның талаптарымен есептеспеуге болмайтын еді. Ал талаптар өте көп болатын. Біз солай еттік те.

Өз болмысын заман талабына сай қалыптастыруға ұмтылған қазақ халқы, жаңа заманда Қазақ еліне айналды. Өз отанының азаттылығына, тәуелсіздігіне қол жеткізді. Енді осы Тәуелсіздіктің баянды болуымен қатар, басқа елдермен, ұлт-ұлыстармен тереземіз тең болуын әрбір саналы азамат армандап қана қоймай, соған өз деңгейінде үлес қосуы керек. Біз қазір бәсекеге қабілетті ұлт туралы көп айтамыз. Шын мәнінде бәсекеге қабілетті ұлттың әрбір өкілі бәсекеге қабілеттілігін, даярлық деңгейін, білімділік және даралық даму дәрежесін көрсете білулері керек. Қазіргі біздің ұстанымымыз - *рухани жаңару жолы* елдікті ойлаған отандастарымыздан жаңа әрі серпінді ізденістерді, Қазақстанды жан-тәнімен сүйетін өз Атамекенінің патриоты болуды талап етеді.

Әрине даму барысында қай мемлекетке де тарихтан үйренгендері ләзім. Алайда Егемен, Тәуелсіз елдің өз жолы болуы да шарт. Әлемдік саяси-құқықтық практикаға да, демократиялық ұстанымдарға да, тіпті өзге елдердің «ақылына» да кейде құлақ түргеннің зияны болмас. Дегенмен, Қазақстанның өзіндік жолын таңдауына да, сол жолмен жүруіне де құқы бар. Отыз жылдық тәуелсіз тәжірибеміз көрсеткендей ол жол – бейбітшілік жолы, руханият жолы, кемелдік жолы, кейбір зиялы қауым өкілдері айтып жүргендей «Абай жолы». Дана Абай өз ұлтын оқуға, ғылымға, білімге, білуге шақырды, «біріңді, қазақ, бірің дос, көрмесең – істің бәрі бос» - деп, «бас басына би болмай», бірігуге, түсінісуге шақырды. Біз соған құлақ астық. Ел іші тыныштық, еліміз азат, азат елде тұратындардың ұйқысы да тыныш. Ал дүниенің болмысы туралы ой ойлай қалсақ, Абайды іздейміз, ойланбасақ, ойын-сауықпен жүрсек хакімнің қажеті жоқ болар еді. Осыны ескерген Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Абайды терең тануға баса мән бергеніміз жөн. Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы. Абайдың көзқарастары XXI ғасырдағы Қазақстан қоғамы және оның береке бірлігі үшін аса құнды... Біз Абайдың «толық адам» тұжырымын қайта зерделеуіміз керек» **[4]** - деген болатын.

Ендеше, өзгелер де бізбен санасу үшін, біздің де өзімізге тән мәдениетіміз, тіліміз, рухымыз бар екендігін өзгелерге білдіруіміз керек, олай болмаған жағдайда біз әлеуметтік таным объектісі ретінде өзгелерге де керек

емеспіз. Ұлт ретінде өз болмысы болмаған, өзгеге еліктеп, басқалардың жылтыраған бейнесін өзіне бетперде қылып киіп алуға ұмтылған рухсыз халық, ұждансыз ұлт ешкімге керек емес. Әрбір ұлт өкілі өзін адамзат алдында ұлттық болмысы арқылы танытады. Одан өзгенің барлығы - адам табиғатынан тыс, мәдениетке жат, жасанды этикетке, заман ыңғайына негізделген, белгілі бір идеологиялық мақсаттарды көздейтін - жалған нәрселер. Бұл туралы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Біз мемлекет ретінде де, ұлт ретінде де бір орында тоқтап қалмауымыз керек. Ондай жағдайда ел тоқырауға ұшырайды. Оның зардабы мемлекетімізге ауыр тиеді. Ащы да болса айтайын, біз – қазақтар, осынау алмағайып күрделі әлемде, түптеп келгенде, ешкімге соншалықты қажет емеспіз. Өз мемлекетімізге ғана қажетпіз. Осы бір қарапайым қағиданы ешқашан естен шығармауымыз қажет. Әлемдегі Қазақстанның жетістігін көре алмайтын, «мысықтілеу» саясаткерлер, тіпті мемлекеттер де бізден алыстап кеткен жоқ, маңайымыздан ұзамай әр қадамымызды бағып отыр. Сондықтан елімізді өркендету, көркейту – тек қана өз қолымызда. Біздің осындай сындарлы сәтте қателесуге еш қақымыз да, құқымыз да жоқ. Және мемлекет құрушы ұлт ретінде бұл мәселені бірініші кезекті өзіміз терең сезінуіміз қажет. Өйткені қазақ халқының тағдыры тарих таразысында тұр...»**[5]**. Айта кеткеніміз жөн, Президенттің бұл сөзі біздің Егемендігіміз бен Тәуелсіздігімізге де тікелей қатысты.

Алайда біз бүкіл әлемнен оқшаулана алмаймыз. Сондықтан ұлттық мүдделерімізді қолдай отырып, әлемдік өркениеттің үздік үлгілерінен оқып-үйренуді, өзара ықпалдасуды басшылыққа алуымыз керек. Батыс пен Шығыс екі дүние, бұл екеуінің бір-бірінен алшақ та, қабысатын да тұстары бар. Әлем саясаткерлері мен ойшылдарының жаһандану тұсындағы басты бағыты, ұстанымдары олардың дербес өмір сүре отырып, жақындасуына, түсінісулеріне, табысуына жағдай жасау.

Жастар еліміздің болашағы. Біздің алдағы міндет – қазақстандықтардың, бірінші кезекте жастардың, білімділікке, интеллектілікке, отаны мен ұлтына қызмет етуге деген көзқарастарын қалыптастыру. Жоғары оқу орындарында сан - салалы мамандықтарды игеріп жатқан жастардың рухани жұтаңдыққа соқтықпауын қамтамасыз ету. Оның үшін уақыт талабына орай туған жаңа таным мен соны көзқарастарды ғылыми тұрғыдан саралап пайдаланумен қатар, күнделікті өмірімізде жастардың қалыптасуына ықпал ететін әр түрлі «құралдарға» сақ болғанымыз жөн. Айталық, бүгінгі бақылаусыз, жөн-жосықсыз кеткен бұқаралық ақпарат құралдарының бірқатары баланың әлі толық қалыптаспаған психикасына қиратушы күш ретінде әсер етуде. Өйткені, қазіргі уақытта бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жастардың санасын улайтын негативті ақпараттар кеңінен таратылуда. Қазақстанның төл телеарналарын күні бойы қарап, оның ішінен танымдық бағдарламаларды іздейтін болсақ, көңіл көншітпейді. Тіпті олардың ішінен қай бағдарламаның танымдық екенін ажыратудың өзі қиын. Бірен-саран болған күнде де оның уақыты күніне 30-45 минуттан аспайды. Қалған ақпараттың бәрі шетелден алынған жұлынды мәдениеттер мен мәліметтер, немесе, көрші Ресей мемлекетінің хабарларының *«қазақ шапанын»* киген көшірмесі. Ал бұл

алдымен ұжымдық, кейін *ұлттық бейсаналыққа* апаруы әбден мүмкін. Олар бір күнде, немесе, бір жылда емес, сан жылдар бойы қалыптасады және ұлттың болмысын өзгертеді.

Осы бағытпен жүре берсек дүниетанымымыздың негізін құрайтын ділден ажырап қалуымыз мүмкін. *Діл мазмұны* – ұлттық мәдениеттен, әдет-ғұрыптан, салт-санадан, діннен және тілден тұрады. Бұлардан айырылған ұлт, ұлттық рухынан да айрылады. *Рух* дегеніміз аса жоғары күрделі дүние. *Рухтылық* – еркіндік түрі. Рухы биік адам қай дәуірде де өзін сыйлата алған, рухы күшті ұлттардың қашан да бағы таймаған, «мың өліп, мың тіріліп» жасампаздыққа қол жеткізген.

Бүкіл жасампаздық істерді жасаған да рухы биік тұлғалар. Ал, ондай тұлғаларды өмірге әкелетін көп факторлардың бірі, мүмкін бастысы әлеуметтік орта, әлеуметтік бағыт-бағдар, ұлттық тарихи тағылым. Бұның бәрі біліммен, білікпен оның ішінде ұлттық нәрі бар біліммен келеді. Бұл дегеніңіз мемлекеттік саясаттың, оның ішінде әлеуметтік саясаттың осы жағына ойысуы. Олай болса, бұл жерде біз мемлекеттік саясат пен ұлттық рухтың бірлік диалектикасын түсінуіміз керек. Бір ұлтты зор, ұлы етіп, екінші ұлтты кішірейту, төмендету біз басымыздан Кеңес заманында өткізген кезең, өткен тарихымыз. Ал, бүгін осы рушылдыққа, жікшілдікке айналатын болса, талантты, дарынды жандарды билік басындағылар өз аталарынан тарамаған болғандықтан атамай қойса, елге еткен еңбектерін бағаламаса, қызметтік баспалдақтарға өсірмесе бұл азаптың басы, абыройсыздыққа апаратын жол. Бұл да «саясат», бірақ, болашағы жоқ «саясат». Күрескер рухтағы адамдар, зиялы тұлғалар үлкен басын кішірейтіп ештеңе сұрамайды, өз жеке бастарын, бос мақтанмен дәріптемейді, ал ұлттық рухы бар ел өз ерлері мен зиялыларын қорлатпайды, елінің асыл қазынасы: тілін, дінін, дәстүр-салтын, ұлттық қалпын аяқасты еткізбейді.

Бізді бүгінгі идеологиялық ахуалдың да біраз тұстары ойландырмай қоймайды. Ең бастысы науқаншылдық. Мысалы, Мемлекет басшысы Қазақстан Халқына Жолдау жасаса, ол баспасөзде жарияланып үлгірместен «дайын» адамдардан сұхбаттар алынып, жиналыстар өткізіледі. Сондағы мақсат бұқара халық қолдап, саналарына сіңіруде дегендей хабарлар таратып, есептер беріліп, тез шаралар қабылдау. Осылайша желпініп, бәрі тамашадай, бәрі болып - толғандай ахуал қалыптастыру. Бұндай жеңіл-желпі әрекеттердің терең себептері де бар. Егер әлеуметтану тұрғысынан келсек, халық деген біртекті емес. Еліміз қазақтарын үш буынға бөлуге болады: аға буын, орта буын, жас буын. Алдыңғы екі буын кеңес тәрбиесінен өткендер, олардың бірқатарына екіжүзділік те тән болды. Мемлекеттік саясатты сөз жүзінде қолдап, жеке қара басының жағдайын, табысын, әл-ауқатын ойлайтын, ішкі есептен, ішкі өз психологиясымен жүретіндер. Жоғарыдан айтылған елдік саясатты алғашқылардың бірі болып қолдау, мақтау, сол арқылы жақсы болып көріну.

Екінші жағынан, аға ұрпақтар бойында советтік интернационализм, ұлтсыздықтың да іздері бар. Интернационализм адамдары бірлікке, бауырмалдыққа тәрбиелейді. Бірақ бауырмалдық, туысқандық ниет тек таптық

негізде ғана болуына артықшылық беріп, ұлттық құндылықтарға жеткілікті мән берілмеді.

Марксистер түбінде ұлттардың бір – біріне сіңісіп, тұтас еңбекшілер қауымдастығына айналатынына сенді. Ал жетекші күш жұмысшы табы болады, пролетарит үстемдігі сан жағынан жұмысшылары басым орыс халқына ауысты. Астамшылдық орыс еместерді ұлттық санадан ажыратты, ұлтсыздық біртіндеп қалыпты жағдайға айнала бастады. Ендігі мақсат осы кеткен ағаттықтың орнын толтыру.

Бұның бәрі – тарихи санамен, танымммен, тәжірибемен келетін зат. Бұлардың өзегі – білім, ұлтқа қызмет ететін этномәдени мазмұнды білім, білікке ұласатын білім. Бұндай білім мен тәрбие болмайынша адам рухи мүгедектікке ұшырайды. Егер қазақ қоғамының рухы мүгедек болмағанда, дәл бүгінгі бейбіт заманда қазақ бірнеше топқа, дінге бөлінбес еді, бір дінді ұстанып, сеніп келген қазақ көп дінді болып кетпес еді. Жеріміз бір, осы жердің иесі біз деп жүрген қазақ, өзінің арғы тарихын білмей, өзінің кім екеніне жауап бере алмайтындай жағдайға жетпес еді. Өйткені, бізде ел ішінде де, елден сырт оқыған да жастарымыз рухани тәрбие алмаған, бағдарлары жоқ, сондықтан олар жаттың тәлімін бойына сіңіріп, шет елдерде оқығандары елге келіп сол тәлім берген мемлекеттің саясатын жүзеге асыра бастайды *(бұл әсіресе діни оқу орындарында оқығандарға қатысты – А.Т.).* Ендеше, елді ел қылып, өзімізді өзіміз билегіміз келсе, еліміздегі оқу орындарының деңгейін ең жоғары әлемдік деңгейге жеткізуге ұмтылыс жасаумен қатар, *этномәдени білім мен тәрбие* жағына да ойысуымыз керек. Елге қызмет ететін өзіндік тәрбие және білім жүйеміз болғаны жөн. Еліктей беру еркіндік те, ержеткендік те емес екенін түсінетін уақыт жетті. Бұл Тәуелсіз Ел ұстанатын ұстаным да емес!

Қазақ елі өз Тәуелсіздігіне қол жеткізгеннен бастап, ең басты мәселе, оның ертеңгі болашағын ойлау болғандықтан Қазақстанды дүниежүзіндегі «бейбітшілік пен келісім аймағы» деп жариялауға қол жеткізді. Алдағы уақыттардағы үлкен мақсаттың, биік белестердің бірі – Қазақстанның дүние жүзіндегі бәсекеге қабілетті елдердің қатарына кіруі. Халқымыз дұрыс мәндегі бәсекелестік – жеке адамды *(тұлғаны),* ұлтты ілгері ұмтылдырады деп есептеген. Қазақтың «ізденген жетер мұратқа» - деуі де содан. Осы ұмтылысты Президент өз сөзінде ұлттық идея дәрежесіне көтеріп, «басты ұлттық идея – ұлттың бәсекеге қабілеттілігінде» - деп, ұлтымыздың бәсекеге қабілеттілігінің шарттарын көрсетіп берген. Олар: ел қауіпсіздігі; қазақстандық патриотизм; сауатты ұлттық саясат; білім беру; ұлттық рух; мемлекеттік тіл [6].

Алайда бір нәрсе анық ұлт жады барлық заманда да рухани-мәдени дамудың үздіксіздігін сақтаудағы қоғамның қажеттілігін өтейтін құралы, әсіресе, көне қоғамның қалыпты қызметінің шарты. Өйткені, алдыңғы дамумен сабақтастық жойылған жағдайда, сабақтастықтың жаңа жағдайларға бейімделе алмаған тұстарында тарихи байланыс үзіліп, «тарихи ұмыту» тетігі іске қосылады.

Жалпы алғанда бұл әлеуметтік-философиялық даму диалектикасына қайшы келмейді. Өйткені, өмірде мәңгі ештеңе жоқ. Бұл туралы дана Абай: «Дүние - үлкен көл, заман – соққан жел, алдыңғы толқын – ағалар, артқы толқын – інілер, кезекпенен өлінер, баяғыдай көрінер» - деп бекер айтпаған.

Кеңестік идеология қазақ еш заманда ел болмағандай, айдалада мал баққаннан басқа түк көрмегендей көрді, өздерінің сол жымысқы идеясын санамызға сіңіріп келді. Тәуелсіздік жылдарында әркімнің өз ішінен түлеуіне мүмкіндік туды. Ол үшін тек ұлттық рух пен намысты, ықыласты оятуымыз керек. Бұл тұрғыдан алғанда мемлекеттің де, халықтың да атқаратын міндеті зор. Алдымен заман ағымын түсініп, бүкіләлемдік әлеуметтік ортаға бейімделуіміз қажет. Бұрынғыдай «қазақ - жомарт, қазақ - қонақжай» деп кім көрінгенге төріңді ұсынатын заман емес. Қонақжайлықтың да, жомарттықтың да шегі болады. Басқалар біздің ақ көңілділігімізді, жомарттығымызды «дарақылық» деп түсінулері де әбден мүмкін. Бұл күнде бірінің баспанасы жоқ, бірінің балалары жұмысқа тұра алмай жүрсе де біздің қазақ той жасағыш, тіпті қарыз алып той жасайды. Сонда басқалар ой қуып, біз той қуып жүрсек не боламыз?!

Қазіргі жастардың басты арманы - баю, шетелге бару болып кетті. Туған ел, туған жер, патриотизм деген ұғымдар ұмытылып, немесе, сол сезімдер азайып бара жатқандай. Бәрінің бастық болғысы, немесе, ақшалы жерде жүргілері келеді, «ауырдың үсті, жеңілдің астымен жүрсек» дейді. Ондайлар туралы Абай: «пайда деп, мал деп туар ендігі жас, еңбекпен терін сатып түзден жимас, алса қоймас, араны тағы тоймас» - дейді. Ендеше, жастарды жемқорлыққа, керенаулыққа бастайтын осы бір психологиядан арылып, адал еңбекке баулу, отансүйгіштікке тәрбиелеуіміз керек.

Сөз жоқ қазіргі нарықтық заманда ең алдымен әркім өзі үшін өмір сүретінін мойындауымыз керек, бұл өмір шындығы. Әзірге сана тұрмысты билейтіндей өркениетке әлі жете алған жоқпыз, керісінше, тұрмыс сананы билеп тұр. Ендеше, қоғамның әлеуметтік деңгейі жеке адамдардың отбасыларының тұрмыс деңгейімен сипатталады. Бірақ, саны көп алпауыт мемлекеттермен *(Қытай, Ресей)* халықтармен көрші қоныстанған қазақ тәрізді шағын ұлтқа өзінің азаматтарын қара басының қамы үшін емес, халықтың мүддесі үшін тәрбиелеу және баулу аса маңызды. Сондықтан оқу орындарында осы бағытта тәрбие беретін гуманитарлық пәндерді оқытуға ерекше мән берілуі тиіс. Жасыратыны жоқ, қазіргі уақытта жастарымыз адам дүниетанымының сан қырларын көрсететін, танытатын – этика, эстетика, мәдениеттану т.б. пәндер жекелеген мамандықтарда мүлдем оқытылмайды. Біздің Тәуелсіз дамуымыз тарих көзімен қарасақ қас-қағым уақыт, ал әлеуметтік тұрғыдан келсек кәмелетке толдық, буынымыз бекіді, орда бұзар жасқа келдік. Ендеше, осы жас биігінен қарап, біз осы уақыт аралығында неден ұттық, немесе, ұтылдық - деген орынды сұрақтар төңірегінде ойлағанымыз жөн. Өткен тарихқа көз салсақ, отарлық бұғаудан босап, Тәуелсіз даму жолына түскен елдердің саяси-әлеуметтік өмірі күрделі болады. Өйткені, ол кезеңде елдің саяси құрылымы мен экономикасында ғана емес, рухани өмірінде де, ойлау жүйесінде де күрделі қайта құрулар жүріп жатады.

Өкінішке орай, біздің ұлттық жеке дара мемлекеттілік ойлау жүйеміз әлі толық қалыптаспаған. Оның бірден қалыптасып та, шешіліп те кетпесі анық, оған белгілі бір уақыт қажет. Бұларға қоса біз кеңестік әкімшіл-әміршіл жүйе тұсында саналы түрде қалыптасқан отарлық ұлтсыздану санасынан да, құлдық психологиядан да әлі де болса толық арыла алмай келеміз. Дербес ұлт ретінде дамудың бір көрінісі *ұлттық сананы* дамытуға нұқсан келтіретін кертартпа ұлтсыздану психологиясының қалдықтарынан да, құлдық психологиядан да арылуымыз қажет.

Арылудың ең жақын да, төте және бүгінгі таңда ең тиімді жолы жастарға *этномәдени білім мен тәрбие* беру. Сол арқылы ата-баба әруағын қастерлеуге, туған топырағына деген шынайы сезім қалыптастыру. Себебі, *білім берудің шынайы мақсаты* – адамға белгілі бір білімді жеткізу ғана емес, сондай-ақ оның *рухани, адамгершілік тұрғыдағы мәнін дамыту.* Сондықтан да, Тәуелсіз елдің тәрбие саласындағы басым міндеттердің бірі - жас ұрпақты ғасырлар бойы жинақталған халық даналығының жалпыадамзаттық құндылықтарын меңгерту бағытында болуы қажет.

Рухани болмыстың даму мүмкіндігін көрсететін басты құбылыс - *ол адамның өзіндік ұстанымының қалыптасуы* - олардың санасын өзгертіп, рухани болмыстарын жаңару үдерістеріне жетелейді. Міне, сондықтан да болар, Қазақстанның XXI ғасырдағы басты даму бағдары белгіленген Стратегиясында адам мен қоғамның рухани жаңаруына ерекше мән берілген. «Адамдардың ой-санасын бір сәтте өзгерту мемлекеттің қолынан келмейді, - делінген аталған Бағдарламада. Бірақ мемлекет өзгерістер процесін, объективті үрдістерді түсінуді, маңызды ақпаратты халыққа жеткізу жолымен және де, ең бастысы, өзіндік молшылыққа бағытталған әлеуметтік–экономикалық саясатты іске асыру жолымен жеделдетуге қабілетті. Адамдардың жаңа дүниетанымы қалыптасқанша ондаған жылдар қажет болады». Адамдардың рухани жаңару үдерісі әлеуметке күрделі сипатта әсер етеді, сондықтан қазіргі таңда оның қалай өтіп, жүріп жатқандығын да бағалап, пайымдап отыруымыз керек. Біз қоғамымыздағы өзгерістер ықпалымен, өзіміз көбіне оны түйсіне де бермей, құндылықтардың сапалық өзіндік жүйесі мен адамдық қарым-қатынастардың жаңа түріне дағдылана отырып, өзіміз де түгел өзгердік. Біз Тәуелсіз ел болдық, азаттыққа қол жеткіздік. Мемлекеттік-ұжымдық дүниетанымның жекешіл дербес дүниетаныммен алмасуы біздің өміріміздің әрбір қырын өзгертті. Ал, өзгерген заманды да, өмірді де, рухани болмысымызды да, парасат тұрғысынан пайымдауымыз бүгінгі күннің қажеттілігі.

Сондықтан саяси және экономикалық реформалармен қатар РУХАНИ ЖАҢҒЫРУҒА да айрықша мән берілуі керек. Біз рухани жаңғыру бағдары аясында XXI ғасырдағы ҰЛТТЫҚ САНА туралы ой қозғалып, біздің бәсекеге қабылеттілігіміз, ұлттық бірегейлігімізді сақтау, білімнің салтанат құруы, сананың ашықтығы, Қазақстанның эволюциялық даму жолын әлемдің уақиғалар мен процесстер тұрғысынан ой елегінен өткізіп, қорытынды жасау – қоғамның да, саяси партиялар мен қозғалыстардың да, білім беру жүйесінің де ауқымды дүниетанымдық, рухани жұмысының бір бөлігі екендігін түсіндік.

Тәуелсіздік туралы мақаласында Президент Еліміздің болашағына да көз жүгіртіп алдағы төртінші онжылдықтың бізге жүктейтін міндеттерін – *қуатты елдің иесі* және *кемел халық болу* деп белгілейді. Мемлекет басшысының пайымдауынша, «бұл жолда саяси-экономикалық реформаларды және сананы жаңғырту үдерісін жалғастырып, заман талабына бейімделген ұлттың жаңа болмысын қалыптастыруымыз қажет»**[7]**. Ұлттың жаңа болмысы әділетті қоғам мен тиімді мемлекет құруды, әділдік қағидаттарын басшылыққа алуды, тұрмысты жақсартуды, барлық азаматтардың мүдделерін бірдей қорғауды қажет етеді. Тоталитарлық кезеңде ұлттық құндылықтарымыздан, тіліміздің, діліміз бен дінімізден айрылып қала жаздадық. Оның бәрі Тәуелсіздіктің арқасында халқымызға қайта оралды.

Мемлекет басшысы «бізге ұлт пен ел ретінде сақталып қалу үшін бүгінгі және болашақ ұрпақ жаңа сын –қатерлерге дайын болуы керек» екенін ескертеді. Себебі, «жаһандану кезінде ел, әсіресе жастар жат жұрттың ықпалына бейсаналы түрде ілесіп кеткенін аңғармайды... мәжбүрліктен емес, санасының улануы арқылы өз еркімен торға түседі. Сондықтан, жаңа заманның жақсы-жаманын екшеп, артықшылықтарын бойға сіңірумен қатар тамырымызды берік сақтауымыз керек». Бұл Президент ұсынған біздің елдің рухани бағдары.

ҚР Президентінің Тәуелсіздік туралы мақаласында ТАНЫМ мен ТАҒЫЛЫМ мәселесіне ерекше орын берілген. Ол Тәуелсіздік заманында туғандардың орда бұзар отыз жасқа келгендерін, бірақ, олардың Тәуелсіздіктің қалай келгенін жете білмейтіндігін, сондықтан жастардың санасына оны берік орнықтырып қана қоймай, қадірлей білуге үйретуіміз керектігін ескертеді. Шын мәнінде бостандық бізге оңайлықпен келген жоқ. Ол Ата-бабаларымыздың азаттық жолындағы арпалысымен, талай зұлматтар мен нәубеттерді бастарынан өткізулерімен келді. Бұны жас ұрпақ білулері керек, олардың тарихи саналары айқын, әрі берік болулары керек.

Президент Қазақ тарихында ауқымды көркем шығармаларға, фильмдерге арқау болатын маңызды оқиғалар мен өмір белестерінің баршылық екенін айта келіп, «Алтын Орда» тарихы, «Алаш» қайраткерлерінің тағылымдары, ашаршылықтың алғашқы кезеңінің басталғанына 100 жыл толуы, әйгілі Желтоқсан оқиғасының 35 жылдығы, 1991 жылы Семей полигонының жабылуы сияқты тарих белестерінің әрқайыссы зерттеп-зерделеуге лайық екенін атап өтеді. «Жалпы, тарихи зерттеулерді ұраншылдық пен даңғазасыз, таза ғылыми ұстанымен жүйелі жүргізуге» шақырады. Мақалада: Қазақстан тарихын шет елдерге таныту; оны әлемнің негізгі тілдеріне аудару; тарихты жазуда бөтен идеологияға бой алдырмау; ұлттық мүдде тұрғысынан жазылған шежіре арқылы ұрпақтың санасын ояту; ұлттың жадын жаңғырту; әрбір халықтың өзінің арғы-бергі тарихын өзі жазуы қажеттігі сияқты көптеген өзекті мәселелер көтерілген [8].

Кезінде дана Абай: «Біріңді қазақ, бірің дос, көрмесең істің бәрі бос» - деп бекер айтпаған. Өйткені, ынтымағы жарасқан жұрттың қашан да ұпайы түгел. Әрине, қазіргі уақыт Абай заманынан әлде қайда өзгеше. Ұлы Дала

төсінде қазақтардан басқа ұлт өкілдері де қоныстанған. Олардың көбі өз еріктерімен келген жоқ, әр түрлі саясаттың салдарымен қоныс аударғандары да жеткілікті. Кең пейіл қазақ халқы ешкімді жат көрмей, бауырына басты. Бұл күндері олардың ұрпақтарының туған жері де, Отаны да – Қазақстан. Сондықтан да біз *көп этносты сипаттағы мемлекет* болып қалыптастық. Осыны ескере отырып біз, ешкімді ұлтына қарап бөле-жарған жоқпыз, бәрінің еңбек етуіне, оқуына, өсіп-өнуіне жағдай жасадық, бірдей мүмкіндік бердік. Ендеше, осы ұлтаралық татулық пен келісімді сақтау мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның және әрбір Қазақстан азаматының міндеті. Осы тұста аса бір ескерте кететін жағдай Тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарында біз, қазақтар, ел тыныштығын сақтау мақсатында толеранттылық, төзімділік, сабырлылық көрсеткенде, кейбір аз ұлт өкілдері бізді жігерсіз, немесе, намыссыздай көріп, біресе ана жерде, біресе мына жерде орынсыз шу шығаруға әуестеніп алды. Алматыда, Қарағандыда, Қордайда тағы басқа жерлерді болған уақиғалар осының дәлелі. Бірақ, шыдамның да шегі болуы керек. Президент атап өткендей, «түптеп келгенде, еліміздегі тұрақтылық пен береке-бірлік үшін барлығымыз бірдей жауаптымыз».

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Қазақстан халқына Жолдауларында «халық үніне құлақ асатын мемлекет» туралы айтқан болатын. Соны жүзеге асыру мақсатында «Ұлттық қоғамдық сенім Кеңесі» құрылып, онда көптеген келелі мәселелер талқыланып келеді. Мемлекет басшысы осы мақаласында, халқымыздың белсенділігі артып келе жатқанын, келелі істерді ақылдасып бірлесе шешуге шақырады. Бұл ретте ҰЛАҒАТ пен ҰСТАНЫМ алғы шепте болуы керек, сонда біз саяси жүйені жаңғыртамыз, билік те халық алдындағы өз жауапкершілігін сезінетін болады. Осы мақаласында, Президент Мәжіліс және маслихат депутаттарын сайлаудың, көп партиялы жүйені дамытудың маңыздылығын атап өтіп, оны табиғи үрдіс деп бағалаған. Ал баршамызға ортақ құндылық – қастерлі Тәуелсіздік. Мемлекет басшысы өзінің бұрынғы Жолдауларында да, бұқаралық ақпарат құралдарына берген сұхбаттарында және Абай туралы таным – тағылымдық мақалаларында қоғам дамуындағы білім мен біліктің, ғылымның орнына тоқталмаған кезі болған жоқ. Тәуелсіздікке арналған соңғы мақаласында да Президент XXI ғасыр – білім мен біліктілер дәуірі екендігін ерекше атап өтеді. Ал еліміздің болашағы білімді, дарынды жастар, ендеше, жастарға қамқор болу аға ұрпақтардың парызы.

Тәуелсіздігімізді ең басты, ең қымбат құндылық деп бағалаған Мемлекет Басшысы Қазақстан халқына мынадай кеңес береді: «Тәуелсіз ел болу оны жариялаумен, немесе, мемлекеттің іргетасын қалаумен шектелмейді. Тәуелсіздік үшін нағыз күрес күнделікті еңбекпен, үздіксіз әрі дәйекті елдік саясатпен мәңгі жалғасады. Біз қуатты тәуелсіз мемлекетімізбен ғана ұлт ретінде жер бетінде сақталамыз. Осы айнымас ақиқатты берік ұстануымыз қажет». Ендеше, «Тәуелсіздік бәрінен қымбат!» - деген бір ауыз сөз бүкіл қазақстандықтардың ұраны, ұлтымыздың ұлы ұстыны болуы керек.

Әдебиеттер

1. *Қараңыз:* А. Сейдімбек. 6 томдық шығармалар жинағы. 2-том. Қазақ әлемі. Астана., «Фолиант», 2010.
2. А. Сейдімбек. 6 томдық шығармалар жинағы. 2-том. Қазақ әлемі. Астана., «Фолиант», 2010.
3. *Қараңыз:* Всемирная энциклопедия. Философия XX век. Москва, 2002.
4. Қ.Тоқаев. Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан. «Егемен Қазақстан» газеті, 10 қаңтар, 2020.
5. Қ.Тоқаев. Қазақ халқының тағдыры тарих таразысында тұр. «Ана тілі» газеті, 25 маусым, 2020.
6. *Қараңыз:* Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. Астана, 2017.
7. Қ.Тоқаев. Тәуелсіздік бәрінен де қымбат. «Егемен Қазақстан» газеті, 4 қаңтар, 2020.
8. Бұл да сонда.

ӘОЖ 94(574)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ: ТАРИХТАН ТАҒЫЛЫМ ЖӘНЕ САЯСИ-ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ЖЕТІСТІКТЕР

Ерназаров Ж.Т.-тарих ғ.к.,доцент
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті. Орал қ.

Аннотация: *Путь страны показал, что политическая культура нашего народа поднялась на новый качественный уровень. Народ Казахстана показал, что путь к процветанию страны в конструктивном диалоге между властью и народом. Становление цивилизованного государства зависит не от власти, а от индивидуальной ответственности каждого из нас за судьбу страны.*

Ключевые слова: *Независимый Казахстан, социально-экономическое развитие, история Казахстана.*

Abstract: *The path of the country has shown that the political culture of our people has risen to a new qualitative level. The people of Kazakhstan showed that the way to the prosperity of the country is in a constructive dialogue between the authorities and the people. The formation of a civilized state does not depend on the authorities, but on the individual responsibility of each of us for the fate of the country.*

Key words: *Independent Kazakhstan, social and economic development, history*

of Kazakhstan.

Біздің тәуелсіздігіміз – бұл тек қана қоғамдық саяси қайта құру емес. Бұл елеулі деңгейде, біздің әрқайсымыздың толысуымыз. Бұл - өмірлік құндылықтарды, тіптен өмірдің өз мәнін саналы түрде қайта парықтау. Бұл-әлемдік өркениет құшағына халықтың және біздің әрқайсымыздың қайта оралуымыз.

Тәуелсіздікке халқымыз оңай қол жеткізген жоқ. Тәуелсіздік жолында өткен аға ұрпақтың қаны мен қиналысы жатыр. Алаштың өр ұлдары мен желтоқсанның жалын жастарының қасиетті арманы мен бізге қалдырған аманаты жатыр. Еліміз тәуелсіздігін, өркендеуі мен тұрақтылығын көзіміз көріп отырған, біз бақытты ұрпақпыз. Бұл тек қана бақыт емес, бұл қасиетті міндет. Асыл ағаларымыз бен апаларымыз жол ашып берген ел тәуелсіздігін ардақтап, құрметтеу біздің әрқайсымыздың жеке ұлы міндетіміз.

Енді егеменді еліміз өткен тәуелсіздік белестеріне, еліміздің қазіргі келбетін қалыптастырған маңызды тарихи оқиғаларға қысқаша шолу жасап өтелік.

Республика егемендігінің орнығуымен қатар республика Президентін бүкілхалықтық сайлау қажеттілігі туындады. Қазақ КСР-нің Жоғарғы Кеңесі 1991 жылғы қазанның 16-дағы Қаулысында 1991 жылғы 1 желтоқсанда сайлау өткізуді белгіледі. 1991 жылғы 1 желтоқсандағы Бүкілхалықтық сайлау қорытындысымен Н.Ә. Назарбаев Қазақстан Президенті болып сайланды.

КСРО-ның ыдырау үрдісін тездеткен 1991 ж тамыз бүлігі 1991 жылдың қазанына қарай көптеген Республикалардың өз тәуелсіздігін жариялауына септігін тигізді. 1991 жылдың 16 желтоқсанында ҚР тәуелсіздігі туралы Конституциялық заң қабылданды. Осы заңның 1-ші бабынан бастап-ақ жаңа құрылған Республика өзін тәуелсіз, демократиялық және құқықтық мемлекет ретінде жариялады.

1991 жылы 2 қазанда ғарыш кемесі қазақ жігіті Тоқтар Оңғарбайұлы Әубәкіровті ғарышқа алып ұшты. Қаншама жыл өз жерінен талай батырларды ғарышқа ұшырып келсе де, қазақ елі тұңғыш рет дала қыранын заңғар көкке самғатты.

1992 жылдың ортасына қарай Қазақстанды тәуелсіз мемлекет ретінде жер шарының жүзден астам елі таныды. Еліміздің көк байрағы БҰҰ-ның ғимараты алдында желбіреді.

Қазақстанның тәуелсіз мемлекет болып қалыптасуы кезек күттірмейтін міндет ретінде оның мемлекеттік нышандарын қабылдауды талап етті. Бүкілхалықтық талқылаудан кейін 1992 жылы маусымда Жоғарғы Кеңестің сессиясы Республиканың жаңа мемлекеттік Туы мен Елтаңбасын бекітті. Сол жылғы желтоқсанда Республика Әнұранының жаңа мәтіні қабылданды.

Тәуелсіз мемлекет болған Қазақстан отаршылдық езгіге түскен соңғы 200 жылдан астам уақыттан кейін дүние жүзі қазақтарының тұңғыш Құрылтайын өткізуге мүмкіндік алды. Әртүрлі кезеңдерде отанын тастап кетуге мәжбүр болған жер шарының 13 елінен келген отандастарымыз

Құрылтайға қатысты. Бұл жиынды өткізу және оған шетелдік отандастарымыздың өкілдерін шақыру шын мәніндегі адамгершілік көрінісі және әкімшіл- әміршіл басқару жүйесінің қатыгездігінен өз елін, өз жерін тастап шет елдерге ауа көшіп кеткен қандастарымыздан кешірім сұраудың айғағы болды.

1993 жылы 15 қарашада ҚР Президентінің Жарлығымен ұлттық валюта теңге енгізілді. Қазақстан үшін өзіндік ұлттық валюта енгізудің тек экономикалық қана емес, зор саяси мәні де болды. Қазақстанның ұлттық валютаға өтуі республикада әлеуметтік-экономикалық реформа бет алысын тәуелсіз мемлекет ретінде жүргізуге мүмкіндік берді.

1996 жылы 6 шілдеде Республика Жоғарғы Кеңесінің депутаттары жан-жақты талқылап, ҚР астанасын Алматы қаласынан Ақмола қаласына көшіруге шешім қабылдады.

1997 жылы 8 қарашада Ақмолаға мемлекеттік рәміздер эталоны және ҚР Президентінің байрағы жеткізілді.

1997 жылы 10 желтоқсаннан бастап Ақмола Қазақстан Республикасының ресми астанасы болды. Жергілікті атқару және өкілеттік органдар өтініштерін, Ақмола қаласы тұрғындарының тілегін ескере отырып, және мемлекеттік ономастикалық комиссиясының ұйғарымы негізінде 1998 жылы 6 мамырда Елбасы Н.Ә. Назарбаев Ақмола қаласын Астана қаласы деп атауға Жарлық шығарды.

1998 жылдың 10 мамырда жаңа Астананың ресми тұсау кесері болып өтті. Тәуелсіз Қазақ елінің XXI ғасырдың бастапқы онжылдығындағы аса ірі, бүкіләлемдік көлемдегі саяси жетістігі Солтүстік Америка, Еуропа және Орталық Азияда орналасқан 56 елді біріктіретін ЕҚЫҰ – на төрағалығы және осы бір әлем халықтары тағдыры үшін аса жауапты қызметтің лайықты нәтижесі ретінде 2010 жылғы Астана Декларациясының қабылдануы болды.

Жас мемлекетке барлығын басынан бастап, дамудың жаңа бағытын таңдауға тура келді. Ең бастысы біздің елімізді сыртқы әлемнің толыққанды әріптес ретінде тануы қажет еді. Қазіргі таңда осы басты мақсат толық орындалғанын нық сеніммен айта аламыз.

Қазақстан өзінің барлық көршілері Ресеймен, Қытаймен, Өзбекстан, Қырғызстан және Түркіменстанмен шекара мәселелерін толық реттеді. Әлемнің ядролық державалары қазақ елінің тәуелсіздігі мен қауіпсіздігіне ресми түрде кепілдік берді.

Табанды жүргізілген саяси реформалар қортындысында Қазақстан батыстық демократия ұстанымдары мен шығысазиялық мемлекеттердің алдыңғы қатарлы тәжірибесіне негізделген және өзіміздің көпұлтты қоғам ерекшеліктеріне сүйенген тәуелсіз мемлекеттік құрылымға ие болды. Қазақстандықтар демократия жарлықпен енбейтіндігін, оны әрқайсысымыз өз санамыздан саралап өткізуіміз қажеттігін түсінді. Демократияның негізгі базалық ұстанымдары, атап айтқанда сөз бостандығы, әділетті сайлау, билік бөлінісі, көппартиялылықты, қоғамдық институттар, азаматтық ұйымдар, тәуелсіз сот мұның барлығы да елімізде бар. Осы жетістіктерді пайдалана білу билікке емес, өзімізге, біздің саяси-құқықтық санамыздың жетілуіне

тәуелді.

Қазақстандағы әлеуметтік өзгерістер экономикалық трансформация кезеңінде жеңіл өтіп келе жатқан жоқ. Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап-ақ, Елбасы әлеуметтік өзгерістердің халық үшін, халық қолдауымен ғана іске асырлатындығын баса көрсетіп келуде. Осының қортындысында зейнетақы реформасы, тұрғындарды әлеуметтік қорғау мен жеңілдіктер беру, еңбек нарығын нығайту, әлеуметтік сақтандыру жүйесін құру және және т.б. шаралар Қазақстан халқы қолдауының арқасында оң нәтижелерге қол жеткізді.

Қазіргі таңдағы экономика – бұл білім мен алдыңғы қатарлы технологияға негізделген инновациялық экономика. Сол себепті де білім беру сапасы халық өмірі сапасының ең басты көсеткіші болып табылады. Егер біз алдыңғы қатарлы дамыған елдер сапына тұрғымыз келсе, мемлекет саясатында білім беру ісіне приоритетті басымдық беру қажет.

Экономиканы түпкілікті реформалауға бағыт ұсталып, қысқа мерзім ішінде нарықтық реформалар жүргізілді, тиісті заңды негіз жасалуға қол жеткізілді. Қазіргі таңда Қазақстан экономикалық даму қарқыны жағынан ТМД елдерінің көшбасшысы екені мойындалған факт. Елбасы Жолдауында келтірілген, Ресей ғалымы, академик А. Аганбегянның «бүгінгі таңда екі ел Қытай мен Қазақстан ең жоғарғы экономикалық даму қарқынына ие» деген пікірі осының дәлелі.

Қазақстанда тұңғыш рет, экономикалық дамуды басқарудың жаңа жүйесі - ұлттық инновациялық жүйе құрыла басталды. Экономикалық дамуда, ел экономикасын шикізаттық тәуелділіктен босату мақсатында туризм, мұнай-газ машина-құрылысы, тамақ және тігін өнеркәсібі, темір және құрылыс материалдары өнеркәсібі салаларына баса назар аударылады.

Ел болашағы мен дамуы көшеде емес, саяси билік пен халық арасындағы конструктивті диалогта екендігін көрсетті. Біздің өркениетті ел болып қалыптасуымыз тек саяси билік міндеті ғана емес, біздің әрқайсымыздың жеке жауапкершілігіміз бен міндетіміз екенін көрсетті.

2017 жылдың 12-ші сәуірінде қоғамдық өмірде ерекше орын алған Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты халықтан қызу қолдау тапқан тұғырнамасын ширек ғасырды артқа тастаған Тәуелсіз Қазақстанның жаһандану дәуіріндегі рухани кеңістігіміздің жаңа бастауы деп бағалауымыз керек. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бұл мақаласы ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат. Бұл мақалада сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат-мүдделер туралы өзекті мәселе көтеріліп отыр.

2018 жылдың 21 қарашасында Елбасы «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жалғасы болатын «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласын жариялады. Ұлы даланың жеті қырының кез келгені – Қазақ елінің өміріндегі ерекше мұра.

Міне тәуелсіздіктің жүріп өткен жолы осындай.

Қазіргі ел дамуының болашақ моделі айтарлықтай айқын да аян-әлемдік интеграция үрдісінде тату көршілестікке, өзара түсіністікке және сенімге негізделген әлемдік қоғамдастықтың барлық мүшелерімен тең қарым-қатынастың адастырмас нысаны.

Осындай контексте өздігінен даму мен өздігінен шыңдалудың ішкі саяси векторы да әрі айқын, әрі ақиқат болмақ- белгілі бір социум ретінде тәуелсіз де тұрақты Қазақстанды орнату бағдарламасына қатысты тайқымас талапқа үштіктің біртұтастығы тұғыр бола алады, олар: ұлттық-азаматтық келісім, саяси жүйенің эволюциялық дамуы және ашық та өркениетті типке бағытталған экономиканың толассыз трансформациясы.

Әлемдік тәжірибедегі жақсылық атаулыны бойға сіңіру және әлеуметтік-экономикалық прогресс жолына біздің терең тамырлы ұлттық дәстүрімізді жұмылдыру – міне, табыстың кілті, міне, қазақстанның тұрақты да гүлденіп көркейетін жолы.

Біздің мызғымайтын және дау-дамайы жоқ өзекті ойымыз: ұлттың қауіпсіздігі мен мемлекетіміздің сақталуы. Бұл реттегі айқын да, ақиқат хал негізінен өзімізге ғана, өзіміздің бай мәдениетімізге, адамгершілік және ресурстық мүмкіндіктерімізге табан тірегеніміз абзал.

Біз өз жолымызда тоқыраулардың болмауы үшін кепілдік бере алмаймыз. Алайда біздің қоғамның негізінде жатқан көпғасырлық тәжірибе мен дәстүрдің кез-келген тоқыраудан абырой арқалатып және пайдаға кенелтіп алып шығатынына кепілдік бере аламыз. Бұл біздің қолымыздан келеді. Біздің халықтың бойында буырқанған интеллектуалды және рухани күш-қуат бар.

ӘОЖ 94(574)

ШЕТЕЛ АҚПАРАТЫНДАҒЫ ЖЕЛТОҚСАН КӨТЕРІЛІСІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК ТАРИХЫНДАҒЫ ОРНЫ

Әбдіуақап Қара-тарих ғ.д., профессор
Мимар Синан көркем өнер университеті. Түркия, Стамбул қ.

Аңдатпа: *1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы Қазақстанның тәуелсіздік тарихындағы бетбұрыс кезеңдердің бірі болып табылады. Өйткені қазақ жастары осы көтерілістері арқылы Кеңес Одағының Компартиясына шешімдеріне халықтың ашық наразылық көрсете алатынын бүкіл кеңес халықтарына көрсетті. Сөйтіп бүкіл Кеңес халықтарының тәуелсіздігіне жол ашты. Қазақстан тұрғысынан қарағанда осы уақиғадан кейін Горбачев тағайындаған Қазақстан Компартиясының Бас хатшысы Геннадий Колбин қызметінен босатылып, орнына қазақ*

халқының табиғи жетекшісі Нұрсұлтан Назарбаев тағайындалды. Желтоқсан оқиғасы болмағанда, бәлкім, Колбин қызметінен босатылмайты еді де Қазақстан тәуелсіз кезеңде соңғы 30 жылда қол жеткізген табыстарға қол жеткізе алмас еді. Сол себепті 1986 жылғы оқиғаларын жіті зерттеп, дұрыс түсініп, келешек ұрпаққа таныстыру өте маңызды.

***Тірек сөздер**: Қазақстанның тәуелсіздігі, 1986 желтоқсан көтерілісі, Кеңес Одағы, Геннадий Колбин, Нұрсұлтан Назарбаев. Михаил Горбачев.*

***Аннотация:** Декабрьские события 1986 года являются одним из переломных моментов в истории независимости Казахстана. Потому что казахская молодежь своими восстаниями показала всем советским народам, что они могут открыто протестовать против компартии Советского Союза. И тем самым проложил путь к независимости всех советских народов. С точки зрения Казахстана, после этого события генеральный секретарь Компартии Казахстана Геннадий Колбин, назначенный Горбачевым, был освобожден от должности, а на его место назначен естественный лидер казахского народа Нурсултан Назарбаев. В отсутствие декабрьских событий, возможно, Колбин не был бы освобожден от должности, и Казахстан не смог бы добиться успехов, достигнутых за последние 30 лет в независимом периоде. Поэтому очень важно внимательно изучить и правильно понять события 1986 года и представить их будущим поколениям.*

***Ключевые слова:** независимость Казахстана, декабрьское восстание 1986 года, Советский Союз, Геннадий Колбин, Нурсултан Назарбаев, Михаил Горбачев.*

***Summary:** The events of december 1986 constitute one of the turning points in the history of independence of Kazakhstan. Because with this uprising of Kazakh youth, all Soviet peoples perceived that they can openly oppose the decree of th Communist Party of the Soviet Union. Thus opened the way for the independence of all Soviet peoples. From Kazakhstan's point of view, Gennady Kolbin, the General Secretary of the Communist Party of Kazakhstan appointed by Gorbachev, was relieved of his post and replaced by Nursultan Nazarbayev, the natural leader of the Kazakh people. If it were not for the December events, perhaps Kolbin would not have been removed from his post and Kazakhstan would not have achieved the successes it had achieved in the last 30 years in the independent period. For this reason, it is very important that the 1986 events are well researched, learned and introduced to future generations.*

***Keywords**: Independence of Kazakhstan, December 1986 Events, The Soviet Union, Gennady Kolbin, Nursultan Nazarbayev, Mikhail Gorbachev.*

Құрметті әріптестер барлықтарыңызға Ыстамбұл қаласынан жалынды сәлем. Қазақстан тәуелсіздігінің 30 жылдығы құтты болсын! Сонымен қатар биыл желтоқсан көтерілісіне де 35 жыл толып отыр. Бұл көтеріліс көптеген

шетел әдебиетінде Қазақстан және өзге Кеңестік елдердің тәуелсіздіктерінің бастауы деп бағалануда. Еліміздің тәуелсіздігі құтты және мәңгі болсын!

Бір елдің ең қасиетті де, ең маңызды болмысы оның тәуелсіздігі. Өйткені ұлттың бүкіл құндылықтарының тағдыры соған байланысты. Атап айтқанда тіл, діл, дін, ұлттық тарих, тіпті елдің шекарасы барлығы тәуелсіздіктің арқасында қана сақталады және одан әрі дамып өміршең болады.

Біз бүгін мұның қуәсі болып отырмыз. Осыдан 30 жыл алдын қазақ халқы Кеңес билігі астында тілі, діні және ұлттық тарихы бұрмалып немесе жоқ саналып ұлт сыздық қаупін бастан кешірді. 1991 жылы, 16 желтоқсанда тәуелсіздігін жариялағаннан кейін бұл құндылықтар гүлденіп халықаралық платформада беделді елге айналды.

Тәуелсіздікке қасиетті деп айту артық айтқандық деп саналмас, өйткені қасиетті дінімізді де соның арқасында орындаймыз. Бір кездері мал қораға айналған мешіттеріміз тәуелсіздіктен кейін қалпына келтіріліп қайтадан құлшылық істейтін, дұға істейтін киелі орындарымыз болып отыр. Сонымен қатар тәуелсіздіктің арқасында ішінде әлемге мақтанышпен көрсететін әдемі де саулеттілері де бар, көптеген жаңа мешіттер де салынды. Сондықтан да тәуелсіздіктің қадірін біліп соны көзіміздің қарашығындай қорғауға міндеттіміз.

Бірақ, Қазақстан 1991 жылы, 16 желтоқсанда тәуелсіздігін жариялаған уақытта Батыстық кейбір саяси сарапшылар оған күмәнмен қарады. Мынадай көзқарастар біраз баспасөз беттерінде, ғылыми мақалаларда орын алды. Онлардың кейбіреулерінде “Көшпенді, шопан, жабайы қазақтар күтпеген жерде еріксіз тәуелсіз ел атанды. Бұлар тәуелсіздік сынды қасиетті ұғымның исін де білмейтін халық. Олар ешқандай тәуелсіздік жолында күрес жүргізбей Кеңес Одағының ыдырауымен катапультпен өздерінің ықтиярынсыз тәуелсіздікке лақтырылып отыр. Егер де Кеңес Одағының шаңырағы өздігінен опырылып ортасына түспегенде, қарындары тоқ, көйлектері көк болған жағдайда тәуелсіз ел болып естеріне келмей бодан болып мәңгі өмір сүре берер еді.” деген мазмұнда пікірлер айтылды. [1]

Бұл әрине қате пікір. Шығыс халықтарын, оның ішінде түркілердің тарихы және мәдениетімен жіті таныС болмаған Батыстық кейбір зерттеушілердің “көшпенділер”ді қалай болса солай көшіп қонып жүрген мәдениет сіз халықтар ретінде көретіні анық. Олардың ойынша, адамзат өркениеті тек отырықшы мәдениеттегі халықтар арқылы дамыған. Тіпті діни сенім-нанымдар да адамзат егін салып отырықшылдыққа өткен кейін пайда болған. Бірақ бұл пікірдің қателігі таяу жылдары Түркияның Шанлыұрфа қаласында жасалған археологиялық қазба жұмыстарында жарыққа шыққан б.з.б. 10 мың жылдары салынған Гөбеклітөбе табыну орнымен нақты белгілі болды. Мұнымен бұған дейін тарих ғылымында кең тараған дін ең алдымен отырықшыл қоғамдарда пайда болған деген тұжырымдама жойылды. Өйткені Гөбеклітөбе табыну орнының адамзаттың егін салуды меңгеруінен сан ғасыр бұрын жасалғаны дәлелденіп отыр. [2,71]

Демек, адамзат өркениеті тек отырықшыл елдер арқылы дамыды деген тұжырымдама дұрыс емес. Дұрысы әрі отырықшыл елдер, қағни қала мәдениеті және көшпенді халықтар, яғни дала мәдениеті арқылы дамыған. Олай болса көшпенділер жабайы халықтар емес, олар да өркениетті халықтар, тіпті тәуелсіздікке олардың отырықшыл елдерден де көбірек мән беретіні тарихи факті.

Жоғарыда айтылған қазақ халқы тәуелсіздік үшін ешқандай күрес жүргізбеді, тіпті ұмтылмады да деген пікірді теріске шығаруға тек 1986 жылғы қазақ жастарының көтерілісінің өзі де айғақ бола алады. Сол көтеріліс тек Қазақстан республикасының қана емес, өзге 14 кеңестік республиканың да тәуелсіздігін жариялауына жол ашқан әлемдік маңызы бар оқиға. [3, 147-148]

Сондықтан бұл уақиғаның кезінде әлем халықтарын таң қалдырғаны ақиқат. Атап айтқанда Түркия сынды бауырлас елдермен қоса әлемнің өзге баспасөз құралдары қазақ жастарының ерлігін таңданыспен жарыса жазып оқырмандарына хабарлап жатты.

Кеңес Одағының ресми TASS хабар агенттігіне негізделге отырып дүниежүзі баспасөзі, мәселен Time, The Washington Post, Frankfurter Rundschau, Le Monde, Le express, Le Point сынды газеттер бір неше ай бойы желтоқсан көтерілісі туралы хабар және тұжырымдарды беріп отырды. Алматы оқиғалары түрік баспасөзінде де айтарлықтай орын алды. Тіпті оқиғадан төрт ай өткен соң Алматыға барған Milliyet газетінің тілшісі Мехмет Әли Биранд өзінің бақылаулары мен сұхбаттарын түрік жұртшылығымен бөлісті. [4, 104]

Түрік зиялылары мен журналисттер шектеулі мәліметтерге қарамастан Алматыдағы оқиғаларға жан жақты баға беруге күш жұмсады. Атап айтқанда Миллиеттин Сами Кохен, Терджуманнан Эргүн Гөзе және Фахир Армаоглу бірнеше мақала жазды.

Сами Коэн 20 желтоқсандағы «Ресейде не болып жатыр» деген мақаласында Алматы оқиғасына қатысты мынадай пікір айтады:

Кеңес Одағында мұндай жағдайлар бола ма? Бұл бұрын болмас еді, бірақ қазір болып жатыр. Елдің қақ ортасында, Орталық Азиядағы стратегиялық Қазақстан Республикасының астанасы Алматыда. Іс-шараның бірінші қызықты және маңызды жағы студенттердің коммунистік партия қабылдаған шешімге ашық наразылық білдіру үшін шерулер ұйымдастыруы. Осы уақытқа дейін партияның аймақтық басшыларын ауыстыруға қарсылық КСРО-да бұрын-соңды болмаған. Іс-шараның екінші бір қызық жағы – осы наразылық шерулерін кеңестік агенттік пен теледидар алғаш рет – тіпті дереу сол күн жан жаққа хабарлап жатуы. Бұл кеңес халқын да, Мәскеудегі шетелдік дипломаттар мен тілшілерді де таң қалдырса керек... Бір қарағанда шерулерге Қазақстан партиясының жетекшісі Динмұхаммед Қонаевтың қызметінен босатылып, орнына Геннадий Колбиннің келуі себеп болған. Қонаев – қазақ, мұсылман. Колбин орыс ұлтынан шыққан.

Коэннің ең назар аударарлық тұжырымы былай – Алматыдағы оқиғалар, Қонаевқа деген үлкен махаббаттан емес, оның орнына бір орыстың

тағайындалуына деген ыңғайсыздық. Өйткені оқиғалардың бұрқ етуіне ұзақ жылдар бойы жүргізіліп келе жатқан орыстандыру саясаты да себеп болды, деуде. Бір басқа түрік газеті Терджүман газетінің сарапшысы Эргун Гөзе «Қазақстандағы түрікшілдік ұлтшылдық шерулері» атты мақаласында қазақ жастарының Кремльдің жаңа басшысы Горбачевқа қарсы көтеріліске шыққанын және мұның некен саяқ бір құбылыс екеніне көрсетті. [4, 105]

Мұндай көптеген мақалалардан үзінділер беруге болады. Бірақ оның бәрін бұл баяндаманың шектеулі аясы көтермейді.

Біз сонымен 1986 жылғы желтоқсан көтерілісінің бүкіл Кеңестік республикалардың тәуелсіздігіне жол ашқан әлемдік маңызы бар құбылыс екенін айта аламыз. Екіншіден оның ұлттық маңызы туралы да, бүгінгі 30 жылдығында тәуелсіз Қазақстан республикасының жан жақты дамыған әлеуетімен халықаралық платформада беделді елге айналуында бірден бір себепші оқиға деп тұжырым жасауымызға әбден негіз бар. Сонымен қатар желтоқсан көтерілісі Қазақстанның қайта түлеуінің бастамасы және тәуелсіздік тарихының бастапқы қадамы. Өйткені 1986 жылғы қазақ жастарының көтерілісі болмаса, 1991 жылы Кеңес Одағының шаңырағы шайқалып опырылып ортасына түсіп жатқан Геннади Кольбин орнында отырғанда, қазақ халқының табиғи жетекшісі Нұрсұлтан Назарбаев sol orında bolmağanda, Қазақстан бүгінгі жағдайы не болар еді? Ойлаудың өзі қорқынышты! Сол себепті 1986 жылғы оқиғаларын жіті зерттеп, дұрыс түсініп, келешек ұрпаққа таныстыру өте маңызды.

Әдебиеттер:

1.Olcott, Martha Brill. Central Asia's Catapult to Independence // Foreign Affairs. Vol. 71, No. 3 (Summer, 1992), pp. 108-130.

2.Özalp, Hasan. İnsanlığın en eski tapınağı göbeklitepe teolojik olarak bize ne söyler? // Bilimname XXX, 2016/1, 59-74.

3.Kara, Abdulvahap. Kazakistan'ın Yeniden Doğuşu 1986 Aralık Olayları, İstanbul: Ufuk Ötesi Yayınları, 2006.

4.Karacagil, Kürşad. The Footsteps of Kazakhstan's Independence: Alma-Ata Riots (1986) // History Studies. Volume 6, Issue 1, January 2014, pp. 101-114.

ӘОЖ 81 373; 001.4

ҮНДЕСІМ ТЕОРИЯСЫ МЕН ТЕРМИНДЕРІ

Жексенғалиев Б.Ө.
Батыс Қазақстан инновациялық- технологиялық университеті
Орал, Қазақстан
bolat_zheksengaliev@mail.ru

***Аңдатпа**: Мақалада қазіргі қазақ тілі дыбыстық жүйесін сингармонология (үндесім) теориясы бойынша сипаттау және салалық терминдерді қалыптастырудағы ұлттық терминжасам тәсілдерін қолдану тәжірибесі туралы айтылады.*

***Тірек сөздер:** Үндесім фонетика (сингармонология). Үндесдыбыс. Үндесбуын. Үндессөз. Үндесәуез. Үйлесім.*

***Аннотация**: В статье рассказывается о практике описания звуковой системы современного казахского языка по теории сингармонологии (созвучия) и применения национальных терминологических подходов в формировании отраслевых терминов.*

***Ключевые слова**: Сингармонология. Сингема. Сингармослог. Сингармослово. Сингармотембр. Ассимиляция.*

***Annotation:** The article describes the practice of describing the sound system of the modern Kazakh language according to the theory of synharmology (consonance) and the application of national terminological approaches in the formation of industry terms.*

***Keywords:** Synharmonology. Cinema. Singarmoslogue. Singarmoslovo. Singarmotembre. Assimilation.*

Жат сөздердің тіл бұзар
әсерінен құтылудың бірден- бір
жолы олардың қазақша
баламасын тауып, сөйленімге
жаппай ендіру ғана болып отыр.
Әлімхан Жүнісбек

Қазақ фонетистері ұсынған үндесім теориясы бүгінде халықаралық деңгейде танылып үлгерді және түрік тілтанымы үшін ғана емес, жалпы фонетика ғылымындағы елеулі жаңалық болды. Дүние жүзі тілдері жіктелімінде жалғамалы (агглюнативті) сипатымен ерекшеленетін түрік тілдерінің басты фонетикалық ерекшелігі сингармонизм (үндесім) екенін мойындау ғылыми ойдың дамуымен, ғылыми көзқарастың ауысуымен байланысты. Түрік фонетикасын жаңа теориялық деңгейге көтеру ісінде

қазақ фонетистерінің көшбасшы болуы да атап өтерлік жай және ол заңды да. Түрік тілдерінің ішінде үндесімді бар болмысымен сақтап қалған бірден-бір тіл - қазақ тілі екенін түрколог-ғалымдар бірауыздан айтып отыр. «Асыл тіл, түзу емле қазақта» (А.Байтұрсынұлы) болса, тіл заңын түзеу де қазақ тіл білімінен басталып, бүгінде қайта жалғасын тапты. Сондықтан да қазір қазақ фонетикасы ғылымында тілдің дыбыстық жүйесін сингармонология (үндесім) теориясы бойынша сипаттауды терминологиялық жағынан реттеу үрдісі жүріп жатыр.

Бұл арада қазақ тіл білімінің фонетика саласындағы төл терминдер жүйесін қалыптастырудағы дәстүр сабақтастығы туралы айта кеткенді жөн көріп отырмыз. Халықаралық терминдер басым болып келетін ғылымның өзге салаларымен салыстырғанда қазақ тіл білімінің, оның ішінде фонетика саласының атау сөздері негізінен төл сөздерімізден құралған. Тіл табиғатын сол тілге тән табиғи ұғымдармен түсіндіру үрдісі ХХғ. 80-90 жылдарынан қайта бастау алып, қазір де жалғасуда. Бұл ұлы істің басында Ахмет Байтұрсынұлы тұрса, кейін Құдайберген Жұбанов терминжасамдағы осы үрдісті одан әрі дамыта түсті. Ал ХХ ғасырдың соңында қазақ фонетикасы мәселелерін зерттеудегі жаңа бағыт, сингармонизм теориясына негізделген бағыттың авторы профессор Әлімхан Жүнісбек еңбектерінде осы терминжасам тәсілі жалғасын тапты. Проф. Ә.Жүнісбек үндесім теориясының ұғымдары және сол ұғым-түсінік атауларын қалыптастыру ісінде де ұлттық терминжасам дәстүріндегі пәнсөздер жүйесін қолданысқа енгізді. **«Үндесім дыбыс, үндесім буын, үндесім сөз ұғымдары мен оларға тән жалпы фонетикада жоқ атаулар құрамы жинақталды» (1).** Ғылым саласындағы терминжасам ісіндегі сабақтастықты дәл аңғарған белгілі терминолог- ғалым Ш.Құрманбайұлы бұны **«үзіліп қалған ұлттық терминжасам дәстүрінің араға 60-70 жыл салып барып қайта жалғасын табуы деп бағалаған дұрыс болар» (2)** деп атап көрсеткен еді.

Бұл бағытта ғалым ұстанып отырған басты бағыт **«ұғымдар мен атауларды мүмкін болғанша қазақылап алу»** және **«атаудың уәждемелі болуы» (3).** Енді профессор Ә.Жүнісбек ұсынған фонетика салалары атаулары мен салаға тән жіктелім белгі атауларына тоқталсақ.

Жіктелім (классификация) салалары мен атаулары:

Жасалым жіктелім, айтылым жіктелім, естілім жіктелім, үндесім жіктелім, үйлесім жіктелім.

Жасалым фонетика және **жасалым атаулары:**

1. Дауыстылардың жасалым жіктелімі: ***жалаң - құранды; ашық - аралық қысаң - қысаң; ерін - езу; тіл орта - тіл арты; тербелмелі.***

2. Дауыссыздардың жасалым жіктелімі: ***тербеліссіз - тербеліңкі - тербелімді; тоғысыңқы - жуысыңқы; ерін-ерінді - тіл ұшы - тіл ортасы - тілшік.***

Айтылым фонетика атаулары:

Айтылым белгі, ауыз қуысы- көмей қуысы, ауыз қуысты- көмей қуысты, лепті – босаң - бос, кең тынысты - қысаң тынысты, шашыраңқы-жинақы т.б.

Естілім фонетика атаулары:

Естілім белгі, түйсінім түрі: қатаң, ұяң, үнді; естілім қарқыны: күшті лепті, босаң лепті, бос лепті.

Үндесім фонетика атаулары:

Үндесім, үндесім белгі, үндесім тіркес, үндесім сөз, үндесім буын, үндесім дыбыс, ерін үндесім, тіл үндесім, бейтарап үндесім, жаппай үндесім, жалпы үндесім, шала үндесім, іргелес үндесім, үндесәуез, жуан езулік үндесәуез, жіңішке езулік үндесәуез, жуан еріндік үндесәуез, жіңішке еріндік үндесәуез т.б.

Үйлесім фонетика атаулары:

Үйлесім, үйлесім тіркес, үйлесім сөз, үйлесім буын, үйлесім дыбыс, тіл үйлесім, ерін үйлесім, жалпы үйлесім, жаппай үйлесім, дәнекер үйлесім, шала үйлесім, іргелес үйлесім т.б.

Алмасым (чередование) атаулары:

Бейрет алмасым, еркін алмасым, табиғи алмасым,тарихи алмасым, іргелес алмасым, шеп алмасым.

Әуентаным (интонология) атаулары:

Әуез (тембр), аралас әуез, езу әуез, ерін әуез, жуан әуез, жіңішке әуез, үндесім әуез; әуен (мелодика), жоғары әуен, төмен әуен, өсіңкі әуен, түсіңкі әуен, өшік әуен, тең әуен.

Бұл келтірілген мысалдардан басқа ***әріптеме (графика), жалғаным (агглютинация), екпінтаным (акцентология), сөйленім (речь), сөйлесім (диалог), сөйленіс (монолог), әуен тіл (тональный язык), бейүндесім (асингармонизм), бейекпін (безударный), үндесім тіл (сингармонический язык), дыбыстаным(сегментология), сетінем (редукция), түрленім (модификация) т.б.*** атауларды атап кетуге болады.

Қазақ тіл білімі ғылымының бір саласындағы терминжасам тәжірибесі бұл бағыттағы басымдық төл сөздерге берілу керектігіне тағы бір дәлел. Әрине, халықаралық сөздер төл термин тұрақтағанша, сол сияқты жалпы, салыстырмалы бағыттағы еңбектерде қолданыста қатар жүреді және олардың барлығына балама табу да қиын болар. Ал олардың жазылу, айтылу нормалары – бөлек әңгіме.

Күні бүгінге дейін халықаралық термин сөздердің айтылымы, жазылымына қатысты бізде нақты ұстаным мен бағыт болмай келгендігі анық.

«Орыс тілі арқылы сатылап бізге жеткен бөгде сөздерді, яғни интерминдерді, кеңестік ұғымдар арқалаған русизмдерді Құран сөзіндей кие тұтып, сол күйінде бұлжытпай алу ауруына шалдықтық» (4).

Бұл кесірдің, аурудың бізге өтіп кеткендігінің бір дәлелін бүгінгі күні елімізде жүріп жатқан жаңа әліпбидің емлесіне қатысты талқылаулардан көруге болады. Туған тілдің мүмкіндігіне сенбей, шет тілден енген сөздерді түпнұсқа үлгісіне жақындатып жазамыз деп отырғанымызды басқаша қалай түсіндіреміз?

Қазір елімізде басталған жазу реформасының басты мақсаты – қазақ тілінің табиғи болмысын сақтау, тілдегі «тіл бұзар ережелерден» арылу деп түсінеміз. Сондықтан да шеттілдік (кірме) дыбыс пен таңбалардың, шеттілдік сөздердің тілімізде қолданылуы мәселесіне байланысты түпкілікті байлам мен шешімге келу маңызды. Бұл арада жартылай шешім болуы мүмкін емес. Қазақ жазуы мен емлесінде шешімін күткен осы мәселелер болашаққа жүк болмауы үшін бүгін шешілгені дұрыс. Өзге тілден сөздерді біз қазақ тіліне қызмет етуі үшін алдық қой. Ал тілімізге қызмет етсе, сол тіл заңына бағынуы керек. Ол дегеніміз - барлық тілдердегі тәжірибемен «*интертерминдердің тұлғасын өзгертпей, тұрпатын қазақ тілінің заңдылығына бағындыра қабылдау»* [Ө.Айтбайұлы]. Бұл жағдайда өзге тілдер тәжірибесімен,ең бастысы, «**қазақ сөзінің үндесім әуезін бұзбайтын жазылымға тұрақтасақ**» (Ә.Жүнісбек), ол, сөз жоқ, қазіргі кезеңде қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру туралы тарихи шешім қабылдап, емле ережелерімізді бекітер тұстағы тіл болашағы үшін жасалған нақты қадам болар еді.

Әдебиеттер:

1. Ә.Жүнісбек «Қазақ фонетикасы», Алматы, «Арыс», 2009 ж.
2. Ш.Құрманбайұлы «Терминтану».Алматы, «Атлас», 2006,116 бет.
3. Терминологиялық хабаршы. №2, 2002, 31б.
4. Ө.Айтбаев «*А.Байтұрсынұлының өнегесі мен Ә.Қайдар қағидасы»,*«Егемен Қаз», 25.09.2017 ж.

ӘОЖ 81:001.4

ОТЫЗ ЖЫЛДАҒЫ «ӘТТЕГЕН-АЙЛАР»

Көшім Д.-Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген қайраткер
Сасяи қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөнінідегі мемлекеттік комииссияның мүшесі. Алматы қ.

Аңдатпа: *Мақалада Тәуелсіз Қазақстанның 30 жылдық мерейтойы қарсаңында жеткен жетістіктерімізбен қатар, саяси-әлеуметтік өмірдегі кемшін қалған тұстарға кеңінен тоқталған. Мемлекеттік идеологияның толыққанды жүзеге аспағандығы нақты деректермен дәлелденген. Қазақ қоғамындағы демократияының жетілмей тұрған тұстары нақты айтылған. Жаңа Қазақстанды қала құрамыз деген сауалға саясаткер өзіндік ұсыныстарын білдірген.*

Тірек сөздер*: демократия, тәуелсіздік, ұлттық құндылық, мемлекеттік идеология*

***Аннотация**: В статье наряду с достижениями, достигнутыми в преддверии 30-летнего юбилея независимого Казахстана, широко освещены и другие моменты в политико-социальной жизни. Тот факт, что государственная идеология не реализована в полной мере, доказан реальными данными. Четко обозначены несовершенства демократии в казахском обществе. На вопрос, Как построить новый Казахстан, политик высказал свои предложения.*

***Ключевые слова:** демократия, независимость, национальная ценность, государственная идеология*

Жақында республикалық бір газеттің журналисі маған «Дос аға, осы отыз жылда жеткен жетістіктерімізді нақтылап атап бере аласыз ба?» деген сұрақ жіберіпті. «Қандай жетістіктерге жеткенімізді мен де ой елегінен өткізіп, есіме түсіре алмай отырмын» деп жазып жібердім. Журналист бауырым маған ренжіген де болар, бірақ оның сұрағы маған ой салды. Шынында да, қазір ресми ақпарат құралдарынан бастап, президентке дейін осы отыз жыл азаттық кезеңінде қол жеткен жетістіктерді санамалауға көшкен сияқтымыз. Әрине, мерекелік қуанышқа сай келетін табыстар мен өзгерістерді халықтың алдына жайып салғанға не жетсін, бірақ отыз жылдық межелі кезеңнің азаттық үшін күрес жылдарында қандай ұрандар көтеріліп еді, егемендік қолымызға тисе қандай мәселелерді өзгертеміз деп едік, олардың қаншасын жүзеге асырдық, ал қаншасына келгенде «әттеген-ай» деп санымызды ұрып, бармағымызды тістеп қалдық деп, өз-өзімізге өзіміз есеп беретін уақыт екенін де ұмытпайық.

Мойындаймын, «әттеген-ай» деген сөз бұл мақалаға сай келмейді. «Әттеген-айды» сол мәселені жүзеге асыруға ниет қылған, бірақ белгілі бір объективті себептермен жүзеге асыра алмағандар ғана айтады. Біздің қоғам, ең бастысы, біздің билік өткен ғасырдың 20-30 жылдарындағы Алаштың тұғырнамасын, одан бергі 86-шы жылғы Желтоқсан көтерілісі кезіндегі ұрандарды немесе 90-жылдардағы «Азат» қозғалысының бағдарламасындағы мақсат-мүдделерді жүзеге асыруға ұмтылыс жасады, сол бағытта жан-тәнімен жұмыс істеді деп айта аламыз ба? Жоқ. Өз басым сенбеймін. Егер «елу жылда – ел жаңа» болса, отыз жылда жартылай жаңалануы керек еді ғой. Бірақ басқаны былай қойғанда, біздің елде осы отыз жылдың ішінде билік басында отырған адамдардың бет-бейнесі де жаңармағаны анық. Мәскеуге тәуелді болғанда билікте отырған адамдар тәуелсіздік алғанда да сол қалпында отыр. Құдайға шүкір, әйтеуір, президентімізді өзгертіп үлгердік (саяси бағыт жаңарған жоқ, адамның аты-жөні, бейнесі ғана өзгерді). Ал егер жаңаруға тиісті қоғамның билік иелерін алсақ, олар жүз жылдан артық шашау шықпай, сол қалпында отыр (біздің билік сол бұрынғы Кеңес Одағындағы коммунистік билікте отырған, тәуелсіздік үшін саусақтарының ұшын да қимылдатпаған номенклатура немесе солардың тәрбиесін көріп, өздері айтқандай, «сабақтастық» деген ұранмен жұмыс істеп жүрген жандар).

Қоғамның сан түрлі саласы бар. Оның бәріне баға беріп, осы отыз жылдың ішіндегі жетістіктері мен кемшіліктерді саралау бір адамның қолынан келмейтін жұмыс. Сондықтан мен өзімнің қоғамдық-саяси бағытыма сай, демократиялық құрылымдар мен ұлттық, ұлтаралық салаға шолу жасаумен шектелуді жөн көрдім. Отыз жылдың ішінде осы салаларға қатысты қандай өзгерістер болды, олар қалай жүзеге асты, қандай мәселелер күн тәртібінен шығып қалды, ал қандай өзгерістерді біздің коммунистік номенклатурадан шыққан (қазір шапандарын ауыстырған кезеңнен бастап, «нұротандық номенклатура» деуге болады, бірақ шапан ауыстыру олардың ой-пиғылын, мақсат-мүддесін, жұмыс тәсілін ешқашан өзгерте алмайтыны белгілі) билік иелері жасағысы келмеді деген сұрақтың төңірегінде әңгімемізді өрбітейік.

Осы отыз жылда қандай мемлекет құрдық?

90-жылдардың басында Кеңес Одағындағы қозғалыс, оның ішінде одақтас республикалардың ішіндегі іс-әрекет екі бағытты бірден қамтыды. Біріншісі – республиканың тәуелсіздігі, Кеңес Одағынан шығу, азаттық алу бағытындағы ұлт-азаттық қозғалысы болса, екіншісі – жеке мемлекет құрғанда коммунистік тоталитарлық жүйеден арылып, әділетті қоғам жасақтау бағытындағы демократиялық қозғалыстар. Кеңес Одағындағы сан түрлі ұлттарға орыстандыру саясатын жүргізіп отырған Ресей отаршылдығының нақты жалғасы болып табылатын орыс шовинизмі болса халық пен биліктің арақатынасынан тұратын саяси-қоғамдық жағдайымыз – тоталитарлық жүйе болатын. Отаршылдықтың езгісі өтіп кеткен, ұлттық құндылықтарынан айырылуға шақ қалған, жартылай орыстанған қазақ халқының бірінші орынға тәуелсіздік мәселесін, нақтырақ айтсақ қазақтың ұлттық мәселесін, қойғаны да түсінікті болар. Сондықтан қоғамда, оның ішінде тәуелсіздік ұранын көтерген жандарда «ертең қандай мемлекет боламыз» деген сұрақ туған да жоқ, «азаттықты алсақ, басқасының бәрі өз орнына келеді» деген сенім ғана болды.

Бірақ, өкінішке қарай, егемен ел болғаннан кейін де (отыз жыл бойы!) қандай мемлекет құратынымызды анықтамаған сияқтымыз. Билікті сақтап қалу үшін өздерінің партияларын өздері жабуға дейін барған бұрынғы коммунистік номенклатура сол билікті қайткен күнде де, қандай мемлекет болсын, сақтап қалуға жандарын салды, ал тәуелсіздіктің буына мас болған қазақ халқы мемлекеттің мазмұнынан гөрі сыртқы формасына көбірек көңіл бөлді. Қысқасы, біз әлі күнге дейін мемлекетіміздің сипатын анықтай алмай отырмыз. Ғасырлар бойы аңсаған, талай ерлеріміз өмірін сарп қылған Қазақ мемлекетін тірілттік пе, әлде, әйтеуір бір «байырғы қазақ жерінде, қазақтар тұрған жерде құрылған» бағыт-бағдарсыз мемлекет құрдық па... Басқа республикалар Кеңес Одағының шинелін сыпырып тастаған күннен бастап ұлттық сипаттағы елге айналып, демократиялық құрылымдарын жасақтауға кірісті. Кейбіреулері компартияны билікте қалдырмақ түгіл, оның бұрынғы басшыларын қызметке алмайтындай заңдар енгізді. Әрине, бұл мақсат асқан қиыншылықпен, жергілікті компартияның қалдықтары мен орыс

шовинистерінің қарсылықтарын жеңе отырып, Ресейдің экономикалық, идеологиялық қыспағына шыдас беріп жүзеге асты.

Осы отыз жылда қандай мемлекеттік идеология жасақтадық?

Мемлекеттің қандай екені белгісіз болған дүбәра елде ұлттық (мемлекеттік) идеологияның болмайтыны да түсінікті. Сондықтан болу керек, біздің қоғам отыз жыл бойы ұлттық идеологияны таба алмай келе жатыр. Әрине, осы отыз жылдың ішінде идеологиялық жұмыстар жүргізілді, президент аппаратында сол жұмыстардың бағытын анықтайтын, жоспарын жасап, қаржысын бөлетін басшылық та бар. Бірақ осы уақытқа дейін Қазақ еліндегі идеологиялық жұмыстар таптауырын болған үш бағыттан аса алмады. Біріншісі – биліктің жаманын жасырып, жақсысын асыру жұмысы. Мойындауымыз керек, соңғы жылдары ғана атқарушы биліктің іс-ірекеттері сынға ұшырай бастады. Ал парламент пен президент, оның ішінде елбасының жұмыстарын тек жақсы жағынан көрсету біздің мемлекеттік идеологияның негізгі жұмысына айналды. Сонымен қатар тағы да соңғы жылдары биліктің, оның ішінде жеке салалардың жұмысын позитивті жағынан көрсетуге мемлекет тарапынан қаржы да бөліне бастады. Бір сөзбен айтқанда, халықтың ақшасы арқылы биліктің беделін көтеру жұмысы жүзеге асырылып отыр.

Идеологияның екінші бағыты «Қазақстан - әлем таныған, әлем мойындаған мықты ел» деген жобаға бағытталған сияқты. Бұл «Біз ЕЫҚҰ-ға төраға болдық», «Азия олимпиадасы бізде өтті», «Халықаралық көрме өткіземіз, оған әлемнен осыншама адам қатыспақшы» деген сияқты күпіну мен масайраудың белгісі болып қана қалды. Үшінші бағыт– ішкі саясаттағы нақты жұмыстың көрінісі – кез келген елдің алдында тұратын негізгі мәселелерді кеңес заманынан қалған ұран-идеологияға айналдыру. Бұл – кеңес жүйесінің алғашқы күндерінен бастап келе жатқан, біздің коммунистік номенклатураның жақсы меңгерген тәсілдерінің бірі. Бұл идеологиялық жұмыстың нәтижесі көшелер мен алаңдардағы аяқ алып жүргісіз «Ұлттар достығы жасасын!», «Тұрақтылық жасасын!», «Қазақстан – ортақ еліміз!», «Жемқорлыққа жол жоқ!» деген сияқты аксиома болған жазбалар. Ең қызығы, оңтүстік жаққа «Туған тілің – бақытың», «Отан – оттан да ыстық», «Қос тіл – қос қанатың» деген сияқты жазбалар ілінсе, солтүстік, шығыс аймақтарға «Халықтар достығы жасасын!» деген жақсы сөздерді желбіретіп қойды. (Ал орыс тілінде білім алатын мектептерден «Қос тіл – қос қанатың» деген сөзді ырымға таппайсың. Соған қарағанда олар бір қанатпен-ақ ешкімнен кем болмай жүре беретін сияқты).

Халықты белгілі бір бағытқа жұмылдыру үшін «Әлемдегі 50 елдің (30 елдің) ішіне кіреміз» не болмаса «2030 жыл», «2050 жыл» деген сияқты меже-мақсаттар пайда болды. Бұлардың барлығы бұрынғы 60-жылдары Кеңес Одағын басқарған Н.Хрущевтің «Американы қуып жетіп, басып озамыз» немесе «Қазіргі балалар коммунизм кезінде өмір сүреді» деген ұрандарына ұқсас болатын. Кезінде бейшара компартия да арзан ұрандармен бәрімізді масайратып қоятын. Әрине, халықтың жігерін оятпаса да, жиналыстарда басшылар мен қосшылардың тілдеріне тиек болу үшін,

халықтың көңілін аудару үшін ұрандар да керек болған шығар. Біз осы идеологиялық жұмыстың «нәтижесінде» өзімізді-өзіміз мақтап, шүкіршілік деп жүрсек, басқалар төраға болып, олимпиада өткізбей-ақ өздерінің тоталитарлық кезеңде орыстанып кете жаздаған ұлттық мәселесін шешіп, тіршіліктерін түзеп үлгеріпті. Одақта бізбен бірге болған, азаттығын бізбен бірге жариялаға алақандай Эстонияның (жерінде бір уыс пайдалы қазбасы не мұнайы жоқ) ең төменгі жалақысы біздің төменгі жалақыдан үш есе көп болса, Латвия елінде мемлекеттік тілді білмейтін тұрғындарға азаматтық берілмейтін бап та қабылдап үлгерсе (мұндай бап әлемдегі елдердің 90 пайызында бар шығар), Грузия мемлекеті осы отыз жылдың алғашқы жылында-ақ өздерінің ұлттық тілінің дамуына бөгет болатын орыс тілін мектептен толық алып тастапты.

Идеологияның бір бағыты ұлттық мерекелер болатын, біздің идеологтар бұған да бастарын ауыртып жатпады; 1 Мамыр – бұрын Еңбекшілердің халықаралық ынтымақ күні болса, қазір Қазақстан халықтарының бірлігі күні, 22 қыркүйек – қазақ халқының қолы жеткен Мемлекеттік тілдің күні болса, қазір Қазақстан халықтары тілі күні болып шыға келді. Ең өкініштісі, осы отыз жылда Тәуелсіздік мерекесін жаңа жылды тойлауды былай қойғанда, Астана күнінің деңгейіне жеткізе алмадық. Қысқасы, біз осы отыз жылда не ұлттық мемлекет бола алмадық, не компартияның жасанды идеологиясынан, олардың сын көтермейтін жұмыс істеу тәсілінен құтыла алмадық. Біз отыз жылда тоталитаризмнің «туған інісі» болып саналатын авторитарлық басқару жүйесіндегі Қазақстан мемлекетін құрдық.

Өзгермеген бағыт – идеология.

Қазақстанда идеологиялық бағыттың өзгермегенін қала, аудандардағы мұражайлардан-ақ байқауға болады. Соңғы он шақты жылдың ішінде мен көрген мұражайлардың барлығында Кеңес өкіметі кезіндегімен салыстырғанда екі ғана өзгеріс болған сияқты: оның бірі – Алаш арыстары туралы мәліметтің пайда болуы (барлық жерде емес), екіншісі – елбасыға арналған арнайы бөлмелердің өмірге келуі. Егер екіншісін авторитарлық қоғамның ажырамас «серігі» – жеке басқа табынушылықтың көрсеткіші десек, отыз жылдағы барлық өзгеріс Алаш арыстарының бейнелерімен шектеледі. Менің «осы ауданда, қалада Желтоқсан көтерілісіне қатысқан не болмаса «Азат» қозғалысының белсенді мүшесі болып, тәуелсіздік үшін іс-әрекеттерге белсене араласқан адамдар жоқ па?» деген сұрағыма әдетте «бізге ондай нұсқау түскен жоқ» деген жауап аламын. Айтпақшы, кейбір мұражайларда Алаштың орнына тың игерушілерге арналған жәдігерлерден аяқ алып жүре алмайсыз. Меніңше, біздің мемлекеттік идеология – билікте отырғандардың осы билікті әрі қарай ұстап отыруына бағытталған идеология. Билікке тікелей не жартылай (тендер арқылы) бағынышты ақпарат құралдары мен жер-жердегі атқарушы биліктің негізгі жұмысы – жақсылықты асыра көрсету мен кемшілікті жасыра беру. Біздің тамаша жағдайда өмір сүріп отырғанымыз биліктің арқасы екенін құлағымызға құю. Әрине, ақпарат алаңын тұмшалау мүмкін емес заманда, өзімізді басқа елдермен салыстыру мүмкіндігі бар жағдайда бұл да оңай жұмыс емес.

Сондықтан сан түрлі тәсілдер қолданылады: біресе өзімізді бізбен салыстыруға келмейтін Тәжікстан, Қырғызстанмен салыстыра көрсетеміз, бірде «бұл қиыншылық әлемдік деңгейдегі дағдарыс» деп ақталамыз, ал енді бірде «басқа жерде қырғын болып жатыр, ал бізде тыныштық» деп жұбатамыз.

Осы отыз жылда демократияның қандай институттарын жасақтап, қоғам өміріне енгіздік?

Кеңес Одағының «шинелінен» шыққан мемлекеттің барлығы өздерін «демократиялық жолға түстік» деп жариялады. Оның ішінде біздің ел де бар. Ал демократия деген – абстракты сөз емес, көзбен көріп, қолмен ұстауға келетін, саяси өмірде өзінің орны бар, үздіксіз жұмыс істеп тұратын нақты институттардан тұрады. Адам құқығы мен еркіндігіне негізделген осы институттар бізде құрылды ма және олардың саяси кеңістікте жұмыс істеуіне жағдай жасалды ма? Егер заңдық деңгейде сондай мүмкіндіктер берілсе, осы отыз жылдың ішінде Қазақ еліндегі демократиялық құрылымдар қандай деңгейге көтерілді? Осы сұраққа жауап беру үшін бірнеше негізгі деген демократия институттарына қысқаша талдау жасап көрейік.

Көппартиялық жүйе. 2012 жылы, жиырма бір жылдан (1) кейін ғана Қазақстанның парламенті үш саяси партияның өкілдерінен жасақталды. Бізден басқа бірде-бір республикада мұндай жағдай болған жоқ. Сөз жүзінде, әрине, бұл – көппартиялықтың белгісі, бірақ іс жүзінде биліктің сценарийімен жасалған «рөлдерге бөлу» ойыны – «көппартиялықтың бар екенін көрсету» ғана болатын. Содан бері тоғыз жыл өтті, әр партия өздерінің заң жобаларын дайындап, қоғамның алдына жайып салып, қызу пікірталас арқылы біреуін өткізіп, ал енді біреуін өткізе алмағанын көрген де, естіген де жоқпыз. «Сасқан үйрек артымен жүзеді» демекші, «көппартиялық жүйенің ажырамас бөлігі – оппозициялық партияның» да бар екенін көрсету мақсатында Қ.Тоқаевтың бастамасымен «парламенттік оппозиция» деген заң да қабылданды, бірақ биліктің қолбаласына айналған партияларға «оппозициялық сипат» беру жобасын қоғам қабылдамады. Көппартиялық институт – алдарына түрлі мақсат қоятын немесе салыстырмалы бағдарлама ұсынатын саяси топтардан құралады, ал бір ғана бағытта – билікте отырған топтың нұсқауымен жұмыс істейтін парламентте жүз партия отырса да, ешқашан көппартиялық жүйенің көрінісі болып табылмайды. Қазақстан билігі өзіндік мақсаты бар, салыстырмалы жобасы бар, оппозициялық сипаты бар саяси топты сан түрлі тәсілдермен қоғамдық аренаға жібермеді (басты тәсіл – тіркелу кезіндегі заңдық не бюрократиялық шектеулер). Қысқасы, отыз жыл босқа кетті, осы отыз жылда біз саясаткерлердің жаңа кагортасын шығара алмадық, түрлі саяси көзқарастың қоғам алдындағы бәсекелестігін, ашық жарысын көріп, солардың ішінен өзіміздің көзқарасымызға сай саяси топты қолдап, билікке әкеле алмадық.

Әділетті, ерікті сайлау жүйесі. 1994 жылға дейін азаматтар сайлау жүйесін толық түсіне қоймады, ал 94-ші жылдан кейін билік те етек-жеңін жиып, сайлау мәселесін өз қолдарынан шығармайтын болды. Қазақстандағы сайлау үдерісіне халықаралық қауымдастық та сан мәрте сын айтып, сайлау

жүйесін жақсартуға арналған ұсыныстарын берді, бірақ олардың барлығы дерлік жүзеге аспады. 2000 жылдары құрылған Тәуелсіз бақылаушылар жүйесі күшейіп, сайлау комиссияларын тырп еткізбейтіндей деңгейге жеткенде орталық сайлау комиссиясы «электронды дауыс беруге» («АИС Сайлау») көшті де, аталмыш ұйым өзінің белсенділігін бәсеңдеткенде электронды дауыс беруді қайтадан алып тастады. Сол жылдары бақылаушыларға фото, бейне, аудио түсірілім жасауға рұқсат берілді, бірақ бірде-бір сот сол суреттер мен бейнежазбаларды дәлел ретінде қабылдамайтын болды. Сайлауды бюджетке қарап отырған қызметкерлер: дәрігерлер, мұғалімдер мен оқытушылар т.б. жүргізетін болды. Сот орындары сайлау кезіндегі заңсыздықтар көрсетілген актілер мен арыздарды қарауды сол сайлау комиссиясының өзіне жіберетін тәжірибені енгізіп, сайлау кезіндегі заңсыздық жасағандарды сот арқылы жазалау мүмкін болмады. Осының нәтижесінде демократияның негізгі институттарының бірі – ерікті, әділетті сайлау жүйесі Қазақ елінде орнаған жоқ.

Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі. Өкінішке қарай, 1995 жылғы Конституцияда көрсетілген (89-бап), демократияның басты құрылымдарының бірі болып саналатын жергілікті өзін-өзі басқару институтын енгізу де жүзеге аспады. Ұмытпасам, 1997 жылдан бастап «Жергілікті өзін-өзі басқаруға» арналған 5-6 заң жобасы дайындалып, қызу талқылаулардан өтті, бірақ бірде-біреуі қабылданған жоқ. Біздің жоғарыдан төменге дейін бағыныштылық (вертикалды бағыныштылық) жүйесі төмендегі құрылымдарға толық билік беретін жергілікті өзін-өзі басқару жүйесімен ешқандай ымыраға, үйлесімге келмейтіні анықталғаннан соң, 2007 жылы 89-бапқа өзгерістер енгізіліп, жергілікті өзін-өзі басқару институтына нүкте қойылды. Біз төменгі деңгейдегі әкімдерді сайлаумен ғана шектелетін сияқтымыз (2024 жылы ауылдық кеңестерді сайлау болады деген сыбыс шықты). Менің ойымша, жергілікті өзін-өзі басқаруды енгізбеудің басты себебі сайлау урнасында сияқты. Билік жергілікті қауымға еркіндік берсек, сайлау урнасы уысымыздан шығып кетеді деп қорыққан сияқты. Қысқасы, отыз жылдың ішінде демократияның ең бір тиімді осы институты өмірімізге енген жоқ.

Сөз бостандығы.«Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деген қазақ халқында сөз бостандығы, тәуелсіз ой-пікіріңді айту, жеткізу, дәлелдеу демократия дегенді білмей тұрғанда-ақ бар институт болатын. Тоталитарлық жүйе біздің осы дәстүрімізді толықтай жойып жіберді, сондықтан отыз жыл бойы ойымызды, сөзімізді ашық айтатын жағдайға жеттік пе деген сұрақ бәрімізді толғантатыны анық. Әрине, жылдан-жылға ой-пікірімізді ашық айту, бұқаралық ақпарат құралдарының тәуелсіздігі қанат жайып келеді. Сонымен қатар әлеуметтік желінің әсерінен сөз бостандығын тоқтатуға болмайтынын байқаған билік тарапы жаңа бір тәсілдерге көшкен сыңайлы. Оның бірі – «айтатындарыңды айта беріңдер, бізге бәрібір» деген ұстаным**(кейде «бәрін сынай беріңдер, тек елбасыға тиіспеңдер болды» деген нұсқамен беріледі).**Қысқасы, биліктің бағытына қарсы жазылған, айтылған сындар мен ұсыныстар сол айтылған жерде

қалады, одан ешқандай нәтиже шықпайды, оларға жауап берілмейді, талқыға түспейді.

Екінші тәсіл – техникалық шектеулер. Егер белгілі бір басшылардың іс-әрекетін негативті жағынан ашып көрсететін немесе халықтың ашу-ызасын туғызатын мақала, пікірлер жарияланса қалса, сол мезетте «тұтқынға» түседі. Мұндай жағдай менің өзімде соңғы үш-төрт жылда бірнеше рет болды: бірде Алматы әкімі Байбек мырза туралы жазған ащы памфлетім «Абай.кз» сайтына шығып, оны жарты сағаттың ішінде бірнеше сайт көшіріп басқаны мұң екен, бір сәттің ішінде барлық сайттарда (оның ішінде «Абай.кз» те бар) сол мақала бұғатталып, ашылмады, 404-ке түсті. Ал өткен жолы Абзал Құспан екеуміздің Қуат Ахметов туралы жасаған мәлімдемеміз де жарты сағатта барлық сайттардан алынып тасталды. Ең қызығы, бұл екі мақаланың ішінде айтылған мәселелердің не ұлтаралық араздыққа, немесе жеке адамның ар-ожданына т.т. қатысты емес, жариялануға толық болатын жазбалар еді. Иә, жарияланды, бірақ содан соң бұғатталды. Қазақстан халықаралық «Репортеры без границ» ұйымының баспасөз еркіндігіне қатысты жасаған рейтингінде 180 елдің ішінде 155-орында тұр. Бұл – отыз жыл ішіндегі Қазақ еліндегі сөз бостандығының нақты көрінісі. Қысқасы, сөз бостандығы бар, бірақ оның таралуы мемлекеттік бақылауда.

Айтпақшы, біз әділетті қоғамның басты шарты болып табылатын негізгі мәселені және таразының басын теңестіріп отыратын құралды – биліктің үш тармағының (заң шығарушы, атқарушы және сот) бір-бірінен тәуелсіз жұмыс істеуін де жүзеге асыра алмадық. Заң шығарушы орган атқарушы биліктің дайындаған заңдарын қабылдаудан аса алмайды, ал сот пен прокуратура жүйесі биліктің айтқанынан шыға алмайды.

Осы отыз жылда қандай ұлттық (қазақ ұлтының мәселесі) мәселені шешіп, қандай ұлттық құндылықтарымызды тірілте алдық?Ұлттық құндылықтарды орнына келтіру үшін, біріншіден, қазақты біріктіруіміз керек еді. Өкінішке қарай, осы отыз жылдың ішінде өзінің ұлттық мемлекетін аяғынан тұрғызатын қазақты біріктіре алмадық. Біріктіру емес, бөлектену, бөлшектенуге кеттік. Алғашқы кезеңде қазақ халқы діндік наным бойынша бөлшектенуге кірісті. Оның бірінші кезеңінде әлемдегі барлық діннің түрлеріне, оның сан түрлі секталарына, ата дінімізден айыратын миссионерлерге (Миссионерлік – бір Құдайды білмейтін халықтарға, тайпаларға өздерінің діндерін таратуға бағытталған іс-әрекет. Бұл кейде қылыш-мылтықпен, кейде үгіт-насихатпен жүргізіледі. Ал мыңдаған жыл бойы мұсылмандықты ұстанып келген Қазақ еліне келген миссионер – бізді ата дінімізден ажыратушы ғана) есікті айқара ашып бердік. Қысқасы, қазақ ұлтының негізгі дінін секталармен теңестірдік. Осы жоспарды жүзеге асырғаннан соң, мұсылман дінінің өзін іштей бөлшектеуге кірістік.

Басқа діндерге, секталарға кірмеген қазақтар «дәстүрлі исламды» (сонда бұрын қандай ислам ұстанып едік?) ұстанушы аталып, басқа бағытты таңдаушылар «салафиттік бағыт», «сопылық жол» т.т. деп, сан тарапқа салып жібердік. Біреулер «бұған біз кінәлі емеспіз, ол шеттен келген ағымдар» деуі мүмкін. Жоқ. Сопылық бағытқа мүмкіндік берген де, кейін оларды соттаған

да – біздің билік. Кезінде құраниттерге жол ашып берген де – біздің мемлекет. Бұл біздің ақымақтығымыздың нәтижесі ме, әлде билік тарапынан қазақтарды бөлу үшін кезең-кезеңмен жүргізілген арнайы бір жоспар ма, ол жағы белгісіз, бірақ дін арқылы қазақты біріктіруге мүмкіндік берілмеді. Осы отыз жылдың ішінде Грузия мемлекеті өзінің Конституциясына «негізгі дін» деген терминді де енгізді, ал Украина соғысып жатып, Мәскеудің қол астындағы діни бағытын өзгертіп, байырғы дінін қайта жаңғыртып төрге шығарды. Айтпақшы, демократиялық елдердің бірі – Италия Конституциясында «католицизм – мемлекеттік дін» есебінде бекітілген. Ал біз жеке мүфтият (бұрын Кеңес өкіметі кезінде Орта Азия және Қазақстан діни басқармасы болатынбыз) болғаннан аса алмадық. Бір сөзбен айтқанда, отаршылдыққа дейін бір дінді, бір бағытты ұстанған халықты дін арқылы біріктіре алмадық. Бірақ кімге ренжіміз, егер 1992 жылы дінге арналған заңды жазғандардың 99 пайызы кезінде «Құдай жоқ» деп сайраған атеист-коммунистер болса...

Қазақ қоғамы тіл арқылы да бөліне бастады: «нағыз қазақтар» мен «шала қазақтардың» (бұл атауды шығарған да өзінің ана тілін білмейтіндер) қатарына «орыстанған қазақтар» қосылды. Қазір Алматы қаласының атауы-ақ бізді екіге бөліп тастайтын жағдайға жеттік. Үшіншіден, қазақтар саясат дегенді білмей жатып саяси бағытта бөліне бастады. Оппозицияны жақтайтындар бір жаққа, ал билікті жақтайтындар екінші жаққа шықты. Одан қалды, соңғы уақытта «қытайшылдар» мен «қытайдан басқа жау жоқ» дейтіндер болып бөліндік. Оның ар жағында саяси топтардың аралары ажырап, «Ақ жол» мен «Нағыз ақ жол» өмірге келді. Осы «бөлінгенді бөрі жейді» деген, тоқтайық та деп едік, он жылдан кейін оралмандардың арасы «Атажұрт» пен «Нағыз атажұрт» болып бөлінді. Саясат, саяси іс-әрекет жайына қалды, адамдар көсемдердің аузына қарап, «анау жаман екен», «мынау нағыз батыр екен» деп тамсанумен жылдар өтіп жатыр. Бұған өз басым билікті ғана кінәламаймын (биліктің кінәсі – мемлекеттік деңгейде ұлттық идеологияны жасақтамағаны). Бұл – осы отыз жылда саяси-қоғамдық өмірде біріге алмаса да, бірін-бірі жамандамау, жау болмау қажеттігін мойындағысы келмеген өзіміз ғана кінәліміз. Тағы бір көңіл аударатын мәселе – отыз жылдың ішінде ұлттық құндылықтарды жаңғырту жолындағы іс-әрекеттерді жоспарлайтын, жүзеге асыратын, идеологиялық насихат жұмыстарын жүргізетін жаңа бағыттағы ұлт зиялыларының легі өмірге келген жоқ.

Бұрынғы «зиялы» деп саналатын ақын-жазушылар, әртістер, ғалымдар мен басқа да өнер иелері кеңестік психологиядан қалған «билікке бағыныштылық» қасиетінен арыла алмады, ал авторитарлық жүйе тәтті сөздермен, марапат пен арнайы стипендиялармен олардың билікке тәуелділігін одан әрі нықтай түсті. Сонымен, бұрынғы «Деді ғой Леонид Ильичтің өзі» деп ән шығарған жандар елбасы туралы жыр жазуға көшті. Бірді-екілі бас көтерген зиялы қауымның өкілдері қоғамнан шеттетілді де, басқалары күйбің тірліктің құлы болып, «алпыс жылдығыма қандай сый тартасыңдар» деп, билікке қол жайып кетті. Кейбіреулер компартия

басшыларынан үлгі алып, екіжүзділіктің жолына түсті: бұрындары «Алашорда» қозғалысы туралы сыни мақала жазып, оларды іске алғысыз қылғандар тәуелсіздіктен соң, «Алаш арыстарым-ай!» деп, құлаш-құлаш зерттеу мақалалар мен кітаптар жаза бастады. Компартия тарихынан сабақ берген ғалымдар бір күннің ішінде «Қазақстан тарихының» маманы болып шыға келсе, өмір бойы «Атеизмнен» дәріс беріп, Құдайдың жоқ екенін ғылыми түрде дәлелдеген білікті мамандар «Дін тарихынан» лекция оқуға көшті. Меніңше, ұлтты алға бастайтын зиялы қауымның отыз жылдың ішінде сол қалпында қалуы – ұлттың аза бастауының, жарамсақ, қорқақ, жанбағысшыл болуының басты себебі. Айтпақшы, олар 90-жылдардың басындағы тәуелсіздік үшін жүргізілген қимыл-қозғалыстарда да басқа елдің зиялылары сияқты баррикаданың басында, халықтың арасында болмады, біздің серкелеріміздің басым көпшілігі ұлтшылдық туы көтерілген жерді айналып өтіп, қашқақтап, «әліптің артын бағудан» жазбады. Тәуелсіздіктен кейін де «зиялы» деп аталатын жандар Толағайдың рөлін атқара алмады, білікті қолдаудан, мақтаудан аса алмады.

Төртіншіден, отыз жылдың ішінде қазақ тілін тірілтіп, қоғамның барлық саласында қызмет көрсететін мемлекеттің тіліне айналдыра алмадық. Білікті де түсінуге болады, олар өздерінің отырған бұтақтарын өздері кесе алмайды ғой. Ертең қазақ тілі орыс тілінің деңгейіне көтерілсе, қазіргі басшылықтың, мемлекеттік қызметкерлердің 80 пайызы жұмыссыз қалады, олардың орыстілді балаларының 90 пайызы қолдарын төбелеріне қойып безіп кетеді, ал Англия мен Швейцарияда оқитын немерелерінің 100 пайызы Қазақ елінде өмір сүре алмайтын жағдайға жетеді. Отыз жылда басқа елдер мемлекеттік тіл туралы заңдарын үш рет жаңартып үлгерсе (тілдік ахуал кем дегенде он жылда өзгеріп отырады), біз өткен ғасырда, Кеңес Одағы кезінде қабылдаған «Тілдер туралы» заңды қос қолдап құшақтап айырылмай отырмыз. Жақында «Қазтестті» өмірге енгізе алмағанымыздың 10 жылдығын тойлайтын шығармыз. Қазақ тілінде сөйлеп, қазақ тілінде қызмет көрсетуді талап еткені үшін Отанынан кетуге мәжбүр болған Қуат Ахметов бауырымыздың мәселесі де Тәуелсіздіктің отыз жылдық тойына сай келген сияқты. Білмеймін, тәуелсіздіктің салтанатты жиынында Қуатқа мемлекеттік тілдің қорғаны болғаны үшін марапат бере ме, әлде...

Ономастика мен кеңестік белгілерден арылу мәселесі. 90-жылдары тәуелсіздік қайтадан қолымызға тиген кезеңде барлық саяси-қоғамдық күштер «Отарсыздандыру бағдарламасын» қабылдау қажеттігін көтерген болатын. Екі ғасыр отаршылдық кезеңде метрополияның жоспарлы түрде жүргізген саясатының нәтижесінде мыңдаған елді мекеннің, жер-су, өзен-көлдердің т.б. атаулары өзгеріп, қазақ халқының ғасырлар бойы келе жатқан тарихи атаулары қолданыстан шығып қалған болатын. Одан қалған атаулар мен жаңа атауларды Кеңес өкіметі өздерінің идеологиялық саясатына сай беретін болды. Басқа республикалар осы отыз жылдың ішінде (көпшілігі алғашқы үш-төрт жылда) заң арқылы, мемлекеттік деңгейде «Кеңестік белгілерден арылу» бағдарламаларын қабылдай отырып, жойылып, өзгеріп кеткен атауларды орнына келтірсе, біз «Ленин», «Комсомол»,

«Коммунистіктен» бастап, «Пушкин», «Тургенов», «Гогольдерден» әлі де арыла алмай жүрміз. Отаршылдықтың маңдайымызға басқан қарғы таңбасы сияқты «Павлодар» мен «Петропавл» аттары тағы тұр. Ең қызығы, «идеологиялық тұрғыдан ескірген атауларды» өзгерту туралы мәселеге қарсылық жоқ, бірақ осы саяси тұрғыдан салиқалы жолды заңдастыруға парламент мүдделі емес сияқты. Соның салдарынан Тәуелсіздігіміздің отыз жылдығына Ленин атындағы жүздеген атаумен келдік. Егер қазір Қазақ елінде 400-ге жуық Ленин көшесі қасқайып тұрса, тәуелсіздіктің қаншалықты құны бар?

Кеңестік заманнан қалған, идеологиялық мақсатпен өмірге келген белгілердің бір тобы – ескерткіштер. Біз отыз жылдың ішінде қазіргі Қазақ еліне, оның тарихына қатысы жоқ ескерткіштерді не істерімізді білмей, ойланып отырған елге айналдық. Мүмкін, «тарихымызға қатысы жоқ» деген сөздер шындыққа сай келмейтін де болар, бірақ бұл қазақ жеріне басқыншылықпен келген Ермактың не «социализм құрамыз» деп, қазақты аштыққа ұшыратқан, тілі мен дінінен айырған коммунистік партия көсемдерінің тас мүсіндері қазіргі Қазақ елінің төрінде тұратын бейнелер емес екені анық. Мемлекет бұл мәселеден үндемей құтылуда, сондықтан болу керек, 90-жылдарда Ермактың ескерткішін «азаттықтар» алып тастаса, Алматының іргесіндегі Калинин ескерткішінің мойнына сым темір салып, 2019 жылы «Желтоқсан ақиқаты» жұлып тастады. Әрине, бір жағынан, мұндай іс-әрекеттер мәселені шешудің радикалды жолы, бірақ, екінші жағынан, билік қозғалмаса, халықтың өзі-ақ қимылға көшетінінің нақты көрінісі. Тоталитарлық кезең басшыларының ескерткіштерін былай қойғанда, отаршылдық идеологиялық құралы («әлемдегі ең ұлы ақын, ұлы жазушы, ұлы ғалым орыс халқында, сол халықтың көлеңкесінде жүргендеріңе риза болыңдар» деген саясатпен қойылған) ретінде орнатылған жүздеген Пушкин, Гоголь, Чехов т.б. ескерткіштері мен атауларынан (кітапхана, мектеп т.т.) тәуелсіз Қазақ елі әлі де арыла алмай жүр.

Осы отыз жылдың ішінде елдегі ұлтаралық мәселені қалай шештік? Қазақстанда ұлттық, ұлтаралық мәселе Кеңес өкімет кезіндегі деңгейде қалды. Ол кезеңде де тұрмыстық ұлтшылдық болмаса, бір-бірімізді ұлтқа бөліп, «сен – орыс», «сен – қазақ» деп алакөз болмайтынбыз (Кеңес өкіметі басқа тәсілдермен патшалық Ресейдің отаршылдық саясатын жалғастырды. Орыстандыру, қазақ жерін бөлшектеп, басқа республикаларға беру, экономиканы шикізатқа байлап қою т.б. шеттетулер осы кеңестік жүйеде кең етек алды). Бірақ тәуелсіздіктен кейін қазақтан басқа ұлт өкілдерінің көңілдерінде, жүрек түкпірінде «енді жағдайымыз не болады» деген сұрақ пайда болғаны шындық. Бұл барлық республикаларда тәуелсіздік идеясы көтеріліп, Кеңес Одағының күйреуі жақындаған уақытта жүргізілген орыстық идеологияның, насихаттың әсерінен туған қауіпті құбылыс болатын. Ұлыдержавалық астамшылықтың күні біте бастағанын көрген орыстілді кеңестік топтар «осы уақытқа дейін басқа ұлттардың тілі мен дінін, мәдениетін құртып едік, енді олар егемендік алысымен сол табағымызды бізге тарта ма екен» деп қауіптенді. Меніңше, осы қауіптің салдарынан пайда

болған фобия жергілікті ұлт (қазақ) пен басқа ұлттардың арасына сына болып түсті. Екіншіден, Кеңес Одағы кезінде «Бәріміз – бір елміз!» деген ұранмен жүрген елдің азаматтары тәуелсіздіктен соң Қазақ елінің азаматтары болып, өздерін екінші орынға түсіп қалғандай санады. Өкінішке қарай, олардың басым көпшілігі осы отыз жылдың ішінде «Мен Қазақ мемлекетінде, қазақ жерінде тұрамын, менің мемлекеттік тілім – қазақ тілі» деген деңгейге келген жоқ. Франция азаматы, қара нәсілді, араб ұлтының өкілі «мен – француздбын» десе, ешкім таңғалмайды, ал Қазақ еліндегі өзге ұлт өкілі «мен – қазақпын» десе, қазақтар мәз болып масайрап, ал өзге ұлт өкілдері қабақтарын тыржитатын деңгейге жеттік. Бұл бөлектенудің негативті көрінісі – отыз жыл бойы тоқталмай келе жатқан қазақ пен басқа ұлт өкілдерінің арасындағы дүрдараздық пен қақтығыстар.

Тоқсаныншы жылдардың басында Қазақ елінде де сепаратизмнің бас көтеріп, кеңестік, орыстық пиғылдағы топтардың, идеологтардың болғаны рас. Бірақ Қазақ елінде тұратын халықтың басым көпшілігі «бұл – Қазақ елі, не кеңестік кезеңді, не орыс тілінің бұрынғы үстемдігін аңсамай, осы халықпен бірге өмір сүруіміз керек те, немесе өзіміздің тарихи Отанымызға оралуымыз қажет» деген ойға келді. 1994 жылдары екінші таңдауды жасаған адамдардың саны 600 мыңға жетті. Бұл барлық ұлт өкілдерінің саяси-азаматтық құқықтарын тең ұстай отырып (қазақ ұлтына ешқандай жеңілдік, артықшылық берілмейді), ұлттық құндылықтарымызды, оның ішінде тіл мәселесін тірілтіп алуға ең тиімді кезең болатын. Біздің билік осы кезеңді пайдаланудан бас тартты. Тек қана заңымызда «Мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деген жазу пайда болды, ал іс жүзінде президенттен бастап, дүкеншіге дейін «бәріміз түсінетін орыс тілінде сөйлей берейік» дегенге көштік. Бұрынғы коммунистік номенклатурадан құралған Қазақстан билігі ұлтаралық мәселені шешудің бұрынғы өздері білетін жасанды кеңестік моделінен басқа жолды таба алмады. Бұл бәрімізді мезі қылған (ал ұлтаралық дау-дамай болғанда тек ашу-ызаны тудыратын) жасанды ұрандар, басқа ұлт өкілдерінен әкім, министр, сенатор тағайындау, барлық жерде орыс тілін қолдану, қазақ жерінде тұратын өзге ұлттың өнерін концерттерге қосу т.б. Бұл жасанды интернационализмнің соңы өзге ұлт өкілдерін ҚР ассамблеясы арқылы парламентке депутат етіп сайлауды заңдастырумен аяқталды. Осы арқылы әлемде «өзге ұлт өкілдерін парламентке тек квота арқылы кіргізуіне қарағанда қазақтар басқаларды билікке жібермейтін, оларды шеттететін арам ойлы халық екен» деген пікір қалыптасты.

Ұлттық идеологияның басты құралы болып табылатын ақпарат алаңы отыз жыл бойы Ресей мемлекетінің ойына келгенін жасайтын өз ауласына айналды. Бұл мәселені 90-жылдардан бастап ұлт зиялылары, саясаттанушылар т.б. айтып келеді, бірақ Ресей БАҚ-тарын шектеуге билік мүлдем құлықты емес.

Байқайсыздар ма, «Қазақ елі» деген автобус «Тоталитаризм» деген қара түнектен шығып, «Демократия» оазисіне бет түзеп, жолда «Авторитарлық жүйе» деген аялдамада тоқтап қалған сыңайлы. Мүмкін, жанармай таусылған шығар немесе машинаның бір тетігі сыр берді ме, ол жағы белгісіз. Ал,

мүмкін, «Тоталитаризм» лагерінде тамаша жүргізуші болған шопыр әрі қарай апаратын жолды білмей, ешкіммен ақылдаспай, «бұл аялдама да бұрынғы жүйеге ұқсас екен, халыққа жаман болса да, бізге қолайлы екен, осы жерде тұрақтай тұрайық» деп шешкен болар.

Ең өкініштісі, осы айтылғандардың барлығы отыз жылдың ішінде сан рет көтеріліп, қажеттілігі дәлелденген мәселелер. Бірақ біздің Жоғарғы Кеңес, кейін парламент қабылдаған жүздеген заңдардың ішінде бұл «әттеген-айда» айтылған бірде-бірі заң ретінде қабылданбақ түгіл, заң жобасы есебінде талқыға да түспепті. Осы отыз жылдың ішінде «Кеңестік дәуірден қалған идеологиялық белгілерден арылу туралы», «Мемлекеттік тіл туралы», «Желтоқсан көтерілісіне қатысқандардың статусы туралы», «Шетелдік ақпарат құралдарының жұмысын реттеу (шектеу) туралы» т.б. заңдарды қабылдауға толық мүмкіндік бар болатын-ды. Бірақ біздің билікке бұл мәселелерден гөрі «Бірінші президент туралы» немесе «Жергілікті мемлекеттік басқару туралы» сияқты заңдарды қабылдау қажет болды.

Қысқасы, бұл «әттеген-айлардың» жауабы анық, бір ғана сөйлеммен беруге болады: «демократия» деген ұғымды білмеген, тек қана марксизм-ленинизм университетін бітіріп шыққан адамдар билікте отырғанда демократиялық қоғам ешқашан орнамайды; намаз оқымақ түгіл, тілдерін кәлимаға келтіре алмайтын, діннің жоқ екенін ғылыми түрде дәлелдеу мектебінен өткен атеист адамдар билікте отырғанда дініміз орнына келмейді; орыс мәдениетімен тәрбиеленіп, орыс тілімен көгерген, өздерінің ана тілінде сөйлеуден қашқақтайтын адамдар билікте отырғанда қазақ тілі мемлекеттік тіл деңгейіне ешқашан көтеріле алмайды. Бар пәле осында сияқты.

Библияға көз салсаңыз, отыз жыл – тым қысқа мерзім. Мұса пайғамбар құлдық психологиядан арылған жаңа ұрпақ өздері қалаған мемлекет орнату үшін Египеттің құлдығынан шыққан адамдардың барлығы өмірден өтсін деп, шөлде қырық жыл адасып жүрген дейді. Демек, тағы он жыл қалды.

Отыз жылдығымыз жасасын!

ӘОЖ 81:001.4

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫ

Шерубай Құрманбайұлы
ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымының докторы,
профессор

Аннотация: *В статье отражен путь развития терминологии за двадцать лет, тоесть с 90-х годов по 2010 годы. Дан общий характер изучения данной отрасли казахстанскими учеными. Докторские, кандидатские диссертации, защищенные по терминологии в Казахстане за последние двадцать лет, то есть до 2010 года, были представлены с сравнениями с научными работами, защищенными в советский период. Развитие казахской терминологии было представлено с хронологией, начиная со второй половины XIX-го века и до нынешнего дня. Таким образом, был сделан общий и краткий обзор этой области языкознания с точки зрения сегодняшнего дня. На основе собранных фактических данных были раскрыты основные особенности современной казахской терминологии. Доказано, что сама тема «Исследования казахской терминологии» является обширной темой, представляющей собой специальное монографическое исследование.*

Ключевые слова: *казахское языкознание, термин, терминология, словообразование, терминология советского периода, терминология в годы независимости.*

Abstract: *The article reflects the path of terminology development over twenty years, that is, from the 90s to 2010. The general nature of the study of this area by Kazakhstani scientists is given. Doctoral and PhD theses defended in terminology in Kazakhstan over the past twenty years, that is, until 2010, were presented with comparisons with scientific papers defended during the Soviet period. The development of Kazakh terminology was presented with a chronology, starting from the second half of the nineteenth century and up to the present day. Thus, a general and brief overview of this area of linguistics was made from the point of view of today. Based on the collected factual data, the main features of modern Kazakh terminology were revealed. It is proved that the very topic of "Research of Kazakh terminology" is an extensive topic, which is a special monographic study.*

Keywords: *Kazakh linguistics, term, terminology, terminology of the Soviet period, terminology in the years of independence*

Кеңес Одағы ыдырап, оның құрамында болған республикалардың тәуелсіз мемлекеттерге айналуы – КСРО-ның саяси курсына негізделген тіл саясатының да түбегейлі өзгеріске ұшырауына әкелді. Егемендікке қолы жеткен тәуелсіз мемлекеттер өздерінің жаңа саяси курстары мен ұлт

мүддесіне негізделген тіл саясатын да белгіледі. 1989 жылғы 22 қыркүйекте бізде де «Тіл туралы Заң» қабылданып, қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болды. Мемлекеттік тіл бүкіл қоғам өмірінде, арнаулы салалардың бәрінде кеңінен қолданылып, ақпарат алмасудың, білім беру мен ғылымның тіліне айналуы үшін, ең алдымен арнаулы салалардың терминдер жүйесі жасалып, ретке келуге тиіс. Осыны алғаш сезінген қазақтілді ғылыми қауым мен сала мамандары өз салаларының терминдерін жасап, терминологиялық сөздіктер шығара бастады. XX ғасыр басындағы ұлт тіліндегі терминжасам тәжірибесі жалғасын таппай, кеңестік кезең орнықтырған термин алмасу, орыс тілінен термин қабылдау дәстүрі тілімізде берік орныгып қалғандықтан, бұл іспен айналысушылар бірден даңғыл жолға түсіп кете алмады. Термин жасаудың тиімді әдістемесі, қазақ тілінің сөз тудыру тәсілдері мен бай сөздік қорын ұтымды пайдалану тәжірибесі жетіспеді. Оның үстіне «термин жасап не қажеттілігі бар, оны жасап қойған халықтар тілінен дайын күйінде неге ала бермейміз» деген біржақты қасаң түсінік, екі-үш ұрпақтың санасына сіңіп әлеуметтік психологияға айналуы, мыңдаған кірме терминдерге жұртшылықтың құлағы үйреніп қалуы да ұлт тіліндегі термин шығармашылығына, онымен айналысушыларға кедергі келтірді. Әрине, өзге тілдермен сөз алмасу, термин қабылдау да керек, бірақ бұл ұлт тілінің сөздік қорын байытудың, термиқорымызды жасаудың бір ғана жолы емес.

Кеңестік кезеңде ұлт тілінде сөз, термин жасаудың кейінгі кезекке ысырылғаны сондай, тіпті осы шығармашылық үдерісті білдіретін ұғым атауларының өзі ғылыми айналымнан шығып қалған десек те болады. Жалпы кеңестік қоғамда ұлт тілдері үшін сөзжасам, терминжасам өзекті мәселе деп саналмады. Өйткені, негізгі мақсат – кеңес халқына ортақ, орыс тіліне негізделген жалпыкеңестік терминқор қалыптастыру еді. «Сөзжасам» терминінің қазақ тіл білімінде қолданысқа еніп, сөзжасамның дербес сала ретінде қарастырыла бастауы 80-жылдардың аяғы. 1989 жылы “Қазақ тілінің сөзжасам жүйесі” атты ұжымдық монография жарық көрді. Ал осы үлгімен жасалған «терминжам» атауын біз 90-жылдардың ортасында қолданысқа енгіздік. «Сөзжасам», «терминжасам» атауларының ғылыми айналымға еніп, бұл салалардың зерттелуімен бірге тіліміздегі сөз, термин шығармашылығы да жандана бастады. Сөзжасам мен терминжасам мәселелерін зерттеуге арналған диссертациялар қорғалып, монографиялар мен ғылыми мақалалар жарық көрді. Осы кезеңде Ө.Айтбайұлы, Ш.Құрманбайұлы, Е.Әбдірәсілов, С.Исақова, Қ.Айдарбек сынды тіл мамандары докторлық диссертацияларын қорғады. 90-жылдары терминология мәселелерінің өзектілігі артып, оған тек лингвистер ғана емес өзге сала мамандары да ерекше қызығушылық танытты. Мәселен, математик Ш.Біләл мен химик С.Ақаев сынды өзге сала мамандары да қазақ тіл білімінің тарихында тұңғыш рет докторлықтарын терминологиядан қорғап, оларға «филология ғылымдарының докторы» ғылыми дәрежесі берілді. Бұл да осы кезең ерекшеліктерінің бірі болды.

Кандидаттық, докторлық диссертацияларын тіл білімінің өзге салалары бойынша қорғағанмен терминология мәселелеріне белсене араласып,

ғылыми еңбектер, мақалалар жазып жүрген Ш.Сарыбаев, Р.Сыздық, Б.Қалиұлы және т.б. тілші ғалымдар да бар.

Негізгі зерттеу нысаны лексикология, лексикография, фонетика болғанымен, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының терминология бөлімін басқарып, терминология мәселелеріне арналған көптеген мақалалар жазған тіл мамандарының бірі – филология ғылымдарының докторы, профессор Байынқол Қалиұлы. Оның мақалаларында негізінен ұлт тілінде термин жасауға, терминқорымызды қазақ тілінің төл сөздік қоры негізінде қалыптастыруға баса мән беріледі.

XX ғасыр басында қазақ терминологиясы дамуының бағыт-бағдарын ғылыми тұрғыдан белгілеп, оның қағидаттарын жасау тұңғыш рет қолға алынды. Бұл істің басында А.Байтұрсынұлы, Е.Омарұлы сынды алаш зиялылары тұрды. 1924 жылғы «Қазақ білімпаздарының бірінші съезінде Е.Омарұлының терминологияға арналған баяндамасы жан-жақты талқыланып, терминологияны дамытудың қағидаттары сиез қаулысымен бекітілді[1]. 1926 жылы Бакуде өткен бүкілодақтық құрылтайда терминология қағидаттары жөніндегі баяндаманы Ахмет Байтұрсынұлы жасап, осы жолды бүкіл түркі халықтарына ұсынды[2]. 30-жылдардың басына дейінгі кезеңде қазақ терминологиясының дамуы осы қағидаттарға сәйкес дамыды. Алаш зиялылары 30-жылдардағы қуғын-сүргін құрбаны болғанға дейін өздері ұсынған терминологияны дамыту бағытынан бас тартқан жоқ. Олар сол 1924 жылғы съезде бекіткен қағидаттарын басшылыққа алды. Отызыншы жылдардан бастап қазақ терминологиясы дамуының жаңа кезеңі, кеңестік кезең басталды. Бұл кезеңнің даму бағытын белгілеу белгілі тілші-ғалым профессор Құдайберген Жұбанов есімімен тығыз байланысты. 1935 жылы Алматыда өткен Бүкілодақтық мәдениет қызметкерлерінің бірінші съезінде Қ.Жұбанов “Қазақ әдеби тілі терминологиясының принциптерін” ұсынды[3]. Кеңестік кезеңде осы съез бекіткен қағидаттар басшылыққа алынды. Ал тәуелсіздік кезеңінде алғашқы болып қағидаттар мәселесіне академик Ә.Қайдар назар аударды. Бұл орайда академик Ә.Қайдардың 1993 жылы жарық көрген «Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас» [4] атты шағын кітапшасының орны ерекше. Ол терминологияны ендігі жерде кеңестік кезеңде белгіленген бағытта дамытуға болмайтынын алғаш күн тәртібіне қойып, жаңа қағидаттар ұсынды. Ұсынылған қағидаттарға қатысты Ө.Айтбайұлы да пікірлерін ортаға салып, өз ұсыныстарын қосты[5]. Академик Ә.Қайдардың ұсынған қағидаттары терминология дамуының тәуелсіздік кезеңіндегі жаңа бағытын белгілеуге жасалған алғашқы қадам еді. Ол мамандарға үлкен ой салды. Бұл мәселені арнайы зерттеудің өзектілігі айқындалды. Сол себепті біз қазақ терминологиясы дамуының XX ғасырда ұсынылған, басшылыққа алынған барлық қағидаттарын арнайы қарастырып саралай отырып, алда қандай қағидаттарды басшылыққа алу қажеттігін анықтауға арналған өз пайымымызды ұсынған монографиялық еңбегімізді жарияладық[6]. Қазіргі таңда терминтану саласында еңбек етіп жүрген мамандардың негізгі міндеттерінің бірі – қазақ терминологиясын дамытудың басты-басты

бағыттарын белгілеп, лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлардың бәрін жан-жақты ескере отырып жасалған қағидаттарды анықтап алу. Бұл мәселеде ұлт тілінің мүддесі де, ғылым мен технология дамуындағы әлемдік үрдіс те ескерілгені жөн. Әсіресе, қазақ терминологиясы дамуының өткен кезеңдерінің тәжірибесі, басшылыққа алынған қағидаттардың қай-қайсысы да жіті сарапталуға тиіс. Сол қағидаттарды негізге ала отырып жасалған терминқор қалыптастырудың нәтижесі, әр кезеңнің өзіндік сипаты, ерекшеліктері ғылыми тұрғыдан талданғаны жөн. «Қазақ терминологиясы дамуының кезеңдік сипаты» атты монографиямызда біз терминология дамуын төмендегідей төрт кезеңге бөліп, әр кезеңнің өзіндік ерекшелігін, жалпы сипатын көрсету мақсатында төмендегідей тұжырымдар жасадық:

1-кесте

ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫНЫҢ ДАМУЫ		
КЕЗЕҢДЕРІ	**ЕРЕКШЕЛІГІ**	**НӘТИЖЕСІ**
1 – алғашқы кезең XIX-ғасырдың екінші жартысынан 1910 жылдарға дейінгі мерзім	Алғашқы қазақ басылымдары мен кітаптардың, аударма әдебиеттердің шыға бастауына байланысты әр салада **жекелеген терминдер жасалып, қолданыла бастады.**	Салалық терминдер жүйесін қалыптастырудың алғышарттары жасала бастады.
II – Алаш кезеңі 1910-1930 жылдар	Ұлттық ғылыми-шығармашылық қауым қалыптасты. Қазақ тіліндегі оқулықтар мен ғылыми-көпшілік, ғылыми әдебиеттер жазылды. Қазақ тілі оқу-ағарту, білім мен ғылым салаларында мүмкіндігінше пайдаланылып, **ұлт тілінде термин жасауға айрықша мән берілді**.	1.Терминологияны дамытудың **ғылыми қағидаттары алғаш рет жасалып, оны дамыту бағдары айқындалды**. 2. Бірнеше салалық терминдер жүйесі жасалып, **ұлттық ғылыми терминологияның негізі қалана бастады.** Жекелеген ғылым салаларының тірек терминдері қалыптасты.
III – кеңестік кезең 1930-1990 жылдар	Орыс тілінің терминологиясын өзге халықтарға үлгі ете отырып, **кеңес халқына ортақ терминологиялық қор (*жалпыкеңестік терминқор*) қалыптастыру мақсаты көзделді.**Ұлттық республикалардағы терминологияны дамытудың негізгі бағыттарын, қағидаттарын КСРО орталығы белгіледі.	Орыс тілі қазақ тілінің терминдер қорын қалыптастыратын бірден-бір сыртқы көзге айналды. **Қазақ терминологиясының орыс терминологиясымен ортақтығы барынша артты.** Қазақ тіліндегі термин шығармашылығы тоқырап, қазақ тілі жаңа терминдер жасалмайтын термин қабылдаушы, тілге айнала бастады.

IV – Тәуелсіздік кезеңі 1990 жылдардан бергі мерзім	Қоғамдық-саяси өмірдегі түбегейлі өзгерістер нәтижесінде қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болуына байланысты оның білім беру мен ғылым және басқа да түрлі салалардағы қолданыс аясы кеңейді. Соған сәйкес ұлт тілінде термин жасау қажеттілігі туындап, **қазақ тіліндегі термин шығармашылығы едәуір өріс ала бастады**. **Қазақ терминолгиясын қалыптастырудың қағидаттары мен даму бағытын айқындауды отандық ғалымдар өз қолына алды.** Бұрынғыдай сырттан белгіленбейтін болды.	1. Қазақ терминологиясы дамуының өткен кезеңдеріне ғылыми талдау жасалып, қазіргі даму бағыты айқындала бастады. 2. Терминтанушы ғылыми кадрлар шоғыры қалыптасып, терминология мәселелерін жүйелі түрде зерттеу жолға қойылып келеді. 3. Терминтануға арналған ғылыми монографиялар, диссертациялар, оқулықтар жазылып, көптеген салалық терминологиялық сөздіктер шықты. Терминологиялық әдебиеттер қоры қалыптасып, толықтырылып жатыр. 4. Терминологиялық жұмыстарды республикалық деңгейде жүргізу, үйлестіру тетігі жетіліп келеді. *(Алайда терминологиялық сөздіктер жасау мен терминдер қолданысындағы кемшіліктер осы тетіктің әлі толық жасалмауынан орын алып отыр).*

Соңғы жиырма жылдағы терминология мәселелерінің зерттелуі мен ғылыми кадрлар дайындау жайы. Жалпы терминтану мен қазақ терминологиясының мәселелерін ғылыми тұрғыдан зерттеумен А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының терминология бөлімі мен жоғары оқу орындарында қызмет ететін тілші ғалымдар, профессор-оқытушылар айналысады. Тәуелсіздіктен бергі 20 жылдың ішінде терминология мәселелерін зерттеу қарқыны кеңестік кезеңге қарағанда әлдеқайда артты. Терминтанушы ғылыми кадрлар дайындауға ерекше көңіл бөлінгенін, тіл мамандары мен салалық мамандар тарапынан терминология мәселелерін зерттеуге қызығушылықтың күрт өскенін көруге болады. Қазақ терминологиясы дамуының кейінгі екі кезеңінде терминология мәселелері бойынша қорғалған кандидаттық, докторлық диссертациялар, яғни дайындалған ғылыми кадрлар санын салыстыру нәтижелері осы сөзімізге дәлел бола алады. Мәселен, кеңестік кезеңдегі 40-50 жыл ішінде терминология саласы бойынша бірде-бір докторлық диссертация қорғалмаған болса, Тәуелсіздіктің 18-20 жылында 9 докторлық диссертация қорғалған. Төмендегі салыстырмалы кестеге қараңыз (2-кесте):

Докторлық диссертациялар		
1990 жылға дейін	**жылы**	**1990 жылдан кейін**
1940-1990 жылдар аралығында *(40-50 жыл ішінде)*	**1992**	**1**
	1993	**1**
	1997	**1**
	1999	**1**
	2002	**1**

	2007	**1**
	2008	**1**
	2009	**2**
0	**18 жылда**	БАРЛЫҒЫ – **9**

Қазақ терминологиясы дамуының кеңестік кезеңінде біршама кандидаттық диссертациялар қорғалған. 40-жылдардың аяғы мен 80-жылдардың соңына дейінгі 40 жыл аралығында 15 кандидаттық диссертация қорғалыпты. Кеңестік дәуірдің 60-жылдарының басынан бастап 70-жылдардың орта шеніне дейін терминология мәселелеріне арналған кандидаттық диссертациялардың бірсыдырғы үздіксіз қорғалып отырғанын байқауға болады. Ал 70-жылдардың ортасына дейінгі мерзім мен 80-жылдардың екінші жартысына дейінгі он жылдан астам уақыт аралығында үзіліс орын алған. Одан 86-89 жылдары бұл үдеріс қайтадан біршама жалғасып 4 ғылыми-зерттеу жұмысы жазылған. Тәуелсіздіктің бастапқы екі-үш жылы өтісімен терминология мәселелерін зерттеуге арналған кандидаттық, докторлық диссертациялар саны күрт өскен. Кеңестік кезеңнің 40 жылында 15 кандидаттық диссертация қорғалса, Тәуелсіздіктің 15-16 жылында олардың саны 38-ге жетіп екі-үш есеге жуық артқан. Салыстырмалы кестеге қараңыз (3-кесте):

кандидаттық диссертациялар			
1990 жылға дейін		**1990 жылдан кейін**	
1949	**1**	**1994**	**1**
1958	**1**	**1995**	**1**
1961	**2**	**1996**	**2**
1964	**1**	**1998**	**3**
1966	**2**	**1999**	**5**
1967	**1**	**2000**	**4**
1969	**1**	**2002**	**2**
1972	**1**	**2003**	**4**
1973	**1**	**2004**	**2**
1974	**1**	**2006**	**2**
1986	**1**	**2007**	**1**
1987	**2**	**2008**	**1**
1989	**1**	**2009**	**4**
		2010	**6**
40 жылда	БАРЛЫҒЫ – **15**	**16 жылда**	БАРЛЫҒЫ – **38**

«Біздің елімізде терминология мәселелерін зерттеумен кімдер айналысады, әр түрлі мамандық иелерінің, түрлі сала мамандарының терминтануға қатысы қандай?» деген сұраққа қатысты мынаны айтуымызға болады: Қазақстанда да көптеген өзге елдердегі сияқты XX ғасырдың басынан бастап терминология мәселелерін зерттеумен негізінен филолог-лингвистер, оның ішінде лексикологтар айналысып келеді. Бұл бір жағынан терминологияның ұзақ жылдар бойы лексикология құрамында соның бір тармағы ретінде дамып келуіне байланысты болса, екінші жағынан лингвистиканың негізгі зерттеу нысаны тіл бірлігі – сөз (термин) болуымен тығыз байланысты. Терминология мәселелерін ғылыми тұрғыдан зерттеген өзге сала мамандары көп емес, олар санаулы-ақ. Олардың дені өз саласының терминологиясын оқыту, оқулықтарда беру, терминдерінің арнаулы әдебиеттерде қолданысы сияқты мәселелерге мән беріп, яғни педагогикалық тұрғыдан қарастырған. Өткен ғасырдың 20-жылдарынан бастап бүгінге дейінгі қазақ терминологиясының бір ғасырға жуық даму тарихында өзге сала мамандары тарапынан барлығы – 9, оның ішінде 6 кандидаттық, 3 докторлық диссертация қорғалған болса, солардың 7-уіне ғылыми дәреже өз салалары (медицина, география, биология, математика, химия) бойынша берілген де, 90-жылдардан кейін қорғаған 2 ізденушіге, 1 математик пен 1 химикке филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесі берілген. Ал лингвистер тарапынан осы мерзім ішінде 49 кандидаттық, 6 докторлық, барлығы 55 диссертация қорғалған. Кестеге қараңыз: (4-кесте).

Терминологияны зерттеуге түрлі сала мамандарының қатысы					
мамандығы		**кандидаттық диссертациялар**		**докторлық диссертациялар**	
		1949-1990	**1990-2010**	**1949-1990**	**1990-2010**
1	**Тіл мамандары (филологтар)**	**11**	**38**	–	**6**
2	**химиктер**	**1**	–	–	**2**
3	**математиктер**	**1**	–	–	**1**
4	**биологтар**	**2**	–	–	–
5	**медиктер**	**1**	–	–	–
6	**географтар**	**1**	–	–	–

Тіл мамандарынан өзге саланың мамандары негізінен салалық терминологиялық сөздіктер жасау ісіне көбірек атсалысады. Әр түрлі ғылым салаларының ғалымдарына, жоғары оқу орындарында оқитын студенттерге, магистранттарға және көпшілікке арналған энциклопедиялық, түсіндірмелі,

екітілді, көптілді терминологиялық сөздіктер мен анықтамалықтардың авторлары да негізінен осы арнаулы салалардың практик мамандары. Бұл табиғи нәрсе. Өйткені, өздері маманданған саланың ұғымдар жүйесін, сол ұғымдардың өзара байланысын, бір-бірінен ерекшелігін кәсіби маманнан артық ешкім білмейді. Арнаулы ұғымдардың анықтамасын (дефиниция) дәл беріп, олардың ұғымдар жүйесінде алатын орнын (иерархиясын), түрлік және тектік топтарға жіктелісін т.б. сан алуан қасиеттерін көрсете алатын да сол саланы терең зерттеген ғалымдар, кәсіби мамандар. Сондықтан да бұл іске олардың тікелей қатысты болуы табиғи үдеріс.

90-жылдардан бастап, терминология мәселелерінің өзектілігі артуына байланысты, оны зерттеуге ден қойған ізденушілердің, терминологиялық сөздіктер жасаушы сала мамандарының осы жиырма жыл көлемінде жарияланған терминологиялық әдебиеттер саны да едәуір өсті. Кестеге қараңыз: (5-кесте).

Терминология мәселелері бойынша жарияланған әдебиеттер			
әдебиет түрі		**1920 -1990 жылдар** *(70 жылда)*	**1990-2010 жылдар** *(20 жылда)*
1	монографиялар	**2**	**12**
2	оқу құралдары	–	**7**
3	әдістемелік құралдар	–	**3**
4	көмекші құралдар, кітапшалар	5	5
5	жинақтар, конференция материалдары	4	**19**
6	терминологиялық сөздіктер	**90**-нан астам	**200**-ден астам
7	Журнал, бюллетендер	–	**1** (**36** нөмірі шықты)
8	Библиографиялық, анықтамалық құралдар	–	**1**
	ғылыми мақалалар	**300**-ге тарта	**900**-ге тарта

Жоғарыдағы терминологиялық әдебиеттер түрлері көрсетіп отырғанындай, терминология мәселелерін зерттеу, терминологиялық сөздіктер шығарумен қатар кейінгі жылдары терминологияны оқытуға да біршама мән беріле бастады. 90-жылдарға дейін терминология лексикология құрамында қаралып, оны оқытуға бірер сағат қана бөлінетін. Қазіргі таңда Қазақстанның бірқатар жетекші университеттерінде терминология бойынша арнаулы курстар жүргізіледі. Соған сәйкес жоғары оқу орындарының филолог студенттеріне арналған бірқатар оқу құралдары мен оқу-әдістемелік құралдар, көмекші құралдар жарық көрді. Жоғарыдағы кестелерде көрсетілген мәліметтердің барлығы біздің “Терминологиялық әдебиеттердің библиографиялық көрсеткіші” атты еңбегімізден алынды[7].

Термин шығармашылығы. Республикадағы терминологиялық жұмыстардың үйлестірілуіне консультативтік-кеңесші орган ҚР Үкіметі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы жауапты. Комиссияның жұмысшы органы – ҚР Мәдениет министрлігінің Тіл комитеті. Түрлі салалар мамандары тарапынан жолданған терминдерді осы комиссия ресми бекітіп, жалпы қолданысқа ұсынып отырады. 1990 жылдан бергі соңғы жиырма жыл көлемінде Мемтерминком 8 230 терминді бекіткен. Осы бекітілген терминдердің 8036-сы *(97,6 %-ы)* қазақ тілінің лексикалық қорында бұрыннан бар атаулар немесе жаңадан жасалған қазақ сөздері де, ал 194-і *(2,4%-ы)* халықаралық терминдер екен. Мәселен, *еже, жасауыл, жасуша, жәрдемақы, зейнетақы, қолдаухат, пернетақта, сарбаз, сыйақы, соғғы, тізілім, тікұшақ, тінтуір* тәрізді жүздеген жаңа терминдер қолданысқа енсе, *аденит, алгид, арозия, артефакт, артродез, артролиз, либретто, морфема, омофон, омоним, оним, ойконим, телефакс* сынды терминдер бұрынғы қалпында қолданылатын болып қайта бекітілді. Мемтерминкомның ресми бекіткен терминдері мен түрлі салалар бойынша шығып жатқан терминологиялық сөздіктерді саралағанда, 90-жылдардан кейін ұлт тіліндегі термин шығармашылығына басымдық беріліп отырғанын көруге болады. Кеңестік кезеңде қазақ тіліне қабылданған кірме терминдердің бәрін орыс орфографиясы бойынша жазу дәстүрі қалыптасқан болатын. Соңғы 15-20 жыл көлемінде ресми бекітілген бірнеше терминдер мен жалпы қолданыстағы атаулар қазақ тілінің айтылу мәнеріне қарай жазыла бастады. Мәселен, *пошта, режім, станса, сілесір, төкір, тәбілші* атаулары осы қатарға жатады. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінде де осындай *(зауыт, кәлөш, кәстөм, мәйкі, пәлте, пойыз, пошта, тауар, шенеунік, шопыр)* жаңаша жазылған бірқатар атаулар бар. Бірақ бұл жаппай орын алып отырған құбылыс емес, кірме терминдер мен атаулардың басым көпшілігі бұрынғыша жазылады.

Терминология дамуының 30-жылдардан басталатын кезеңінде терминологияны қалыптастырудың КСРО тіл саясаты мен идеологиясына сәйкес белгіленген қағидаттары, ұлт тілдеріндегі термин шығармашылығын дамытудың айқындалып берілген кеңестік жолы болды. Оған терминологияны зерттеуші ғалымдар тарапынан басқаша көзқарас білдіру бола бермейтін. Ал 90-жылдардан басталған кезеңнің ерекшелігі, терминология дамуының алдыңғы кезеңдеріне, оның ғылыми қағидаттарына, қалыптасқан терминдер қорына сараптама жасау, жаңаша пайымдау, сыни пікірлер айту, басқаша көзқарас білдіру пайда болды. Терминологияның теориясына, ғылыми пән ретіндегі ғылымдар жүйесінде алатын орнына, термин шығармашылығына, терминалмасым мен терминқор қалыптастырудың қағидаттарын белгілеу мәселесіне қатысты түрлі көзқарастағы ғалымдар мен мамандар қалыптаса бастады. Қазақ тілі терминдер қорының басым бөлігі ұлттың өз тілінде жасалуы тиіс және терминқордың халықаралық сипаты басым болуы керек деп санайтын негізгі екі көзқарастың төңірегіне топтасқан ғалымдар өз дәлелдерін алға тартты. 90-жылдарға дейін қалыптасқан бір идеологияға негізделген бағытты

ұстанған уақыт артта қалып, пікірлер әралуандығы көрініс берді. Терминология мәселелері төңірегіндегі ғалымдар мен сала мамандарының пікірталас алаңының пайда болуы – терминологияның көбірек зерттелуіне және оның тілдің көпшілік тарапынан жіті қадағаланатын мәселесіне айналуына түрткі болды. Осы факторлар мен ғылымның түрлі салаларындағы оқулық, әдістемелік, сөздік-анықтамалық, ғылыми-көпшілік және ғылыми әдебиеттерді қазақша жазу қажеттілігі терминология мәселесіне мамандардың, тілді тұтынушы қауымның назарын ерекше аударып, оның өзектілігі артты. Жоғарыда көрсетілгендей, соңғы жылдары бұл саладағы зерттеулер мен әдебиеттер санының күрт өсуі соның дәлелі. Сондай-ақ терминология тілдің БАҚ-та да ең бір жиі сөз болатын мәселесінің бірі болып табылады.

«Қазақ тілінде термин жасап әуре болғанша, терминдерді терминжүйесі жақсы жасалған орыс тілінен дайын қалпында қабылдау тіліміздің тиімді жолы» деген кеңестік кезең саясатына негізделген біржақты көзқараспен шектелмейтін ғылыми қауымның пайда болуы ұлт тіліндегі термин шығармашылығының өрістеуіне себеп болған негізгі факторлардың бірі. Қазақ тілінде термин жасауға деген ұмтылыс пен қажеттілік, тілдегі сөзжасам тәсілдерінің іске қосылуына, терминдердің жаңа типтерінің пайда болуына жол ашты. Мәселен, *дәргей, кеден, кент, құжат, нысан, ота, рәміз, рәсім, рәуіш, сардар, ұжым, үйек, үрдіс* тәрізді пассив лексикаға айналған көнерген сөздердің мағыналары жаңғыртылып, терминдену жолымен қайта қолданысқа енді. *Әрлеуші, салымшы, оқылым, төлем, әкімдік, ықпалдастық, заңнама* сияқты морфологиялық тәсілмен жасалған терминдер де, *айыппұл, ақуыз, бейнебақылау, зейнетақы, келіссөз, келісімшарт, өтемақы, сыйақы* сынды сөздерді біріктіру тәсілі арқылы жасалған атаулар да, *арыз-тілек, әл-ауқат, көші-қон, өлім-жітім, сауда-саттық* тәрізді бұрын терминжасам тәжірибесінде кездесе бермейтін қос сөз түрінде келетін терминдер мен атаулар да пайда бола бастады.

Біз кейінгі 15-20 жылда жасалған жүздеген жаңа терминдерді жинақтап, саралау барысында байқағанымыз, бұрын орыс тіліндегі қалпында қолданылатын көптеген кірме терминдердің бір сыңары, яғни жартылай аударылған, негізінен латын-грек терминбөлшектері сақталған будан (гибрид) терминдердің көптеп пайда болып жатқандығы. Мысалы, *авиатасымал, автоұшқыш, бейнекамера, бейнефильм, биоотын, геосаясат, дендробақ, киберқылмыскер, киноүлдір, қалтафон, метатіл, микроағза, мотоатқыштар, радиожиілік, субқоржын, ультрадыбысты, фотоайғақ, экожүйе, этносаясат* т.б. терминдер осы қатарға жатады. Терминология дамуының қазіргі кезеңіне тән осындай ерекшеліктері мен термин шығармашылығының жандануына байланысты терминологиялық жұмыстарды жүргізу, терминдердің жасалуы мен қолданысына қатысты орын алып отырған кемшіліктер де жоқ емес. Олар жөнінде өз алдына жеке сөз қозғауға болады.

Сөз соңында айтарымыз, қазақ терминологиясы дамуының бұл кезеңі әлі жалғасып жатыр. Сондықтан оның толық сипатын беру бүгінгі күннің

міндеті бола алмайды. Біз терминологияның 90-жылдан бергі жиырма жылдағы даму жолын кеңестік кезеңмен салыстыра отырып, оған бүгінгі күн тұрғысынан жалпы әрі қысқаша шолу жасадық. Жинақталған нақты деректер негізгінде қазіргі қазақ терминологиясының басты ерекшеліктерін ашып көрсетуді мақсат еткенімізбен, терминологияның ширек ғасырға жуық дамуына жан-жақты, терең ғылыми талдау жасау – арнайы монографиялық зерттеуге арқау болатын ауқымды мәселе деп санаймыз.

Әдебиеттер:

1. Қазақ білімпаздарының тұңғыш сійезі. Екінші басылымы. –Астана, 2005 – 144. [Кітаптың бірінші басылымы 1925-ші жылы Орынборда араб графикасымен басылған. Оны араб графикасынан кириллицаға аударып, екінші басылымын шығарған, алғы сөзін жазған ф.ғ.д., проф. Шерубай Құрманбайұлы].
2. А.Байтұрсынұлы. 6-томдық шығармалар жинағы. –Алматы, 2013.
3. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. –Алматы, 1966. –268.
4. Қайдаров Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы, 1993. – 42.
5. Айтбайұлы Ө. Қазақ тілінде термин жасау жолдары мен принциптері хақында//Қазақ терминологиясының өзекті мәселелері. –Алматы, 2002.
6. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы дамуының ғылыми қағидаттары. –Алматы, 2004. –208.
7. Құрманбайұлы Ш. Терминологиялық әдебиеттердің библиографиялық көрсеткіші. Библиографический указатель по терминологии. 1-кітап. – Алматы, 2008. – 240.

УДК. 39. 395

ФОРМИРОВАНИЕ ОСНОВ ЭТНОЭТИКЕТА У ДЕТЕЙ (НА ПРИМЕРЕ БАШКИР)

Баязитова Р.Р.
Ордена Знак Почёта Институт истории, языка и литературы
Уфимского федерального исследовательского центра РАН, г. Уфа

Abstract: *The Bashkirs used different methods in the process of forming an etiquette. Constant reminders and personal example of adults, instilling and showing socially approved norms through rituals contributed to their development and consolidation in accordance with the gender and age characteristics of children. Thechild'ssocializationtookplacegradually, naturally.*

Keywords: *traditional Bashkir etiquette, ethno-etiquette, culture of behavior, methods of education.*

Первые представления об общепринятых нормах поведения ребенок получает в семье. Путем правильно поставленного воспитания можно научить его не только красивым манерам, но и специфическим нормам поведения, характерным для определенного народа. Следовательно, семья принимает участие не только в количественном, но и в качественном воспроизводстве этноса. В данной статье рассмотрим некоторые особенности формирования этноэтикета у детей в рамках традиционной культуры.

Прежде чем приступить к анализу методов и средств формирования этноэтикета, определим особенности традиционной культуры. Согласно Н.Л. Жуковской: «Характерным признаком традиционной культуры является ее прямая или косвенная связь с повседневной жизнью народа, производством элементарных материальных благ, доминирующим в данном этносе хозяйственно-культурным типом, преобладанием натурального хозяйства. Традиционная культура основана на бесписьменных, т.е. устных и невербальных формах коммуникации; она создается коллективно, ее нормы стабильны и отражают опыт множества предшествующих поколений» [10. С.7-8]. Следовательно, в традиционном обществе преобладали словесные, практические методы, также естественная среда социализации.

В «Этнопедагогических очерках» С.А. Мухамедьянов называет следующие народные методы и средства воспитания личности: показ, приучение, упражнение, поверье, благопожелание, моленье, заклинание, благословление, просьба, совет, одобрение, упрек, укор, насмешка, юмор, ирония, сравнение, противопоставление, уговор, запрет, принуждение, порицание, презрение, проклятие, побои, щелчок, шлепок, оплевание, лишение общества сверстников, изгнание из дома, изгнание из населенного пункта, общественное мнение и даже умерщвление [15. С.72-73]. Рассмотрим примеры использования некоторых названных методов в формировании культуры поведения.

В традиционном обществе передача жизненного опыта происходила постепенно, определенными дозами, в соответствии с возрастом. С учетом этой возрастной периодизации происходила и оценка поведения. Переход из одного возрастного периода в другой сопровождался обрядом. Предки интуитивно понимали, отмечает М.Н. Зыкова, что одновременно в одном Начале не могут сосуществовать два качества: как времена года сменяют друг друга, так и состояния человека. В результате социального опыта были выделены в качестве значимых нормативные свойства, характерные для того или иного состояния человека. Если девочки могли, например, общаться с подругами, водить хороводы, гулять с молодыми людьми, то, став замужней женщиной, бывшая «девочка» утрачивала прежние права и обязанности и обретала новые. Обряд дает понятие об условной норме и облегчает вхождение в новую роль [11. С. 65, 71]. В процессе проведения обрядов, важную роль играли благопожелания. Младенческий период жизни ребенка был насыщен многочисленными обрядами (в честь отпадения пуповины,

первого представления обществу, укладывания в колыбель, наречения имени, первого зуба и т.д.) [17. С. 191]. Во всех этих обрядах в адрес новорожденного произносятся благопожелания, в которые заложен код социально-одобряемых качеств. Приведем некоторые из них: *тәүфиклы бул* – будь благовоспитанным, *татлы телле* бул– сладкоречивым будь, *шәфкәтле бул* – милосердным будь. Подобные ритуалы и пожелания родителей, родственников программировали с малых лет на хорошее поведение.

Одним из главных механизмов существования традиционной культуры является ориентация на образ идеального, совершенного человека, – пишет исследователь этических традиций хантов М.А. Лапина [13. С.39]. У разных народов была своя иерархия моральных и нравственных ценностей, но все они в совокупности представляли совершенного человека. В традиционно-бытовой культуре общения народа Саха, например, характерным принципом, одним из внешних проявлений культурного облика является скромность и толерантность [7. С. 56]. Среди чувашей говорят о «семи благах», «семи заповедях». Их реализация являлась обязательной целью национальной системы воспитания. Чаще всего в число семи добродетелей включались трудолюбие, здоровье, ум, дружба, доброта, целомудрие, честность [8. С. 54]. Представляют интерес философские воззрения о совершенном человеке башкирского поэта-просветителя XIX в. М. Акмуллы. В стихотворении «Наставления» он называет моральные ценности, которыми должен обладать каждый человек. На первое место Акмулла ставит совесть, на второе – честь и честность, на третье – ум, на четвёртое – благодарность, то есть умение быть благодарным за добро, доверие, на пятое – порядочность, на шестое – терпенье, ибо только терпеливый человек может достичь поставленной цели, страсть – седьмое из восхваляемых поэтом качеств личности [1. С.79-90]. В иерархии нравственных ценностей у многих народов на первом месте стоит почтительное отношение к старшим, но как это проявляется в поведении, имеет отличия. Уважительное отношение к старшим начиналось с почитания родителей. «Рай находится под ногами ваших матерей», – говорят башкиры.

На формирование нравственного облика ребенка, безусловно, большое влияние оказывали родители, которые чувствовали и знали важность семейного воспитания. Своим поведением они закладывали основы этикета и почтительного отношения к старшему поколению в целом. Мать во всем была примером для своей дочери. Отношения между ними основаны не столько на правилах этикета, сколько на заботе, ласке. У башкир существует выражение *«әсә һөтө»* («материнское молоко»), оно включает в себя весь комплекс нравственных качеств, которые должны передаваться от матери к ребенку. *«Әсә һөтө менән инмәгән, тана һөтө менән инмәй»* (Что не привьется с молоком матери, то не привьется никогда), – говорят в народе. Такие же отношения складывались между отцом и детьми. Хотя отец меньше времени проводил с ними, он должен был научить сыновей и правилам хорошего тона, и ведению хозяйства.

Ребенок рос, копируя поведение своих родителей, положительный пример взрослых также способствовал формированию у него определенных качеств. Например, в башкирской сказке «Старик, Хызыр и царь» визири (в некоторых странах Востока – министр, высший сановник) предлагают варианты казни старика: вымазать лицо сажей, провести, избивая кнутом, по улицам и забить до смерти; изрубить на куски; отпустить. Егет (парень), пришедший со стариком и стоявший в сторонке, так прокомментировал это: первый визирь предложил эту казнь потому, что так была убита его мать – что человек ребенком узнает, то в его душе прививается, отец второго был мясником, а сыну передались его повадки. У третьего отец был добрый, справедливый человек, вот и от сына мы услышали самые добрые и справедливые слова [4. С.72-73]. «Что в гнезде, то и в полете», – говорят пожилые люди. Родители для детей должны быть достойным примером для подражания. Именно в семье дети получают опыт внутрисемейных отношений, осознают значение родственных связей.

В башкирской народной сказке «Старая мать» рассказывается о скряге по имени Харанбай (харан – скупой, бай – богач). Он, посадив престарелую мать в деревянное корыто, отправился к обрыву, чтобы сбросить ее в пропасть. С ним был его маленький сын. Только собрался ее столкнуть, сын отцу говорит: «Отец, корыто не упусти, унесем его домой!». Отец удивился: «Зачем тебе дырявое корыто?» Мальчик вполне серьезно отвечал: «Бэй! В чем же я тебя, когда состаришься, притащу к этой пропасти?» Подумал отец, что его ждет такая же участь, и отказался от своего намерения, стал заботливым, почтительным сыном [4. С.314]. А.М. Гутов, исследователь кавказского этикета, проанализировав подобное предание об обычае умерщвления стариков, выявил в поступке сына признак временного мышления. Человек научился не только мыслить, а мыслить во времени. Он понимает, что младшие в будущем поступят с ним так же, как он ныне поступает со своим старшим. Воздавая должное своим родителям и всем старшим, он как бы обеспечивает себе будущее [9. С.37].

У башкир дети подчинялись родителям, младшие – старшим. С малых лет им напоминали, что со взрослыми нельзя спорить, говорить повышенным тоном, грубить. В Абзелиловском районе республики информант сообщила, что ее отец постоянно напевал следующие строки:

Атаң яҡшы, инәң яҡшы	Отец хорош, мать хороша,
Олоҡ ҡыл.	Почитай их.
Яманлыҡҡа әйҙәгәнгә,	Принуждающим к злу,
Яҡшылыҡ ҡыл.	Делай добро.
	(Подстрочный перевод автора)

Уважительное отношение к родителям у разных народов выражается по-своему. Родительскую волю мордва ставила и ставит чрезвычайно высоко, что отразилось в пословице «И царь хотел, да отец не велел» [14. С.385]. Или у китайцев, если сыну нравится его жена, а родителям нет, то он обязан развестись с ней, а если наоборот – почитать ее [6. С.189].

Обучение этикету затрагивало разные аспекты жизни: взаимоотношения между членами семьи, застольное поведение, трудовое воспитание, поведение по отношению к живой и неживой природе. Дети постарше присматривали за младшими. Чтобы они друг друга не обижали и были дружными, при первой встрече с новорожденным старшим показывают его ножки [5. С.327]. Им с детства внушают чувство ответственности друг перед другом, прививают родственные чувства, учат слушаться старших: *«Һин ағай кеше!», «Апайҙы тыңлайҙар!».* Ребенок, поставленный в рамки общепринятых правил, рос, осознавая свое место в семье, это, естественно, сказывалось на его поведении: «Нельзя не обратить внимания на тот факт, что между башкирскими детьми в играх замечается большое единение и дружба, между ними почти не бывает драк и ссор» [16. С.126].Самый младший ребенок в семье подчинен всем остальным, старший мог требовать оказания услуг, критиковать, у него были определенные привилегии. Например, в древнем эпическом сказании «Урал-батыр», братья, оказавшись на распутье дорог, бросили жребий, по которому младшему следовало идти налево, старшему – направо. Шульген, не согласившись с этим выбором, напоминает Уралу про свое старшинство и отправляется левым путем [3. С.48].

В формировании культуры поведения велика была роль нравоучительных историй, рассказов-страшилок о том, как непослушных детей забирает *мәскәй әбей* (баба-яга), *бабай* (старик). Из этих выдуманных историй они узнавали, почему нельзя воровать, убивать, к чему приводит непослушание. Запугивали посторонним человеком, грозным взглядом, с детства прививали чувство стыда (*«оят»*), боязнь позора (*«ғәрлек»*), приучали прислушиваться к общественному мнению (*«апай оят итә»*). В традиционном социуме общественное мнение играло немаловажную роль: «Что скажут люди?».

В воспитательных целях широко применялись запреты и предписания. Многие из них напрямую связаны с санитарно-гигиеническими нормами. Приведем некоторые запреты, зафиксированные в ходе полевых исследований.

Запреты, касающиеся приема пищи:

Нельзя кормить ребенка остатками своей пищи.

Нельзя приступать к еде раньше отца – останешься без своей доли.

Нельзя оставлять на ночь грязную посуду – нечистые силы будут питаться остатками пищи; ангелы покинут.

Нельзя оставлять на ночь питьевую воду открытой – черт наплюет; искупает своих детенышей.

Нельзя оставлять на столе еду – ангелы устанут охранять.

Запреты, касающиеся поведения после заката солнца:

Нельзя отправляться в дорогу под вечер.

Нельзя подстригать ногти – хозяйство разорится.

Нельзя петь – будешь несчастной.

Нельзя подавать милостыню.

Нельзя смотреть в окно – шайтан глаза выколет.

Нельзя спать на закате – заболеешь; шайтан овладеет душой.

Нельзя точить нож.

Запреты, касающиеся гигиенического воспитания:

Нельзя использовать одежду мальчиков, мужчин для разных хозяйственных нужд.

Нельзя касаться метелкой ног человека – его счастье уйдет.

Нельзя мыть полы сразу после проводов гостей (так провожают только на тот свет).

Нельзя мыться водой, которой мыли голову, на том свете не будет покоя.

Нельзя носить головной убор чужого человека – повторишь его судьбу.

Нельзя обновлять поверхность старых досок – к покойнику.

В традиционной культуре наряду с поощрительными методами, применялись приемы наказания. «За нерадивость, леность, нерасторопность в раннем детстве бывает и телесное наказание. В семье висел прут, и если дети, заигравшись, сходу не выполняли указание родителей, то на них повышали голос: «Тебе прута захотелось? Вон висит...». Я ни разу не видел, чтобы пользовались прутом, но его магическое действие говорило само за себя», – замечает К.Ш. Ахияров [2. С.115]. В сказании «Урал-батыр» мы встречаем запрет на телесное наказание. Старик Янбирде, узнав, что Шульген, нарушив его запрет, испил из раковины кровь, начал бить сына. Младший сын Урал остановил его.

Не потому ли, скажи, на сына
Ты замахнулся этой дубиной?
Иль на себе мы должны опять
Силу Смерти злой испытать?
Если сегодня брата убьешь,
Завтра в меня вонзишь свой нож... [3. С.42].

Қорыта келе, сұраныстар қашықтықтан оқытудың психологиялық-педагогикалық негіздерін зерттеудің кешенді бағдарламасын әзірлеуде, бір жағынан, қашықтықтан оқыту технологиясын оқыту үшін қажетті танымдық және жеке ерекшеліктерді, екінші жағынан, қашықтықтан оқыту технологиялары студенттердің танымдық және жеке дамуына әсерін тигізеді.

Әдебиеттер:

1. Белинская Е. П., Жичкина А. Е. Современные исследования виртуальной коммуникации: проблемы, гипотезы, результаты // Образование и информационная культура. М., 2000.
2. Болотова А. К., Макарова И. В. Прикладная психология: Учебник для вузов. М., 2001.
3. Бондарькова А. М. Педагогическое управление профессиональным саморазвитием студентов технических вузов, обучающихся дистанционно: Дис. ... канд. пед. Наук / Рос. межд. академия туризма. М., 2010.
4. Васильева И. Н., Осипова Е. М., Петрова Н. Н. Психологические аспекты применения информационных технологий // Вопросы психологии. 2002. № 3.
5. Мараховекая Н. В. Психолого-педагогические средства преодоления познавательных барьеров в дистанционном обучении: Дис. ... канд. пед. наук / Брянский гос. пед. ун-т. М.,2003.
6. Минаков А. В. Психологические особенности лиц, склонных к Интернет-зависимости.http://nedug.ru
7. Моросанова В. И. Стиль саморегуляции поведения (ССПМ). М., 2004

ӘОЖ 37.013

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫСЫНЫҢ МАТЕМАТИКА ПӘНІНЕН ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ДАМЫТУ

Аниева А. М.
Батыс Қазақстан инновациялық-техникалық университеті, Орал қаласы
«Педагогика және психология» мамандығының 2 курс магистранты

Аннотация: *Невозможно представить нашу повседневную жизнь, особенно рыночную экономику и глобализацию без математики. Функциональная грамотность в математике – это способность определять и понимать роль математика в окружающей среде, делать обоснованные математические рассуждения, применять математику при решении математических задач, встречающихся в повседневной жизни.*
Ключевые слова*: экономика, глобальность, образованность.*

Abstract: *It is impossible to imagine our daily life, especially the market economy and globalization, without mathematics. Functional literacy in mathematics is the ability to identify and understand the role of a mathematician in the environment, to make sound mathematical reasoning, to apply mathematics to solving mathematical problems encountered in everyday life.*
Keywords: *economy, globality, education.*

Оқушыларға функционалдық сауаттылығын арттыру – білім беру процесінің негізгі болып табылады. Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның әлеуметтік жағңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына жиырма қадам» атты мақаласында стратегиялық жаңғырту барлық саланы, сонымен қатар білімді де түрлендіруді қажет ететіндігін атап көрсетті.

Қазақстан білім беру жүйесі қазіргі таңда өзгермелі және өскелең талаптары мен қажеттіліктерді қанағаттандыра отырып, отандық білім саласын әлемдік білім деңгейіне жеткізуге бетбұрыс жасауда. Бұл білім жүйесін жетілдіру және оны сапалы деңгейге көтеруді алға тартады.

Математикалық сауаттылық сөйлеу және жазу мәдениетіне қоршаған ортаны және олардың заңдылықтарын баяндау, оны оқып үйренудің ғылыми бейнесін меңгерудегі басты құралы ретінде ерекше көңіл бөлу қажет. Математикалық сауаттылық оқушылардың математикалық текстi оқуына, жазуына және қайта айтып беруіне, жазылғандар мен айтылғандарды түсіне білуіне ең минимальды талап ретінде қарау қажет.[1]

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 – 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарына сәйкес 2015 жылы Қазақстанда үшінші рет оқушылардың оқу жетістіктерін сырттай бағалау үшін жаратылыстану бағыты бойынша PISA халықаралық зерттеулері жүргізілді [2]. Оның ішінде математикалық сауаттылық бойынша берілген тапсырмалары да болды. Математикалық сауаттылық – әлемдегі

математиканың ролін анықтау және түсіне білу, математикалық тұжырымдарды дәлелді негіздей білу және қызығушылығы бар, ойлы азаматқа тән қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін математиканы қолдана білу қабілеттіліктерін негізделген қабілет.

Математика пәні міндетті пәндердің бірі болғандықтан оқушылардың даярлығы, математикалық ұғымдарды қолдана білу деңгейлері стандарттан төмен болмауы тиіс. Бірақ оқушылардың қабілеттері мен математикалық білімдері, ол білімдерді қолдану деңгейлері әр түрлі болады. Осы орайда математикалық сауаттылық моделін қарастырған жөн. Математикалық сауаттылық моделі шынайы әлем проблемаларын математикалық әлеммен ұштастыруға, тәжірибедегі мәселелерді пайымдай отырып, оның математикалық моделін құруға алғы шарт болып табылады [3].

Математика сабағындағы негізгі сауаттылыққа тоқталайық:

1. Математика – ғылым болысынан балама ұғымдар. Сондықтан да математика барлық ғылымдардың логикалық негізі – күре тамыры ретінде қарастырылады.
2. Математика ең алдымен оқушылардың дұрыс ойлау мәдениетін қалыптастырады, дамытады және оны шыңдай түседі.
3. «математикалық сауаттылық» ауызша жазбаша қабілеттерін қалыптастыру арқылы оқушының «математикалық сауаттылықты» меңгеру қабілетін шыңдайды.
4. Математика әлемде болып жатқан түрлі құбылысты, жаңалықты дұрыс қабылдап, түсінуге көмектеседі.
5. Математика болашақ тұлғаны моральдық, эстетикалық және этикалық тұрғыдан қалыптастыруда да тәрбиелік мәні бар.

Күнделікті өмірімізді, әсіресе, нарықтық экономика мен жаһандануды математикасыз елестету мүмкін емес. Сондықтан, бастауыш сынып оқушысының математика пәнінен функционалдық сауаттылығын қалай қалыптастыруға және дамытуға болады?

Математика пәніндегі функционалдық сауаттылық – бұл адамның қоршаған ортадағы математиканың рөлін анықтауы және түсінуі, дұрыс негізделген математикалық пайымдаулар жасай алуы, күнделікті өмірде кездесетін математикалық есептерді шешуде математиканы қолдана алуы.

Математикалық сауаттылықтың негізгі екі компонентін бөліп көрсетуге болады. Олар:

-іргелі математикалық идеялар

-математикалық құзіреттілік

Оқушының математикалық құзіреттілігі күнделікті өмірде туындайтын мәселелер үшін математиканы дәлме-дәл қолдануға мүмкіндік беру.

Математикалық құзіреттілік дағдының 3 деңгейін қамтиды. Оқу бағдарламасында математикалық құзіреттіліктің 3 деңгейін дамытатын оқу мақсаттары 1-4 сыныптар арасында жүйелі қамтылған.

Математика сабағында математикалық құзіреттіліктің қалыптасуы мен дамуына жағдай жасалады.

- Білімін көрсету

- Байланыс орнату
- Пайымдауға берілген тапсырма мысалдарын түсіндіруде оқушыларға шығарылу жолдарын қарастырайық.

  Себебі, функционалдық сауаттылықты қалыптастыру мен дамытуда есепті мұғалімнің

түсіндіруі өте маңызды. Қиын есепке оңай жолды нұсқау – мұғалім міндеті. Сондықтан, оқушыдан бұрын мұғалім құзіретті әрі функционалды сауатты болуы міндет болып саналады.

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру мен дамытуда заңдылықты іздеу мен практикалық есептердің шығарылу жолдарын қарастырайық. Заңдылықты табу дағдысы 1-сыныптан бастап сандардың, фигуралардың, зат топтарының тізбегін құруға бағытталған қарапайым тапсырмалар арқылы қалыптаса бастайды.

Заңдылық – ол белгілі бір шарт жағдайында белгілі бір қағидалар бойынша қайталану деп түсінуге болады. Мысалы, төрт маусымның алмасуы. Дәл солай сандар да белгілі бір заңдылықпен орналаса алады. Тапсырма мазмұны біртіндеп күрделенген сайын дағды дами береді. 3-сыныпта заңдылықтар қиындай түседі. Сан қатарларында жиі кездесетін мынандай заңдылықтар барын мұғалім білуі шарт. Олар:

1) Арифметикалық амалдар
2) Әрбір мүшесі өзінен бұрынғы мүшелерінің қосындысына тең
3) Тізбектес сандар қосылатын немесе кемитін қатарлар

Математика мазмұнында практикаға бағытталған есептердің орны ерекше. Олар оқушыны ақпаратты игеруіне ықпал етеді. Себебі, оны орындау барысында нақты оқиға немесе іс-әрекеттер мен ассоциация туындайды. Тапсырманың ерекше тұжырымы: өмірмен байланысы оқушының қызығушылығын, білімге құмарлығы мен шығармашылық белсенділігін арттырады.

Практикаға бағытталған тапсырмалардың мәнмәтіндері жеке, кәсіби, әлеуметтік және ғылыми болып қарастырылады.

Практикаға бағытталған тапсырмаларды жылдам шығару жолын қарапайым тәсілдермен үйрете отырып, түсінуіне қолжетімді жағдай туғызу.

Кейбір сөз есептердің шартын түсіну қиындау немесе кейбір сөз есептердің шешу барысы күрделі келеді. Егер оларға мұқият талдау жасамасақ, оңайлықпен қателіктерге бой алдырамыз, сондықтан әдетте оңтайлы тәсілдер көмегі керек болады. Сызба арқылы есептердің шарттарын бейнелеп, есепті қарапайым түрде түсінуге, дұрыс қорытынды шығаруға көмектеседі.

4-сынып оқушысының функционалдық сауаттылығын дамытуда «Таңдап алу» әдісімен комбинаторлық есептерді шығару жолы көрсетілген.

Комбинаторика – бір қатар элементтердің ішінен бір топ элементтерді таңдап алудың қанша түрлі тәсілі барын анықтау. Кез келген мәселенің қасиеті мен шартына байланысты санау мәселелері де сан алуан болып келеді.

Математика пәнінде жылдам есептеу өте маңызды. Жылдам есептеу – есептеу барысында цифрлардың бірқатар ерекшеліктерін пайдаланып, әдеттегі есептеу тәсілін оңайлатып, тез есептеу формасына түрлендіру арқылы есептеу жылдамдығын арттыру әдісі. Жылдам есептеуде үнемі қолданылатын қосу-азайту амалдарының тиімді тәсілмен есептеудің бірнеше формуласы бар.

- Қосудың ауыстырымдылық қасиеті.
- Терімділік қасиеті.
- Сандарды кез-келген ретпен қосуға болады.

Есептеуде қосу мен азайту амалдарымен бірге:

- «Толықтыру» тәсілі
- «Гаус» әдісі жиі қолданылады.

Математикалық сауаттылықтың тағы бір ерекшелігі пәнаралық байланыста. Математика сабағының басқа пәндермен байланыс кезінде олардың математикалық сызбаларымен қосындыларын жинақтауда. Педагогика тарихында пәнаралық байланыс ертеден зерттеліп келе жатқан негізгі мәселелерінің бірі болып саналады. Педагогикалық ой-пікірдің дамуында және мектеп тәжірибесінде пәнаралық байланыс проблемасы көптеген прогресшіл педагогтарды толғандырған. Яғни пәндердің өзара байланысы туралы пікір он сегізінші ғасырда пайда болған [4].

Математика сабағында пәнаралық байланысты негізге ала отырып, сұрақ-жауап, баяндау, проблемалық ситуацияларды туғыза отырып оқушыларды алға қойған мәселені шешуге, шығармашылық жұмыстармен айналысуға, бірін-бірі бағалай алуға, өз ойларын нақты, толық жеткізе білуге көңіл бөлінеді.

- № 1. Біздің ықшам ауданда 5 үй бар. Әрбір үйде 5 мысық бар. Әрбір мысық 5 тышқан аулайды. Тышқандарды ұстай алмаса, әрбір тышқан 4 уыс ұн жейді. Егер әрбір уыс ұн 5 граммға жуық болса, мысықтар тышқанды ұстағанда неше кг ұн сақтап қалады? (3,125 кг)
- № 2. Егер 8 адам 8 сағатта бір жұмысты бітіретін болса, адамдардың біреуі осы жұмыстың жартысын неше сағатта бітіре алады? (332 сағ)
- № 3. Делдал 3000 теңгеге тауар сатып алып, 3500 теңгеге оны сатты. Келесі күні осы тауарын 4000 қайта сатып алып, екі күннен кейін 4500 теңгеге сатса, делдал осы саудада қанша пайда не шығын көрді? (1000 тг пайда)
- № 4. Ахметтің анасының 3 баласы бар. Егер олардың үлкенінің аты – Қыркүйек, ортаншысының аты – Қазан болса, кенжесінің аты кім болғаны? (Ахмет)
- № 5. Бір ауылда 80 үй бар. Осы ауылдағы 60 үйде ат, 50 үйде есек болса, ауылдағы ең аз қанша үйде ат та, есек те бар? (30)
- № 6. Бір қатарда Қанаттың артында 36 адам бар. Ал Аслан Қанаттан 23 адамнан кейін тұр. Асланның алдында 51 адам бар болса, онда қатарды неше адам болғаны? (65)
- № 7. Сапар: «осы жерде тұрған үшеуміз және бәріміз өтірікшіміз» деді. Бірақ Русланға оның сөздері ұнамады: «сен ғана өтірікшісің» деді. Жанна

ренжіп: «екеуің өтірікшісіндер», осы үшеуін танитын бір адам «олардың барлығы сөйледі, олардың барлығы өтірікші немесе барлығы шындықты айтады. Бірақ кім өтірік айтады, кім шындықты айтады мен айта алмаймын». Осы жерде қанша өтірікші адам бар? (2)

- Әр түрлі қызықты есептер адай ойының дамуына жетелейтіндігі сөзсіз. Оның ішінде салу есептерінің де маңызы зор [5]. Осының дәлелі ретінде төмендегідей бірнеше есептерді орындап, ойлау қабілеттерін тексеруге болады.
- *1-тапсырма*. Сіз қайықпен саяхатқа аттандыңыз. Төменде көрсетілген теңдеуді пайдалана отырып, тапсырманың текстің құрыңыз? $\frac{12}{x}+\frac{12}{x+3}=1$

Сонымен, қазіргі уақыт жаңа әдісті, шығармашылық ізденісті талап етеді. Мұғалімнің негізі міндеті – оқушыларға терең де, тиянақты білім беру.

Білім беру маңызы жаңартылған сайын, әрбір пәнді оқытудың өзіндік ерекшеліктері туындауда. Бүгінгі таңда білім беру жүйесін жаңалауды іске асырудың қажеттілігі күн санап арта түсуде.

Оқушылардың математикалық сауаттылықтарын қалыптастыру мәселесі бүгінгі таңда мектептеріміздің білім саласында тұрған басты мәселенің бірі болып табылады. Себебі оқушының кез-келген сабаққа деген қызығушылығы болмаса, онда оның алған білімі тұрақты болмайды. Олай болса, «Математиканың қорғаның тек күштілер мен батырлар ғана бұза алады» деген ұранды ұстана отырып, жалықпай, үлкен төзіммен, алдымызға келген шәкірттерге олардың жеке тұлға болып қалыптасуына, жақсы тәрбие, терең білім беру үшін аянбай еңбек ету керек.

Міне, математика пәні осылай функционалды сауатты тұлғаның қалыптасуына өз үлесін қосады.

Әдебиеттер:

1. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 - 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары.
2. Н.Ә.Назарбаевтың сөзі Егемен Қазақстан газеті 2006 жыл № 115
3. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 — 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары.
4. Баяндама «Оқушылардың математикалық сауаттылықтарын арттырудың тиімді жолдары», Утекова Н.С.
5. Баяндама «Математика сабағында оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жолдары», Есенбаева Э.А.

ӘОЖ 37.013

МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ҰЛТАРАЛЫҚ ҚАТЫНАС ТІЛІ РЕТІНДЕ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ.

Аскарова Б.Т.
Қарағанды қаласы, «Шәкәрім атындағы гимназиясы» КММ,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Аңдатпа: *Мақалада қарастырылады: Қазақ тілінің еліміздегі мәртебесі, түркі тілдес елдердің арасындағы орны. Қазақ тілінің коммуникативтік қыметі. Инновациялық әлеуеті. Мақаланың авторы қазақ тілінің қазіргі және болашақтағы әлеуетіне тоқталып, мемлекеттік тілдің даму жолдарына негізделді Қазақ тілінің маңыздылығының артуы және оның қолданылу аясының кеңеюіне байланысты шетел студенттерін оқыту және оларды әртүрлі мамандықтар бойынша оқытуға дайындау саласында жаңа ғылыми теориялар, инновациялық технологиялар мен инновациялық әдістерді енгізу қажет. Қазақ тілінің ертеден жалғасқан бүгінгі ахуалы. Мемлекеттік тіл дамудағы өзекті мәселелер.*

Түйін сөздер*:Қазақ тілі, мемлекеттік тіл, ұлтаралық тіл. Қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту, инновациялық әдістер.*

Тіл- елдің мақтанышы, халықтың рухани байлығы, мемлекеттің тұғырлы тірегі. Ол әрбір ұлттың өткені мен келешегінің айқын көрінісін, мінсіз айнасы. Әрбір ұлт өз тілін алтын қазынасына балап,құрметтейді. Әр ұлттың мемлекетінің айқын бейнесі- ана тілі мен атадан қалған мұрасы. Бұл ретте тіл мен тәуелсіздік теңдей ұғым. Себебі біздің ел тәуелсіздік алғаннан бастап, өз тілімізде ел арасында үлкен мағынаға ие болып,биік тұғврда бола бастады. КСРО-ның қарамағында болған кезде қазақ тіліміз еш маңызға ие болмаған еді. Қазақ тіліндегі көптеген мекемелер, білім орталықтары жабылып, олардың орнына орыс тіліндегі мекемелер ашылған болатын.

Тіпті 1986 жылы қазақ жастары басқа ұлтты басшыға қарсы болып, үкіметке қарсы шыққан болатын.Себебі олар білді, орыс азаматы елдің басына келсе, қазақ тіліміздің мән-мағынасы жоғалатынын. Тәуелсіздік алғалы бері, ана тіліміз күннен күнге өз мәртебесін арттырып отырды. Көптеген жұмыс орындары қазақ тілінде жүргізілір, білім беру мекемелері де қазақ тіліне негізделді. Кейіннен мемлекеттік тіл болып- Қазақ тілі жарияланды. Тіліміз «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі» мәртебесін 1989 жылы 22 қыркүйекте алды. Ал 2020 жылы «Қазақстан Республикасының тілдері туралы» Заң қабылданды. Тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаев өз кезегінде «Қазақтың болашағы-қазақ тілінде»-деп алдымыздағы жолды айқындай ашты.

Қазіргі таңда білім негізінде, көптеген оқулықтар, әдістемеліктер, ғылыми жұмыстар қазақ тіліне аударылды. Әлі де процесс үстінде. Әр жыл сайын жаңаша өзгерістеер енгізілуде, қазақ тілін оқыту тек қана білім беру мекемелерінде ғана емес, басқа да жұмыс орындарында да жүргізіліп жатыр.

Саясаттану саласындағы қазақ тілін оқытудың заманауи әдістемелері мемлекеттік тілдің кәсіби ғылыми-техникалық саладағы дамуын оның басымдық рөлін түсіну негізінде жүйелі негіздейді. Тілдің маңыздылығының артуына және оның қызмет аясының кеңеюіне байланысты шетел студенттерін оқыту және оларды әртүрлі мамандықтар бойынша оқытуға дайындау саласында жаңа ғылыми теорияларды әзірлеу және оларды жүзеге асырудың инновациялық тәсілдерін енгізу қажет.

Тәуелсіз Қазақстан Республикасы- өзара түсіністік пен толеранттылық қарым-қатынас алдыңғы қатарға қойылатын көпұлтты мемлекет. Қазақ халқы 2010 жылы Қазақстан Республикасының Еуропалық Одаққа кіргенін, ЕҚЫҰ-ға 2011 жылы Ислам конференциясында төрағалық еткенін мақтан тұтады.

Елбасы Қазақстан халқына Жолдауында тілдің тұтастығы – халықтың тұтастығы, яғни мемлекеттік тіл – тәуелсіздіктің тірегі екенін атап көрсетеді. Халықаралық білім беруді дамытудың қазіргі жағдайында отандық білім беру кеңістігінде қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде аспектісін кеңейту үрдісі және қазақ іс-қағаздарын мемлекеттік тілге енгізуге көшу мемлекеттік тілге көшу мәселесіне сапалы инновациялық тәсілдерді қажет етеді. Мұндай мәселелерді шешудің маңыздылығын түсіну Қазақстанның әлемдік аренадағы рөлімен және біздің көзқарасымыздың стандарттары деп аталатын «Интеллектуалды ұлт» әдістемесі бойынша білім беруді дамытудың ауқымды бағдарламаларын енгізумен нығайтады.

Жоғарғы оқу орындары әәлемдік рынокқа шығып, жаңа сапада білім беруге негізделуі керек. Осы тәсілмен халықаралық нарықта өз орнын алып, мемлекеттік тіліміздің негізін қалау керек. Сондықтан бүгінгі таңда қазақ тілін екінші немесе шет тілі ретінде оқытуда инновациялық технологияларды оқу үдерісіне енгізу және жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалану мәселелері өте өзекті болып отыр.

Жалпы мемлекетіміз көпұлтты болғандықтан, басқа ұлт өкілдеріне қазақ тілін күштеп оқыту дұрыс емес. Қазақ тілін білу міндет деп айта аламыз, бірақ күштеп міндеттей алмаймыз. Әсіресе, бір ойланатын жәйт, елімізде көптеген бизнестік ірі дисапоралар құрылған, бірақ та оларға қазақ тілін жетік білу тиімді ме? Ондай дисапоралар тек Қазақстанда ғана емес сонымен қатар, басқа да мемлекетте өз еріктерін жүргізеді. Сол себепті оларға өз жұмыстарын орыс тілінде жүргізген тиімдірек болып табылады. Бұл мәселемен күресу үшін қазақ тілін әлемдік нарыққа енгізу керек. Өз ел ішіміздегі мәселелерді де шешкен дұрыс. Бірақ бүгінде, қалалық тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы мемлекеттік тілдің ахуалын көтеру бағытында бірыңғай шаралар жасауда.

Қазақ тілі сабағын ұйымдастырудағы отандық және шетелдік тәжірибені салыстыру біздің күшті және әлсіз жақтарымызды саналы түрде түсінуге мүмкіндік береді және білім беру құрылымын одан әрі дамытуда еліміз үшін ең қолайлы оқыту әдістерін анықтау бойынша мақсатты жұмыстарды жүргізуге көмектеседі. Мұғалімдердің ізденіс нәтижелері қазақ тілін оқытудың көп деңгейлі жүйесі ретінде ұлттық білім беру стандарттарын

әзірлеуде күтілетін нәтижелерді анықтаудың жаңа әдістемелерін жасауға оң әсерін тигізуде.

Қазіргі таңда елімізде қызметтің барлық саласында, әсіресе кәсіби салада мемлекеттік тілдің беделі мен сұранысын арттыру бағытында ауқымды жұмыстар атқарылуда. Еліміздің ұлттық жаңғыруы мен бәсекеге қабілеттілігін ескере отырып, тіл саясаты басты назарда. Тілдерді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында мемлекеттік тілдің беделін арттыру жұмысының нақты бағыттары айқындалған. Әлемнің мәдени дамыған және өркениетті елдерінің тәжірибесіне сүйене отырып, іргелі тілді меңгеру, политеизм саласындағы шет тілдерін оқыту әдістемесі мәдениеттің сақталуының біртұтастығының көрсеткіші болып табылатын дәстүрлі процесс.

Айта кету керек, егер 2000 жылға дейін шетел азаматтарының қызығушылықтары мемлекеттік/орыс тілінде қолданылса, соңғы жылдары шетелдік тыңдаушылардан қазақ тілін үйренуге қызығушылық пайда болды. Табиғи ресурстарға бай және әлемдік білім кеңістігінде лайықты орын алып жатқан бейбіт ел ретінде Қазақстан бәсекеге қабілетті шет мемлекеттер мен жекелеген шетелдіктерді өзіне тартады.

Мемлекеттік тілге деген қызығушылықтың артып келе жатқанын ескере отырып, қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту әдістемесінің мазмұны мен құрылымын жаңарту қажеттігін растаймыз. Қазіргі Қазақстан – көптілді ел, бірақ мемлекеттік тілге басымдық берілген. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі бағдарламасын жүзеге асырудың практикалық негізін еліміздің лингвист-педагогтары мен психологтары жасауда. Бастапқы кезеңде сөйлеу, тыңдау және тестілеуге ерекше көңіл бөлінеді. Дегенмен, қазақ тілін шет тілі ретінде қарқынды оқытудың инновациялық әдістемесін қалыптастыру мәселесі әлі шешімін тапқан жоқ. Инновациялық әдістерді дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Ол үшін жыл сайын Қазақстанның жетекші жоғары оқу орындарында ғылыми-әдістемелік, тәжірибелік конференциялар мен семинарлар, шеберлік сабақтары өткізіледі.

Қазақ тілі пәні мұғалімінің басты мұраты – оқытудың жоғары тиімділігіне қол жеткізу, мемлекеттік тіл мұғалімдері мен қазақ тілін жетілдіргісі келетіндерді оқу-әдістемелік кешенмен және инновациялық әдістермен кең көлемде қамтамасыз ету. Ал қазақ тілін оқытудағы басты мақсат – осы тілде өз ойын еркін жеткізе алатын деңгейге жету.

Осыған байланысты әлемдік тәжірибеде тіл мектептері мен тіл орталықтары көпдеңгейлі оқыту әдісін қолданады. Сабақтар қарапайымнан күрделіге қарай тұрады, ал оқу материалдары әдістемені барынша тиімді және ыңғайлы етеді. Қазақ тілін көп деңгейлі жүйеде оқыту пайдаланушыларға қандай да бір деңгейге қажетті белгілі бір тілдік дағдыларды меңгеруге мүмкіндік береді. Шетел тілінің аудит жүйесі деңгейінде қазақ тілін оқыту әдістемесі білікті қолданушыны қалыптастыруға, тілдік дағдыларды тәжірибеде және тілдік ортада студенттің сұранысына сай пайдалануға мүмкіндік береді.

XXI ғасыр – білім ғасыры, ақпарат ғасыры, қарқынды даму ғасыры, жаңа технология ғасыры. Ендеше әлемдік білім кеңістігіне сіңісіп, білім беру жүйесін халықаралық биікке көтеру жолында аянбай тер төгіп жүрген ұстаздарымыздың мәртебесі биік. Өйткені, болашақ ұрпақты ұстаз тәрбиелейді. Адамды тәрбиелеу – үлкен міндет. Мұғалімнің негізгі құралы – сабақ. Тек білім ғана болашақты бүгінгіден де жарқын ете алады. Кез келген елдің өркендеуі ұлттық білім беру жүйесінің деңгейіне байланысты. Бүгінде әлемдік білім кеңістігіне енген егемен елімізде жаңа білім беру жүйесі қалыптасып келеді. Тілдің коммуникативтігін дамыту үшін білім мекемелерінде түрлі жұмыстар жүргізіледі:

- Сұрақ- жауап(мұғалім мен оқушының арасында жүреді)
- Диалог(екі немесе одан да көп оқушылардың арасын, мұғалім мен оқушының арасында жүреді)
- Қатысым(мұалім мен оқушылар, оқушылар мен оқушылар арасында)
- Жазылым(тақырыпқа байланысты жазылатын мәтінмен жұмыс жасау)

Бұл жұмыс түрлері тілдің коммуникативтілігін көтерудегі бастамасы болып табылады. Себебі, бұл жұмыстар арқылы екі жақтың тілдік қоры кеңейеді. Бірінші жақ білмеген сөз түрлерін екінші жақ толықтырып отырады және керісінше дәл солай. Қазіргі таңда әртүрлі жастардағы азаматтар өз ортасы бойынша тілдік дәрежесі болады. Әрқайсысының тілді білу деңгейі әртүрлі болады. Қазіргі таңда мобилография, SMM секілді ғаламтор желісіндегі кәсіптер көбінесе қазақ тілінде дәріптеліп жатыр.

Мемлекеттік тіл барша қазақстандықтарға қашанда қажет: біреуге қазақтілді аудиториямен қарым-қатынас құралы ретінде немесе жай ғана қарым-қатынас жасау үшін, біреуге саяхаттау үшін, біреуге кітап пен газет оқу үшін, әңгіме мен ән тыңдау үшін. Қазақ тілімен айтқанда, еңбек нарығында кім рейтингін көтерсе, сол кезде сапалы әрі білікті білім алады. Бірақ мемлекеттік тілді оқыту үшін шет тілдеріне қазақ тілінің грамматикасы керек пе? Өйткені, тілді қолданушылардың барлығы лингвист емес.

Тіл үйренген кез келген адамның тіл өнеріне қатысы жоқ түрлі мамандық өкілдеріне, мәселен, зауыт жұмысшысы, болашақ инженер немесе дәрігер үшін грамматика аса қажет емес деген ой туатыны анық. Осы мәселеге байланысты негізгі сұрақтарға назар аударып, ой елегінен өткізсек, грамматиканың тіл үйренетіндерге қажет екеніне көз жеткіземіз. Тілдік жүйені, оның функционалдық-сөйлеу ерекшеліктерін білу, меңгеру ережелерін, семантикасын, сөйлеудегі тілдік бірліктердің қолданылуы мен қызметін, сөйлеуді қалыптастыру ережелерін білу тілді меңгерудің қажетті шарттары болып табылады.

Американдықтар ағылшын тілін үйрену үшін 500 сөз жеткілікті деп есептесе, қазақ тілін білу үшін 300 сөз жеткілікті деп есептейміз, себебі бұл қазақ тілінің агглюнитивтік құрылымына байланысты. Ал оқушының қазақ тілінде сөйлей алуы үшін лексикалық минимумды білу жеткіліксіз. Жаңа әдістің айрықша белгілері: басымдық болып принципті инновациялық тұжырымдама саналады. Бұл әдістің жаңа бағыты оқушыларға арналған қазақ тілі интенсивті тілдің үйлесімімен сипатталады. Лексикалық және

грамматикалық материалдарды меңгерту, тілге баулу, ойын-сауық элементтері бар орта, коммуникативті дидактикалық ойындар.

Материалды ассимиляциялауға мүмкіндік беретін көптеген түсті иллюстрациялар ең тиімді. Лексикалық және грамматикалық интенсивті жеткізу материалдар, көптеген ситуациялық диалогтар, иммерсивті әсер тілдік ортаға.

Барлық төрт тілдік дағдыларды жаттықтыру(оқылым, айтылым, тындалым және жазылым) үшін түрлі тапсырмалар мен жаттығулар ұйымдастырылады.

Қазіргі таңда бірегей техника басқа да нұсқамен толықтырылды: мысалы, ауғандық тыңдаушылар үшін қазақ-дарий тілдерінің лексикалық материалдары ұсынылады. Жалпы қазақ тілінің мәртебесін көтеру үшін барлығы жасалынып жатыр. Бірақ та қазақ тілінің көркендеуіне кедергі болатын тағы бір аспект бар.

Ол – шалалық. Қазір билік басындағылардың көбісіне орысша сөйлеген әлде қайда оңайырақ, ал қазақшаға келгенде шорғақ болып қалады. Көбінесе,аға буын бұл жағдайды «бала кезімізден орыс тілінде сөйледік, Ресейдің құрамында болғандықтан ол заманда орыс тілі үлкен мәртебеге ие болған. Тіпті білім орталықтары да орыс тілінде жүргізілген» дегенмен түсіндіреді. Бұл, әрине, ақылға қонымды себеп.Бірақ,

Бүгінде еліміздің егемендік алғанын ескерсек, осы мәселені қайта қарастырсақ,мемлекеттің қазақ тілін дамыту үшін бар жағдайын жасап жатса да, кейбіреулердің қазақ тілінде таза сөйлеуге құштарлығы жоқ секілді.. Қазақ тілінде дұрыс сөйлемейтіндерді өргенде «шала қазақ» деп айта береміз. Мәселенің түбірі неде? Өз тілін жетік меңгермеген адамның қазақша ойлап, өмір сүруі екіталай. Демек, ана тіліне шорқақ қарау – бүкіл болмысқа немқұрайлы қарау.

Қорытынды. Қорытындылай келсек, қазақ тілінің жағдайы өте күрделі мәселе. Қазақ тілін барынша білім саласында қолданысқа енгізіп, іске асыруда. Қазақ тілінде білім беру- қазір мемлекеттік деңгейде қатаң қадағаланып отыр. Қазақ тілін әлемдік нарықта шет тілі етпей тұрып, өз еліміздің ішіндегі хал- ахуалды жөндеп алған дұрыс секілді. Өзіміз әлі де таза қазақша сөйлеп, күнделікті тірлікке айналдыра алмаудамыз. Қазақ тіліне деген жасалып жатқан мемлекет тарапынан көптеген қолдаулар, жағдайлар, әзірше, тек қағаз жүзінде ғана ескерілуде.

-Өз тіліміз ұлтымыздың беделі,
Жастар менен еліміздің ертеңі.
Тек тілімізді таза қазақша білмейміз,
Сол біздің өркендеуімізге кедергі..

Осы жолдармен қазақ тілін толықтай білуіміз керек, жүз пайыз білмесек те, күнделікті тұрмыста қазақ тілін қолданысқа енгізуіңмңз керек. Мемлекеттік қолдауды сауатты пайдалану арқылы тілдің мәртебесін көтеру – республиканың әрбір азаматының азаматтық борышы. Қазақ тілін әлемдік мәртебеде көтеру үшін әртүрлі әдіс-тәсілдер бар. Тек қана қазақ тілін ғана емес,сонымен қатар бұл басқа да шет тілдерге қатысты. Әлемдік білім беру кеңістігінде басқа тілдерді үйренудің бірегей, біртұтас, әмбебап, ең жақсы

әдісі жоқ. Әдіс әрқашан жеке, нақты, оның нәтижесі мен сапасы нақты шарттарға байланысты – тілді кім, қалай меңгереді, оның прагматикасы қандай. Әдістемеде дайын және толық нұсқалар жоқ, сондықтан мұғалім оқу үрдісінде жаңашыл әдіс-тәсілдерді, тиімді әдіс-тәсілдерді іздестіру жолында өз жұмысын үнемі жетілдіріп отыруы керек.

Қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне оқытуда коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру – заман талабы екенін атап өтеміз. Олай болса, ұлтымыз заманауи, білімді, жан-жақты, қазақ тілінде өз ойын жеткізе алатын, кез келген адаммен тіл табыса алатын, коммуникативті, мәдениетті, өмірге бейім болуы үшін коммуникативтік құзыреттілік болуы керек.

«Ұлттың тілі – ұлттың рухы» дегендей, ұлтымызды сақтайық. Қасиетті қазақ жерінде ана тілімізді асқақтатып, қазақ тілінің мәртебесін көтерейік! Ана тіліміздің қашпайық, сонда ғана Қазақстан ұлттық рухы артқан күшті ел болады.

Әдебиеттер:

1. Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан халқына Жолдауы»
2. Аубакирова А.А.- 2007 ж. «Қазақ тілі», Алматы: Арман-ПВ
3. «Педагогика мәселелері»- ғылыми-теориялық журнал, 2007 ж.
4. https://infourok.ru/poisk-i-issledovaniy-innovacionnih-prioritetov-v-prepodavaniy-kazahskogo-yazika-v-poliyazichnoy-sfere-1110335.html
5. https://adyrna.kz/post/35222

УДК 378.147.88

ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ ВУЗА И БИБЛИОТЕК - КАК ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ ОСНОВА ПОДГОТОВКИ БИБЛИОТЕЧНЫХ СПЕЦИАЛИСТОВ

Бегилова Г.С.
Преподаватель кафедры «Филологии, культуры и методики преподавания»

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет

Аңдатпа: *Түлектердің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың бір жолы – олардың практикалық дағдыларын дамыту. Бұған студенттерді практикалық оқытудың дәстүрлі негізі болып табылатын университет пен оның серіктестерінің бірлескен күш-жігері арқылы ғана қол жеткізуге болады. Мәдениет университеттерінің болашақ кітапханашыларға*

тәжірибелік сабақтарды ұйымдастыруда өздерінің өмір сүрген жылдарында жинақталған елеулі тәжірибесі бар.

***Тірек сөздер**: дайындау, кітапхана мамандары, кәсіптік оқыту, кәсіби бейімделу, бәсекеге қабілеттілік, университет кітапханалары, жұмыс тәжірибесі*

***Abstract:** One of the ways to increase the competitiveness of graduates is to develop their practical skills. That can be achieved only through joint efforts of the university and its partners, who are the traditional base for practical training of students. Universities of culture have considerable experience in organizing practical training for future librarians gained for many years of their existence.*

***Key words:** training, library specialists, training, professional adaptation, competitiveness, university libraries, work experience.*

В XXI в. проблема образования является одной из приоритетных во всем мире, так как определяет будущее каждого человека.

Образование занимает важное место и в сфере культуры, по сути, являясь той основой, которая обеспечивает ее стабильность, достижения, постоянный приток новых творческих кадров, воспитанных на лучших отечественных традициях. В последнее время наблюдается интерес к проблеме подготовки библиотекарей в условиях высшей школы.

Информационные процессы в обществе определяют и темпы развития библиотек. Полным ходом идет их информатизация: оснащение современной техникой, внедрение процессов электронного заказа и электронной книговыдачи, пополнение фондов электронными информационными ресурсами. Библиотеки нуждаются в профессионалах и требуют от учебных заведений соответствующего уровня подготовки студентов. Вузы готовят библиотечно-информационных специалистов, делая акцент на формировании компьютерной грамотности, умении работать с новыми информационными технологиями, вычислительными сетями, мультимедийными системами. Они ориентируются не только на повышение качества профессиональной подготовки, но и на конкурентоспособность выпускников на рынке труда.

Для того чтобы выпускники отвечали ожиданиям библиотек, важна соответствующая методика их подготовки. Какими средствами и методами сегодня можно воспитать профессионала, готового к творческой работе в области библиотечных и информационных услуг? Назревшие проблемы в сфере подготовки библиотечных кадров можно решить только с помощью консолидации разрозненных усилий библиотечной практики, науки и образования, активного воплощения оригинальных идей и творческих дерзаний [1. С. 40].

Учебно-методическая база подготовки студентов не ограничивается только программами, учебниками и курсами лекций. Неотъемлемыми составляющими учебного процесса являются курсовые и дипломные работы, научно-исследовательская работа студентов, а также учебная и производственная практика в базовых учреждениях культуры и образования.

В библиотеках студенты проходят ознакомительную, учебную, производственную, преддипломную практику.

Производственная практика является одной из основ образовательного процесса. За многие годы существования вузов культуры накоплен значительный опыт по организации производственной практики будущих библиотекарей. Социальное партнерство между вузом и библиотеками выступает как важнейшее условие повышения качества подготовки специалистов, представляя собой инструмент мониторинга, дающий возможность оценить соответствие качества подготовки выпускников вуза требованиям работодателей и выбрать оптимальные пути совершенствования образовательных программ [2. С. 31].

Сложился особый круг партнеров, являющихся традиционными базами практики студентов библиотечных факультетов. Подготовкой специалистов широкого профиля, умеющих квалифицированно осуществлять основные библиотечные и информационно-библиографические процессы и способных специализироваться на любом рабочем месте, в любой библиотеке, занимается Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет (ЗКИТУ).

Задачами студентов во время прохождения производственной практики являются закрепление теоретических знаний, полученных в процессе обучения, и приобретение практических навыков в будущей профессиональной деятельности.

Сегодня ушла в прошлое система распределения молодых специалистов. Очень часто производственная практика становится для студентов не только поворотным моментом в позитивном понимании сущности библиотечной профессии, но и местом, куда они приходят работать после окончания вуза. Обучение, построенное на практической работе, повышает интерес студентов к своей будущей профессии, они по-другому оценивают знания, полученные при теоретическом освоении учебных курсов. Производственная практика позволяет студенту надежнее закрепить знания, полученные в аудитории. Критерием оценки его практической деятельности становится конкретный результат, полученный в процессе реализации своих знаний на соответствующем рабочем месте. Безусловно, все это предъявляет особые требования и к руководителям библиотечно-информационных учреждений. Работодатель становится активным участником образовательного процесса, он знаком с перечнем требований, предъявляемых к студенту, с теми задачами, которые тот должен решить в процессе прохождения практики, и результатом, к которому он должен прийти после ее окончания.

Преподаватели рассматривают и учитывают предлагаемые сотрудниками библиотеки темы для дипломных работ, практическая часть которых основывается на результатах исследований, проводимых студентами на базе библиотеки.

На факультете разработаны программы производственной практики для студентов I, II, III, IV курсов. В программах обозначены цели и задачи

практики, даны индивидуальные задания, которые должен выполнить студент в библиотеке. Это помогает сотруднику библиотеки определить характер работы, подготовить конкретный перечень заданий для студентов на время прохождения ими практики. Как правило, задания соотносятся с планами работы отделов библиотеки. Ежегодно библиотека принимает на производственную практику 10-12 студентов I-IV курсов.

Так, студенты I курса выполняют задания по изучению процесса формирования библиотечного фонда, по аналитико-синтетической переработке, работе со справочно-поисковым аппаратом. Соответственно, их наставниками на протяжении практики являются сотрудники отделов комплектования, научной обработки литературы и научно-библиографического отдела. Руководитель практики от библиотеки знакомит практикантов с организацией работы библиотеки в целом, с сотрудниками отделов, проводит ознакомительную экскурсию по структурным подразделениям.

Непосредственно на рабочем месте студенты-практиканты выполняют ту же работу, что и сотрудники отдела. Их деятельность ежедневно контролирует заведующий отделом. Понимая значимость выполняемых заданий, получая поощрительную оценку своего труда, чувствуя доброжелательное к себе отношение, студенты с большой ответственностью относятся к выполняемой работе и на последующих курсах для прохождения очередной практики стремятся вернуться именно в эту же библиотеку. Руководство библиотеки охотно принимает хорошо зарекомендовавших себя, серьезных, ответственных студентов.

На II курсе студенты-практиканты выполняют задания по библиотечному обслуживанию пользователей в отделах обслуживания, знакомятся с организацией библиографической деятельности библиотеки, принимают участие в подготовке выставок, проведении Дня информации, Дня библиотеки на факультете/кафедре, других мероприятиях.

Во время прохождения методической практики на III курсе студенты на деле применяют знания, полученные в вузе. Достаточно высокий уровень подготовки студентов в вузе позволяет им выполнять ответственные задания во время прохождения практики.

Завершает профессиональную подготовку библиотечных специалистов высшей квалификации производственная практика студентов IV курса, в процессе которой студенты знакомятся с вопросами управления библиотекой. Студентам предоставляется возможность применить на практике методы стратегического планирования, организации, анализа и мотивации библиотечно-информационной деятельности.

Заслуживает внимания и преддипломная практика. Студенты-дипломники в своих квалификационных работах используют материалы исследований, проводимых на базе библиотеки. Исследуются самые разные стороны библиотечной работы: обслуживание читателей, удовлетворенность предоставляемыми библиотечно-информационными услугами, реклама и др. Результаты этих исследований учитываются затем при планировании работы

руководителями отделов библиотеки. Но для этого необходимо, чтобы тематика дипломных работ была соотнесена с социальным библиотечным заказом. А потому руководители практики в вузе и базовой библиотеке заранее согласовывают темы проводимых исследований.

Студенты, прошедшие так называемую «сквозную» практику, т. е. на протяжении всего периода обучения работающие в одной библиотеке, получают возможность глубже познакомиться со всеми технологическими процессами и операциями, начиная с комплектования фонда, записи читателя в библиотеку и заканчивая анализом организации работы библиотеки в целом. Они начинают ощущать себя частью большого слаженно работающего коллектива. Естественно, что кто-то из них затем выражает желание остаться работать в библиотеке. Опрос студентов, проходивших практику, подтверждает интерес к библиотеке как к потенциальному месту работы.

В библиотеке студент проходит практику в разных отделах, собирает материал к диплому, выполняет большой объем самостоятельных заданий. Теперь он уже знает, где и кем хочет работать [3. С. 346]. В современной библиотеке молодежь может получить возможность реализовать свои познания в области прикладных наук, совершенствуя, например, методику библиографического поиска или аналитико-синтетическую обработку документов. У этой категории наших потенциальных сотрудников нужно создавать необходимую мотивацию с момента их пребывания в библиотеке в качестве студента-практиканта.

Еще во время прохождения производственной практики студенты понимают, что сотрудникам небезразлично то, какой видят практиканты библиотеку. Это чувствуется и на защите практики, когда члены комиссии, в составе которой руководители библиотеки и отделов, помимо оценки деятельности практикантов, заинтересованно расспрашивают их о том, что понравилось, какие предложения по улучшению работы библиотеки у них появились. Обмен мнениями происходит при участии руководителя практики от ЗКИТУ.

В последние годы стало также доброй традицией проводить публичную защиту практики на педагогическом факультете Западно-Казахстанского инновационно-технологического университета с приглашением руководителей практик от библиотек. На защите происходит обмен мнениями и впечатлениями между студентами, проходившими практику в библиотеках различных ведомств. Это дает возможность в будущем что-то корректировать в подготовке и проведении производственной практики, как преподавателям, так и сотрудникам базовых библиотек.

Сотрудники библиотек приглашаются также на открытые занятия, проводимые со студентами IV курса, где они презентуют свои методические разработки.

Все это, несомненно, способствует укреплению контактов преподавателей и студентов вуза с библиотечной средой, с практиками библиотечного дела. Но прежде всего это помогает подготовке

квалифицированных кадров для библиотек с учетом реально имеющихся потребностей.

Проблема подготовки библиотечных кадров активно обсуждается библиотечным сообществом на различных уровнях. На всех этапах профессионализации библиотечных кадров отмечается отсутствие налаженной взаимосвязи «вуз - работодатель».

Литературы:

1. Ловкова Т.Е. Современные проблемы подготовки библиотечных специалистов // Научные и технические библиотеки. 2006, № 6. С. 36-40.
2. Кудрина ЕЛ. Повышение качества подготовки специалистов библиотечно-информационного профиля в контексте социального партнерства вуза с библиотеками региона // Научные и технические библиотеки. 2008, № 2. С. 31-36.
3. Сукиасян Э.Р. Библиотечное образование и библиотечная практика // Библиотечная профессия. Кадры. Непрерывное образование: сб. ст. идокл. М.: ФАИР-ПРЕСС, 2004. С. 343-350.
4. Клюев В.К. По каким учебникам, чему и кого готовить в бакалавриате // Библиография. 2013, № 1. С. 93-99.

ӘОЖ 94(574)

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨЗІНДІК ДАМУ ЖОЛЫ ЖӘНЕ БОЛАШАҚТАҒЫ МҮМКІНДІКТЕРІ

Бимендина Венера Толеубаевна
«Шәкәрім атындағы гимназия» КММ, Қарағанды қ.

Аңдатпа: *Мақалада қарастырылады:Қазақстанның Тәуелсіздікке жетуі, Тәуелсіздік алғаннан кейінгі даму жолы, жетістіктері. Қазақстан Республикасының тарихы жайлы айтылады. Тәуелсіздікке жетпеген жылдардағы Қазақстанның жағдайы. Қазақстанның сол кездегі мен қазіргі кездегі құқықтары. Қазақстанның Тәуелсіздік алғаннан кейінгі 30 жыл ішіндегі орын алған мәселелер, әртүрлі саяси дамулары, өзгерістері, әртүрлі елдермен экономикалық байланысы. Бұл ретте қазіргі Қазастанның мүмкіндіктері мен болашақтағы Қазақстанның мүмкіндіктері салыстырылып, қарастырылады.*

Тірек сөздер*: Тәуелсіздік, Тәуелсіз Қазақстан,болашақ ұрпақ, Тұңғыш Президент, ұлт- азаттық.*

Тәуелсіздік- әрбір елдің тарихында ерекше орын алатын, бостандық пен дербес даму жолындағы ғасыр бойы жалғасқан күрестің нәтижесі. Ол барлық елдің ең басты байлығы болып табылады. Тәуелсіз болу- еркін өмір сүрумен,

өз тарихын өзі жазумен, жер шарында қанатын кең жайып, биік ұшатын құспен тең. Әр елдің тәуелсіздікке жету жолы соғыспен тең болды. Әртүрлі халықтар революциялар, соғыстар, ұлт-азаттық соғыстар секілді жолдармен тәуелсіздікке қол жеткізеді. Азаттық үшін күрескен біздің елдің батырлары болашақ ұрпақтары еркін өмір сүрсін деген қағидамен қайғы – қасіретті көріп, өздерінің жандарын берген болатын.

Бірінші президентіміз атап өткендей, тәуелсіздік бабалар арманынан туындаған, бүгінгі ұрпақ қолжеткізген ұлы жеңіс.

Қазақстан үшін 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы халықтың егемендікке, өзін-өзі басқаруға деген ұмтылысының бастауы болды. 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң қабылдады. Биыл біз басты мемлекеттік мереке – Тәуелсіздік күнін, «Қазақстан Республикасы» деп аталатын егеменді мемлекеттің құрылғанына 30 жыл толуын атап өтеміз. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан халықаралық аренада танымал, өркендеп, дамып келе жатқан мемлекетке айналды.

ҚР Тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаев «На пороге XXI века» кітабында жазғандай:

«Түркияға алғашқы сапары 1990 жылы Президент Тұрғыт Озалдың шақыруымен болды. Анкарада Кеңес Одағы әлі бар болса да, біздің делегацияны толық хаттамамен қарсы алды. Өйткені, біз 1990 жылы 25 қазанда Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы Декларацияны қабылдадық. Орталық аз да болса құзырынан бас тартқысы келмеді. Бірақ бұл құжатта КСРО басшылығының тілегіне қарамастан, біз республикамыздың шекарасының мызғымастығын, Қазақстан Конституциясы мен заңдарының үстемдігін, заңдардың және Одақтың жоғары органдарының басқа да актілерінің қолданылуын тоқтата тұру құқығын айқындадық. бұл біздің егемендеріміздің құқықтарын бұзады. Декларацияда Қазақстанның халықаралық қатынастардың дербес субъектісі болып табылатыны, өз мүддесіне сай сыртқы саясатты дербес айқындайтыны, дипломатиялық және консулдық өкілдіктермен алмасатыны, ұйымдарға қатысатыны белгіленген. Декларацияны дайындау және қабылдау қиын жағдайда өтті. Мәскеуде де, Қазақстанда да, оның ішінде Жоғарғы Кеңес депутаттарының арасында да егемендікке қарсылар жеткілікті болды. Талқылау бірнеше күнге созылды. Барлық кездесулер менің қатысуыммен өтті».

1991 жыл, 16 желтоқсан. № 1008-Xii Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Шешімімен "Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі Туралы" Конституциялық Кеңсес.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі өзінің кіріспесінде Қазақстан халқының еркін білдіре отырып, Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында бекітілген жеке адамның құқықтары мен бостандықтарының, халықаралық құқықтың жалпыға бірдей қабылданған стандарттарының, азаматтық қоғам мен ереженің басымдылығын мойындайды. заң, бейбітшілікті сүйетін сыртқы саясат, қарусыздану

үдерісіндегі қазақстандық ұстаным; Ол Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігін салтанатты түрде жариялайды.

Тәуелсіздік алғанға дейін Қазақстанның көпвекторлық стратегиясын анықтайтын саяси шешімдер қабылданған болатын. Олардың ішінде 1991 жылдың 29 тамызындағы Президенттің Ядролық қарудың әлемдегі төртінші қоры болған, Семей ядролық полигонын жабу туралы бұйрығы болды. Бұл бұйрық арқылы Қазақстан ядролық қарусыз өмір сүретін,қауіпсіз ел ретінде өзін әлемге танытты. Кейіннен Қазақстанның бастамасымен 2009 жылдың 2 желтоқсанында БҰҰ-ның 64 сессиясы бірауызддан резолюцияны қабылдап, 29 тамызды Халықаралық Ядролық сынақтарға қарсы күні етіп жариялаған болатын.

Келесі саяси шешімге Қазақстан Халық Ассамблеясының құрылуын жатқызуға болады. Ол 1995 жылдың 1 наурызында Қазақстан Республикасының Президентінің жарлығымен құрылды. Қазақстан Халық Ассамблеясының мақсаты: Көпұлтты елімізде татулық пен ұлтаралық бейбіт келсімді сақтау болып табылды.

1991 жылғы Тәуелсіздік алу жайлы Конституциялық заңына 30 жыл толады. Осы 30 жыл ішінде Қазақстан біраз Халықаралық ұйымдарға мүше болып, әлемдегі орнын бірнеше сатыға жоғарылатты. Еліміздегі тыныштық, жүрегімізде ата заң, көгіміздегі азаттықтың көк байрағы, ұлттық валютамыз, республикалық «Ұлан» институтының құрылуы, БҰҰ мүшелігі – мемлекет пен бостандық қана емес, азаттықтың белгісі.

1994 жылдың 6 шілдесінде Елорданы Алматыдан Ақмолаға ауыстыру туралы Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің шешімі қабылданған болатын. Ресми көшірілуі 1997 жылдың 10 желтоқсанында орын алды. 1998 жылы 6 мамырда Ақмоланың атауы Астана деп өзгертілген болатын. Кейіннен 2019 жылдың 20 наурызында Елордамыздың атауы Қазақстан Республикасының жаңа президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бұйрығымен ҚР Тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаевтың құрметіне Нұр-Сұлтан болып өзгертілді.

30 жыл ішінде Қазақстан осындай жетістікерге жетеді деген кімнің ойында болған? Әсіресе соңғы 10 жыл ішінде орналған өзгерістер мен жетістіктерді ерекше атап өтуге болады. 2012 жылы Қазақстан әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына енді. Қазақстанның жалпы ішкі өнімі тәуелсіздік алғалы 18 есе өсті. Ел экономикасы Орталық Азиядан екі еседей үлкен. Халықтың доллардағы табысы 9 есе өсті, кедейлік деңгейі 40 пайыздан 4,6 пайызға дейін 10 есеге төмендеді. Ал 2013 жылы «Қазақстан 2050» стратегиясымен іс жүзінде қолға ала бастады. Бұл стратегияның басты мақсаты- қуатты, дамыған экономикаға және жалпы әлемге ортақ мүмкіндіктерге негізделген қоғамды құрып, әлемнің үздік 30 мемлекеттерінің қатарына кіру болып табылды.

Алайда еліміздің әлемдік деңгейдегі айқын бейнесі 2017 жылдан басталды. 2017 жыл жалпы Қазақ елі үшін жемісті де нәтижелі жыл болды. Себебі Қазақстан ЭКСПО Халықаралық көрмесін өткізу жайлы ұсыныс жіберген болатын. ЭКСПО 2017-нің иесі 2012 жылдың 22 қарашасында

Францияның астанасы Парижде белгілі болған болатын. Қазақстанға ХКБ-ның 147 мүшесінен 103-і дауыс берген болатын. Бұл не деген сөз? Бұл, әлемге аз уақыт ішінде біршама жетістікке жеткен елдің қызық болуы. Қазақстан әлемді таң қалдыра ала ма, көрменің жеңіп алған ел ретінде инновациялық ерекше жаңа технологияларды іске асыра ала ма,деген сұрақтардың орнауы, әлемнің елімізбен қызығуы.

ЭКСПО 2017 10 маусым мен 10 қыркүйек аралығында өтті. ЭКСПО-2017 Халықаралық көрмесі елімізді әлемдік аренада танытты, туристтік бағыттан дамытты, халқымыздың қандай қонақжайлы,бауырмашыл екенін көрсетті.Сонымен қатар, экономикалық жағдайды да әлде қайда арттырды.

2019 жыл да есте қалатын жыл болды.Себебі, елімізде бұрын соңды болмаған өзгеріс,президенттің ауысуы орын алды. Тәуелсіздік жолдың басталуынан бері еліміздің басында болған Н.Ә.Назарбаев орнын өз еркімен босатқан болатын. Соның нәтижесінде 2019 жылыдың 9 маусымында жалпыұлттық Президент сайлауы өткен болатын. Халықтың 70%-дан астам дауысын жинаған Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа президент атанды.Сөйтіп Қазақстан халқы жаңа басшымен жаңа өмірге аяқ басты. Жаңа президенттің келуі тек қана қазақ елін ғана емес,сонымен қатар, жаһанды таң қалдырды. Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың президенттік жолының басталуы Қазақстанда ғана емес, әлемде дағдарыс басталған кезбен тапа – тал түсті. Шын мәнісінде, жаңа президент үшін бұл үлкен сынақ болды. Елді енді бастап қолға алған кезде, пандемия секілді қиындық туындады.

Ескеретін жай, біз «кірме сөздер - қарым-қатынас нәтижесінде бір тілден екінші тілге ауысқан бөгде тілдік элементтер, дыбыстық тұлғасы да, мағынасы да өзге тілге қатысты, басқа тілдің заңдылығымен жасалған»,- деген анықтама береміз. Ал шындығында, «бұл бір тілдің екінші тілде дайын күйінде қолданылып жүрген сөздері, оларды кірме сөз деуге келмейді» деген орынды пікірлер бар. Керісінше, басқа тілге кіре алмай жүргендігі байқалады, себебі басқа тілге кіруі үшін сол тілдің заңдылығына сай дыбыстық өзгеріске түсіп, танымастай араласып кетуі тиіс. Ал өзгермей, өзгелігі көрініп тұрған сөздерді «өзге сөздер» деген орынды, оған «кірме сөз» атауы келіңкіремейтін сияқты.

Қазір тілімізде түбірі орыс сөзі болса да қосымшалар қазақ тілі заңдылығына сай жалғанатын сөздер бар: аттестаттау, атрибуттық, ипотекалық, драмалық, партиялық, моралдық, режиссерлық, ректорлық, техникалық, методикалық, лексикалық, газдандыру, велосипедші, оркестрлік, т.б. Қазақ тілі лексикасында сыртқы пішінін өзгертпегенімен жиі қолданылу нәтижесінде сол қалпында-ақ негізгі сөз байлығымыздан жатырқамай орын ала бастаған сөздер бар: **аспирант, студент, академик, пойыз, станса, журналист, корреспондент, машина, автомашина, солдат, лейтенант, офицер, касса, кассир, экономика, трамвай, троллейбус,** виноват, визит, единица, миллион, картечь, номер, ноль, прошение, трагедия, такт, фабрик, электр, т.б. сөздерді жатқызуға болады. Сонымен бірге, тілімізде қазақша және орыс тіліндегі нұсқалары қатар қолданылып жүрген, яғни шетелдік сипаты анық көрініп тұрса да тіл мәдениеті талаптарын ескермей қолдана беру де орын алып барады. Мәселен, процесс - үдеріс, проблема - мәселе, семья - отбасы, т.б. сөздерді аралас қолдана беру әдетке айналған. Бұл жағдайлар шетел сөздерінің қолданыс аясын кеңейте түссе, ана тілінің тазалығы үшін кедергі болары анық. Сондықтан кірме сөздер мен шетел сөздерінің қолданылу ерекшеліктерін анықтап, олардың қызметін ажырата таныған жөн. Кірме

сөздер тіліміздің табиғатымен үйлесіп, осы тілге бейімделген сөздер болып табылады. Кезінде елдің біртуар азаматы Х.Досмұхаметұлы тілімізге ертеректе енген араб-парсы сөздері туралы өте жақсы айтқан: «Қазақ тіліне сіңіп кеткен жат сөздер көп: қала, молда, шілде, амал, айып, әділ, әлім, әдет, ылаж, өмір, ар, құрбан, әкім, аспан, дұшпан, заңғар, құн, береке, патша, дастарқан, сабын, бедеу, Асан, Үсен, Сәмеке, Шайбақ, Сидақ, Мәмбет, Мәделі, әзіл, масқара, дәулет, апат, есеп, шынжыр, несібе, серт, әсет, ақырап, жеді, дүйсембі секілді, тағы, талай сөздің бәрі қазақ тіліне жат тілдерден кірген сөздер. Бұл сөздер біздің тілімізге соншама сіңіп кеткен, қазақ халқы бұлардың жат екендігін сезбейді. Байқап қарасақ, жоғарыдағы сөздердің бәрі де қазақ тілінің қай заңына да көнеді; қазақтың түбір сөздерімен бірдей болып өзгеріп, бірдей құбылады. Қай жағынан қарағанда да бұларды жат сөздер деп айтуға болмайды, бұларды жат сөздер десек ел көнбейді. Бұларды жат деген адамның өзін ел өзіне жат санайды»,-деп өте жақсы пікір айтқан еді [8.89]. Сондықтан бұл пікір бүгінгі таңда да маңызды болып отыр. Ана тілімізде шетел сөздерінің өзгеріссіз қолданылуы тілдің табиғатына сай келмей, оның өзіндік ерекшелігіне кедергі келтіреді.

Қорыта айтқанда, қазіргі жаһандану кезеңінде әр ел өз тілінің болашағына ерекше назар аударып отырған тұста тілімізде дайын күйінде өзгеріссіз алынған кірме сөздер, шама келгенше, болмағаны, ал болса да оны қазақ тілінің үндестік заңына сай айту орынды болады деп есептейміз. Бұл тіліміздегі өзге тіл салмағын жеңілдетудің бір жолы екендігін де ескерген жөн. Тілдің лексикалық жүйесінде әр тілдің өзіндік сөздік қоры мен сөздік құрамының даму тарихы болады. Белгілі бір тілдің қолданысындағы барлық сөздердің жиынтығы оның сөздік құрамы, ал сол тілдің негізгі ұйытқысы, бастапқы қайнар бұлағы болатын байырғы төл сөздері сөздік қоры деп аталады. Әр халықтың сөз байлығы – оның сан ғасырлар бойы басынан кешірген тарихи кезеңдерінің, әлеуметтік және мәдени өмірінің тілдегі көрінісі. Тілдегі сөздер қажеттілікпен пайда болып, халықтың қарым-қатынас қажетін өтеу үшін жұмсалады. Қай тілдің тарихына зер салсақ та, оның сөздік құрамы өзінің байырғы төл сөздері мен өзге тілдерден енген кірме сөздерден тұратынына көз жеткізуге болады. Тіл - адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасайтын, пікір алысатын, өзара түсіністің құралы. Халық бір-бірімен тілдесу барысында өзінде жоқ сөзді өзге тілден алып, өзінің сөздік құрамын толықтырып отырады. Қазіргі қазақ тілінің лексикасы құрамындағы кірме сөздердің әртүрлі тілдік қабаттары бар. Қазақ тіліндегі кірме сөздердің ену себептері де әртүрлі тарихи жағдайлармен байланысты болып табылады. Сондықтан кірме сөздердің табиғатын танып, оны ана тіліміздің сөздік құрамының толығып, лексикамыздың баюына бейімдей түсу керек.

Әдебиеттер:
1.Тіл білімі сөздігі / Ред. басқарған Э.Д. Сүлейменова. - Алматы: Ғылым, 1998. - 544 б.
2. Янсон Торе. Тіл тарихы:кіріспе. -Алматы:Ұлттық аударма бюросы, 2019. -244 б.
3. Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Оқулық.-Алматы: «Сөздік-словарь», 2006.-264 б.
4. Исаев С.М. Қазақ тілі.Оқу құралы.-Алматы: «Өнер» баспасы, 2007. -208 б.
5. Жунисбекова А.Ж. Қазақ тілінің сөздік құрамындағы қытай тілінен енген сөздер. https://tilalemi.kz/article/1772-.html. 31 қазан, 2018 ж.
6. Коурова О.И. Лексикология и фразеология современного русского языка: учеб.- метод. пособие для бакалавров. - Шадринск: Шадр.ГПУ, 2017. - 173 с.
7.Жүсіпұлы М. Ахмет Байтұрсынов және қазіргі қазақ тілі фонологиясы. – Алматы: Ғылым, 1998. - 216 б.
8.Досмұхаметұлы Х. Қазақ тіліндегі сингармонизм заңы // Алман. – Алматы: Ана тілі. 1998. - 384 б.

ӘОЖ 008:323.17

КУРТ – НАЦИОНАЛЬНЫЙ ДЕЛИКАТЕС КАЗАХОВ

Жалиева Н. Б.
Высший колледж «Орда», г.Кызылорда

Аңдатпа: *Мақала қазақ халқының байырғы тағамы – құрттың пайдасын зерттеуге арналған. Құрт – сүттен жасалған ұлттық тағам. Құрт – сөзінің мағынасы да құрғатылған, кептірілген сүт деген мағынаны береді. Қазақ халқы асты өте жоғары бағалаған әрі қастерлей білген.*
Кілт сөздер: *құрт, салт-дәстүр.*

Abstract: *The article is devoted to the study of the benefits of worm, an indigenous dish of the Kazakh people. Kurt is a national dish made from milk. The meaning of the word worm also means dried, dried milk. The Kazakh people highly appreciated and respected food.*
Keywords: *worm, ritual.*

Этнограф, ученый, руководитель отдела нематериального культурного наследия научно-исследовательского института «Халық казынасы» при Национальном музее РК Айгерим Мусагажинова восстановила 200 рецептов

блюд казахской кухни, 50 из них вошли в книгу «Қазақы ас: дәстүр мен дәм». Книгу «Қазақы ас: дәстүр мен дәм» Айгерим Мусагажинова написала вместе с ученым, кандидатом исторических наук Досымбеком Хатраном и вице-президентом Казахской академии питания Юрием Синявским. Ровно год они путешествовали по всему Казахстану, объездили все аулы, регионы и собрали содержательный материал по казахской кухне. Казахская кухня имеет свою глубокую историю. Казахский дастархан в полной мере отражает суть народа, его историю, культуру и традиции.

Традиции дастархана весьма почитаемы у казахов. Они были основаны и ориентированы на объединении семьи, рода и подрастающего поколения», - отметила ученый. Известный этнограф считает, что казахская традиционная пища - своеобразная, богатая, здоровая и все наше питание заложено на генном уровне.

К примеру, курт, ірімшік - залог нашего иммунитета. «Нематериальное культурное наследие – это то, что на сегодняшний день невозможно сохранить. Это знания и навыки о декоративном и прикладном искусстве, о традициях, обычаях и обрядах. Конечно же, знания о национальной кухне».- - пояснет А.Мусагажинова.

Ее обширное 13-летнее исследование включало двухлетние поездки во все уголки Казахстана, где она брала интервью у хранителей культуры и традиций в их домах. Ученый расказывает, что почти каждая семья клала к столу курт как дополнение к трапезе.

Действительно, в *историческом отчете о казахах 1872 года,* написанном этнографом и переводчиком Российской империи Шагимарданом Ибрагимовым, отмечается, как казахские всадники привязывали к своим седлам мешочек, наполненный куртом.

Курт занимает особое место в жизни каждого казаха. Раньше, когда кочевники на несколько дней уходили в степь, они брали с собой курт. Даже самый страшный голод отступал после одного только съеденного продукта.

Как гласит народная мудрость: "Мы - то, что мы едим". Это основа всего. И без знаний прошлого мы не можем построить настоящего. Основа нашего здорового питания складывается из нашего традиционного питания.

Особое место на потребительском рынке составляют национальные молочные продукты. К национальным молочным продуктам относятся кумыс, шубат, айран, уыз, сарысу, курт, иримшик, сарымай, сузбе, катык, балкаймак и др.

Казахи едят только сухой курт, так как по народной примете, если есть невысохший курт, может пойти дождь. Курт это национальный очень сытный продукт, который может храниться в течение длительного времени. Его заготавливают, как правило, на зиму. Казахские женщины с начала лета и до самой осени непрерывно делают курт. Угощают им своих родных и близких, преподносят в качестве подарка (сыбага). Во время тоя для торжественного осыпания (шашу), наряду с конфетами и печеньем, используют құрт и ежігей. По казахски его называют «құрт, май» (букв. май-масло) и это определяет его особое место на дастархане.

В регионах Центральной Азии ему придают различные названия: на казахском языке – это курт, на киргизском звучит как курут, на татарском языке корт, в Туркменистане это gurt, на узбекском языке - qurt. В переводе на русский означает «сухой». Курт является кисломолочным продуктом, а также сухим молодым сыром. Курт был изобретён кочевыми народами в Центральной Азии. Это белые шарики (иногда приплюснутые) размером с абрикос.

Польза курта для детей неоспорима. Во-первых, он способствует росту нормальной микрофлоры кишечника, что важно и для иммунитета. Во-вторых, он переваривается и усваивается легче, чем обычное молоко. После того, как малышу исполнится год, можно смело угощать его кусочками курта. Старики рассказывают, что в аулах специально делают детский курт: он продолговатой формы, чтобы малыш не мог засунуть его в рот целиком и подавиться, и в такой курт добавляется значительно меньше соли. За что любят курт?

• Курт прост в приготовлении, очень долго сохраняет свои питательные и вкусовые качества. Сотни лет его берут с собой в поход кочевники, путешественники и паломники, поскольку курт совершенно не портится в дороге, ему не страшны перепады температур и не нужен холодильник, он легкий и занимает мало места. В свежем виде курт более мягкий, рассыпчатый, со временем он твердеет.

- Курт твердеет, но не теряет своих качеств. Курт может храниться до 7-8 лет. При долгом хранении влага из курта испаряется, поверхность шарика покрывается высохшей солью, но полезные свойства остаются.
- Курт позволяет легче переносить жару, прекрасно утоляет не только голод, но и жажду, сохраняя влагу в организме, что особенно важно при путешествии по бескрайним жарким степям, пустыням, а также при длительных восхождениях в горах.
- Курт универсален. С ним можно сварить густой питательный суп, его можно съесть с хлебом как бутерброд, можно добавить в салат вместо брынзы и соли, растворить в минералке и получить освежающий напиток (практически тан).
- Курт берут с собой в машину женщины и дети в качестве средства от укачивания, поскольку он прекрасно снимает тошноту.
- Курт легкоусвояемый, поскольку представляет собой концентрат из натурального молока с естественным консервантом - солью. По калорийности и составу курт почти равноценен мясу, но мясо не хранится так долго и не усваивается так легко!

• Один шарик курта диаметром 1 см равнозначен 100 г молока. Курт содержит полноценные молочные белки, биологически активные вещества, углеводы, ферменты, микроэлементы (кальций) и витамины (A, E, D).

В условиях пандемии коронавируса, которая охватила весь мир и продолжается уже полтора года, правильное питание чрезвычайно важно для здоровья, особенно в то время, когда резервы иммунной системы необходимы для борьбы с инфекцией. Не существует ни одного продукта,

способного уничтожить короновирус или предотвратить его попадание в организм человека. Но в повседневной жизни в той или иной степени противостоять инфекции помогут молочные продукты. 80% нашего иммунитета находятся в кишечнике. Кисломолочные продукты,в том числе и курт, являются отличным источником кальция, высококачественного протеина, а также витамина В2, витамина А и микроэлементов, оказывают положительное влияние на естественную кишечную флору , за счет содержания лактобацилл. Поэтому повышение потребления курта действительно может помочь усилить иммунитет для борьбы организма с короновирусом.

Полезные свойства веществ и исходного сырья обеспечивают пользу курта для человеческого организма:

1. Повышает иммунитет, помогает восстановить витаминно – минеральный запас, нормализует метаболические процессы.
2. Подавляет жизнедеятельность гнилостных бактерий в желудке и тонком кишечнике, предупреждает развитие дисбактериоза, повышает активность полезных микроорганизмов.
3. Предупреждает раннее старение, помогает сохранить жидкость в организме. Предотвращает появление морщин, увеличивает упругость эпителиальных тканей.
4. Используется для восстановления при анемии, после тяжелых физических и умственных нагрузок, стимулирует мыслительную активность.
5. Подавляет тошноту, повышает артериальное давление при гипертонии и восстанавливает сердечный ритм.
6. Улучшает работу зрительного нерва, укрепляет местный иммунитет.
7. Предотвращает развитие остеопороза, уменьшает частоту проявления болезненных симптомов при артрите , подагре, остеохондрозе. Способствует укреплению костной ткани.

При переедании вред от курта может появиться:

• При лактазной недостаточности, так как в составе высокое количество лактозы, молочного сахара.
• При ожирении. Калорийность кисломолочного продукта высока.
• Если в анамнезе атеросклероз, может повыситься уровень холестерина.
• При варикозной болезни и тромбофлебите . Соль в составе продукта вызывает сгущение крови.
• В составе курта высокое количество аминокислоты – триптофана. При ее переизбытке появляются мигрень, бессонница, тошнота, головокружение.
• Может повыситься артериальное давление, возникнуть тахикардия. Повышается вероятность инсульта, инфаркта, развития сердечной недостаточности и проблем с сосудами.

Курт не только обладает питательными и утоляющими жажду свойствами, но и очень полезен. Он содержит в себе большое количество витаминов:

витамин А – хорошо влияет на зрение, а также помогает расти и обновляться клеткам в организме;

витамин D – снижает опасность заболевания раком и остеопорозом.
витамин C – усиливает иммунитет, помогает организму бороться с вирусами;
витамин E – насыщает кислородом клетки организма тем самым замедляя их старение, снижает риск образования тромбов.
Источник: https://uzbekistangid.ru/blyuda/syr-kurt
260 ккал на 100г., из них:
• Белки – 14,9 – 25г,
• Жиры -7-16 г,
• Углеводы – 2,6 – 2,7г,
• Зола – 3,8 г,
• Вода – 6 г,
Витамины на 100 г:
• Витамин PP (ниациновый эквивалент) – 4,2 мг;
• Витамин H (биотин) – 2,2 мкг,
• Витамин E – 0,2 мг
• Витамин D – 0,64 мкг,
• Витамин C – 0,1мг;
• Витамин B12(кобаламин) – 0.4мкг;
• Витамин B6 (пиридоксин) – 0.12 мг;
•Витамин B2 (рибофлавин) – 0.23мг;
• Витамин B5 (пантотеновая кислота) – 1.1мг;
• Витамин B1 (тиамин) – 0,02мг;
• Бэта – каротин – 0,1 мг;
• Витамин PP – 0,2мг;
• Витамин B9(фолиевая кислота) – 29мкг;
• Витамин A - 0,105 мг.
•Цинк (Zn) – 2,5 мг;
• Железо (Fe) – 03
Медь (Cu) -30 мг;
Сера (S) – 98 мг;
Фосфор (P) – 160 мг;
Калий (K) – 40 мг;
Натрий(Na) – 370мг;
Магний(Mg) – 15 мг;
Кальций (Ca) - 420мг.

В Азии есть поговорка: «Скажи курт, и даже из сухого черепа слюнки потекут». В советское время курт даже специально изучали учёные Всесоюзного научно-исследовательского института маслодельной и сыродельной промышленности в Москве, где был получен курт в виде таблеток и порошка. Сублимированный курт был включён в меню космонавтов, которые высоко оценили его вкусовые качества.

Курт - казахский национальный деликатес. Рецепт курта был изобретён много веков назад с целью консервации молочных продуктов, когда торговые караваны отправлялись в долгий путь, а скотоводы с зелёной весны и до поздней осени уходили далеко от дома со своей живностью. Право

изобретения вкуснейших кислосоленых шариков по праву принадлежит кочевым казахским племенам. Кочевники привыкли перекусывать на ходу. Главные требования, которые казахи предъявляли к своей пище, были ее компактность, быстрота в приготовлении и способность долго не портиться. Так что казахская кухня была все-таки больше «кухней холодного стола». Очень развито было изготовление копченых, солено-копченых конских колбас, жареных, как сейчас принято называть, пресервов из баранины и кисломолочные полуфабрикаты. Казахи никогда не пили молоко в сыром виде. Из кобыльего молока делали в первую очередь кумыс, который имел свойство не только долго сохраняться, но и приготовлялся во время езды при непрерывном встряхивании. А сухие кисломолочные полуфабрикаты, такие как курт – очень легкие и транспортабельные, были просто необходимы. Происхождение курта - это сама дорога. Кочевые народы Средней Азии носили кобылье, овечье или верблюжье молоко в седельных сумках из шкуры животных, называемых торсыками. Путешествие по бескрайней степи создавало идеальные условия для брожения внутри этого сосуда, а галопирующее движение лошади создавало эффект сбивания молока, что позволяло сделать из молока творог. Этот творог, высушенный и слегка подсоленный, сохранял все питательные вещества жидкого молочного продукта.

Курт отличается разнообразием форм и вкусов - очень маленькие и большие, круглые и ромбической формы, «пальчики», кубики и просто бесформенные. Его можно купить штучно или на развес. Долгое время курт делали только в домашних условиях, но теперь на прилавках магазинов можно встретить **курт фабричной расфасовки** - для более брезгливых и эстетичных любителей курта.

Настал момент рассказать подробно все секреты приготовления популярного во всей Центральной Азии и такого полезного деликатеса.

Вот несколько примеров приготовления курта. *Курт делают из коровьего или овечьего молока. Наиболее вкусным и жирным получается курт из овьечего молока.*

Для приготовления курта кислое молоко несколько дней сливают в деревянную бочку (кеспек). Затем іркіт (свернутый творог из кислого молока) переливают в большой казан, ставят на огонь и непрерывно мешают до тех пор, пока оно не загустеет. После охлаждения его перекладывают в чистый полотняный мешок дл стекания лишней жидкости. Из полученной массы делают небольшие шарики, которые сушат, разложив на чистых листах (шыпта или өре).

Казахи готовят курт из сузбе. Сузбе — это самостоятельный продукт. Его, например, кладут в сорпу и другие блюда. Состоит он из мягкого творога и сметаны. Сузбе – это творожная масса, полученная путем обезвоживания айрана (кислого молока, аналог кефира). Молоко для приготовления сузбе может быть обезжиренным, если это просепарированное молоко, т.е молоко, из которого через специальный сепаратор отделили сливки. **Далее в нее добавляют соль, затем делают из**

нее шарики диаметром от одного до пяти сантиметров. Шарики свежего курта раскладывают в широкую плоскую посуду или на подносе, накрывают чистой марлей и выставляют в теплое проветриваемое место для засушивания. Летом этот процесс занимает от нескольких дней до недели. После полного просушивания курт не портится, может стать тверже, но от этого не теряет вкусовые свойства, наоборот, приобретает пикантный вкус. Во время приготовления очень важен температурный режим – для заквашивания молока и просушки готового курта несколько дней необходима температура воздуха под сорок градусов.

И без готового сузбе сделать курт самостоятельно крайне просто. Для этого понадобится приобрести хорошее молоко: 2 л молока (овечьего, коровьего, козьего, кобыльего или верблюжьего), 200 мл специальных заквасок (как альтернатива подойдет и кумыс), соль и перец по вкусу. Важный момент: берите натуральное фермерское и непременно цельное молоко. Итак: Подготовка молока Первый этап самый ответственный. От правильности его выполнения зависит конечный результат. Итак: Вылейте молоко в кастрюлю (главное — не эмалированную и не алюминиевую). Установите на средний огонь. В процессе варки постоянно помешивайте. Не ждите пока молоко закипит. Как только его температура достигнет 65 °C, снимите кастрюлю с огня. Термометра нет? Тогда используйте палец — коснитесь им молока. Сильно горячо, но пару секунд терпится? То, что надо. Дайте молоку остыть примерно до температуры тела (30–32 °C). Если есть натуральный кумыс, то используйте его в объеме 200 мл. Сухой же закваской равномерно притрусите поверхность молока, выждите 2–3 минуты и тщательно размешайте. Подготовленное для сквашивания молоко необходимо на сутки оставить в тепле. Можете укутать кастрюльку одеялом или использовать специальные приборы. Когда молоко скиснет, начинайте делать творог: Поставьте кастрюлю на водяную баню. Варите молоко до свертывания. Творог выложите шумовкой на чистое холщовое полотенце, разложенное на дуршлаге. Дайте стечь сыворотке, а после свяжите углы полотенца потуже. Образовавшийся узелок прижмите гнетом прямо в дуршлаге. Надо, чтобы влага вышла из творога. Только когда творог станет плотным и пластичным, его удастся использовать для курта. Выньте ком из полотенца, а затем: Перетрите массу через сито. Добавьте соль и перец (по желанию). Сформируйте шарики и отправьте их сушиться. Удобнее всего курт по этому рецепту сушить в дегидраторе для фруктов. Его может заменить духовка, включенная на 50°C (дверцу не закрывайте).

В некоторых регионах Казахстана используют курт в свежем виде – замораживают до стадии скатывания в шарики, в виде густой творожной массы и используют в зимний период, когда не так много молочнокислых продуктов, в качестве естественного источника кальция, добавляют в сорпа. Сорпа – это бульон, который обязательно подают к блюду бешбармак. Любимый во всей стране курт часто готовят из верблюжьего молока в западном Казахстане, где распространено верблюжье разведение. В северном Казахстане часто можно найти курт с добавлением ягод, сухофруктов и

орехов, обычных для этого региона. На юге из-за жаркого климата для его сохранения добавляют много соли. А размер и форма курта меняются в зависимости от руки, готовящей его.

Сегодня казахи все так же продолжают сушить курт. Ведь он не только прекрасно утоляет голод, но и может спасти от жажды. Курт задерживает жидкость в организме и может исключить обезвоживание. Современные казахи готовят их с различными добавками и со специями, но свое свойство курт не теряет по сей день.

Литературы:

1. Мусағажинова А. А., Қатран Д., Синявский Ю. Қазақы ас: дәстүр мен дәм. А., 2020.
2. Молоко и молочные продукты. Алма – Ата. «Қайнар»,1986.
3. Комарова Т.А. Тамақтану әліппесі. Алматы, «Қайнар», 1994.
4. Книга о молоке. Алма-Ата: Кайнар, 1988.
5. С.Кенжеахметұлы. Қазақтың дарқан дастарқаны. Национальная кухня казахов. «Алматы кітап», 2007.
7. Құрт құнарлы тағам. //Айқын апта, № 34(2910) 4 наурыз, 2016.
8. Н.А.Анфимова, Л.Л.Татарская. Кулинария. «Просвещение» 2002.
9. В.И.Ермакова. Аспазшылық. «Просвещение» 1993.
10.З.П.Матюхин. Основы питания, гигиены и физиологии. «Просвещение», 1999.

ӘОЖ 81 373

«ОР» ТҮБІРІ – БАЙЫРҒЫ ЖӘНЕ МӘҢГІ ЖАС ЛЕКСИКАЛЫҚ БІРЛІК

Жумабаев Манарбек
М.Өтемісұлы атындағы БҚУ-дің 2-курс магистранты. Қазақстан, Орал қ.

***Аңдатпа*:** *Бұл мақалада түркі-моңғол тілдерінің бәріне ортақ түбір ретінде саналатын синкретті «ор» түбірінің әуелгі мәні, шығу негізі қарастырылды. Осы түбірге қатысты зерттеулерді негізге ала отырып тектес туынды түбірлердің этимологиясы салыстыра талданды.*

Тірек сөздер: *синкретизм, түркітану, ор, вар, уар, орпа, орда.*

Аннотация: *В данной статье рассмотрено первоначальное значение, происхождение корня синкретного «ор», считающегося общим для всех тюркско-монгольских языков. Исходя из исследований, связанных с этим корнем, была проанализирована этимология производных корней.*

Ключевые слова: *синкретизм, тюркология, ор, вар, орпа, орда*

Abstract: *This article examines the original meaning, the origin of the syncretic root "or", which is considered common to all turkic-mongolian languages. Based on the studies related to this root, the etymology of the derived roots was analyzed.*

Keywords: *syncretism, turkology, or, var, orpa, horde.*

Түркі тілдері түбірінің өткен бір дәуірлердегі о бастағы қалпын, білдірген ұғымын анықтау үшін тіліміздегі сан алуан ұялас және тектес туынды түбірлердің этимологиясына жан-жақты (паремиологиялық, жыр-эпостық, мифтік, археологиялық, тілдік) реконструкция жүргізгенде және мағыналарын жалпыдан-жалқыға, бүтіннен бөлшекке немесе керісінше салыстыра талдағанда ғана аңғаруға болады.

Түркі-моңғол тілдерінің бәріне ортақ түбір ретінде саналатын **ор** түбірін синкретті түбір ретінде танимыз, әрі қазақ тілінде өте өнімді қолданылады, тек кейбір туынды сөздердің құрамында ғана қызметі мен мағынасы күңгірттеніп дербес, жеке сөз ретінде қолданылмайды. Профессор Е.З. Қажыбеков синкретті **ор** түбірінің үш түрлі қатарын көрсетеді: I. **Or** зат. «ров (ор), яма(шұңқыр)». II. **Or** зат. «находиться где-либо»//«место, которое кто-либо занимает». III. **Or** ет. «жать», «полоть», «стричь»//«то чем стригут», «жатва», «пропалка»[3.253]. Бұл қатарға сын есім мағынасын білдіретін **or at** тіркесіндегі **or (IV)** - күрең қызыл мен сары реңнің арасындағы жылқы түсін беретіндігін де жатқызамыз. М.Қашқари сөздігінде жылқының түріне, түсіне байланысты ор ат (жирен ат) сипаты берілгендігі туралы М.Бейсенованың мал атауларына қатысты зерттеген диссертациясынан кездестіре аламыз [6]. Ал Жамбыл, Шу өңірлерінде ор ат деп құланмен шағылысқан жылқы тұқымын атайды. Бұдан бөлек *ор* түбірі *«ор* қояндай жалт-жұлт ету»; *ор* қояндай секектеу; *ор* қояндай ата жөнелу» секілді тұрақты тіркестердің құрамында және жыраулар тілінде көрініс тапқан. Мысалы, Шалкиіз, Ақтамберді жырау толғауларында:

Ор, ор қоян, *ор* қоян,
Ор қоян атлы бір қоян, (Шалкиіз жырау)

Ор қояндай жүгінтіп,
Аш күзендей бүгілтіп,
Жолбарыстай шұбарды
Таңдап мінер ме екенбіз?! (Ақтамберді жырау)

Осы тіркестердегі *ор* сөзі «ірі» деген мағынаны білдіреді, түс атауын білдіреді дейтін болсақ, қояндар әр маусымда әр түрлі түске енетіні белгілі. Сондықтан да «ор қоян» атауы - қояндардың ішіндегі ең ірісі деген мағынаны білдіреді.

Ортеке атауының шығу тарихына қатысты Е.Жуасбековтың зерттеуінен мынадай деректерді кездестіреміз. Мәселен, жабайы аңдарды аулау үшін

әдейі ор, шұңқыр қазылған. Сол шұңқырға көбінесе түсетін ешкілер мен текелер секіріп шығатын жер іздеп, түрлі қозғалыстар жасайды. Мұндай қозғалыстар адамдарға қызық көрінген және «секіру» сөзі – «орғу» деген мағынаны беретіндіктен тау текенің қимылына сәйкес екінші атау ортеке деп аталған дейді. Тілімізде «орғу» сөзі *ор текедей орғыту* тұрақты тіркесінің құрамында сақталған.

Сонымен *ор*- зат есім, сын есім, етістік бола алатын бірнеше ұғымды беретін синкретті түбір. Осы түбірден туындаған туынды тұлғалардың табиғаты, шығу төркіні өте қызық**.** *Ор* - табиғи түрде болған немесе қолдан қазылған шұңқыр жер. Бұл сөз апан, ұра, қамба, шұңқыр, құдық сөздерімен синонимдес. М.Қашқари сөздігінде ұра сөзі орұ (oru) түрінде келген. Яғни, бидай шалқан тағы басқа нәрселерді сақтау үшін қазылған ұра [1.117]. Құдық – қолмен қазылған терең шұңқыр. Құдықтың шыңырау, орпа секілді түрлері болады. Таяз құдықты *орпа* деп атайды. *Орпа* сөзі екі құрамнан тұрады. Бірінші *ор* «табиғи түрде болған немесе қолдан қазылған шұңқыр жер», ал екінші сыңары «па» туралы профессор Б.Сағындықұлы: «па» түбіртегінің әдепкі формасы **аб** екендігі, оның «су» деген мағына беретіндігі кейін табылған жаңа әдіс-тәсілдердің арқасында толық ашылды. Сөйлеу тілінде «естідім», «есіттім» деп айтыла береді. Мұндағы і дауыстысының т дауыссызының бірде алдынан, бірде соңынан келуі метатеза құбылысының, яғни дыбыстардың орын алмастыруының әсерінен. ***Ап – па*** тұлғалары да осындай құбылыстың нәтижесі екендігіне тілдік талдаулар көз жеткізеді. Көнерген «ап» сөзінің «су» мағынасын беретіндігін «су жыланы» ұғымын беретін **абжылан** атауы да дәлелдей алады» - дейді [14]. Сонымен «орпа» атауы ***«ордың суы»*** деген лексикалық мағынаны береді.

Түркі халқтарының дүниетанымында құдық қасиетті ұғымдар қатарына жатады. С.Қондыбай «құдықтың», «үңгірдің» аузы/тесігі екеу болады, құдыққа не үңгірге түсу әрекеті «басқа дүниеге, үңгірлік дүниеге бару, үңгірден/шұңқырдан/құдықтан қайтадан кері шығу, осы дүниеге қайта оралу», деп түсіндіре отырып, жер астынан шығу есігін немесе тесігін екінші ауыз деп қарастырған [17.62]. «Құдық» категориясы қазақ ертегілері желісінде ор, апан, зындан түрінде көрініс тапқан. Мысалы, ең ескі дәуірде шыққан бақташылық, тарихи дәуірден қалған ерлік жыры болып табылатын Ертөстік ертегісінде Төстіктің жер тесігі арқылы жылан Бапы ханның ордасына баруы, ертегілік қаһарман Аю алпаң да құдық астына түскенде жерасты ауылына кезігеді. Халыққа су бермей отырған жер астындағы айдаһар екен. Айдаһарды өлтіруге алып самұрық құс көмекке келеді, әрі Аю алпаңды жер бетіне шығарады. Аю алпаңның тағы бір оқиғасында айдаһарды өзі өлтіреді, жерасты халқы айдаһардан құтылғандарына үш күн той жасайды. Бұдан «су культі» мен «жылан культінің» және «құдықтың» бір-бірімен байланысты екенін көреміз.

Жазушы-ғалым Қ.Салғараұлы өз зерттеулерінде түркі тіліндегі *Оран* сөзінің этимологиясын гректер мифологиясында аталатын аспан құдайы – Уранмен салыстырады. Бірақ бұл атаудың грек тілінде сөздік мәні туралы нақты дерек жоқтығын жазады. Тек айғақ ретінде үндіиран мифология-

сындағы Варуна мен хеттердің мифологиясындағы теңіз құдайы – Аруна образдарының біртекті деп айтылуы, жалпы үндіеуропалық түбір ретінде саналатын uer – «окружать, охватывать, огораживать» түсінігінен шыққан дейді. Бірақ қазақ мифологы С.Қондыбайдың пікірінше бұл жерде жалған ортақ сөздерді туғызу мүмкін екендігі және басқа тілдерде де параллелдері болатындығы ескерілмегенін айтады. Ғалым Қ.Салғараұлы осы пікірлердің негізінде «вер(uer)»-ге «ор,иір» сөздері дыбыстық, мағыналық ұғымы жағынан сәйкеседі, яғни түркі тіліндегі «Оран» сөзі екі сөзден «ор» көне түрік тілінде су деген ұғымды білдірсе, «ан» - мекен деген ұғымды білдіріп, мифтік түсінікте «жерді қоршап жатқан алып жыланның аты, су иесі» деген мағынаны береді екен. Бұл жердегі жылан культі бір тайпаның тотеміне, кейін этнонимге айналған. Оған дәлел қыпшақтардың бір тайпасы «Оран» деп аталған. Бұл тайпа Хорезм жеріне XIII ғасырда шығыс терістіктен «Оранқай өлкесінен» келіп билік жүргізген. Қай сөзі көне түрік тілінде жылан, су, дария ұғымдарын білдірген. Ғалым осы дәлел-дәйектердің негізінде вер(uer) – «окружать, охватывать, огораживать» сөзі ор (орау, қоршау, орам), ир (иіру, жинау) секілді көне түбірлермен туыстас болып шығады, сонда «оран (уран) сөзінің басқа тілден түрік тіліне ауысқан кірме сөз емсе, өзінің ежелгі төл тумасы екенін айғақтайды», - дейді [5.43-46].

Зерттеуші Ж.Бейсенбайұлы атап өткендей «Көнетүрк сөздігі» мен «Түркі тілдерініңэтимологиялық сөздігінде» дөңгелектеп, орап салу, қорған оры мағынасына жақындайтын «ор» сөзіне «да» аффиксінің қосылуынан *орда* сөзі шыққан. Шумердің орталық қаласы да Ур (ор, қорған, орда) деп аталғандығын және чуваш тілінде *ор* сөзі «вар» деп айтылатындығын жазады. Зерттеуші «ор, вар - «Авестаға» түскен арғы түрік ұғымы» деп *«вар»* сөзі сол қасиетті уағыздар жинағында - адал жандардың мекен-тұрағы деген мағынаны білдіреді дейді [4.112].

Профессор И.Н. Гумилев «уар», «вар» сөзі ұғн тілінде «өзен» атауын білдіретіндігін және Алтайда Урсула-Уар атты өзеннің бар екендігін жазады. Вархониттер дейді ғалым «өзен хиониттері» деген мағынаны береді және «уар», «вар» хионит(хуни) этнонимінің эпитеті болғандықтан гректер мен славяндар мұны этноним деп қабылдаған дейді [11.13]. Осы мәліметке қатысты орыс тарихшысы И. Коломийцев «Ұлы Скифияның құпиялары» атты еңбегінде былай дейді: «Мұнда бір ғана інжу бар – Алтайдан табылған Уар өзені. Қалғанының бәрі қажетсіз заттардың қоқысы, шын мәнінде сәтсіз болжамдар. Біріншіден, ұндар бір ғана өзен — Днепрді "Вар" деп атаған. Бұл өзеннің өз атауы болды ма, әлде олар оны бұрын өмір сүрген халықтардан мұра етіп алды ма, бұл жағдайда маңызды емес. Басқа маңызды. Олар басқа өзенді "Вар" деп атаған жоқ, демек, ұндардың "вар" деген жорамалы қате. Олай болмағанда Шығыс Еуропа және Орта Азияда орналасқан көптеген өзендер атауында осы түбір сақталатын еді» [18].

Осы түбірдің негізінде жасалған Орал (тау, өзен) атауының шығу төркіні мен мән-мағынасы туралы Т. Жанұзақ: «Орал атауы ор + ал деген екі сөзден жасалған. Оның бірінші сыңарындағы ор – түркі тілдерінің көбінде «өзен»

аты ретінде: Татарстандағы Ор, Иркутск облысындағы - Ор, Ока алабындағы – Ур, Днепрдегі ғұндардың Вар атты өзен аттары барын көреміз. Ал Орал атауының екінші құрамындағы *ал* сөзі орал-алтай тіліне тән «қызыл» ауыспалы мағынадағы «алтын» деп білеміз. Өйткені түркі тілдерінде Алтынкөл атты гидроним болған сияқты, Алтынөзеннің болуы да мүмкін. Олай болса, Орал атауының мағынасын «Алтынөзен» деп пайымдаудың реті бар сияқты. Ол тауда алтынның болуына байланысты әуел баста «қызыл», кейіңгі кезеңдерде «алтын» сөзі қолданып, сол таулы жерден ағатын өзеннің «қызыл («алтын») шыққан жерден ағатын өзен» деп аталып кетуі мүмкін», - деп түйіндейді [10.123-124].

Академик Ә. Қайдар *ор* сөзінің басқашалау мағыналарға ие болғанына қатысты: «Оралыңның барында ойна да күл. Бұл фразеологизмдегі орал сөзі не? Біздің пікірімізше, ол оралым келмеді дегендегі орал сөзімен төркіндес. Ал, ол өз ретінде қазақ тілінде жеке-дара айтыла беретін орай сөзімен түбірлес. Қазіргі қырғыз тілінде орал - «удобный момент»; «подходящее обстоятельство». Басқаша айтқанда, [й ~ н) дыбыс алмасуы негізінде пайда болған бір сөздің бұлар екі варианты. Орай қазақ тілінде, орол қырғыз тілінде жеке сақталған. Ал орал вариантының қазақ тіліндегі белгілі бір фразеологизмдер құрамында ғана сақталып қалуы заңды нәрсе. Сонда: Оралыңның барында ойна да күл тіркесіндегі орал сөзі ораймен төркіндес» - дейді [2.232].

Ора етістігіне қатысты профессор Ж.Манкеева «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты зерттеу еңбегінде: «Э.В. Севортян атап өткендей, *ора*= тұлғасы салыстырмалы түрде біршама кеш қалыптасқан сияқты, өйткені ол көне және ежелгі түркі ескерткіштерінде де кездеспейді. Ор түбірі өз кезегінде түркі тілдеріндегі материалдарда кездеспейді. «Буу», «орау», «аудару» мағыналары М. Қашғари сөздігінде jörgä = Ol ajagin jörgädi «Ол аяғын орады». Қазақ тілінде осы тұлға жөрме= «тігу» (тігіс түрлерінің бірі), жөргек, жөргем «қойдың ішегінен бір-біріне оралып, өріліп жасалған ұлттық тағам» атауының құрамында сақталған. Қазіргі әзірбайжан тілінде «орау» мағынасында, йорга етістігі қолданылады. Ал қазақ тілінде осы негіз тек баланы орауға (жөргек) арналған зат атауында ғана сақталған. Сөйтіп, мынадай гомогендік қатарды белгілеуге болады: jör//jor or. Осыдан келіп, жөрге => ора (jör//jor or) болып қалыптасуы мүмкін» [9.96]. Ғалым М.Сабыр «орау» сөзін «…Бүгінгі *ж*-мен сөйлейтін қазақтар *дж*-мен сөйлеген байырғы түріктердің мирасқоры екені анық. Көне қыпшақ тілінде қазақ тіліне тән *ж* белгісі де көрініс береді. Мысалы, жүбрәк – «шүберек», жүрке – «орау» т.б.» - дейді [12.87]. Профессор Р.Сыздықова ора, орау, орап алу етістігіне қатысты былай деп жазады: «Толға етістігінің ертедегі түркі тілдеріндегі бір мағынасы «орау» екендігін XI ғасырдағы Махмұт Қашқари сөздігі танытады. *Ол өзіне жіп орап алды* дегенді сол кездегі түркі тайпаларының бірқатары: *ол өзүне йуң толғанды* деп айтатындарын мысалға келтіреді» [15.11].

Профессор Б. Сағындықұлының дауыстылардың түпкітектеріне қатысты нақты зерттеуінің негізінде *ор* түбірінің алғашқы формасын анықтауға мүмкіндік туды. Ғалымның пікірінше дауысты *о* еріндік *у* мен ашық жуан

айтылатын *а* дауыстыларының қосындысынан, әбден сіңісіп, кірігуінен жасалған. Осы себепті *уа* мен *о* өзара *уа=о* сәйкестігін түзеді. Бұған айғақ ретінде араб тілінен енген уа+қиға сөзінің о+қиға болып қалыптасқандығын жазады [7.23].

Сонымен *ор* түбірінің алғашқы формасы *уар* болып шығады. *В* дауыссызының түпкі тегі қоспасыз айтылатын таза *У* дауыстысы екендігін Б.Сағындықұлының еңбегінен кездестіреміз. Жоғарыда Ж.Бейсенбайұлының зерттеулеріндегі *«вар»* мен Қ.Салғараұлының зерттеуіндегі «вер(uer)» түбірлері *уар* түбірінен пайда болған. Дауысты *о* дами келе у дауыстысын еркін алмастыратын деңгейге жеткен. Сонда *у~о* сәйкестігі қалыптасқаннан кейін уар - ур(ur) болып айтылған.

Ғалым М. Сабыр у, ұ, о дыбыстарының генетикалық жағынан туыс екенін айта келіп у~о сәйкестігіне қатысты мынадай пікір айтады: «Ескерткіштер тілі мен қазіргі қыпшақ тілдері арасындағы у~о сәйкестігі байқалады: *ур «істеу, жасау» - ор, уз «шебер, ұста» - ос (та) «ұста», ут-от, ул-ол.* Бұл сәйкестік негізінен қыпшақ-бұлғар топшасындағы тілдерге тән. *у~о* қыпшақ-ноғай топшасында көне түркілік *у* фонемасының *о* фонемасына ауысуы сирек те болса ұшырасады: Көне түркі тіліндегі «қарапайым халық» мағынасындағы *буд(ин*) сөзі қазіргі қазақ тілінде «бағынышты халық» мағынасындағы *бодон* сөзімен сәйкес келеді. Көне түркілік *буд//бод* түбірлері құрамынан *у~о* сәйкестігі орын алған. Ескерткіштер тілі мен қазіргі қыпшақ тілдеріндегі *у~о* сәйкестігінің бір сөздің тұлғалық варианттарында қолданылуы әрбір тілдің тарихи қалыптасу кезеңіндегі өзіндік ерекшеліктеріне байланысты. Бұл сәйкестік қыпшақ-ноғай топшасына тән» [12.77].

Профессор Е.З. Қажыбековтың еңбегінен мынадай мысалға кез боламыз: алтай тілдерінде ur/or «яма, отверстие» (моңғ. ur «яма, отверстие», түркм. or «канава, яма») ~ драв. ur- «пронзать, дырявить» ~ картв. qwr- «дырявить, прогрызать» ~ с. х. h (w) r- «дырявить, отверстие» (араб. hrr «прорывать, протыкать», hurr «дыра», др. евр. hur, hor «дыра, яма») [3.179].

Орыс тіліндегі *овраг, ворог, варак* сөздерінің шығу төркіні де түркі тіліндегі *ор* сөзінен бастау алады. Чуваш тілінде вар "терең жыра, аңғар, өзең арнасын" білдіреді. Өзге түркі тілдерде бұл сөз келесідей формаға ие: шор тілінде ора "жыра", хакас тілінде ора "шұнқыр, ор, жыра, шұнғыма", қазақ тілінде "ор", башқұрт тілінде ур "жыра" [13]. Ғалым О.Сүлейменов түркі тілдерінде және барлық тілдерде бұл сөз атау мәнінде көрінетіндігін жазады. Хакас тілінде ғана – етістік мағынасында кездеседі (or - «рыть», «копать») дейді. Осы етістіктен зат есімдер пайда болған – ого (< orow), ura – «ров», «рытвина», «яма». Яғни ғалым аффикссіз грамматика кезеңінде – or (ur) лексемасы грамматикалық жағынан синкретті деп пайымдайды. Сөйтіп кейінірек бұл сөздің көршілердің тіліне енгендігі туралы былай дейді: «Севортян orow сөзінен туындататын түркінің ого сөзі ерекше қызығушылық туғызып отыр. Бұл құрылымның дұрыстығын менің ойымша осы форманың угро-фин және славян тілдеріне енуі де дәлелдейді. Салыстырар болсақ, orow

– «ров», «овраг» (коми) сөздерін қателесіп тікелей түркінің or (ur) сөзінен туындатады. Славян тілдерінде де rov «рыть, рою» сөзінен емес, orow сөзінен шыққан, оның үстіне, сөздіктер осынау атаулы форманың жоғарыда келтірілген етістіктерден құралуының морфологиялық механихзімін көрсетіп отырған жоқ деп ойлаймын. Жорамалмен айта салады. Ендігі жерде литваның ravas – «ров» және басқа ежелгі пруссия тілдеріндегі rawys сөздері батыс славян тілдерінен кіргенін дәлелдеу қиын емес. Ал грекше ovpos – «ров» (лат. транскр. uros) тікелей түркінің ur сөзінен шығады. Кең таралу себебі бұл сөздің едәуір көне екенін көрсетеді» [8.38].

Бұл түбірдің кесте түріндегі эволюциялық дамуы мынадай болып шығады: *уар => вар(вер(uer), вир) => ур (ur)/(ұр,үр,ир) => ор(өр).*

Түркітанушы Б. Сағындықұлы **уа**-ға керісінше **ау** тіркесі де о-ның пайда болуына себепкер болғандығын жазады. Оған дәлел араб тіліндегі т+ау+рат сөзі орыс тілінде т+о+ра болып айтылатындығы. Ал ғалым О. Сүлйменовтың «Атазаманғы түркілер» еңбегінде бұл пікірді дәлелдей түседі: «Егер де көне түркі тіліндегі ahyr пайда болмаса - 1) «тяжелое», 2) «драгоценное», онда қазақ тіліндегі ауыр - «тяжелое» қалай естілсе, солай жазылған болар еді - аур (aur), бұл қырғызша оор (õr), алтайша уур (ür), хакасша аар (ār) дегенге сай келеді. Бұл жағдайда да латын сөзі төреші бола алады: aurum - «золото»: aur - «золото» (молдаван, румын), or (француз) < õr; oro (итальян, испан) < õrum. Бір кездері түркі тілдерінде бұл сөздің барлық фонетикалық нұсқаларының арғы латын тіліндегі сияқты aur мағынасы болған. Мұны қазақша or - «золотистая», «жануарлардың (аттың, сиырдың, қойдың) күрең түсі», мұның õr - «золото» - көне қырғыз диалектісінен қалған мұра екені анық көрінеді. Алтын басқа мәдениеттерде де түстің эталонына айналған. Мысалы, орысша жёлтый сөзінің славян тілінің арғы формасымен байланысты екені даусыз: zolto»[8.66].

Сонымен ор сөзі мынадай мағыналарды білдіреді:

I ет. ор – қазу;

II ет. ор – ору (шөп, егін сол сияқтыларды шалғымен шауып алу, ору);

III ет. ор – орау (бір нәрсені айналдыра домалақтау);

IV зат ес. ор – шұңқыр (табиғи түрде болған немесе қолдан қазылған жер);

V зат ес. ор – өзен;

VI зат ес. ор – орын (место);

VII сын ес. ор – ор ат;

VIII сын ес. ор – тектес жан-жануарлардың ішіндегі ең ірісі, ең үлкені [ҚТТС];

Бұл келтірілген деректер негізінде шығатын қорытынды *ор IV* сөзі *ор I* лексемасы негізінде жасалған, яғни *ор I*-де бар обьектіні жоқ ету көрініс тапқан және осы мағынаға *ор II*-де сәйкес келеді.

Ор VI сөзіне қатысты профессор М.Сабырдың мына пікірін негізге алып талдайтын болсақ: «-н жұрнағы іс-әрекеттің нәтижесін, үдерістің атауын білдіреді. *Ақ* етістігінен *ақын* «ағыс»; *ек* етістігінен *екин* «егін». Қазақ тілінде *-ын, -ін, -н* жұрнағы негізгі етістікке жалғанып, өздік етіс формасын жасайды,

сонымен қатар кейбір етістіктер зат есім тудырады: боран, құйын т.б.»[16.156]. Сонда *ор* (қазу) етістігінен *орын* жасалған. М.Қашқари сөздігінде *ұра* сөзі «oru» деп аталады. Қазіргі кезде *орын* сөзінің көп мағыналыққа ие болуынан әуелгі мәні нақты білінбейді.

Ғалымдардың пікірінше көне түрік тілінде *ор V* «*өзен»* ұғымын білдіретіндігін айттық. Сөзді тұлға жағынан қарастырғанда, оның түркі тілдерінде бірнеше вариантының бар екендігін көреміз. Олар мыналар: *ор – ур – ир – вар –вер – уар.* Осылардың арасында көне форма ***уар*** болса, онда бұл сөзге ұқсас сөз – ***уат*** болуы мүмкін. Мағынасы – «Егін суару үшін қазылған арықтың бір түрі». Бұдан бөлек **ор** - *ир (иіру, жинау)* түбірімен туыстас екені белгілі. Өзен, теңіздерде табиғат әсерінен су иірімдерінің (водоворот) болатыны белгілі, яғни су бетінде *оралған, иірілген* цилиндр тәріздес шұңқырлар пайда болады немесе су ағысының қазып кетуінен ор пайда болады. Кейіннен ор ішіндегі су жалпы *өзен* ұғымына ие болған немесе өзен арнасы *ор* деп аталған.

Ор VII түс атауына қатысты М.Бейсенова *жирен* түсті білдіреді десе, А.Егеубаев М.Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-түрк» еңбегінде *буырыл* түсті білдіретіндігін жазады, яғни күрең қызыл мен сары реңнің арасындағы жылқы түсі. *Ор* түсі бірнеше түстердің жалпы атауы болуы да мүмкін, яғни күрең, қызыл, сары түстерінің араласуынан жирен түс пайда болған. Жирен түстің өзі 21 түске бөлінеді. Солардың ішінде қоңыр жирен, күрең жирен түстері кездеседі. *Қоңыр* түс түркі халықтарында көбінесе *күрең* деп аталады. Бұл түстің этимологиясына қатысты мынадай пікір бар: «Топонимист-ғалым А.Әбдірахманов *қоңыр* сөзін монғол тіліндегі *хонхор, хонхур (ор, шұңқыр, үңгір, сай, жыра)* сөзінің дыбыстық тұрғыдан өзгерген түрі деп қараған. Бұл пікірді А.Жартыбаев та қуаттап, Қарағанды облысындағы Дарақоңыр орониміндегі қоңыр сөзін моңғолдың хонхур сөзі дей отырып, Дарақоңыр оронимінің мағынасын «бөлек, дара тұрған сайлы, жыралы төбе» деп санайды. Біздіңше, бұл алтай тілдеріне ортақ сөз» - дейді [19]. Сонымен *ор I*-ден бастап *ор VII*-ге дейінгі мағыналардың арасында семантикалық байланыс сақталған деуге болады. Ал *ор VIII* сөзінің аталған мағыналармен семантикалық байланысы байқалмайды.

Жалпы процестің атауы, нәтижесі, оның белгісі, іс-әрекеті, орнының өзара жақын болуында етістік - есім түбірлерінің шығу негізі бір екені туралы мәселе қоюға мүмкіндік береді. *Ор* деген сөздің бір өзі фоно-морфо-семантикалық процестің нәтижесінде, яғни тарихи даму процесінде түрлі мағыналарға ие болса да, әуелгі мәнін сақтап, бүгінге жеткен тарихтың куәгері, байырғы түбір.

Әдебиеттер:

1. Қашқари Махмұт. Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғат ит-түрік): 3 томдық шығармалар жинағы/ Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А. Егеубай. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2006. – 376 бет.
2. Қайдар Әбдуәли. Ғылымдағы ғұмыр. Мақалалар, баяндамалар жинағы. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 256 – бет. 2014 ж.

3. Кажибеков Е.З. Глагольно-именная корреляция гомогенных корней в тюркских языках: явление синкретизма. Изд-во "Наука" Казахской ССР, 1986 - Всего страниц: 270
4. Бейсенбайұлы Ж. Ұлы Даланың ежелгі тарихының этномәдени төркіндері. Алматы: ҚАЗақпарат, 2017. – 400 бет.
5. Салғараұлы Қ. Ұлы Дала. – Астана: Фолиант, 2013. – 520 бет.
6. Argymaq.kz / Байтелиева Ж.Д. Жылқы малының түр-түсіне байланысты саралау.
7. Сағындықұлы Б. Қазақ тілінің тарихы. – Алматы: «Қазақ университеті», 2011. – 145 б.
8. Сүлейменов О.О. Шығармалар жинағы. 4-том. Атамзаманғы түркілер (Тарихқа дейінгі түркілер). – Алматы: «Олжас кітапханасы» Баспа үйі, 2016. – 384 б.
9. Манкеева Ж. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2014. – 640 бет.
10. Жанұзақ Т. Жер-су атаулары (этимологиялық анықтамалық). – Алматы: «Өнер», 2011. – 496 б.
11. Ғұлама. Тұлға.Тағдыр. Тағылым. (Әлкей Марғұлан туралы естелік мақалалар, деректі әңгімелер, очерктер, өлең-аранулар). – Павлодар: ТОО НПФ «ЭКО», 2004. – 254 б.
12. Сабыр М. Қыпшақтану. – Алматы: «Liber» баспасы, 2021. – 256 б.
13. https://cyberleninka.ru/ Куряева Р. И. Орографические термины тюркского происхождения в русской ойконимии среднего поволжья.
14. https://anatili.kazgazeta.kz/ Сағындықұлы Б. Тіліміздегі әр сөз – шежіре
15. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы: «Ел-шежіре», 2014. – 412 б.
16. Сабыр М. Көне қыпшақ тілі мен қазақ тілінің фоно-морфо-семантикалық сабақтастығы. – Алматы: «Liber» баспасы, 2021. – 464 б.
17. Қартаева Т. Су культі: анықтамалық / Т. Қартаева, Г. Бексеитов, Е.Оспанов. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 158 бет.
18. https://profilib.org/ Коломийцев И. Тайны Великой Скифии. Записки исторического следопыта.
19. https://articlekz.com/ Хасенов Б.Р., Әділова А.С.Түр-түс атауларының шығуы туралы.

УДК 159:9:316

ПРЕДСТАВЛЕНИЯ СОВРЕМЕННОЙ КАЗАХСТАНСКОЙ МОЛОДЕЖИ О СЕМЕЙНО-БРАЧНЫХ ОТНОШЕНИЯХ

Жумагулова Г.А.
Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г. Уральск

Аңдатпа: *Мақалада қазіргі қазақстандық жастардың отбасы-неке қатынастары туралы идеяларына байланысты өзекті мәселе қарастырылады. Эгалитарлық отбасы туралы ұғымдар тең негізде құрылған қатынастармен қарастырылады. Студенттер арасында отбасы және оның ішіндегі қарым-қатынас туралы зерттеу сипатталған.*
Түйінді сөздер*: отбасы, эгалитарлық отбасы, отбасылық қатынастар.*

Abstract: *The article deals with an urgent problem related to the ideas of modern Kazakh youth about family and marriage relations. The concepts of an egalitarian family with relationships built on an equal basis are considered. A study conducted among students about the family and relationships within it is described.*
Keywords*: family, egalitarian family, family relations.*

Традиционно главным институтом воспитания является семья. Семья, по признанию, ученых, - одна из величайших ценностей, созданных человечеством за всю историю своего существования. Ни одна нация, на одна культурная общность не обошлась без семьи. В ее позитивном развитии, сохранении, упрочении заинтересовано общество, государство, в прочной, надежной семье нуждается каждый человек независимо от возраста. В современной науке нет единого определения семьи, хотя попытки сделать это предпринимались великими мыслителями много веков назад (Платон, Аристотель, Кант, Гегель и др.). Наиболее часто о семье говорят как об основной ячейке общества, которая непосредственно участвует в биологическом и социальном воспроизводстве общества. В последние годы все чаще семью называют специфической малой социально-психологической группой, подчеркивая тем самым, что для нее характерна особая система межличностных отношений, которые в большей или меньшей степени управляются законами, нравственными нормами, традициями. Таким образом, семья – это малая социально-психологическая группа, члены которой связаны брачными или родственными отношениями, общностью быта и взаимной моральной ответственностью и социальная необходимость в которой обусловлена потребностью общества в физическом и духовном воспроизводстве населения.[2]

В настоящее время в Казахстане наблюдается трансформация семьи, переход от патриархальной модели к эгалитарной модели семьи, которая

основана на гендерном балансе и паритете, где все вносят вклад в социально благополучие семьи, решения принимаются совместно (и родителями и детьми), осуществляется семейная демократия. Распределение обязанностей внутри семьи носит в основном традиционный характер. Эгалитарная семья – семья, в которой решения принимаются супругами совместно и отношения строятся на равноправной основе. [3]

В период становления Казахстана как демократического государства были сформированы первые общественно-значимые структуры по вопросам женщин, материнства и детства. Казахстан присоединился к основополагающим документам ООН в области расширения и защиты прав и возможностей женщин.

Как показывает международная практика, существенное влияние на уровень функциональной устойчивости семьи оказывают модели гендерных отношений. Чем выше уровень гендерного равенства, тем больше ответственности, паритетности и результативности в выполнении членами семей своих бытовых, экономических, нравственно-воспитательных, защитных и других важных функций.

Асылы, мистикаға сенбейтін адамдар дүниеде ештеңеге иланбас **меңіреу, надан** жандар. [2;18б] Автор бұл сөйлемге меңіреу, надан сөздерін мағыналас етіп мистикаға сенбейтін адамдарды сипаттайды. Меңіреу, надан сөздерін осы сөйлем бойынша синоним етіп алсақ, көбіне «надан» сөзіне «жетесіз», «ойсыз», «санасыз» сөздері нақты синонимдер болып кетсе, «меңіреу» сөзі «кеще», «милау», «миғұла» сөздерін есинонимдес болып табылады. Және «меңіреу» сөзі омоним ретінде де қолданылады. Меңіреу адам, меңіреу тыныштық. [3;285,412б]

Алақанға салғандай, айдан анық, мәлім. Бұл жерде 2 тұрақты сөз тіркесін, соған сай синоним болып табылатын сөзді алдық. [2;34] Ә. Болғанбаев «Қазақ тіліндегі синонимдер» деген еңбегінде доминант сөздерге лайықты мына сияқты белгілерін атайды: жеке сөз (ұрлық) бен тұрақты сөз тіркестері (қолының суықтығы) синоним болып қолданғанда доминантқа көбінесе жеке сөз алынады. [6;14б] Сол секілді романдағы ***мәлім, айдан анық*** сөздері осы ережегі мысал бола алады. [2;66б] . Оның **қолының суықтығы** бар деп жерлес қыздарынан бұрынырақ естігенім өтірік емес. Бәлкім, ол **клиптоманиядан** зардап шегетін болар, ондай жандардың ұрламаса ішкен астары бойларына батпайды. Әйтсе де, **ұрлық** түбі қорлық, ендеше Лиля біреуге ор қазғанда оған өзі түсерін неге ойламаған? [2;27б].

Тілде белгілі бір стилистикалық қызметте жұмсалатын эвфемизмдер басқа бір сөздермен немесе сөз тіркестерімен мәндес келіп, синонимдер жасалады. Мысалы, ұрлық дегеннің орнына кейде жұмсартып, қолының суықтығы дейміз. Төмендегі сөздер мен сөз тіркестерін де эвфемизмдердің қатысымен жасалған синонимдердің қатарына жатқызуға болады: клиптомания-қолының суықтығы бар, ала жібін аттамау; өлді, қайтыс болды, дүниеден өтті, дүние салды. Осы синонимдік қатарлардың әрқайсысының соңғы сыңарлары-эвфемизмдер. [1;137б]. Белгілі бір тілдің лексикасы басқа тілдерден енген сөздермен де толығып, байып отырады. Кейде басқа тілдерден енген сөздер сол тілдің байырғы сөздерімен мәндес келіп, соның нәтижесінде синонимдер жасалады. [1;138б]. Мысалы, қазақ тіліндегі балақай-бэби синоним сөздердің екінші сыңары-ағылшын тілінен енген сөздер. Тоғыз жасар Ританы кішкентай **балақай** санап, қазіргі заманды **бэби** деп атайды. «Бэби» сөзі ағылшын тілінен сәби деген ұғымды білдіреді. [2;26 б].

Синонимдердің сәл ғана мағыналық нәзік айырмашылықтарды қамтып, оралымды түрде жеткізе білуде мәні айрықша. Мұнымен бірге, синонимдердің стильдік мәні де күшті. Сөйлемде я жазуда бір сөзді қайта қайта қайталай беру , мысалы, алдыңғы сөйлемде қолданылған сөзді, соған байланысты екінші сөйлемде қайталап қолдану кейде стильдік жағынан кемшілік тудырады, қолайсыз, ретсіз болып көрінеді. Мұндай жағдайда сол сөздің синонимін тауып қолдану орынды, келісімді болады. [1;138 б]. Мысалы: Және Август Стриндбергтен нағыз жазушыларға тән **қасиетті** тауып алып қуанғанымды жасырмаймын. Көрнекті жазушыларға ортақ тамаша **қылық** осы. [2;86 б]. Со замат бұл енді әлі жасы онға да толмаған бейкүнә сәбидің **беті** емес, салиқалы, ақылды үлкен адамның **өңі** дерсің, болмаса ежелгі сфинкстің тас мүсінінен аумай мелшиеді де қалар еді. [2;27 б]Осы сөйлемдегі қасиет деген мен қылық деген бір-біріне синоним де, беті мен өңі бір-біріне синоним. Жазушы бір сөйлемде бір сөзді қайта-қайта қайталамай, оның синонимдерін тауып қолданған. Осының нәтижесінде сөйлем де көркем құралған. Тілде синонимдердің мол болуы сөздік құрамының бай, әр тарапты екендігін көрсетеді. Сөздік құрам неғұрлым бай, әр тарапты болса, тіл де соғұрлым бай орамды болады. Сөйтіп, синонимдердің молдығы –тілдің байлығын, дамыған тіл екендігін аңғартатын көрсеткіштің бірі. [1;138 б].

Ә.Болғанбаев: «Синонимдер сөздердің жалпы мағыналық бірлестігіне қарай топтастырылады. Яғни бір ғана ақиқат шындықты көрсетіп, бір ғана ұғымды білдіретіндіктен олар синоним болып табылады» [6;49] .

Синонимдік қатарлар әр сөз табының құрамында бар. Зат есімдерден болған синонимдер: [1;131б].

1) Бірақ, суретшінің қылқаламының құдыреті сонша, әлгі екеудің арасында өзара әлдебір өмірлік, маңызды, тілсіз **келісім** орнап қойғанына шүбә келтіру тағы да мүмкін емес. Кім біледі, әлде мына малғұн шеберді өзі иектеді ме екен, бәлкім, бұлар о баста **ымыраға** келе беруге мүдделі ме осы?! [2;19б].

2) Үй иесі, қожайын [2;64б].

3) Түбін қаза келсең, сен менің **туысым** едің ғой, сол үшеудің ішіндегі ең **жақыным** сен едің, сен неге сөйттің, кәне айт!-деп тепсіндім мен өзім де елеске айналып жатқандай бара жатқандай сенделіп.
4)-Кәне, құдайшылығын айтшы, менен қандай **қиянат** көрдің , қандай **жамандық** таптың?
5) Саған деген өкпем қара қазандай, Жамал, енді сені көргім де келмейді, **құдай** қаласа, **тәңірдің** өзіме берген бағы мен ***ырзығынан, құт-берекесінен*** мен құр қалмаспын.
6) Байлық, дәулет[2;74б].
7) күш, қуат [2;19б].
8) сұлу, бойжеткен
9) Мектепте Ританың **беделі** зор, **мәртебес**і биік болуы үшін сүйікті мамочкасы аянбайтын түрі бар. [2;32б].
10) Мезет, сәт, кез

Сын есімдерден болған синонимдер:
1) Болмашы, мардымсыз [2;87б].
2) Ақ тиіні көп**, саф** таза, мүлгіген сұлу мекен және бірінші қабаттағы маған берілген бөлменің **мұнтаздай** таза көрінгені алдамшы емес пе екен.
3) Шындығында, **бірлі-жарым** жанның ашыққаны түк емес, халық тоқ болса,оның жарасы жеңіл. [2;16б].Күн сайынғы күзеттегі санаулы иттей бағынышты өмірім мені жалықтырып жібергені сонша, **санаулы** мезет қалғанда бала бағушылығыма тұнжырап зорға шыдайтын болғанмын. Бірлі-жарым, санауы сөздері азғантай ұғымында қолданылып тұр.[2;67б].
4) Бөгде, жат
5) ....әрі **негізсіз**, әрі **себепсіз** де емес екіұшты үрейдің әсері билеп мен қоса отырдым.

Етістіктен болған синонимдер:
1)Дауылдатып, сыпыра соғып
2) Әлгі суреткен бір қарағаннан **арбалып, бадалып** қалдым, ...Осы мысалдарды синтаксистік синонимдердің фактілері деп қабылдауымызға болады. [4;19б].
3) Біз қазақтығымызды **қорладық**, ата –бабамыздың мейірбан, ақ-адал дәстүріне, бауырмал дүниетанымына **қиянат қылдық**. Адам өз қанынан **безінсе**, бабалар рухынан **бас тартса** не болғаны. Берілген мысалдарымның көбі дерлік синтаксистік синонимдер болып табылады. «Синтаксистік конструкциялардың варианттары дегеніміз белгілі бір мазмұнда әр алуан синтактистік тәсілдермен жеткізу; мұндай тіркестер бірыңғайлықты білдірудің тәсілдерімен ғана ажыратылады» [5;24б].
4) Жансызданып, әр дәрмені құрыған[2;64б].
5) Сенің қатты **байып**, мол **дәулетке кенелгеніне** толық екі-үш жыл бола қоймаса да, байлықтың буынан **басың айналып**, сонша **масайрап**, кісіліктеніп кеттің, айтшы?
6) ....сонда сен мені сонша төмендеткің**, жасытқың**, **жабырқатқың** келіп өш алғаныңа әлі өкінерсің, қазақы жаның соған мәжбүр етеді сені , өйткені сен

әлі ана тіліңнің әсем ырғағын жадыңнаң өшірген жоқсын, ана сүтімен сіңген нәрсе балталасаң да кетпес. [2;74б].

7) Ританың қабағы **жадырап**, бұлттан шыққан күндей **жарқырап** күлім қақты.

8) Шырмалып, байланып

9) Зулап ұшатын әлгі карусельдің орындық құлағында отырған сәтте Соллогубтың «Чертовы качели»атты әйгілі өлеңінің шумақтары ойыма **оратылып**, шырмауықтай **буып** алды. [2;65б].

Үстеулерден болған синонимдер:

1) Ал төменірек, тасалау қалтарыста өңінен кісі шошитын, сұғанақ көз, дорба ауыз кәрі малғұн мына қызға **телміре** әрі **сұқтана** қарап, ішіп-жеп, бағып қалыпты. [2;19б].

2) Мұның қалайша тез мәреге таянғанын **қапелімде** екі жақ та білмей қалдық, сөйтіп, мен бір жұма ерте босадым. Және мына **кенет** «қызметтен қуылу» Жамал екеуміздің жүйкемізге бірдей салмақ салып, мейлінше жұқарып кеткені айдан анық. [2;66б].

Мырзатай Серғалиевтің «Синтаксистік синонимдер» атты еңбегінде былай дейді: «Тіл білімінде синонимдердің белгілі бір салаларға, тіл білімнің тарауларына байланысты жекеленіп, бөлінетіндігі сияқты (лексикалық, морфологиялық, синтаксистік) синонимнің түрлі бар, сөздердің мағыналық айшықтарына байланысты және оның сөз саптау шеберлігіне қарай басқа атаулармен аталады. Авторлық, жекелік, контекстік синонимдер осындай қасиеттерімен белгілерімен көрінеді» деп Мырзатай Серғалиев «Синтаксистік синонимдер» еңбегінде көрсеткендей. [7, 29б]. Жекелік синонимдерге мысал келтірер болсам: Лиля, шынында, **ұялмай, қызармай** өзіме жала жауып тұр. [2, 74б]. Дүниеде сондай бір бейкүнә **мәжбүрлік**, әншейін **мұқтаждық** болуы ғажап емес, кейде оның атын бейбіт түрде бала бағушы деп атаса керек. Материалдық әлемнің әміріне бағынып тап осынау тәуелді күйге ұшырап тұрғандықтан да оның әзәзіл атрибуттарын мойындамауға, өзім кіріптар күйден арылғанша **жауығуға, жек көруге** тырыстым. [2, 26б]. Мақаламды ғалым Рабиға Сыздықованың сөзімен қорытындылайтын болсам: «Синонимдер – ол мағыналас келген сөз қатарлары ретінде тек қана лексикалық категория емес, сонымен қатар ең қуатты икемді, көркем сөздегі мәнді әрі мағыналы, стильдік құрал» деп айтып өткен [8, 28б] деп синонимнің ерекшеліктерін нақтылай аламыз.

Әдебиеттер:

1. Аханов К. «Тіл білімінің негіздері»:-Алматы. Өлке баспасы, 2010.-560б. Қайта басылым
2. Айгүл Кемелбаева «Мұнара» (роман), Алматы, 2003. 163 б
3. bizakov_s_sinonimder_sozdigi.pdf 287-бет
4. Балақаев М., Жанпейісов Е., Томанов М., Манасбаев М., Қазақ тілінің стилистикасы.-Алматы: Ғылым, 1974.-127 б
5. Серғалиев М. Синтаксистік зерттеулер. Павлодар: С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2010.

6. Болғанбаев Ә. Қазақ тіліндегі синонимдер,-Алматы,1970
7. Серғалиев М. Синтаксистік синонимдер. –Алматы, 1991
Оразбаева Ф. «Қазіргі қазақ тіліндегі сын есім синонимдер» . Алматы: Мектеп, 1988ж

УДК 81.378 (574.1)

РОЛЬ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОСТРАНСТВЕ

Курманова Ж.Б., Байтлесова А.

Аннотация: *Бұл мақалада Қазақстанда ағылшын тілі ерекше рөл атқаратыны көрсетілген. "Тілдердің үштұғырлығы" бағдарламасы, "Болашақ" бағдарламасы, "Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы" Заң зерделенді. Ағылшын тілі әлемдік мәдени және экономикалық қоғамдастыққа кірігудің маңызды факторы ретінде қарастырылады.*

Кілт сөздер*: тіл, мәдениетаралық коммуникация, үштілділік, сапалы білім.*

Abstract: *This article shows that the English language in Kazakhstan has a special role. The program "Trinity of languages", "Bolashak" program, the Law "On languages" in the Republic of Kazakhstan" were studied. English is considered as an important factor of integration into the world cultural and economic community.*

Key words*: language, intercultural communication, trilingualism, quality education.*

Иностранный язык – это ключ к волшебной дверце, за которой лежит мир иных стран, иных народов – такой же огромный, как наш родной, но повернутый новыми, удивительными гранями. Через различие и многообразие языков нам открывается богатство и многообразие мира.

Государственная политика в области лингвистического образования в Республике Казахстан направлена на гармоничное развитие трехъязычия, в связи с чем английскому языку отводится роль языка для успешной интеграции в мировую экономику. В связи с трансформационными и интеграционными процессами, охватывающими мировое пространство, английскому языку в Казахстане отводится особая роль [2].

Принимая во внимание то, что в Казахстане вводится трех-язычное обучение в школах (а затем и в высших учебных заведениях),

знание английского языка в обозримом будущем станет чем-то обыденным и обязательным. Важно отметить, что в большинстве университетов Казахстане уже существуют группы со смешанным языком обучения. Казахстан будущего. В нашей стране все понимают, что английский язык важен. Иностранный язык улучшает нашу способность запоминать новую информацию. В общении с другими людьми, пожалуй, заключается суть изучения иностранного языка [1, 4].

В настоящее время в Казахстане, наряду с казахским языком, в школах изучается более 10 национальных языков народов, проживающих в стране. Это дает возможность представителям всех национальных меньшинств Казахстана приобщаться к собственной культуре, истории, получая знания на родном языке. ... К сыгравшему свою позитивную роль русскому языку добавляется английский, который поможет раздвинуть рамки современных знаний, успешно овладевать новыми технологиями, раздвигать границы бизнеса. ... В настоящее время иностранные языки становятся одним из главных факторов как социально–экономического, так и общекультурного прогресса общества [4].

Программа «Триединство языков» нуждается в тщательном социолингвистическом анализе; необходимо научно обосновать образовательную языковую программу в соответствии с предложением президента Н.Назарбаева об изучении трех языков: казахского как государственного, русского как языка межнационального общения, английского как языка мировой экономики, т.е. как иностранного. Ибо в данном случае – это язык специалистов, а не обязательный для всех язык.

Первым в космосе кроме русского был еще и казахский язык. Капсула с космонавтами могла приземлиться среди бескрайних казахских степей, а найти ее первым мог чабан, пасущий баранов. Чтобы и он, не знающий русского, мог доставить найденный объект куда нужно, на космических объектах писали на двух языках. Теперь в космосе наиболее востребован английский. Казахстан стремится к космическим успехам: на его земле сегодня пишут и разговаривают как минимум на двух языках и делают многое, чтобы в ближайшем будущем абсолютно все заговорили на английском.

Полный переход на казахский в стране запланирован на 2025 год. Но пока Казахстан только на пути к этой цели, во многих офисах чаще говорят по-русски, чем по-казахски только потому, что часто это - единственный язык, который понимает весь интернациональный коллектив. Все работодатели, которых мы опросили, считают, что русский язык знать нужно. О владении казахским рекрутеры чаще писали «желательно», обязательным для работы это язык назвали всего треть опрошенных компаний. Большая часть соискателей считает, что

владеет русским в совершенстве, на казахском же свободно говорит три четверти опрошенных. Можно утверждать, что на сегодня работодатели и соискатели находят общий язык в этом вопросе: спрос не отличается от предложения, а русский по-прежнему востребован для межнационального общения [3].

Важно, что часть опрошенных сейчас активно изучает казахский, то есть работает на перспективу, когда роль русского языка в обществе должна заметно уменьшиться. Популярность казахского растет. У соискателей есть еще 10 лет, чтобы его выучить! Третий кит – английский. Важно делать упор и на английский. Его роль в обществе растет, в 117 школах РК введено трехъязычное обучение, а через десять лет все школы перейдут на эту систему. Старшеклассники начнут изучать несколько предметов на английском. Компании так долго ждать не хотят: уже сегодня подавляющее большинство считает, что изъясняться на нем обязательно – так думают 92% опрошенных работодателей. И это при том, что международные исследования, которые были проведены осенью, показали, что Казахстан на 54 месте по владению английским, то есть общий уровень – ниже среднего. Правда компании пока не предъявляют завышенных требований: почти половине достаточно и элементарного владения (45,2%), чуть меньше хотят от своего работника продвинутого уровня (32,3%), профессиональный же английский от сотрудников ждут 22,6% опрошенных [5].

Иностранный язык в техническом вузе изучается как прикладная дисциплина, то есть владение иностранными языками является не самоцелью, а необходимым и обязательным компонентом профессиональной подготовки, а в дальнейшем и успешной деятельности современного инженера-технолога. Следовательно, курс иностранного языка носит профессионально-направленный и коммуникативно-ориентированный характер.

Английским языком в разных странах мира, Казахстан с индексом 43,83 занял 93-е место из 100. в ежегодном исследовании English proficiency index, определяющем уровень владения. Уровень владения английским языком в казахстане по-прежнему оценивают как очень низкий. в этом году индекс казахстана ещё ниже, чем в предыдущем (45,95). в 2018 году республика заняла 80-е место из 88. тенденция к ухудшению наблюдается с 2017 года. "очень низкий" уровень означает, что взрослое население страны может составить простой рассказ о себе (имя, возраст, страна), понимает простые символы и способно дать простые указания иностранному туристу. Исследование показало, что в Казахстане уровень владения английским языком выше всего в Нур-султане, Алматы, Караганде и Кокшетау. самые низкие показатели в Атырау, Таразе, Кустанае и Шымкенте.
при этом мужчины (индекс 44.04) владеют английским чуть лучше, чем женщины (43,71).

Авторы исследования отмечают, что видят корреляцию между уровнем развития человеческого капитала в стране и уровнем владения английским языком. но Казахстан, как видно на графике, выбивается из общей тенденции. при достаточно высоком показателе уровня развития знание языка остаётся низким. "Уровень владения английским языком в центральной Азии заметно ниже, чем в остальном регионе отчасти потому, что в качестве второго языка в школах чаще всего преподают русский язык", – отмечают авторы исследования.
они отмечают, что регион начинает больше ориентироваться на международную торговлю, поэтому центральная Азия всё больше будет нуждаться в людях, знающих английский язык. Лучше всех, по результатам исследования, английским языком владеют жители Нидерландов (индекс 70,31), Швеции, Норвегии, Дании и Сингапура. ниже Казахстана в списке такие страны, как Камбоджа, Узбекистан, Кот-д'Ивуар, Ирак, саудовская Аравия, Кыргызстан и Ливия [6].

По данным статистики 2000-2015-2021 сколько человек изучили английский язык. Казахстан активно осваивают английский язык, под влиянием процессов глобализации. Если в 1991 году доля населения, владеющего английским языком, составляла лишь 2%, к 2012 году она увеличилась до 11,6%, а сегодня их доля составляет уже 23,7%.

Порядка 60 процентов выпускников программы "Болашак" работают в крупных иностранных компаниях. "Болашак" достаточно хорошо описан - поиск, отбор, обучение, мониторинг, возвращение, а потом что дальше с ними происходит, вот здесь нет механизма передаточного. То есть концентрация на тех ключевых секторах, участках.

О триединстве языков в Казахстане Президент нашей страны говорил неоднократно. Наряду с духовным развитием народа Казахстана оно было выделено как отдельное направление внутренней политики.

Из общего числа выпускников Болашак 53% завершили обучение по гуманитарным специальностям, 37,8% – по инженерно-техническим, 7,4% – медицинским и 1,8% – творческим специальностям.
"Если говорить об агашкизме, на госслужбе очень мало на самом деле болашаковцев. 219 человек работают на государственной службе. В нацкомпаниях - порядка 18-20 процентов. А вот свыше 60 процентов сконцентрированы в частных иностранных компаниях. И вот такого фокуса, концентрации не получилось.

В 2019 Казахстан занял 93-е место в этом рейтинге. Исследование показало, что в Казахстане уровень владения английским языком выше всего в Нур-Султане, Алматы, Караганде и Кокшетау. Самые низкие показатели в Атырау, Таразе, Костанае и Шымкенте [4].

"Уровень владения английским языком в Центральной Азии заметно ниже, чем в остальном регионе отчасти потому, что в качестве второго языка в школах чаще всего преподают русский язык".

Литературы:
1. Аязбекова С. Ш. Картина мира этноса, Коркыт ата и философии музыки казахов. А. «КИЦ ИФП МОН РК», 1992, 42
2. Конституция Республики Казахстан.
3. Закон РК «Об образовании».
4. Закон «О языках в РК» от 11 июля 1997 г. (с изменениями и дополнениями по состоянию на 18.01 2012 г.)
5. Лекторский В.А. о толерантности, плюрализме и критицизме. «вопросы философии» 1997, №11, с,46-54

НАШАР ЕСТИТІН БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІНДЕГІ БҰЗЫЛЫСЫМЕН ЖҰМЫС

Мамбеталиева Г.З.
Қ. Жұбанов атындағы Ақтобе өңірлік университетінің
2 курс магистранты

Аннотация: *Бұл мақалада есту қабілеті зақымдалған балаларға түзетушілік - дамытушылық жұмысты ұйымдастырудың ерекшеліктері қарастырылған. Түзетушілік жұмыстың негізі баланың анализаторлық жүйесіне сүйену болып келеді. Қарым -қатынас құралы ретінде сөйлеу тілін қалыптастыру балалардың іс-әрекеті мен ересектермен бірлескен іс-әрекетінде психофизикалық және жасерекшеліктеріне сәйкес жүзеге асырылады.*

Тірек сөздер: есту қабілеті зақымдалған балалар, оңалту шаралары, ықпал етудің түзетушілік бағыты, білім берудің орынбасушылық білім беру аймағы

Аннотация: *В данной статье рассмотрены особенности организации коррекционно - развивающей работы с детьми с нарушениями слуха. Основой коррекционной работы является опора на анализаторную систему ребенка. Формирование речи как средства общения осуществляется в соответствии с психофизическими и возрастными особенностями детей в их деятельности и совместной деятельности со взрослыми.*

Ключевые слова: *дети с нарушениями слуха, реабилитационные мероприятия, коррекционная направленность воздействий, компенсаторно-образовательная область образования детей.*

Annotation: *This article discusses the features of the organization of correctional and developmental work with children with hearing impairments. The*

basis of correctional work is the reliance on the analyzer system of the child. The formation of speech as a means of communication is carried out in accordance with the psychophysical and age characteristics of children in their activities and joint activities with adults.

Keywords*: hearing impaired children, rehabilitation measures, corrective action orientation, compensatory and educational area of children's education*.

Ерекше білім беруді қажет ететін балалар білім алуда уақытша немесе тұрақты қиындықтары денсаулық жағдайларына негізделген, арнайы, жалпы білім беру және қосымша білім беру бағдарламасы бойынша білім беру бағдарламасын қажет ететін балалар. Барлық балалар үшін сапалы білім беруді қолға алып отырған мемелекетімізде бүгінгі күні ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін инклюзивті білім беру жүйесі қолға алынуда. ҚР 2011-2020ж арналған білім беруді дамыту бағдарламасында (2010 ж 7 желтоқсанда, № 1118 бұйрықпен бекіттілген) 2015 ж дейін ерекше білім беруді қажет ететін балалардың 25%, ал 2020ж - 50% инклюзивті біліммен қамтылуы қажет екендігі аталып көрсетілді. Осы орайда сапалы білім беру мен ерекше білім берудің қажеттілігі бар балаларды кешенді қолдау мен сүйемелдеу жолында аталмыш категориядағы балаларға түзете-дамытушылық көмек көрсететін оңалту кабинеттерінің ролі де ерекше.

Зерттеулер көрсеткендей, ерекше білім беруді қажет ететін балаларға түзету және дамыту бағдарламалары негізіндегі кешенді көмек көрсету мүмкіндіктері, қарқынды дамуына үлесін қосады. Түзеу педагогикасының ұлттық ғылыми-практикалық орталығында бастау алып, жасалған «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы шілденің 11-ндегі № 343 Заңында мүмкіндіктері шектеулі балаларды қолдау мен олардың құқықтарын қорғауда жаңа принциптік бағыт белгіленді. Жоғарыда аталған Заңның 3-ші бабында «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау баланың туғанынан басталып, ол кәмелеттік жасқа толғанға дейін, жаппай кешенді медициналық, психологиялық, педагогикалық және әлеуметтік тексеру мен кәсіби диагностика жүргізу, оңалтудың жеке бағдарламасын әзірлеу, медициналық, педагогикалық, психологиялық, әлеуметтік қызметтер көрсету және еңбекке баулу арқылы жүргізіледі» деп көрсетілген. Заңның негізгі мақсаттарының бірі «туа біткен және тұқым қуалайтын ауруларды, қалыпты дамудан ауытқушылықтарды ерте бастан (туған кезден) анықтау». Ал Заңның негізгі принципі ретінде «балалардың қабілеттерінің шектелу дәрежесіне, жасына, әлеуметтік мәртебесіне қарамастан, ерте қолдау мен білім алуға қол жеткізуін және тең құқықтылығын» атап өтуге болады [7 ,4]

Арнайы білім беру саласында ерекше білім беруді қажет ететін балалар категориясының бірі – есту қабілеті зақымдалған балалар болып келеді. Деректерге көз салатын болсақ, өкінішке орай ерекше білім беруді қажет ететін, соның ішінде есту қабілеті зақымдалған балалардың саны артып келеді. Қоғамда аталмыш балалардың санының артуы, жаңа технологиялар

бетбұрысы мен арнайы педагогикадағы дәстүрлі және жаңа білім беру бағдарламасын енгізделген бағдарламалар білім беру мен тәрбие сапасына деген сұраныстар артып отыр. Осы орайда есту қабілеті зақымдалған балаларға оңалту кабинеттерінде түзету-дамыту жұмысын ұйымдастыруға деген талаптар өзіндік жүйелілікті талап етіп отыр. Отандық (Р.А.Сулейменова, А.Н.Аутаева, Б.С. Халықова, А.К.Ерсарина, А.К.Жалмухамедова) және шетелдік (Н.Д.Шматко, Л.И.Аксенова, Е.М.Морозова, А.А. Венгер, Г.Л.Выгодская, Э.И Леонгард Ю.А.Разенкова, К.Хундейде) ғалымдардың зерттеулері есту қабілеті бұзылған балалардың кемістіктерін анықтау және түзете көмек көрсетудің маңыздылығын айқындайды. Қоғамның қазіргі заманғы дамуында өсіп келе жатқан ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудің гуманистік бағытына көп көңіл бөлінеді.

Есту қабілеті зақымдалған балалардың өмір сүру сапасын жақсарту, интеграциялау мен әлеуметтендірудің қажеттілігі осы балаларға психологиялық педагогикалық көмек көрсету мәселесі өзекті бола бастады. Қазақстан Республикасының «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық - педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» заңында дамуында психофизикалық ауытқуы бар балаларды медициналық түзету және оңалту міндеті бекітіліп көрсетілген. Осы заңға сүйене отырып қазіргі кезде елімізде арнайы ұйымдар жұмыс істейді және сурдологиялық кабинеттер ашылып, сонымен қатар мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға қажетті техникалық көмек көрсетіліп жатыр [1].

ҚР оңалту кабинеттерінің іс-әрекеті ҚР білім және Ғылыми министрлігінің 2017 ж 14 ақпанда № 66 бұйрыққа сәйкес құжатпен бекітіліп, толықтырылған. ҚР психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерінің іс-әрекеттерінің типтік ережелеріне сәйкес аталмыш мекеме ерекше білім беруді қажет ететін балаларға кешенді педагогикалық-психологиялық көмек көрсету үшін жеке, топтық түзете –дамытушылық бағдарламаны жүзеге асыратын арнайы білім беру ұйымы болып саналады. Соңғы жылдары көптеген мемлекеттерде есту қабілеті бұзылған балаларға түзетепедагогикалық көмек көрсету жобаларын жүзеге асыру денсаулық сақтау, білім беру, әлуметтік қорғау іс-шараларында әлеуметтік жоба ретінде көрініс алады. Осыған орай мектепке дейінгі есту қабілеті бұзылған балаларды дамыту жағдайын жасау маңызды роль атқарады, ол білім алуға оптималды дайындықты қамтамасыз етеді. Есту қабілеті зақымдалған балаларға түзетушілік-дамытушылық көмек көрсетудің қажеттілігі жайлы XVIII—XIX ғасырларда мектепке дейінгі есту қабілеті бұзылған балаларды әлуметтік тәрбиелеуге дейін айтылып кеткен. Есту қабілеті зақымдалған балаларға ерте жастан көмек көрсету мен қолдауы жайлы В.И. Флери «естімейтін баланың дамуы мен тұлға ретінде қалыптасуының негізгі факторларының бірі ол қоршаған ортаның және анасының балаға көңіл бөлуі, сүйіспеншілігі» деп атап өткен. . Мүмкіндігі шеткеулі бала үшін бәрін істей алатын бірінші тәрбиеші ана болу керек. Баланың көруіне және еліктеуіне негізделе отырып бірінші сөздері мен сөйлеу тілін меңгерудегі өмірінің алғашқы жылдарының маңыздылығын көрсеткен.

Е.Ф.Рау (1950); Б.Д.Корсунская (1970), Э.И.Леонгард, Е.Г.Самсонова (1991); Н.Д.Шматко и Т.В.Пелымскаяның (1995) жұмыстарында қарастырылған. Олардың зерттеулерінен ерте жастан көмек көрсетудің бір қатар маңызды әдістемелерін бөліп алуға болады. Ғалымдардың айтуынша, отбасы мүшелерінде есту бұзылыстары бар болған жағдайда жаңа туған нәрестеге бақылау жүргізуді кеңес береді, мысалы: отбасында есту қабілеті бұзылыстары бар балалар болған жағдайда; бала естуіне әсер ететін аурулармен ауырған жағдайда; антибиотиктерді пайдаланған жағдайда. Бақылау кезінде баланың дыбыстарға деген реакциясына, гуіліне, былдыр түріне көңіл бөлінеді. Егер балада есту бұзылыстары барына күдік туса онда дәрігер-сурдологқа бару керек. Есту бұзылыстары бар балалардың ата-анасына ерте жастан түзету жұмыстарын жүргізудің маңыздылығын түсіндірген жөн. Егер екі-үш жасқа дейін естімейтін немесе нашар еститін балаларға түзету жұмыстарын жүргізбесе балада сөйлеу тілі өздігінен қалыптаспайтындығын, және ата-аналарға ерте жастан түзету жұмыстарын жүргізудің әсерін дәлелдейтін мысалдарды көрсеткен жөн. Ата-аналарды ерте жастағы жалпы және сөйлеу тілдік даму заңдылықтарымен, сонымен қатар еститін және естімейтін баланың дамуында өмірінің бірінші-екінші жылдарының маңыздылығын түсіндіру керек, өйткені осы жылдары заттық әлемді тану, сөйлеу тілін түсіну, сөйлеу тілінің дыбыстық және ырғақтықинтонациясы, яғни негізгі қарым-қатынас формалары қалыптасады. Осы даму компонентерін үш жастан кейін қалыптастыру үлкен күшті қажет етеді және ұзақ мерзімде жүреді. Отандық сурдопедагогикада ерте жастан арнайы көмек көрсетуді ұйымдастыру дәрігерлердің баланың естуінің төмендеуін анықтаған уақытынан басталады. Кей кезеде анасы немесе дәрігерлер естуінің төмендеуін байқап қалады. Бірақ тәжірибенің көрсеткіші бойынша көп жағдайда есту қабілетінің ауыр түрдегі бұзылыстарын бала өмірінің бірінші жылдарында анықтайды. Жалпы дамыту және түзету жұмыстары неғұрлым ерте басталса, нәтижесі соғұрлым жақсы болады. Есту қабілеті бұзылыстары бар балаға ерте жастан көмек көрсетудің негізгі шарттарының бірі ол естуін протездеу. Ата-аналарға дұрыс таңдалынған есту аппаратттарының мүмкіншілігін түсіндіру қажет: қоршаған әлем дыбыстарын қабылдау мүмкіндігі; заттардың және құбылыстардың құрамын тану; бала тәртібін реттеу үшін маңызы зор. Ерте жастан протездеу, жай ғана көру арқылы қабылдауға қарағанда әсері жоғары сөйлеу тілін есту-көру арқылы қабылдауын дамыту үшін; естіп қабылдауын дамту және өз сөйлеу тілін бақылау үшін маңызы зор. Ата-аналарға естуін протездеудің маңыздылығын ғана айтып қоймай сонымен қатар аппаратты дұрыс пайдалану ережелерін де түсіндіру керек: аппараттың жұмыс тәртібін дұрыс таңдау, аппаратты тағу және оны күту ережелерін сақтау. Аппаратты өз бетінше тағып жүру сөйлеу тілін толығымен қабылдауды қамтамасыз етпейді, естіп қабылдауын дамыту жұмыстарын жүргізген уақытта әсерлі нәтижеге жетуі мүмкін. Баламен үнемі тілдік қарымқатынаста болу қажеттілігі көрсетіледі. Ерте сатыдағы даму, яғни сәби және ерте жас бала дамуының шешуші кезеңдері болып табылады, өйткені ол заттық, соңыра

таман ойындық іс-әрекет, әр-түрлі қимыл әрекеті меңгеру стимулы, сөйлеу тілін түсіну және қолдануға жағдай жасайтын шешуші кезеңі болып табылады. Еститін баламен қарым-қатынас ойын немесе баланы күтумен байланысты кенеттен болатын жағдай ал естімейтін баламен қарым-қатынас жасау оңайға түспейді. Көбінде адамдардың бұндай балалармен қарым-қатынасы табиғи емес: олар бір сөзді қайталай береді, табиғи емес қимыл қозғалыстарды пайдаланады, кей кезде керісінше үндемей қалады. Сондықтан ата-аналарға немесе баланы қоршаған ересектерге қалыпты эмоционалды әсерленген, табиғи мимика және жесттермен бірге жүретін сөйлеу тілін қолдануды түсіндірген жөн. Сөйлеу тілін баланы күту барысының барлық кезендерінде пайдаланған жөн, мысалы баланы тамақтандыру, шомылдыру; ересек белгілі затты және болатын қимыл іс-әрекетті айтады. Сөйлеу тілі көп сөзді болмау керек: бірдей жағдайларда тек бірдей сөйлемдерді қолданған дұрыс – осылай бала айтылған сөздерді түсінуді үйренеді. Есту қабілеті бұзылған баламен қарым-қатынас жасаған кезде арнайы жағдайларды ескеру керек. Бала ересектің бетін жақсы көру керек, үнемі бала зейінін еріннің қозғалысына аудару керек. Егер балада есту аппараты бар болса баламен 1м ара қашықтықта қарым-қатынас жасау керек – осылай бала сөйлеу тілін естіп көруі арқылы қабылдайды. Кей кездерде сөздің айтылуын бекіту үшін сөзді бірнеше рет қайталаған мақсатты, сонымен қатар бала ерінді көрмейтіндей естіп қабылдауына сүйене отырып сөзді қайталау керек. Баланың зейінің қай жерде болмасын дыбыс заттарға аудару керек, дыбысты қайталап, дыбыс шығаратын заттын атын атап отыру керек (қасық құлады: бах; ит үрді: авав-ав: шаңсорғыш гуілдейді: у-у-у). Бала сөзді немесе дыбысты қайталауға талпыныс жасау кезінде ересек баламен бірге қуанып оны қолдайды. Бала іс-әрекетінің барлығы ересек арқылы педагогикалық ықпалмен жүруіне қарамастан үнемі жүйеленген сабақ жүргізу керек, сабақ мазмұны баланың жалпы дамуына және сөйлеу тілін дамытуға бағытталған арнайы ойындар мен жаттығулар жүргізілуі керек. [2].

Баланың жалпы дамуына бағытталған ойын, жаттығулар мен сөйлеу тілін және естіп қабылдауын дамытуға бағытталған жұмыстар спецификалық сипатта болады, өйткені ол баланың дамуындағы естіп қабылдау бұзылыстарына байланысты негізгі қиыншылықтарға бағытталған. Түзету жұмыстарын өткізу үшін ата-аналар үнемі сурдопедагогтың кеңесін алу керек. Есту және сөйлеу тілін дамыту жұмыстарының негізгі бағыты, ол есту аппараттарын үнемі қолдану жағдайында сөйлеу тілдік ортаны ұйымдастыру. Баланың сөйлеу тілін дамыту жұмыстары, ересектің келбетіне, оның сөйлеуіне, заттарына баланың көру және есту зейінін аударуға; балада былдырдың пайда болуына, ересектің заттық және сөйлеу тілдік іс-әрекеттеріне еліктеуін дамытуға, қарым-қатынас қажеттілігін қалыптастыруға; кейбір былдырдың және сөздердің мағынасын түсінуге бағытталған болу керек. Бұл бір күн бойына және сабақ барысында баламен қарым-қатынас үрдісінде өтетін күрделі жүйеленген жұмыс түрі. Егер есту қабілеті бұзылған баламен түзету жұмыстары өмір сүруінің бірінші

жылдарынан басталса, онда өмірінің екінші-үші жылдарында баланың сөйлеу тілін дамыту қарқыны жоғары болады.

Фонетикалық ырғақ – есту қабілеті бұзылған балалармен жүргізілетін негізгі тәсілдердің бірі. Фонетикалық ырғақты жүргізу барысында дыбыс, буын, сөз, сөз тіркестері белгілі бір қимыл қозғалыспен бірге жүріп отырады. Қазіргі таңда фонетикалық ырғақты пайдалану әдісі көптеген ғалымдардың әдістемелік құралдарында жазылған (Э. И. Леонгард, 1976, 1991; Т. А. Власова, А. Н. Пфафенродт, 1989, 1998; Н. Д. Шматко, Т. В. Пелымская, 1991,1993,1995) [3;5].Есту қабілеті бұзылыстары бар балалардың қалдық естуін дамытуды неғұрлым ерте бастаған жөн, өйткені бала дамуының бірінші жылдары есту анализаторларының жетілуі жүреді, ол педагогикалық жұмыстың әсерлі нәтижесін қамтамасыз етеді. Бала өмірінің бірінші айларында ересек дауысына, ойыншықтардың сылдырына кешенді көру-есту арқылы зейінін тоқтату үрдісі басталады. Баланың естіп қабылдауын дамытудың негізгі шарты ол ерте жастан есту аппараттарын пайдалану, есту аппаратын пайдалана отырып бала кейбір дыбыстарды қабылдайды әсіресе ересек сол дыбыстарға көңіл аударған жағдайда. Аппаратты тағу ересектер мен бала арасындағы қарым-қатынас барысында пайда болған былдыр сөздер мен гуілді жақсартады. Баламен ойыншықтардың сылдырына, өзінің атын атағанда, дыбыстын бағытын анықтауға, ойыншықтың атын білдіретін былдыр сөздерге және еліктеуші дыбыстарға көңіл бөлуге арнайы жаттығуларды жүргізу басталады. Айтарлықтай жүйеленген жұмыс түрі бала дамуының екінші жылдарында басталады. Балаға таныс затты білдіретін былдыр және толық сөздерді ажыратуды үйретеді. Баланы аппаратпен және аппаратсыз тыңдауды үйретеді. Біртіндеп айтылатын сөздердің ара қашықтығын ұлғайтады. Естіп қабылдауын дамыту бойынша жүгізілетін жұмыстар сөйлеу тілін қалыптастырумен тығыз байланысты: баланы естігенің қайталауға ынталандырады. Сонымен қатар балалар әуенді ойыншықтармен танысады және олардың дыбыстарын ажыратуды үйренеді. Біртіндеп естіп қабылдауына берілетін сөз және сөз тіркестерінің саны ұлғаяды. Арнайы естіп қабылдауын дамытуға бағытталған сабақтармен қатар балаларды қоршаған ортаның, көлік сигналдарын, тұрмыстық шуылдардың мағынасын және қажеттілігін түсінуге үйретеді. Бақылау әдісі. Диагностикалық зерттеу барысында біріне бақылау әдісін жатқызатын қалыптасқан және аз мөлшерде қалыптасқан әдістерді қатар қолдану қажет. Зерттеудің бастапқы кезеңінде бақылау әдісі тиімді. Баланың мінезін бақылаумен ата-ана да, педагог та айналыса алады. Даму барысында тежелістері бар балалардың мінез-құлқын бақылау қажеттілігі олардың ауытқуларының ерекшеліктеріне байланысты түсіндіріледі.

Баланың даму деңгейін толықтай анықтау үшін оның күнделікті әрекет барысында мінезқұлқын бақылау арқылы маңызды ақпарат алуға болады. Баланың мінез-құлығын талдау үшін негізгі ерекшеліктері мен жеке тұлғалық қасиеттерін анықтайтын көрсеткіштерді таңдайды. Мұндай толық ақпаратты күнделікті тұрмыс жағдайында, ойын, серуендеу кезінде, тұрмыста алуға болады. Бала туралы мағлұматты педагог алдын ала ата-анаға үйде бала

мінез-құлқын бақылау тапсырмасын бере отыра ата-анамен әңгімелесу барысында ала алады. Мысалға анасы серуендеу кезінде баланың басқа балалармен ойнай алатынын немесе жаңа орта, адамдар мен жағдаяттарға баланың реакциясын анықтай алады.

Педагог баланың мінез-құлқын бақылау арқылы және эмоциональдық-аффективті сала ерекшеліктерін, танымдық және нәтижеге бағытталған іс-әрекеттердің алғышарттарын және қарым-қатынас дағдыларын анықтай алады. Зерттеу жүйесі мына блоктардан тұрады: тексерілетін көрсеткіштер, көрсеткіш сипаты және ескертулер. Төменде ерте жастағы баланың мінез-құлқын бақылауға арналған кесте үлгісі берілген. Баланың дамуындағы жетістіктер көп жағдайда түзету жұмыстарының ерте жастан жүргізілуімен ерекшеленеді. Қазіргі уақытта бала өмірінің бірінші күндерінен немесе ерте жастан бастап есту қабілетінің зақымдалуын анықтаудың әдістері жасалған. Түзету жұмыстары ерте жастан күнделікті қарым-қатынас, жалпы дамыту жаттығуларын жасау және арнайы есту жаттығуларын жасаудан басталады. ересектер немесе педагогтар баланы әртүрлі көру, есту, сипап сезу танымдарымен байытады. Баланың бірінші күндерінен танымдық, эмоция, ойын, іс әрекетін дамытуға бағытталған жаттығулар жүргізіледі. Сонымен қатар тұрмыстық шуларға, ойыншықтардың дыбысталуына, дауыс, дыбыстардың қайдан шығып жатқанын анықтауға үйретеді. Оны жеке есту аппараттарын үнемі пайдалануға үйретеді. Ересектердің баламен қарым-қатынасының міндетті компонентері ол, үнемі сөйлеу тілі екпінінің болуы. Ересектердің сөйлеу тілін қабылдау баланың дауысының шығуына жағдай жасайды. Баланың сөйлеу тілін естіп қабылдауын дамытуға былдыр сөздер және дыбыс еліктеулері жатады[6].

Түзету жұмыстары үнемі есту аппараттарын пайдалану жағдайында жүргізіледі. Баламен қарым-қатынас жасайтын адамдардың барлығы қалыпты жағдайдағы дауыс ырғағымен сөйлеген жөн. Балаға қатты айқайлап сөйлемеген жөн: балада аккустикалық жарақат пайда болып оның естуі төмендеуі 43 мүмкін. Балада жуыну, ұйықтау кезінде аппарат болмаған жағдайда қалыпты дауыс ырғағында баланың құлағынан 5-10-50 см арақашықтықта сөйлеген жөн. Баланы оқытудағы жетістіктер кепілі балада жас ерекшелігіне сай әр түрлі іс-әрекеттер түрлерін қалыптастыру және дамыту болып табылады. Баламен қимыл қозғалыс, танымдық іс әрекетін, бейнелу, ойын іс әрекетін дамыту бойынша жаттығулар жүргізу аса маңызды.

Әр түрлі іс әрекеттерді дамыту баланың жалпы дамуын ғана емес, сонымен қатар оның сөйлеу тілінің дамуына әсерін тигізеді. Бала сөз немесе сөйлемді өзіне қызықты іс-әрекет барысында ересектердің күнделікті қайталауы кезінде жақсы меңгереді. Сонымен, есту қабілеті зақымдалған балаларға оңалту кабинеттерінде түзету жұмыстарын дұрыс ұйымдастыру аталмыш бағытта бірқатар жайттарды есепке алуға негізделеді. Дәлірек айтқанда, балалардың жас ерекшеліктерін, психологиялық және педагогикалық ерекшеліктерін есепке алу, оқыту мен түзетудің бағытталған әдістерін білу, және оларды тиімді жүзеге асыру.

Әдебиеттер:

1. Зайцева Г.Л. Система жестового общения глухих. // Язык в океане языков, — Новосибирск: Хронограф, 1993.
2. Корсунская Б.Д. Воспитание глухого дошкольника в семье.- М., 1970.
3. Шматко Н.Д., Пелымская Т.В. Если малыш не слышит.- М., 1995
4. ҚР «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы» Н.Ә.Назарбаев жолдауынан (2012). Егемен Қазақстан газеті. Алматы, 2012ж.
5. Соловьев И.М., Шиф Ж.И. Развитие образного мышления у слабослышащих и слышащих школьников младшего школьного. - В сб.: О психическом развитии глухих и нармольно слышащих детей. М., Изд - во АПН РСФСР,1962.
6. Зыкова С.А. Обучение глухих детей языку по принципу формирования речевого общения. М, 1961.
7. Халыкова Б.С. Организационно-технологические основы обучения детей дошкольного возраста с ограниченными возможностями в условиях реабилитационного центра. 13.00.03-Коррекционная педагогика. 13.00.07-Дошкольная педагогика:автореф.дис.на соиск.учен.степ.канд.пед.наук - Алматы: 2003. - 30 с. - Б. ц.

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ ТАНЫМДЫҚ ӘЛЕМІ

Муратбекова А.Б.
«№ 49 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, Орал қ.

Аңдатпа: *Мақаланың кіріспесінде таным ұғымы мен оның формалары туралы жазылып, тақырыпқа негіздеме жасалған. Негізгі бөлімінде Ыбырай шығармаларында көрінетін танымның ғылымилық, ұлттық және қоғамдық, әлеуметтік формалары туралы талданады. Ыбырай шығармалары арқылы оқушының танымын дамытуға қосқан үлесін жазады. Мақала ұлт ұстазы атанған Ыбырай шығармалары қазақ білімі мен ғылымының қайнар көзі екендігімен қорытындыланады.*

Кілт сөздер: *ғылымилық, ұлтшылдық.*

Аннотация: *В ведении к статье описывается концепция познания и его формы, а также даётся обоснование темы. В основной части анализируются научные, национальные и социальные формы познания, которые отражены в трудах Ыбырая. Ы. Алтынсарин пишет о своем вкладе в развитие знаний учащихся через свои работы. В статье делается*

вывод о том, что труды учителя народа Ыбырая являются источником знаний и науки.

Ключевые слова: *наука, национализм.*

Summary: *The introduction of the article describes the concept of cognition and its forms, and provides a rational for the topic. The main part analyzes the scientific, national and social forms of knowledge reflected in the works of Ibray. Ibray Altynsarin writes about his contribution to the development of students' knowledge through his works. The article concludes that the works of Ibray, a teacher of the nation, are a source of Kazakh knowledge and science.*

Keywords: *science, nationalism.*

Таным ұғымын ғылымда әлем туралы жаңа білім деп түсіндіреді. Дүниені тануды бала ерте жастан бастайды. Әуелі табиғат, қоршаған орта туралы таным қалыптасса, кейін қоғамдық, әлеуметтік, ұлттық таным жетіледі. Оны тұрмыстық таным деп атайды. Бала күнінен танымы жақсы қалыптасқан жанның ғылымилық танымы өте жоғары болады. Қазақ даласын күміс қоңырау үнімен тербеткен Ыбырай Алтынсарин өз шығармаларында танымның дәл осы формаларын шебер таныта білген.

Ағартушының «Талаптың пайдасы» әңгімесі арқылы жастарға әрдайым талаптанудың, талпынудың қажеттілігін ұғындырады. Бұл жерде автор патшаның ақылдылығымен қоса, баланың танымын кеңейтуге ден қою керектігін көрсетеді. Керітартпа мінезден аулақ болып, болам деген баланың белін буып, қанатын қатайтуды ұсынады. Оның шығармашылық тұрғыдан дамуына жағдай жасаудың өзі – балаға берілген дұрыс тәрбие екенін білдіреді. Қазақтың әр баласының арманына жету жолында талмай еңбек етуіне, ізденуіне, оған қолдау білдіруіне шақырады.

Таулардан өзен ағар сарқырағаң,
Айнадай сәуле беріп жарқыған.
Жел соқса, ыстық соқса, бір қалыпта
Аралап тау мен тасты арқыраған.

Қандай тамаша суреттеу! Оқушының табиғатты тануына арналған суреттеу. «Өзен» өлеңін оқып отырып, оқушы өзеннің бастауы таудан басталатынын, оның күнмен шағылысып жарқыраған нұр тарататынын артық сөзсіз-ақ ұға алады. Сонымен қатар табиғаттың әр бөлшегінің қызметін түсінеді: өзеннің ағатынын, желдің соғатынын, ыстық күнде шөл басатын су екенін. Оқырман заттар мен құбылыстардың негізгі сырын ұғынады, оның әсемдігі мен сұлулығын көз алдына елестетеді. Алғаш мектеп ашып, қараңғыда қалғыған ұлттың болашағын біліммен нұрландырған Ыбырай баланың ғылыми танымын арттыруға осылайша үлес қосты. Өзінің шағын әңгімелері арқылы күллі қазақ қоғамын тәрбиелеуге, ой-санасын жетілдіруге тер төкті. Ұлт ұстазының салған сара жолы қаншама мыңдаған шәкірттердің тәрбиелі, білімді болып өсуіне қызмет етті десеңші?! Білім мен тәрбие дүниені танудан, оның жақсы –жаман қасиетін білуден құралады. Бүгінде қанатын кеңге жайған тәуелсіз елдің білімді ұрпағы алғашқылардың бірі

болып, Ыбырай Алтынсаринге бас иеді. Себебі, ұстаз қазақ қоғамына «мектеп» ұғымын енгізіп, оған арнап оқулық жазды. Мектепті басқару ісі, оның жүргізілу тәртібі, оқыту ісіндегі келелі мәселелерді де алғашқы болып қолға алды.

Біз ғылым мен білім саласында жеткен жетістігіміз үшін, дамыған елдермен тең дәрежеде тұрып иық тірестіріп, білім сынына түскеніміз үшін ұлт ұстазының алдында борыштармыз десе де болады. Қазақта «үмітті ақтау» деген ұғым бар. Ыбырай үміт еткен жастар, сол үмітті ақтап келеді. Бүгінде білім саласы өзіндік тамырын тереңге жайып үлгерген іргелі бәйтеректей өсіп, өніп отыр. Ғылыми бастамалар, ғылыми жаңалықтар күн өткен сайын қарыштап дамып, әлемге танылды. Қоғам тек білім саласында ғана емес, барлық салада білімді азаматтар мен азаматшалармен толықты. Тәуелсіздік алған 30 жылдың ішінде өрелі білімі мен кәсіби білігі, қазақы тәрбиесі, адами құнды қасиеттерімен әлемге танылды. Бұның бәрі баланың сәби күнінен-ақ танымының дұрыс дамуынан бастау алатынын дәлелдейді. Ғылыми таным қашан да адамзатты шығармашылықтың шыңына жеткізеді.

Ыбырай Алтынсарин еліне адал қызмет ететін ұрпақ тәрбиелеумен қатар қазақ қоғамының санасын оятуды, ұлттық танымын жетілдіруді, жастарды оқытып тәрбиелеуді қолға алды. Тәрбие ісінің құдіретінен артық дүние болмайтынына өзінің шығармалары арқылы көз жеткізді. Сондықтан болар, біліммен бірге әр баланың бойына тәрбиені қоса сіңіруді мақсат етті.Шығармаларына арқау еткен тақырып пен идеяны өзіне таныс, оқырманға таныс күнделікті тіршіліктен, еңбек қоғамынан ала білді. Демек, Ыбырай әңгімелерінің қайнар бұлағы – халық, оның тұрмыс-тіршілігі, тәлім-тәрбиесі.

Қоғамның мәдениетті, білімді, тәрбиелі болуы – бала тәрбиесінде. Бір ғана «Асыл шөп» әңгімесін алайықшы. Осы әңгіменің түп негізінде қаншама адамгершілік қасиеттер: сабырлылық, төзімділік, адал еңбек ету, үлкенге жәрдемдесу, сөз мәнін ұғыну, ұят пен ар қамтылған?!Ыбырай қаламынан туған шығармалар тақырыптық жағынан еңбек, адамгершілік, өнерге баулиды. Жазушы сол заманның өзінде білім мен еңбекті егіз ұғымдай көрсетті. Еңбек ету арқылы адам баласының көптеген ғылыми жаңалықтарға қол жеткізетінін, танымдық өресі кеңейетінін «Өнер-білім бар жұрттар» өлеңінде нақты бейнеледі.Өнер мен білімді жанына серік ете жүріп еңбектенген адамның отынсыз тамақ пісіретінін, тастан қамалдай үй салатынын, теңізде еркін жүзетінін, дүниені жалықпай аралай алатынын астарламай, көзбен көріп, қолға ұстағандай етіп ұғындыра алды. Оқырманның қиялына жол ашып, білімге құштарлығын оятты. Білімді адамның «таңғажайыптар» жасай алатынына сендірді.

Әр бала отбасынан алған тәлім-тәрбиені қырық жыл азық етеді. Демек, Ыбырай әңгімелерінің балаларға арналуы да тегін емес. Жазушы өз шығармаларында ана мен баланың, әкемен баланың арасындағы сыйластық пен ізгілік, мейірімділік пен құрметті танытады («Аурудан аяған күштірек», «Әке мен бала», т.б.). Ананың мейіріміне қанып, әкенің өсиетін тыңдап өскен баланың түбінде жылы жүректі азамат боларына сендіреді. Сәби күнінен

отбасының тәрбиесінен мол тағылым алған бала өскенде сабырлы, еңбекқор, адамгершіл тұлға болып өседі. Бала ата-анасынан ерекше сүйіспеншілікті сезінеді. Оған да солай жауап беруге тырысады. Жүрегі мейірімге толы бала өскенде ата-анасын қарттар үйіне тапсырмайды. Керісінше оған қамқор болып, жас күнінен бойына сіңген ата-анаға деген құрметін танытады.

Оқырман қауым «Қыпшақ Сейітқұл» әңгімесін оқи отырып, арман мен мақсаттың оңды болуын түсінеді. Адал еңбекпен нан табуды үйренеді. Барын халыққа берген Сейітқұл арқылы көпке қол ұшын тигізуді, кәсіп қылуды үлгі тұтады. Адал еңбек еткеннің атағы озып, ұрлық қылғанның аты өшетінін көреді.Ол осы әңгімесі арқылы сабырлы болуға, әр істі ақылмен шешуге баулыды. Ел алғысына бөлену мен елдің құрметінің ер басына қалай келетінін түсіндірді. Көлемі жағынан шағын, түсінуге қиындық тудырмайтын, тілі жеңіл осындай Ыбырай шығармалары жас ұрпақтың бойына қаншама асыл қасиеттерді сіңіріп келеді, ұлттық танымымыздан ажыратпай, қазақ қоғамының тарихын бейнелейді.

Халқымыздың ұлы перзентінің ұрпағына қалдырған мұрасы - мол. Ширек ғасыр өмір сүрген ағартушының әр шығармасы өз құнын жойған жоқ. Ыбырай шығармаларының өзектілігі – жеке тұлғаның қалыптасуында өзіне-өзі сенімді, адами қасиеттері толыққан, ұлттық танымын шыңдаған шығармашыл тұлғаны тәрбиелеуге қажеттілігінде. Не керектің бәрін ғаламтор арқылы табатын, не іздесе де ғаламтордан көмек сұрайтын қазіргі қоғамда қазақ жастарының бойынаадами қасиеттер керек-ақ. Осы орайда тағдырының жазуына емес, еңбектенген адам мен адами қасиеттерімен танылған адамның дәулеті артатынын ұғындыру маңызды. Өйткені, қоғам өзіне –өзі талап қоя білетін, еңбекқор, шығармашыл тұлғаларды керек етеді. Ал, Ыбырай шығармалары қиянатшыл, қайырымсыз, жалқау болудан сақтайды. Ғылым мен білім надандықтан құтқарса, әдеби шығарма адамды мәдениетсіздіктен қорғайды. Сондықтан да, жазушы әр әңгімесінің соңын тағылымды қазақ афоризмдерімен, мақал-мәтелдерімен түйіндейді. Ол да оқырманның есінде ұзақ сақталып, өмірлік тәжірибеде қолдануға жетелейді.

Адамзат баласы туғаннан зерек болуы мүмкін, бірақ білімді бола алмайды. Ол даналыққа қол жеткізу үшін білімнің мол мұрасынан сусындау керек. Әртүрлі Ыбырай бастаған игі бастамалар осыны ұқтырды. Жас ұрпақты оқыта отырып, қоғамның іргетасын тәрбиеледі. Сол арқылы болашақтың жарқын үлгісін құрды. Жеке тұлғаның жан-жақты қалыптасуында танымның, тәрбиенің, сана мен сезімнің, ғылым мен білімнің орыны ерекше екенін өзінің шығармалары арқылы танытты. «Өнер-білім бәрі де оқуменен табылған» дүние екенін дәлелдеді. Қандай да бір зор табыстарға жету жолында тәрбиелі, білімді болуға жол сілтей білді. Қоғамның мұратын ұғынған тұлға оның болашағына жағдай жасады. Ұстаз – бала жанының шамшырағын жақты. Білімнің шырағын жаға білген ұстаз мерейі әрқашан үстем болмақ.

Ыбырай Алтынсарин салған із қазақтың рухани қазынасынан бастау ала отырып, мәдениет пен білімнің шыңына жеткізді. Надандық құрсауынан шығарудың жолын нұсқады. Ол үшін қазақ жастарын оқыту

ісін қолға алып, көркем шығарма арқылы оларды тәрбиеледі. Қазақтың жанын айтқызбай ұқты, мұқтаж дүниесін айқындады. Таусылмас білім теңізінен қанып ішіп, құмары қанғанша сусындауды бұйыртты. Білімнің жерін жыртып, дәнін септі. Ұстаз бола жүріп, тәрбиеледі, тәрбиеші де болды. Философиялық тұрғыдан танымының дамуына ықпал етті. Қазақ даласын біліммен қаруландырды. Құнын жоймайтын саф алтынның сынығын қолымызға ұстата білді. Тұтас ұлт осы үшін де оған тағзым етті, есімін ұлықтады. XXI ғасырдағы жаңашыл қоғам Ыбырайдың әңгімелерінен әлі де нәр алып, бастауынан сусындай бермек. Өйткені, білім – таусылмас қазына, жоғалмайтын мұра.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан тарихы – энциклопедиялық анықтама. Алматы, 2006 ж. «Аруна» баспасы.
2. Тұрғынбаева Б. Ыбырай қазақ балаларына арнап қазақ тіліндегі тұңғыш оқу құралы — Қазақ хрестоматиясын жазды // Аңыз адам: Жұлдыздар отбасы. — 2013. — № 17 (77).
3. Алтынсарин Ы. Кел, балалар, оқылық: Өлең, әңгімелер мен мақал, жұмбақтар. — Алматы: Атамұра.
4. Әлдибеков Ж. Қазақ даласындағы әділетсіздікті, заңсыздықты көріп жаны күйді // Аңыз адам: Жұлдыздар отбасы. — 2013. — № 17 (77).
5. https://bilim-all.kz/article/ сайты.

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРДАҒЫ АРНАЙЫ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мусина Н.М.

«Халықарлық сандық технологиялар сәулет және құқық колледжі» МЕББМ менеджмент магистрі

Аңдатпа: *Бұл мақалада жоғарғы оқу орындарда педагог-практиктер әдістемелік әрекет маңызы мен ерекшеліктерін, Қазіргі таңда оқу үдерісі-кәсіби білім беру мекемелерінде білімді ұйымдастырудың басты тетігі болғандықтан болашақ маманның шығармашылық және кәсіби жетілуі оқу үдерісінің оңтайлы, мазмұнды, тиімді басқарылуына тікелей байланысына тоқталамыз*

Тірек сөздер: *оқыту әдістемесі, техникалық пәндер, кәсіби даму, инертті әдіс, қарқынды әдістер, қарқынды әдіс*

Аннотация: *В данной статье мы остановимся на значении и особенностях методической деятельности педагогов-практиков в высших*

учебных заведениях, на прямой связи творческого и профессионального совершенствования будущего специалиста с оптимальным, содержательным, эффективным управлением учебным процессом, так как в настоящее время учебный процесс-главный механизм организации образования в профессиональных образовательных учреждениях.

Ключевые слова: *методика обучения, технические дисциплины, профессиональное развитие, инертный метод, интенсивные методы, интенсивный метод:*

Annotation: *In this article, we will focus on the significance and features of the methodological activities of teachers-practitioners in higher educational institutions, on the direct connection of the creative and professional development of a future specialist with optimal, meaningful, effective management of the educational process, since currently the educational process is the main mechanism for organizing education in professional educational institutions.*

Keywords*:teaching methods, technical disciplines, professional development, inert method, intensive methods, intensive method.*

Егеменді Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жетістіктері, халықаралық қарым-қатынасының кеңеюі экономиканың қай саласында болсын жұмыс пен қызметті ұйымдастыруды әлемдік талаптармен үйлестіруді қажет етуде. Елімізде жоғары кәсіби оқыту мамандарының жоғары кәсіби дайындығын зерттеу мәселесі жағынан бірқатар тәжірибелер жиналған. Қазіргі кезде кәсіби білім саяси-қоғамдық және психологиялық-педагогикалық білім саласында кеңінен өріс алды. Әсіресе, болашақ мамандарды ғылыми теория және іс-тәжірибе бағытында дайындауға зерттеулер, педагогика ғылымдары жүйесінің әр саласында жүргізілп келеді.Бұл ең кең етек алып келе жатқан еңбек нарығындағы құбылыстардың бір көрінісі. Бұл үздіксіз процесс, оны тоқтату мүмкін емес. Сондықтан білім саласынқоғамның осы ерекшеліктеріне қарай бейімделу қажет. [1]

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Жаңа әлемдегі жаңа қазақстан» атты жолдауында да Қазақстандағы білім беру жүйесінің алдында тұрған негізгі мәселелерге тоқталып өтті. Жолдаудың біздің алдымызда қойып отырған басты міндеті- еліміздегі білім берудің ұлттық үрдісін әлемдік стандарттарға сәйкестендіре отырып, білім сапасын арттыру. [1]

Қазіргі таңда оқу үдерісі-кәсіби білім беру мекемелерінде білімді ұйымдастырудың басты тетігі болғандықтан болашақ маманның шығармашылық және кәсіби жетілуі оқу үдерісінің оңтайлы, мазмұнды, тиімді басқарылуына тікелей байланысты болып табылады. Осыған байланысты бұрын гностикалық бағыт яғни, «білімдік» бағыт орын алған болса, қазіргі кезде іс-әрекеттік бағытқа көшу қажет болып отыр. Қазіргі оқытудың негізгі мақсаты барлық еңбек түрі, формасы бойынша белсенді іс-әрекет қабілетін қалыптастыру. Бұл, білім алушылардыңтанымдық іс-әрекеттерін басқару құралдары мазмұны мен құрылымына да байланысты. Білім - өзінің негізгі ағартушылық мақсатынан, студент тұлғасының дамуы

мен оның танымдық іс-әрекетін басқару құралына айналуы керек. Бұл, өз кезегінде, болашақ маман, бүгінгі студент өзінің болашақ мамандығында білімді таза күйінде пайдаланудан гөрі, оның нақтылы практикалық жағдайларда қолдана білу қабілетінің болғанын қажет етеді деген сөз. Сол себепті, оқыту үдерісінде ең маңызды рөл білім алушыға беріледі, мұнда оның басты қызметі оқытатын пәнінің мазмұнын ашу емес, студенттердің танымдық әрекеттерін басқару болып табылады. Осыған байланысты оқытушыға өзінің күнделікті педагогикалық әрекеті барысында төмендегі: өз пәнін оқытуда ынғайластырылған нәтижеге жету; студенттердің белсенді оқу әрекеттерін жетілдіру; пәнді оқуға қызығушылықты арттыру; оқытылып жатқан мазмұнды студенттердің кәсіби тұрғыдан қалыптасуына бағыттау; оқыту құралдарын, формаларын және әдістерін таңдауды дидактикалық және психологиялық тұрғыдан негіздеу міндеттерін шешу қажет болады. [2.97,]

Арнайы пәндерді оқыту әдістемесі жоғары оқу орындарына мекемелеріне педагогтар даярлаудың маңызды компоненті болып табылады. Әдістемелік білім оқытушылар мен өндіріс шеберлерінің кәсіби әрекеттерін қамтамасыз ете отырып, осы әрекеттердің әдістері, тәсілдерімен тығыз байланыста педагогикалық шығармашылығын қалыптастырады. Қандай педагог болмасын өзінің білім алушыларының сүйіспеншілігіне бөлену үшін өз пәнін жете меңгеруі тиіс. Дегенмен, жоғары оқу орны барлық мамандықтарға байланысты білімдер жүйесін қамтамасыз ете алмайды. Сондықтанда оқытылатын пәндер бойынша, жаңа білімдерді қалыптастыруды қамтамасыз ете алатын әдістемелік білімдер қажет болады. Мәселенің мәнісі, кәсіптік білім беру мекемелері мен жоғарғы оқу орындарында жоспарына ендірілген барлық оқытылатын арнайы пәндердің мазмұнын меңгеруде жатыр. Көптеген жағдайда аталынған мекемеге өз пәнін жете меңгерген, жоғары санатты мамандар келеді, десекте, олардың студенттердің сабақта жұмыс істете алуын ұйымдастыра алулары тиіс. Өйткені, оқыту үдерісін ұйымдастыру тек өз пәніңді ғана жақсы білу ғана емес, сонымен қатар, оқыту үдерісінің заңдылықтарын, студенттердің оқу әрекетінің психологиясында жетік білу қажет болады. Өз пәнің бойынша біліміңді оқыту үдерісін білумен байланыстыру жайдан-жай бола бермейтін құбылыс. Көптеген жақсы инженерлер, өндіріс шеберлері кәсіптік білім беру мекемелерінен, пән бойынша оқыту үдерісін ұйымдастыра алмағандықтан кетіп жатады. Сондықтан арнайы пәндерді оқыту әдістемесі жөніндегі теориялық білімдерді алға тартуда, педагог жұмысының нысанын, пәнін, ұғымдық-терминологиялық аппараттарын, оның практикалық әрекеттерін зерделеу әдістерін білу қажет.

Арнайы пәндерді оқыту әдістемесінің нысаны болып, оқыту мекемесіндегі нақтылы пән бойынша оқыту үдерісін айтамыз. Мысалы, әңгіме электротехника жайлы болса, онда әдістемелік таным нысаны болып электротехниканы оқыту, яғни пәнді оқыту мақсаты, бағдарлама мазмұны, студенттердің оқу-танымдық әрекеттерін ұйымдастыру формалары мен әдістері болып табылады. Сонымен қатар, оқыту үдерісі – кәсіптік оқыту педагогикасын зерделеу болып саналады. Әдістеме мен педагогиканың

танымдық нысанының жалпылылығы әдістемелік және педагогикалық білімдердің табиғаттарының бірдейлігін сипаттайды. Дегенмен, олардың арасында айырмашылықтар табылады. Оқыту әдістемесі мен педагогиканың айырмашылығын пән оқытушысы әрекеті мен педагог-әдіскердің әдістемелік әрекеттерінен іздестірген жөн. Пән-оқытушысының әрекеті пән бойынша оқыту үдерісін ұйымдастыру. Пән-оқытушысы оқыту мазмұны мен оған сәйкес келетін әдістермен студенттердің когнитивті (білімдік) әрекеттерін ұйымдастырады. Нәтижесінде нақтылы пәнге үйретілген кәсіби білім, ептілікке және кәсіби қабелеттілікке ие оқушыны оқытып шығарады. [4.107с].

Әдіскер-оқытушы пән-оқытушысы әрекеті мен студенттердің жаңа білімдер мен ептіліктерді меңгеру мақсатындағы өзара ықпал ететін әрекеттерін ұйымдастырады. Мұндай өзара ықпал етуді оқыту барысында қолданылатын арнайы жоспарланған және ұйымдастырылған оқыту құралдары арқылы жүзеге асырады. Оқыту құралдары кең мағынада пән бойынша оқыту үдерісін оңтайландырады және сабақта жоспарланған нәтижеге жетуге септігін тигізеді. Сол себепті, әдістемелік әрекет нәтижесі болып оқытушының оқыту әрекеті және білім алушылардың кәсіби білім, ептілік және дағдыларды меңгеруге бағытталған когнитивті әрекеттерін реттеп отыратын арнайы дайындалған оқыту құралдары табылады.

Педагогиканың негізгі мақсаты оқыту үдерісінің құрылымдық элементтерін жинақтау, өзара байланыстыру олардың диалектикалық біркелкілігін қамтамасыз ету. Әдістемеде көбінесе «қалай оқыту керек?», оқытудың қандай құралдары арқылы оқыту мазмұны студенттердің білімі мен ептілігіне айналады? - деген сұрақтар басым болады. Арнайы пәндерді оқыту әдістемесінің нысаны болып, оқытушының оқыту әрекеті және студенттердің кәсіби білім, ептілік және дағдыларды меңгеруге бағытталған когнитивті әрекеттерін реттеп отыратын, арнайы дайындалған оқыту құралдарын құрылымдау, қолдану және жетілдіруге байланысты өзбетіншелік салыстырмалы түрдегі педагогикалық білімдер мен ептіліктердің жиынтығы болып табылады. Мысалы техника ғылымының танымдық нысаны техникалық қондырғылар және жүйелер болса, ал арнайы пәндерді оқыту әдістемесі техникалық қондырғылармен, оларды зерттеу әдістерін қалыптастырумен айналыспайды. Оның танымдық нысаны – оқытылып жатқан ғылым құралдары арқылы білім алушыларды тәрбиелеу және оқыту үдерісін ұйымдастыру. Арнайы пәндерді оқыту әдістемесінің пәні болып – арнайы оқыту құралдарын жасау, дайындауға байланысты кәсіптік мектеп педагогінің әдістемелік әрекеттерінің заңдылықтары. Әдістемелік әрекет толыққанды және ол педагогтің өзбетінше кәсіби әрекеті түрі ретінде зерттелініп бітпеген мәселе. Педагогикалық әдебиеттерде әдістемелік әрекетке үш түрлі көзқарас қалыптасқан. Бірінші көзқарасқа сәйкес, әдістемелік әрекет педагогтің өзбетінше білім алуы, дидактикалық құралдармен жұмыс істеуі, пәнге байланысты білімін жетілдірумен байланысқан әдістемелік жұмысқа тіреледі. Екіншісі - нақтылы пәнді оқытуға қатысты әдістемелік әрекетке жатады. Бұл жағдайда авторлар

педагогтің әдістемелік және оқыту әрекеттері ерекшеліктеріне назар аудармайды, ал «әдістемелік әрекетті», «оқыту әрекетін» бір-бірінің синонимі ретінде қабылдайды. Үшінші көзқарасты құптайтын зерттеушілер әдістемелік әрекетті кәсіби-педагогикалық әрекет құрылымындағы салыстырмалы түрде өзбетінше көрініс табатынептіліктер жиынтығы - деп таниды. [3]

Арнайы пән оқытушысының әдістемелік әрекетін тікелей бақылау мүмкін бола бермейді. Талдауға, бақылауға оқытушының білім беру әрекетін алуға болады. Әдістемелік әрекет оны іске асыру жағдайлары мен тәсілдері - өте күрделі ойлау үдерісіне жатады. Мұнда, педагогикалық үдеріс пен оны іске асырудың ара жігін ажырату үшін олардың әрекет пәндеріндегі айырмашылықтарын анықтау қажет. Арнайы пән оқытушысының әдістемелік *әрекет нысаны* болып - кәсіби білім,ептілік және дағдыларды қалыптастыру үдерісі, ал әдістемелік *әрекет пәні* болып – нақтылы пән мазмұнының ерекшелігі бойынша жаңа білім, ептіліктерді қалыптастыру үдерісінің әртүрлі тәсілдері мен әдістері, жүзеге асыру жолдары және оларды реттестіру табылады. Арнайы пән оқытушысының әдістемелік *әрекет субъекті* болып - оқытушы немесе студенттер ұжымы табылады. Өйткені, жаңашыл-педагог қай уақытта да жаңа нақтылы әдістемелік тәсілдерді, өзінің жеке әдістемесі жүйесінде орын алатын құрылымдарды алға тартады. Арнайы пән оқытушысының әдістемелік *әрекеті нәтижесі* болып – таңдап алынған оқу материалдарының әртүрлі ақпараттық формада: әдістемелік тұрғыдан өңделген; тапсырмаларды шешу алгоритмі; жұмысшы дәптерлер парағы; оқыту тәсілдері мен әдістері; оқу пәнін әдістемелік қамтамасыз ету; оқу бағдарламалары; оқыту бағдарламалары және т.б. табылады. Сонымен, арнайы пән оқытушысының әдістемелік әрекетін жеке пәндер немесе оқу пәндері циклдері бойынша оқыту мен оқу әрекеттерін реттеуді іске асыруға мүмкіндік беретін, оқыту құралдарын зерделеу, құрылымдау және жасау, жобалауға қатысты оқытушының өзбетінше кәсіби әрекет түрін айтамыз.

Арнайы пән оқытушысының әдістемелік әрекеті түрлеріне: оқу-бағдарламалық құжаттарды, әдістемелік кешендерді талдау; оқу материалдарын әдістемелік талдау; оқытудың теориялық және практикалық сабақтары жүйесін жоспарлау; сабақта оқу ақпараттарын моделдеу мен құрылымдау формаларын алға тарту; оқушылардың техникалық ұғымдарды және практикалық ептілігін қалыптастыру әрекеттерін құрылымдау; пән бойынша әдістемелік нұсқаулар жасау; кәсіби білім, ептілік және дағдыларды бақылау түрлері мен формаларын жасау; сабақта оқушылардың әрекеттерін басқару мен бағалау; сабаққа даярлану мен оның нәтижесін талдауда өзінің әрекетін бағалау. [2, 78]

Әдістемелік әрекеттердің жоғарыда көрсетілген түрлері барлық кәсіби-педагогикалық мамандардың жан-жақты әдістемелік практикасын қамти алмайды. Олар арқылы оқытушы сабақты ұйымдастыру даярлығын меңгереді. Өйткені әдістемелік әрекетті меңгеру әдістемелік ептілік арқылы қалыптасады. Ептілік – алдын меңгерген білімдер негізінде оқытушының жаңа жағдайда қандайда бір әрекетті орындауы.Кәсіби мектеп ерекшелігіне

және оқытылатын пәндердің күрделіліктеріне байланысты әдістемелік әрекет бірнеше топқа жіктеледі. Бірінші топ арнайы пән оқытушысының кәсіби әрекеттерінің дидактика-әдістемелік негіздерін меңгеруіне байланысты, олар: мамандарды оқытуға байланысты оқу-бағдарламалық құжаттарды талдауептілігі; нақтылы тақырыпты оқытуға байланысты әдебиеттерді таңдауептілігі; оқу материалдарына логика-дидактикалық талдау жасауептілігі; аз мөлшерде берілген оқу ақпараттарына әдістемелік талдау жасауептілігі; оқу материалдарын ұсыну формаларын таңдауептілігі: блок-схема, техникалық есептерді шешу алгоритмі, тірек конспектілері және т.с.с.; теориялық және практикалық оқытудың кешенді тәсілдерін жасауептілігі; біілім алушылардың қалыптасқан білімдері және епті̇ліктерінің деңгейлерін анықтау формаларын жасау епті̇лігі; білім алушыларың әртүрлі оқу және оқу-практикалық формаларын ұйымдастыра білу епті̇лігі; теориялық және практикалық сабақтарды талдай білуі. Екінші топқа оқу материалдарын зерделеу ерекшеліктеріне байланысты, оларға: әдістемелік талдау негізінде оқытылатын тақырып бойынша сабақ жүйесін жоспарлау епті̇лігі; білім алушылардың кәсіби әрекеттеріне байланысты оқу және оқу-өндірістік жұмыстарын жоспарлау епті̇лігі; білім алушвлардың сабақ барысындағы әрекеттерін ұйымдастыра білу және оны басқару епті̇лігі; теориялық және өндірістік оқыту әдістерін қолдана білу епті̇лігі; әдістемелік нұсқауларды талдау епті̇лігі. Үшінші топқа алдынғы қалыптасқан епті̇ліктерді синтездеуге байланысты, олар: практикада әдістемелік нұсқауларды, әдістемені және оқыту технологиясын қолдана білу епті̇лігі; нақтылы жағдайға және оқыту мақсатына байланысты оқыту әдістемесінің вариантарын қарастыра білу епті̇лігі; өзінің жеке оқытудың әдістемелік жүйесін жасау және оны ұсыну епті̇лігі жатқызуға болады. [4,86]

Әдебиеттер:

1. Пошаев Д.Қ., Саипов А., Адырбекова Г. Арнайы пәндері оқыту әдістемесі.Оқу құралы, Астана , 2012 -160 б.
2. Тукшаитов Р.Х. Основы динамической метрологии и анализа результатов статистической обработки. Казань: Мастер Лайн, 2001. 278 с.
3. Тукшаитов Р.Х. Основы представления результатов статистической обработки на графиках, диаграммах и в таблицах. Казань: КГЭУ, 2006.227с
4. Пешкова Т.Н., Кох М.Н.Методиа преподования в высшей школе: учебное пособие/Краснодар: КубГАУ, 2011-150с

ӘОЖ 378:14:004

ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУДЕ СМАРТ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ТИІМДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Наурызалиева Ж.С.,
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының 2 курс магистранты, Орал қ.

Annotation: *With the development of information technologies, a new opportunity has appeared in education – training with the use of distance technologies. These technologies allow everyone not only to get a higher education, but also to continue their self-education and further training throughout their life, while providing students with a flexible training schedule taking into account individual capabilities.*

The study of scientific and theoretical sources convinces that remote technologies will allow solving a number of significant organizational and pedagogical tasks: creating a single educational space ; uniting small groups regardless of their location for certain goals and tasks; forming students' cognitive independence and activity; developing critical thinking, tolerance, readiness to constructively discuss various points of view; increasing the level of computer literacy and network communication among students and teachers.

Key words: *distance learning, educational process, distance technologies.*

Аннотация: *С развитием информационных технологий появилась новая возможность в образовании – обучение с применение дистанционных технологий. Данные технологии позволяют каждому не только получить высшее образование, но и продолжить своё самообразование и дальнейшее обучение на протяжении всей жизни, предоставляя при этом обучающимся гибкий график обучения с учетом индивидуальных возможностей.*

Исследование научно-теоретических источников убеждает, что дистанционные технологии позволят решить ряд существенных организационных и педагогических задач: создание единого образовательного пространства; объединение малых групп вне зависимости от их местонахождения для определённых целей и задач; формирование у учащихся познавательной самостоятельности и активности; развитие критического мышления, толерантности, готовности конструктивно обсуждать различные точки зрения; повысить уровень компьютерной грамотности и сетевой коммуникации среди учащихся и преподавателей.

Ключевые слова: *дистанционное обучение, образовательный процесс, дистанционные технологии.*

Білім беру жүйесін жан-жақты ақпараттандырып, қашықтан оқытудың алғы шарттары Н.Ә. Назарбаев ұсынған «Қазақстан -2030» стратегиялық бағдарламасында айқын көрсетілген.

Қашықтан оқыту технологиясы –оқу үрдісі кезінде оқып үйренушілер мен оқытушылар арасында интерактивті өзара іс-әрекетте оқытылып, материалдың негізгі көлемін оқып үйренушілерге жеткізуді қамтамасыз ететін, оқылған материалдарды меңгеру бойынша, сонымен бірге оқу үрдісі барысындағы оқып үйренушілердің өз бетімен жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін ақпараттық технология. Қашықтан оқыту – компьютерлік және телекоммуникациялық технологияларға негізделген оқытудың құралдары мен түрлері, білім беру үрдісінде үздік дәстүрлі және инновациялық әдістер қолданылатын, күндізгі және сырттай білім алу ретінде білімді қабылдау түрі болып табылады.

Қазіргі білім беруде стандартты емес өзара әрекеттесу формалары мен әдістері негізінде білім беру процесінің ең маңызды құрамдас бөлігі – «Мұғалім – оқушының» ынтымақтастығын дамыту, үздіксіз білім берудің ғылыми-әдістемелік жүйесін құру (екеуі де оқытушы мен студент) біртұтас білім беру кеңістігі шеңберінде ... Студентті оқыту мен тәрбиелеудің табыстылығы көбіне осы ынтымақтастық тандемінің қалай дамитынына, бұл жағдайда қандай формалар мен әдістер қолданылатынына, олар қандай заманауи технологиялардың негізінде құрылатынына байланысты. Білім берудің қолжетімділігі, сапасы және сабақтастығы принциптерін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін оқытушылар мен студенттердің өзара әрекеттесуінің стандартты емес нысандары мен әдістерін қолдану. Бұл білім беру формаларына, ең алдымен, қашықтықтан оқыту жатады.

Еуропада XYIII ғасырдың аяғында тұрақты және қолжетімді пошта қызметінің пайда болуымен «корреспонденттік білім» пайда болды. Студенттер оқу материалдарын пошта арқылы алып, оқытушылармен хат алысып, сенімді адамға немесе ғылыми жұмыс түрінде емтихан тапсырды. Ресейде бұл әдіс XIX ғасырдың аяғында пайда болды.

XX ғасырдың басы жылдам технологиялық өсумен, телеграф пен телефонның болуымен сипатталады. Бірақ оларды оқытуда пайдалану туралы сенімді деректер жоқ. Сонымен бірге «сырттай білім беру» дәуірі жалғасуда, әлемнің көптеген университеттері оны бүгінгі күнге дейін жүргізіп келеді және жалғастыруда.

Радио мен теледидардың пайда болуы қашықтан оқыту әдістерін түбегейлі өзгертті. Бұл айтарлықтай жетістік болды, тренинг аудиториясы жүздеген есе өсті. 50-ші жылдардан бері көрсетіліп келе жатқан танымдық телебағдарламалар әлі күнге дейін көпшіліктің есінде.

1969 жылы Ұлыбританияда әлемдегі алғашқы қашықтықтан білім беретін университет – Ұлыбританияның Ашық университеті ашылды, ол арзан бағаға және аудиторияларға жиі бару қажеттілігінің болмауына байланысты өзінің қолжетімділігін көрсету үшін осылай аталды.

1980 жылдардың аяғында дербес компьютерлердің болуы оқытуды жеңілдету мен автоматтандыруға жаңа үміт берді. Компьютерлік оқыту

бағдарламалары алғашқы компьютерлерде әртүрлі ойындар түрінде пайда болды. Қашықтықтан технологияларды енгізуге арналған бірқатар зерттеулер келесі шарттарды анықтайды: ұйымдастырушылық, педагогикалық, психологиялық және т.б. Зерттеуде қандай жағдайларды ескеру қажеттігін анықтау үшін мәселенің мәні мен сипатын анықтау қажет, содан кейін шарттарды таңдау дұрыс анықталады.

«Педагогикалық шарттар» ұғымын өз еңбектерінде В.И. Андреев, Е.В. Яковлев пен Н.О. Яковлева, М.В. Зверева және т.б.

В.И. Андреев педагогикалық шарттарды «белгілі бір дидактикалық мақсаттарға жету үшін оқытудың мазмұнының элементтерін, әдістерін, ұйымдастыру формаларын мақсатты түрде іріктеу, құрастыру және қолданудың нәтижесі болып табылатын оқу процесінің жағдайлары» деп анықтайды.

Н.В. Никуличева педагогикалық шарттарды құрамдас бөліктердің бірі болып табылатын педагогикалық жүйенің құрылысымен байланыстырады. Қашықтан оқыту кезіндегі білім беру үрдісінің негізін жеке кесте бойынша өзіне ыңғайлы жерде оқуға мүмкіндігі болатын, оқытудың арнайы құралдары жиынтығы өзінде бола отырып, электронды және қарапайым пошта, телефон арқылы оқытушылармен келісілген байланыс жасауына, сонымен қатар, күндізгі бөлімде де мүмкіндігі болатын, оқып үйренушінің мақсатқа бағытталған және бақыланатын қарқынды өзіндік жұмысы құрайды. Қашықтан оқыту білім жүйесі жоқшылыққа, географиялық немесе уақытша оқшауланууға қатысты себептермен, әлеуметтік қорғаны жоқ және дене бітімі жетілмеуіне байланысты білім мекемелеріне бару мүмкіндігі жоқ немесе өндірістік және жеке жұмыстары болу себебінен, ешкімнің оқуға мүмкіндігін шектеуге болмайды деген гуманистік қағидаларға жауап береді. Қашықтан білім беру –жаңа ақпараттық технологиялар мен мультимедиялық жүйелер негізінде күндізгі, күндізгі-сырттай, кешкі және сырттай оқытудың элементтері үйлестірілген ерекше, жетілген түрі. Қазіргі замандағы телекоммуникациялық және электронды басылымдар дәстүрлі оқыту түрінің барлық құндылықтарын сақтай отырып, кемшіліктерін жеңіп шығуға мүмкіндік береді.

Оқытудың ауқымды және жергілікті жүйелерін ойдағыдай пайдалана білудің нәтижесінде білімнің базалық және деректердің банкілік мәліметтеріне, клиент – сервер, мультимедиа, компьютерді оқып-үйренуші жүйелерге, электрондық оқулықтарға, оқу-әдістемелік материалдарға, қашықтықтан оқыту жүйесінің технологиясымен үйлесімді болып келетін, алдағы уақытта оқыту тәсілдерінің ішінде кең тараған бес аспап әрі өміршең түрлері бола алатындай жайлы оқулықтарға, бағдарламаларға еркін кіруге болады.

- Қашықтықтан оқыту технологиясы бойынша оқытушының негізгі міндеті білім алушының келесі түрдегі орындалатын өз бетінше жұмысын басқару болып табылады: туындайтын мәселелерді қарастыру; мақсат пен міндеттерді қою; білім, тәжірибелерді беру; ұйымдастыру қызметі; білім алушылардың арасында өзара байланысты ұйымдастыру; оқу процесін бақылау. Тыңдаушылар қашықтықтан

оқыту кезінде білім беру процесінің негізін қолайлы уақытта, ыңғайлы орында, тиімді темптегі өз бетінше жұмыс құрайды. Сондықтан тындаушылар өз бетінше жұмыстың техникасы мен әдістемесін, жоғарғы деңгейде білімді өз бетімен толықтыру негіздерін меңгеруі қажет. Қашықтықтықтан оқыту нысаны негізгі үш технологиялар бойынша жүзеге асырылуы мүмкін: желілік технология (автономды желілік курстар немесе виртуалды кафедралар, Интернетті пайдаланатын университеттер);

- кейс-технологиялар негізінде қашықтықтықтан оқыту;
- ТВ-технологиялар негізінде қашықтықтықтан оқыту.

Қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудағы маңызды кезең виртуальдық (синхрондық немесе асинхрондық) өзара іс-қимыл. Синхрондық өзара іс-қимыл студент пен оқытушының нақты уақыт режиміндегі қатынасты қарастырады. Бұл үшін қашықтықтықтан оқыту жүйесінің чаттары немесе бейне конференциялар қолданылуы мүмкін. Асинхрондық өзара іс-қимыл студент пен оқытушы нақты уақытта қарым-қатынаста болмаған жағдайда жүзеге асырылады, бұл жағдайда қашықтықтықтан оқытудағы байланыстар жіберу тізімдерінің немесе телеконференциялардың көмегімен электрондық пошта бойынша хат алмасу арқылы ұйымдастырылады. Оқытушының кеңесі (синхрондық немесе асинхрондық) – қашықтықтан оқытуды орындаудың міндетті шарттары.

Білім беру жүйесінде ақпарттық және телекоммукациялық технологияны дамытудың тиімді құрылымы – білім порталдары болып табылады. Порталдардың негізгі міндеті жоғары технологиялы оқу процесінің қолдауы арқылы бірыңғай білімді ақпараттандыру ортасын дамуына өз үлесін қосатын маңызды функциялармен толықтырылады.

Порталдың білім және технологиялық саясаты, сонымен бірге оның ағартушылық қызметі әдістемелік және технологиялық арнаға ақпараттандыру процесін бірте-бірте ендіру әдісі болып табылады.

Электрондық оқулықтар жасаудың педагогикалық технологиясының құрылымы оқыту үрдісінің заңдылықтарына негізделіп, бір-бірімен байланысты төрт бөліктен тұрады: мотивациялық-мақсатты, мазмұндық, операциялық және бағалы-нәтижелік.

Педагогикалық шарттар - бұл оқу процесінің ерекше жағдайлары, бұл белгілі бір дидактикалық мақсаттарға қол жеткізу үшін оқу материалының мазмұнын мақсатты таңдау, оны жобалау және оқытудың ұйымдастырушылық формалары мен арнайы әдістерді қолдану нәтижесі.

Қашықтықтан оқыту технологияларын қолдана отырып оқу процесін ұйымдастырудың негізгі педагогикалық шарттары:

- Оқытуды даралау;
- Оқытудың тиімділігін арттыру;
- Дәстүрлі оқыту нысаны қолайсыз болып табылатын тұлғалар үшін білім беру қызметін ұсыну болып табылады.

Қашықтықтан оқытудың пайда болуы "мұғалім-оқушы" өзара әрекеттесуінің дәстүрлі моделінің өзгеруіне әкелді, дегенмен оқытудың барлық белгілері

қашықтықтан оқытуда да. Оқу процесіне жаңа функциялары бар жаңа субъектілер қосылды: қашықтықтан оқыту педагог - тьюторы, техникалық нұсқаушы, Қашықтықтан оқытудың үйлестірушісі немесе әкімшісі, жергілікті үйлестіруші, оқу материалдарын әзірлеуші авторлар. Аталған рөлдерді бір уақытта бірдей мамандар орындай алады, мысалы, қашықтықтан оқыту мұғалімі, сонымен қатар курс әзірлеушісі, ал жергілікті үйлестіруші – оқушының өзі. Қашықтықтан оқытудың тиімділігі оған енгізілген педагогикалық шарттарымен анықталады.

Мұғалімнің жеке веб-сайты қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың ең қуатты құралдарының бірі болып табылады. Мұғалімнің веб-сайтында келесі ақпарат орналастырылған: мұғалім және оның жетістіктері туралы қысқаша ақпарат, үй тапсырмасы, қосымша тапсырмалар, конспектілер мен дәрістер, қосымша әдебиеттер, емтиханға дайындық бойынша ұсыныстар, үй тапсырмасын орындауға арналған бағдарламалық жасақтаманы жүктеуге сілтемелер (бағдарламалық қамтамасыз ету тегін және тегін болуы керек). ортақ), сондай-ақ виртуалды сабақтар немесе оларға сілтемелер.

Сайтта мыналар болуы керек:

о Ол тез жүктелуі керек

о Жақсы кәсіби дизайны болуы керек

о Жиі жаңарту

о Мағыналы және қызықты графикасы болуы керек

Білім беру саласында, қашықтықтан оқыту технологияларды енгізу үшін келесі ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттарды шешу қажет:

- оқушылардың қашықтықтан оқу технологияларын пайдалана отырып оқыту қажеттілігін, мотивтерін, сұраныстарын және олардың компьютерлік сауаттылық деңгейін диагностикалау;
- репродуктивті және шығармашылық сипаттағы тапсырмаларды қамтитын, сонымен қатар коммуникативті дағдыларды дамытуға ықпал ететін дайындық деңгейіне қарай оқытуға сараланған тәсілге мүмкіндік беретін вариативтілікке негізделген білім беру жоспарын құру;
- оқушылардың оқу-тәрбие процесін педагогикалық және көмекші қызметкерлердің сүйемелдеу алгоритмін анықтау.

Осы шарттарды жүзеге асыру оқу процесінің барлық жақтарының белсенді өзара әрекеттесуін және оқушылардың білім алудағы қауіпсіздігін көрсетуі керек, бұл осы шарттарды таңдауды орынды деп санауға және қашықтықтан технологияларды табысты енгізуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

1. Андреев, В.И. Шығармашылық өзін-өзі дамыту педагогикасы: Жаңашылдар. курс: Оқулық. жәрдемақы / В.И.Андреев. – Қазан: Инновациялық технологиялар орталығы, 2012. – 608 б.

2. Ахметжанова, Г.В. Қашықтықтан оқыту жағдайындағы мұғалім іс-әрекетінің ерекшеліктері / Г.В.Ахметжанова, Д.Р.Абиева // Ғылыми зерттеулердің азимуты: педагогика және психология. - 2019 ж. - No 3 (28). - С. 28-31

3. Гагарина, Л.Г. Қашықтықтан оқытудың инновациялық білім беру технологиялары / Л.Г. Гагарина, В.Д.Колдаев // Экономикалық және әлеуметтік-гуманитарлық зерттеулер. - 2018 ж. - No 4 (20). - С. 96-102.
4. Громова, Т.В. ЖОО оқытушыларын қашықтықтан оқытуда жұмыс істеуге дайындау технологиясының ақпараттық кезеңі / Т.В.Громова // «Тұжырымдама» ғылыми-әдістемелік электронды журнал. - 2020. - № 05 (мамыр). - С. 56–64.
5. Ламинина, ОГ Қашықтықтан оқыту технологиялары мен принциптері: шетел тәжірибесі // Педагогикалық журнал. 2016. No 4. Б. 380-389
6. Никуличева, Н.В. Білім беру ұйымының оқу процесінде қашықтықтан оқытуды енгізу: практикалық. жәрдемақы / Н.В. Никуличев. Мәскеу: Білім беруді дамыту федералды институты, 2016 .-- 72 б.
7. http://fio.ifmo.ru/
8. http://www.it-n.ru/
9. www.eidos.ru/project/eidos-class/

ӘОЖ 93/94 (0758)

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫН ЖАҢАША ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Орынбасарова Э.О.
Орал қаласы № 41 мектеп-лицей тарих пәнінің мұғалімі
Арыстанов М. Қ.
Батыс Қазақстан облысы, Сырым ауданы,
Қ.Мырзалиев атындағы мектептің тарих пәні мұғалімі

Аннотация: *В статье рассматриваются эффективные пути использования исторических сведений и документов с целью возобновления исторического сознания. Авторы связывают методологию изучения истории с собственной практикой.*

Annotation: *The article is discussed effective ways of using historical information and documents in order to restore historical consciousness. The authors link the methodology of studying history with their own practice*

Қазақстан тарихы пәнін жаңа сапалық сатыға көтеруде президент Қасымжомарт Тоқаевтың 2021 жылдың қаңтарында жарық көрген «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласының келешек ұрпақ үшін маңызы зор. Бағдарламалық мақала тарих оқулықтарын ең жоғары талаптарға сай жазуға және мектептерде тарих пәнін беруде ұлттық сананы тарихи патриотизмнің алғышарты ретінде қарастыру керектігі ерекше атап көрсетіледі.

«...Алдағы төртінші онжылдықтың бізге жүктейтін міндеті – қуатты елдің иесі және кемел халық болу. Бұл жолда саяси-экономикалық реформаларды және сананы жаңғырту үдерісін жалғастырып, заман талабына бейімделген ұлттың жаңа болмысын қалыптастыруымыз қажет» деп көрсеткен болатын [1].

Ендеше, жаңа болмысты қалыптастыратын тарихи сана дегеніміз не және оның қандай деңгейлері бар деген мәселеге тоқталайық.

Тарихи сана - қоғамдық сананың маңызды жақтарының бірі. Ғылымда тарихи сана деп - тұтастай алғанда қоғамның, оның әлеуметтік топтарының және бүкіл адамзаттың өткені туралы көзқарастарының жиынтығын қарастырады. Тарихи сананың төрт сатысын атап көрсетуге болады. *Бірінші сатысы*- адам өз өмірі барысында қандай да бір оқиғаны бақылағанда немесе өзі сол оқиғаның қатысушысы болғанда алған өмірлік тәжірибені тікелей жинақтау негізінде қалыптасады. Ұлы Отан соғысы, 1986 жылғы желтоқсан оқиғалары, Кеңес үкіметінің құлауы және өткендегі басқа тарихи оқиғалар туралы білімдерді жастар ересектердің әңгімелерінен де біле алады, бірақ бұл білімдер жүйелі емес, әдетте эмоционалды сипатта және жеке-дара фактілерді ғана береді. *Екінші сатысы*-көркем әдебиет арқылы қалыптасуы мүмкін: кино, радио, телевизия, театр, сурет өнері, тарихи ескерткіштермен танысу ықпалымен қалыптасады. Тарихи сана қалыптасатын осы деңгейдегі білім жүйелі емес жәәне эмоционалды бояуға ие. Берілген шығармалардағы фактілердің тарихи шынайылығы және дәлдігі жазушыға, драматургке, режиссерге, суретшіге байланысты. Отандық жазушылар ішінен Ильяс Есенберлинді және оның тарихи «Көшпенділер», «Алтын Орда», «Алмас қылыш» шығармаларын атап өтуге болады. Тарихи сананың *үшінші сатысы*-оқушылар алғаш рет өткен шақ туралы неғұрлым жүйелі түрде ақпарат алатын мектептегі тарих сабағында алынған тарихи білімдерден құралады. Отандық тарихтың терең түрде зерттелуі жастарда азаматшылдық пен патриотизмді дамытуға ықпалдасады. *Төртінші сатыда*-тарихи сананың қалыптасуы жан-жақты зерделенген өткенді теориялық тұрғыдан саралаудың негізінде және тарихи даму тенденцияларын анықтау деңгейінде қалыптасады [2].

Тарихи сананы қалыптастыру-қазіргі жаһандану заманында өте өзекті. Біріншіден, ұлт тарихын дәріптеу, яғни көшпелілер өркениеті тұрғысынан алғанда стратегиялық маңызы зор. Екіншіден, бүгінгі саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени үрдістерге сәйкес бағдарлау үшін тарихи білімді оқушылар бойында дамытуға ерекше назар аударылуы тиіс. Мемлекет басшысының түптеп келгенде, тарихшы қауымға көтеріп отырған мәселесінің түйіні де осы.

Тарихи сананы жаңғыртуда тиісті тарихи деректер мен құжаттарды, алынған қосымша мәліметтерді аса мұқият тарих сабақтарында зерделеу керек. Бүгінгі таңда мектептерде оқытылып жатырған оқулықтарға келсек, мұғалімнің әр тақырыпты оқушылармен терең зерттеп, қосымша ақпараттармен жұмыс жасауына толық мүмкіндік берілген. Мысалы 9 сыныптың «Атамұра» баспасынан 2019 жылы жарық көрген авторлары

Б.Ғ.Аяған, Қ.Б.Әдиет, А.Б.Сатанов «Қазақстан тарихы» оқулығын қарастырып көрейік [3].

Әрбір тақырыптың басында уақыт сызығы (хронологиясы), термин сөздер, қысқаша тақырыпты ашатын мәтін және мәтіндік тапсырма, кестелер, қызықты мәліметтер, қосымша деректер берілген. Бұрынғы оқулықтарда егер біз тақырыпқа сай 5-10 беттің арасындағы мәліметтерді түсіндіріп және оқушыдан түсінсін-түсінбесін, тіпті жаттанды түрде болсын үй тапсырмасын айтуды талап еткен болатынбыз. Бұл оқушының есінде белгілі бір уақыттан кейін ұмытылады, соның салдарынан оқушы алған білімін өмірде пайдаға асыра алмайды. Ал құзіреті жоғары ұстаз оқулықтағы мәліметтер мен өзі ұсынып отырған тың тарихи деректерді түрлі шығармашылық тапсырмалар беру арқылы сабақтарында түрлендіреді, басқа пәндермен интеграциялайды. Келелі мәселелер көтеріп, ойталқыға салып, зерттеу-талдау жасатып, содан шығар шешімді оқушылармен бірге қарастырады. Соңғы уақытта әріптестеріміз жаңа буын оқулықтарының көптеген олқы тұстарын жиі сынға алып жүр. Қалай десек те, енді жаңа бағдарламамен берілген мектеп оқулықтарында тиісті ғылыми саладағы ақпараттардың бұрынғыдай көп болмайтынын сезінетін уақыт келді. Сондықтан білім жетілдіру курс бағдарламаларында көрсетілгендей әрбір мұғалімге Қазақстан тарихын жаңаша оқытудың әдіснамалық негіздерін игеру қажет екенін айтқымыз келеді. Осы орайда орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде педагогикалық шеберлік орталықтары ұйымдастырып отырған пәндік курстардың, соның ішінде «Бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу және сараптау», «Тарих пәні мұғалімдерінің пәндік құзыреттерін дамыту» біліктілікті арттыру курстары білім беру бағдарламаларының маңызы зор.

Сонымен зерттеуге негізделген оқытуда әдіснама дегеніміз не және пән мұғалімдеріне күнделікті қолдану дағдысын қалай дамытуға болады?

Әдіснама-методология (грекше - зерттеу жолы, теория), зерттеліп отырған объекті туралы мәліметтер мен жаңалықтарды бірізге келтіру тәсілдерінің жүйесі. Қоғамның заңдылықтары мен құбылыстарын тәжірибе және теория арқылы игеруге, өзгертуге бағытталған таным принциптерінің жиынтығы [4].

Түсінікті болу үшін осы жерде әдіс, тәсіл, әдістемеге тоқталып кеткенді жөн көрдік. Әдіс (метод) дегеніміз–әр ғылымның тек өзіне ғана тән арнаулы зерттеу жолы, амалы немесе әр ғылымның өз нысанын теориялық тұрғыдан зерттеуде қолданылатын амал-тәсілдердің жиынтығы. Әдіс, белгілі дәрежеде, әдіснамаға тәуелді, соған бағынады. Әрбір ғылым өз нысанын зерттеуде қандай әдіс қолданса да, оны ортақ әдіснамалық ұстанымға бағындырады. Тәсіл (прием) –ол бір әдістің ішіндегі одан гөрі кішігірім, одан гөрі нақтылау іс жүргізу амалы. Тәсіл қажетті материалды қалай жинауды, қалай екшеп сұрыптауды, қалай топтап жіктеуді айқындап береді. Бұл жағынан алғанда тәсіл әдістің көмекші құралы қызметін атқарады. Әдістеме (методика)- оқытудың тиімді әдістерін зерттейтін педагогиканың бір саласы, барлық әдістердің жиынтығы [5].

Зерттеу әдістері мен тәсілдерін тарих пәнінің мұғалімі жұмыстың тақырыбына және алдына қойған мақсаты мен міндеттеріне қарай айқындайды, әрбір ғылымда бірнеше әдіс болуы мүкін. Ал Қазақстан тарихын оқыту әдіснамасында мынандай әдістер ұсынылуда:

Тарихи-генетикалық және ретроспективалық әдістер; Синхронды, хронологиялық және диахронды әдістер; Тарихи-салыстырмалы әдіс; Тарихи-типологиялық әдіс; Тарихи-жүйелілік әдісі.

Қысқаша түрде әрқайсысына тоқтала кетсек, *тарихи-генетикалық әдіс* бұл кеңінен тараған әдіс және тарихи болмыстың қасиеттерін, функцияларын және өзгерістерін жүйелі түрде ашуға бағытталған әдіс. Ол себептік және салдарлық байланыстарды анықтауға, белгілі бір құбылыстар мен үрдістерді талдауға бағытталған. Тарихи оқиғалар нақты және жеке түрде қарастырылады. Мысалы, қазақ халқының шығу тегі, этногенез, түркі және моңғол дәуіріндегі этникалық үдерістер, мәдени–генетикалық код, Орта Азия халықтарымен сабақтастығын айтуға болады.

Синхронды әдіс бір уақытта орын алған түрлі оқиғаларға бағытталады. Бұл белгілі бір аймақта орын алған тарихи оқиғаларды нақтылауға, экономикалық, саяси, түрлі елдердің халықаралық байланыстарына үңілуге мүмкіндік береді. Мысалы, Қазақ хандығының орыс мемлекетімен, Қытай империясымен, Шайбани ұрпақтарымен байланысына тоқталып кетуге болады.

Хронологиялық әдіс. Оны әр тарихшы қолданады – уақыт барысындағы тарихи оқиғалардың жүйелілігін зерттеу, маңызды фактілерді назардан тыс қадырмау. Осы әдістің нұсқасы - проблемалық-хронологиялық, ауқымды тақырып бірнеше проблемаға бөлінеді, әрқайсысы оқиғалардың хронологиялық жүйелігінде қарастырылады. Қазақ жерінде ортағасырларда құрылған ұлыстардың одан әрі тармақталуын қарастыруға болады.

Диахронды әдіс (периодизация әдісі). Уақыт барысындағы үрдістердің сапалық ерекшеліктері, жаңа кезеңдердің құрылу сәттері ашылады, кезең басы мен аяғындағы жағдай салыстырылады, жалпы даму бағыты анықталады. Мысалы, дамыған ортағасырлық мемлекеттер немесе Ұлы дала көшпелілерінің империялары, одан әрі алғашқы ұлттық мемлекет, Тәуелсіз Қазақстан деп жаңа кезеңдерге өте беруге болады.

Тарихи-салыстырмалы (компаративті) әдіс. Тарихи оқиғаның әрқайсысы салыстырусыз өтпейді. Фактілерді жинаумен және ол материалды ойластырумен және жүйелеу арқылы тарихшы көптеген құбылыстар мазмұнының ұқсастығын көреді. Бірақ салыстыру кезінде құбылыстардың нышандарын сипаттайтын нақты фактілерге сүйеніп жасалуы тиіс. Ол үшін тарихшы кезең, құбылыстар типологиясын білуі керек. Бір немесе бірнеше даму кезеңдерінде бір типтес және әртүрлі құбылыстарды салыстыруға болады. Салыстырмалы әдісті қолданғанда тарихи принциптерді ұмытпаған жөн.

Тарихи-типологиялық әдіс. Типология – маңызды объектілерді немесе құбылыстарды түрлі типтерге бөлу, объектілердің біртекті жиынтығын ашу.

Бұл әдісті тарихшылар теориялық анализ негізінде анықтайды. Сапалық айқындықты сипаттайтын типтер мен нышандар да анықталады.

Тарихи-жүйелілік әдісі. Әдіс түрлі деңгейдегі қоғамдық-тарихи жүйелердің бар екендігіне негізделеді. Жеке және қайталанбас құбылыстар, оқиғалар, тарихи жағдайлар мен үрдістер қоғамдық жүйелер ретінде қарастырылады.

Жоғарыда тарихи зерттеудің негізгі әдістері келтірілген. Олардың ешбірі әмбебап және абсолютті болып табылмайды. Оларды кешенді түрде қолдану керек [6].

Кеңестік кезеңнің әдіснамасында қазақ тарихы маркстік формациялық тәсілдің жалпы заңдылықтарына бейімделді, халқымыздың бай мәдени және тарихи мұрасы-көшпелілер өркениетінің рөлі бағаланбады. Адамзат мәдениеті мен техникасының барлық жетістіктері тек еуропалық өркениетке қатысты болды. Ол кіші халықтар этногенезінің неғұрлым төмен мәртебесін, славян халықтарымен салыстырғанда неғұрлым кеш шыққанын, олардың мемлекеттілігін, қазақтардың Ресейге өз еркімен қосылуын көздеді. Қазақстан тарихы Орталық Азия елдерінің түркі халықтарының тарихынан жасанды түрде үзілді. Халық оның тарихи тамыры қайда екенін, Еуропа мен Азия тарихында қандай орын алатынын, оның басқа елдермен және халықтармен шынайы қарым-қатынасы қандай болғанын білу мүмкіндігінен айырылды [7].

Міне сондықтанда біз тарихшылар, мемлекет басшысы көрсетіп отырғандай қазақ тарихының ақтаңдақ беттерін тамыры терең өркениеттер тұрғысынан қарастырып, дереккөздерімен толықтырып, жоғары деңгейлі ойлауды қажет ететін шығармашылық тапсырмалар арқылы жеткізе білуіміз қажет.

Осы орайда тарих пәнінен қандай тиімді әдіс-тәсілдерді күнделікті қолдана аламыз деген сұраққа келсек, оның өзіміз тәжірибеде қолданып жүрген бірнеше түрлерін ұсынуға болады. «Мысалы GREAT» формуласы, «PEST» талдау, «ЕНАРА» стратегиясы, «ПТМС» формуласы, «IDEA» әдісі, «SWOT» талдау т.б. Жеке-жеке тоқталсақ, GREAT» формуласы, G-Маңызды оқиға; R- Ерекше есте қалатын; Е- Тәжірибеден мысал келтіру; А-Болашаққа әсер ету; Т- Салдардың қауіптілігі. Келесі «PEST» талдауға тоқталсақ, Р-саяси; Е-экономикалық; S-әлеуметтік; Т- технологиялық салаларға қатысты тарихи дереккөздерін саяси, экономикалық, әлеуметтік, технологиялық салалар бойынша талдауға болады. Тағы бір әдіс «ЕНАРА» стратегиясы немесе 5R маңыздылық кестесі, мұндағы Е-Есте қалатын (кім үшін?); Н- Нәтижелі (қандай нәтижелерге әкелді? Нәтижелері позитивті әлде негативті сипатқа ие ме?); А-Айырықша мәнді (сол тарихи кезеңде ол қалай көрініс тапты? Ол маңызды немесе айрықша болып есептелді ме?); Р-Резонанс (оқиға/құбылыс туғызып қазіргі өмірге әсер етті ме? Адамдар одан сабақ алды ма?); А- Айқындайтын басқа да қырларын түсінуге жол ашатын (оқиға/ құбылыс сол заманның адамдарының өмірі мен көзқарастары туралы қандай ақпарат береді?). Келесі ұсынатын әдісіміз «ПТМС» формуласы, оны жіктесек: П-позиция; Т-түсіндіру; М-мысал келтіру және С-салдары болып

табылады. Тарих пәні үшін тағы бір ұсынғалы отырған «IDEA» әдісі, I(Identify)-мәселенің себептерін анықтау; D(Describe)-сәйкесінше дәлелдерді сипаттау; E(Explain)-осы себептердің мәселеге қалай ықпал еткенін түсіндіру; A(Analyze)-осы себептердің маныздылығына талдау жасау. Келесі «SWOT» талдау, S- жағымды жақтары; W-әлсіз жақтары; O-мүмкіндіктері; T-қауіп-қатері. Әрине әдістер өте көп, дегенмен тарихи деректермен және мәтіндермен жұмыс жасаған кезде жоғарыда ұсынылған тәсілдердің өз сабақтарымызда тиімді екенін байқадық.

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыру тарихи концептілерге (түсініктерге) негізделетіні туралы ҚР Білім және ғылым министрлігімен бекітілген пәндік оқу бағдарламасында ұсынылып отыр, олар:

1) өзгеріс пен сабақтастық;
2) себеп пен салдар;
3) дәлел;
4) ұқсастық пен айырмашылық;
5) маңыздылық;
6) интерпретация [8].

Тарих сабақтарында оқушылардың тарихи танымдары мен зерттеу дағдыларын дамытуда жоғарыда аталған концептілердің маңызы зор. Күнделікті қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау тапсырмаларын құрастыру кезінде, шығармашылық-зерттеу тапсырмаларын беру кезінде концептілерді тиімді қолдану арқылы оқу мақсаттарына нәтижелі жетуге болады. Егер мектептегі әрбір тарихшы ұстаз концептілермен жұмыс жасап, жаңаша оқытудың әдіснамалық негіздерін меңгерсе онда оқушы бойында тарихи сана арқылы ұлттық құндылықтарды, патриотизмді қалыптастыра аламыз.

Әдебиеттер:

1. Тоқаев Қ.К. «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласы, 2021 жыл қаңтар.
2. «Тарих пәні мұғалімдерінің пәндік құзыреттерін дамыту» біліктілікті арттыру курсы бойынша мұғалімдерге арналған нұсқаулық, Нұрсұлтан 2021 жыл.
3. Б.Ғ.Аяған, Қ.Б.Әдиет, А.Б.Сатанов «Қазақстан тарихы» оқулығы (1946 жылдан бүгінге дейін), 9 сынып. «Атамұра» баспасы 2019 жыл 223 бет.
4. Дереккөз:https://kk.wikipedia.org/wiki/%D3%98%D0%B4%D1%96%D1%81%D0%BD%D0%B0%D0%BC%D0%B0
5. Дереккөз: https://massaget.kz/qaarc/qa/11506/
6. Дереккөз: Тарихи ғылым әдістемесі бойынша лекциялар жиынтығы// https://studbooks.net/588362/istoriya/metodologiya_istoricheskoy_nauk
7. Козыбаев М.К. Наставница новой жизни. Проблемы методологии, историографии и источниковедения истории Казахстана (Избранные труды). Алматы: Ғылым, 2006. – 272с.
8. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақстан тарихы» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу

бағдарламасы. ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы «25» қазандағы № 545 бұйрығының 17-қосымшасы.

ӘОЖ 37.0

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫС НЕГІЗІНДЕ ДҮНИЕНІҢ ҰЛТТЫҚ БЕЙНЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Салахитдинова М. Ж.
М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің магистранты
Ғылыми жетекшісі – **Хасанова И. У.** М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің доценті, п.ғ.к., Орал қ.

Аңдатпа: *Мақалада бастауыш мектепте дүниенің ұлттық бейнесін пәнаралық байланыс негізінде қалыптастыру мәселесі сөз етіледі. Қазақ тілі пәнін оқытуда ортақ тақырыптар – пәнаралық байланыстың негізгі тірегі. Сондықтан ортақ тақырыптар арқылы бастауыш сынып оқушыларына дүниенің ұлттық бейнесін қалыптастыруда пәнаралық байланысты ұйымдастырудың жолдары талданады.*

Тірек сөздер: *Бастауыш мектеп, дүниенің ұлттық бейнесі, пәнаралық байланыс, жаңартылған білім беру мазмұны, ортақ тақырыптар, ұлттық құндылықтар.*

Аннотация: *В статье рассматривается формирование национального образа мира в начальной школе на основе междисциплинарной коммуникации. Общие темы в обучении казахскому языку являются основой междисциплинарного общения. Таким образом, анализируются способы организации междисциплинарного общения в формировании национального образа мира для младших школьников через общие темы.*

Ключевые слова: *начальная школа, национальный образ мира, междисциплинарная коммуникация, обновленное содержание образования, общие темы, национальные ценности.*

Annotation: *The article considers the formation of a national image of the world in the primary school on the basis of interdisciplinary communication. General topics in the study of the Kazakh language are the basis of interdisciplinary communication. Thus, the methods of organizing interdisciplinary communication in the formation of the national image of the world for young schoolchildren through common topics are analyzed.*

Keywords: *primary school, national image of the world, interdisciplinary communication, updated content of education, general topics, national values.*

Бүгінде бала бойына ұлттық құндылықтарды дарыту мақсатында ұлттық тәрбиеге айрықша мән берілуде. «Жастар біздің болашағымыз» дейтін болсақ, сол жастарымызды ұлтын сүйетін ұлтжанды, Отанын сүйетін патриот, жоғары адамгершілік иесі, ұлттық рухы биік парасатты азамат етіп тәрбиелеу үшін оларға ұлттық тәрбие қажет екенін өмірдің өзі-ақ көрсетіп отыр. Бастауыш мектепте дүниенің ұлттық бейнесін ұлттық құндылықтарды оқыту арқылы қалыптастыруға болады. Яғни, оқу үрдісінде тұрмыстық тәрбиеге байланысты салт-дәстүрлер, бала дүниеге келгеннен өскенге дейінгі аралықта қолданылатын салт-дәстүр, ырым-тыйымның рөлі, сәлемдесу әдебі, сыйластық, қонақ күту, ас ішу әдебі, инабаттылық дәстүрлері, сөйлеу әдебі және киім кию тәрбиесі, ұлттық тәрбиедегі еңбек тәрбиесінің орны, қазақ халқының озық мәдениет үлгілері мен олардың тәрбиелік мәні сияқты ұлттық құндылықтарымызды пәнаралық байланыс арқылы оқыту көзделеді.

Ұлттық құндылықтар арқылы тәрбие берудің мақсаты – ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын ұлттық құндылықтар мен жалпы адамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу [1]. Бұдан туатын міндеттер – мәдени-әлеуметтік өзгермелі жағдайдағы ұлттық тәрбиенің діңгегі – ауыз әдебиеті үлгілері болып қалатынын негіздеу, қазақ тілі мен тарихын, мәдениеті мен ділін, салт-дәстүрі мен дінін құрметтеуде оқушылардың ұлттық интеллектуалдық мінез-құлқын қалыптастыру, бүгінгі қазақ елінің индустриалық-инновациялық жүйесінің дамуын қамтамасыз ететін парасатты, ұлттық сипаттағы белсенді іс-әрекетке тәрбиелеу, білім және мәдени-рухани тұрғыда басқа өркениеттермен бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ету, қоғам мен адам, адам мен табиғат қарым-қатынасының өркениеттілік сана-сезімін ұлттық рухта қалыптастыру.

Халқымыздың сан ғасырлар бойы ұстанған ұлттық салт-дәстүрлер мен рухани құндылықтарын әлем елдерінің озық дәстүрлері мен озық тәрбие үлгілерімен байытып, жаңа тәрбие тұжырымдамалары жасалуда. Осы арқылы білім беру ісі мен ұлттық тәрбие бірлігіне қол жеткізіп, жаңа ғасырдың жаңа сипаттағы ұлттық саналы ұрпағын қалыптастыру ісі басты нысанаға алынып отыр. Бүгінде қабылданған мемлекеттік тұжырымдамаларда білім беруде мынадай құндылықтарға қол жеткізу көрсетілген: тұлғалық құндылықтар (адам ары мен мәртебесі); отбасылық құндылықтар (ата-ана, отбасылық дәстүрлер); мемлекеттік құндылықтар (Отан сүйгіштік, патриотизм); ұлттық құндылықтар (ана тілі, ұлттық салт-дәстүр); жалпы адамдық құндылықтар (ар, намыс, достық, сыйластық, мәдениет, шындық, сұлулық, қайырымдылық т.б.).

Дүниенің ұлттық бейнесі – когнитивті лингвистикадағы басты категория, сондықтан ана тілі арқылы дүниенің ұлттық бейнесін қалыптастыруды когнитивті танымдық тұрғыдағы оқыту әдістемесі басшылыққа алынады. Бастауыш сынып балаларының санасына дүниенің ұлттық бейнесін қалыптастыру сабақта пайдаланылатын ортақ тақырыптар бойынша берілетін дидактикалық материалдар мазмұнында болмақ.

Жаңартылған білім беру бағдарламасы ерекшеліктерінің бірі ортақ лексикалық тақырыптардың берілуі болып саналады. Ортақ тақырыптар – бұл пәнаралық байланыстың негізгі тірегі. Сондықтан да, ортақ тақырыптар негізінде пәнаралық байланысты ұйымдастыра отырып, бастауыш сынып оқушыларына дүниенің ұлттық бейнесін қалыптастыруға көңіл бөлген жөн деп есептейміз.

Ғалымдардың тұжырымдауынша, дүниеге ұлттық көзқарас – қоғамдық сана мен тұлға санасының ең жоғарғы деңгейі. Дүниеге ұлттық көзқарас ұғымы біртұтас дүниені жалпылама ұғынумен ғана шектеліп қалмайды, сонымен бірге, осы біртұтас дүниемен қарым-қатынас жасаудың жалпы өлшемдерін, басқаша айтқанда, дүниеге белгілі бір қарым-қатынас өлшемдерін белгілеп, міндеттейді. Дүниені тану немесе дүниеге ұлттық көзқарас, адамның сыртқы дүние қоршаған ортаға, өзіне-өзінің, басқаларға қарым-қатынасы туралы мәліметтердің жиынтығы. Сонымен қатар, ол адамның бағыт бағдарын, сенімі мен идеалдарын, ұстанымдарын, ұмтылыстарын білдіреді.

Дүниенің бейнесі – бұл ақиқатты дүниеге және ондағы адамның алар орнына, оны қоршаған болмысына және өз-өзіне қатынасына деген көзқарастар жүйесі, сонымен қатар, адамдардың осы көзқарастар арқылы қалыптасқан негізгі өмірлік ұстанымдары, наным-сенімдері, мақсат-мұраттары, таным мен қызмет принциптері, құндылық бағыттары. Ол көптеген маңызды қызмет атқарады. Ол өзінің ағарту қызметі арқылы балаға табиғат және қоғам туралы ғылыми білімдер беріп, оны жалған көзқарастардан арылтады, болмысты тану әдістерімен қаруландырады.

Дүниені тану тәрбиелік қызмет атқарады. Бала өзіндік көзқарастары арқылы адамгершілігін, ерік-жігерін, эстетикалық сезімдерін шыңдайды. Мұғалімдер оқушыларды адалдыққа сендіріп, батылдыққа, табандылыққа, ізгілікке, жауапкершілікке тәрбиелейді. Сол себепті оқу үрдісінде қоғам және жеке адамдар өміріндегі жақсы тұстарды балалардың сезімдерінеәсер ететіндей әсерлі етіп түсіндірген дұрыс.

Дүниені танудағы сана – баланың сезіміне, ерік-жігеріне әсер етеді, сезім – сананы бекітуші, ерік-жігерді ынталандырушы. Баланың дүниетанымы оның сөзі мен ісінен, дүниемен қарым-қатынасынан көрінеді. Сананы, ой мәдениетін, сезімді, қарым-қатынасты бір мезгілде тәрбиелеу және дамыту дүниетанымды қалыптастырады. Баланың санасы, көзқарастары, сенімдерін, ең алдымен, ғылым негіздері қалыптастырады. Жаратылыстану бағытындағы пәндер табиғат құбылыстарының шын себептерін ашады. Оқушылар түрлі деректер жинап, өмірді бақылай алады.

Барлық халықтардың педагогикасында негізгі мәселелердің бірі – ана тілі мәселесі. Сондықтан бастауыш сынып балаларын ана тілінің уызына жарытып қана қоймай, олардың ұлттық рухпен, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптан мейлінше сусындауына ерекше көңіл аудару қажеттілігі туындайды. Тілдің мәдени аспектісін зерттеген ғалым Г.Н. Смағұлова: «Тіл білімінде қазақ ұлтының таным парасатын, Жарық дүниені танудағы көркемдік көк жиегін, ой-қиялын жаңа ғасыр табалдырығында тұрған жас буын, келер ұрпақ

алдында ұлттық мәдени ерекшеліктерін өз жасаған тілі арқылы зерделеу – ең маңызды мәселе», – дейді [2].

Қазақ балаларына ұлттық тәрбие беру негізінен бастауыш сыныптарда, соның ішінде, қазақ тілі, әдебиеттік оқу пәндері арқылы жүзеге асады.

Әдебиеттік оқу – бастауыш мектептегі негізгі пән және ең бастысы; ол – ана тілі, сондықтан әдебиеттік оқу пәні арқылы оқушы білім негіздерін игеріп қана қоймай, ұлттық психологияны, мәдениетті, дүниетанымды сезіне бастайды, қоршаған ортаны таниды, дүние туралы өз түсінігі мен танымы қалыптасады [3]. Оқу әрекетінде оқушылардың ақыл-ой, сөйлеу дағдылары мен танымдық қабілеттері жетіліп, тұлғалық ерекшелігі айқындала түседі. Ұлы адамдардың өмірі мен қызметі туралы әңгімелер, көркем шығармалар баланың білімі мен тәрбиесіне оң ықпал етеді. Сондай-ақ, қоғамда болып жатқан түрлі оқиғаларды дұрыс талдауға, жақсылық пен жамандықты ажыратуға, елімізде, шетелдерде болып жатқан оқиғаларға дұрыс баға беруге үйретеді.

Мәселен, бастауыш сыныпта қазақ тілі мен әдебиеттік оқу пәні арқылы оқушылардың өз еліне, туған жеріне деген сүйіспеншілігін оятып, оны қорғауға, қастерлеуге баулуда сонау Абылай бабамыздан бастап кешегі желтоқсанға дейін азаттық үшін күрескен ұлы тұлғалардың ел тәуелсіздігі жолындағы ерлік істерін ұғындыру мақсатында елтану материалдарын, белгілі қоғам қайраткерлерінің өмір деректерін көптеп қолдану елжандық сезімдерін тереңдетені сөзсіз. Отан от басынан басталады, Отан туралы ұғым туған өлке, туған жер тарихымен тығыз байланысты болады. Туған жеріне деген сүйіспеншілік әрбір азаматты сол туған жерін қорғауға, оны дамытуға жетелейді.

Дүниенің ұлттық бейнесі қалыптастыру қазақтың ақын, жазушыларының көркем шығармалары мен ауыз әдебиеті үлгілері арқылы ұлтжандылық сезімінің негізгі құндылықтары: адамның жеке басы, оның өмірі мен қызметі, туып-өскен ортада материалдық және рухани құндылықтар жасаудағы іс-әрекеті, айналасындағы еңбек, өнер адамдарының адами ізгі қасиеттерін терең сезініп, еліктеуі, олардың еңбектегі және өнер саласындағы табыстарына мақтаныш сезіммен қарауы, туған тілге, ұлттық өнерге, туған өлке тарихына деген қызығушылық білдіруі, сүйіспеншілік әсем сезім бейнелері жеке тұлғаның санасында көрініс табуы екені пайымдалады. Мысалы, Қазақ елін сыртқы жаудан аман сақтап қалу үшін жанын аямай күрескен, халқымызға бағыт-бағдар беріп отырған Қазыбек бидің: «Біз қазақ мал баққан елміз, Ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз», -деп қазақ елінің ешкімге барып соқтықпағаны, «Жаным - арымның садағасы» -деп адамгершілік рухты биік ұстауы, Ж.Молдағалиевтің «Мен қазақпын» атты өлеңі:

Мен қазақпын мың өліп, мың тірілген,

Жөргегімде таныстым мұң тіліммен - деп еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін, өз ұлтының мәрттігін басқаларға таныта отырып, ел қорғаған батыр бабаларымыздың даналық, ерлік істерін асқақтата дәріптеуі бала санасында қазақ халқының өмірінен мәлімет бере отырып, батыр халық,

адамгершілігі жоғары халық, сабырлы халық екені жөнінде бейне қалыптастырады [4].

Бұл жырларда ел қорғау, басқыншы жауды талқандап жеңу жолында ерлік жасаған, қара қылды қақ жарған, қиядан тартып жол салған, табан тірескен айқастарда тайсалып тартынбаған батырларды, азаматтарды ардақтайды, абыройлы атақ пен даңққа бөлейді. Олардың халық сүйсінген ерлік істерін кейінгі ұрпаққа үлгі етеді. Ерлік, батырлық жасау тек отанын, ел-жұртын, халқын сүйген адамдардың ғана қолынан келеді, осындай адамдар ғана ел намысын қорғайды деп сипаттайды.

Мұнымен бірге, халық ісі үшін қажымай күресіп ерлік жасаған, ел сүйген батыр атанған адамдардың мінезіндегі жақсы қасиеттерін де көрсетіп отырған. Бастауыш мектеп оқушыларына осы тәріздес шығармалардың мазмұнын түсіндіріп, меңгертуде елжандылық сезіміне, ұлттық мақтанышты, Отан, елін, жерін сүюге тәрбиелеудің іргетасын қалауға болады деп түйіндейміз.

Қазақ тілі сабағында «Отан», «Туған жер» тақырыбындағы ортақ лексикалық тақырыптар бойынша оқушылардың патриоттық сезімін оятып, Отанына, туған еліне сүйіспеншілігін тудыруға, таным көкжиегін кеңейтіп, адамгершілікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуге болады. Мысалы, төмендегідей тапсырмалар арқылы нәтижелі білімге қол жеткіземіз:

1-тапсырма. Оқушыларды жаңа материалды қабылдауға дайындауда «Отан» концептісі бойынша мұғалім сабақ түсіндіруден бұрын балалардан «Отан» жайлы кім не білетіндігін ортаға салуларын сұрайды. Біразы теледидардан көргенін, естігендерін немесе алдын ала сұрап келгендерін, т.б. жағдайда алған мәліметтерін «миға шабуыл» әдісі арқылы ортаға салады.

Мұғалім М. Мақатаевтың «Отан» туралы өлеңін мәнерлеп оқып немесе үнтаспадан тыңдатып, ақынның еліне деген сүйіспеншілігін талдау арқылы оқушылардың Отанына деген өз сүйіспеншілігін айтқызып, түсініктерін байқайды.

2-тапсырма. Ассоциация құру. Отан сөзіне көбірек анықтама беру. Мысалы, «Отан – ата-ана», «Отан – туған жер», «Отан – ел, астана», «Отан – туған тіл», «Отан – жасыл орман, шалқар көл, асқар тау», «Отан – алып киіз үй».

Мұнда балалар жұппен немесе топпен жұмыс істей отырып, «миға шабуыл» әдісі арқылы тізген сөздерді кеңейтіп түсіндіру үшін өзбетінше суреттермен немесе басқа қосымша әдебиеттермен жұмыс істейді. Оқушыларға тақырыптың когнитивті белгісін ашатын суреттер және өлеңдер мәтіні беріледі. Мәселен, Қазақстан картасы, Астана, табиғат суреттері және мәтіндер.

3-тапсырма. Қазақстан картасы бойынша жұмыс. «Отан – туған жер», «Отан – ел, астана», «Отан – жасыл орман, шалқар көл, асқар тау» деп берілген анықтамаларды картадан іздеттіріп, қала, өзен-көл, таулар аттары айтқызылады.

4-тапсырма. Қазақстанның қала, өзен-көл, таулар аттарын дәптерлеріне жаздырып, жалпылау әдісімен бір сөзбен қалай атауға болатынын сұрау.

Мысалы,

Қаратау, Ұлытау, Алатау, Мұғалжар т.т. – таулар.

Балқаш, Алакөл, Қорғалжын, Шолақ, Бурабай, Шалқар т.т. – көлдер.

5-тапсырма. Оқушылардан өз қаласындағы ауыл аттары, өзен, көлдер, таулар жөнінде сұрап, дәптерлеріне жаздыру. Сөйлем құруға беріледі де, қала, өзен-көл, таулар аттарының аталу тарихын сұрауға болады.

6-тапсырма. «Отан» деген сөздің мағынасы көптеген ұғымдарды білдіреді екен, ендеше біздің Отанымыз қалай аталады?

7-тапсырма. Отанымыз – Қазақстан Республикасы деп аталады. Егеменді еліміздің белгісін білдіретін ел рәміздері бар. Кімдер атайды?

Ғалымдар оқушылардың дүниетанымының қалыптасқандығын оның ғылыми білімдерінің тереңдігінен, жүйелілігінен, диалектикалық ойлауынан байқауға болатынын айтады. Сонымен, философтардың пікірлеріне сүйене отырып, біз бала санасындағы дүниенің бейнесі дегеніміз – адам санасындағы дүниенің сыртқы бейнесі ғана емес, оның сол дүниеге, қоғамдық өмірге қарым-қатынасы деген тұжырымға келуге болады.

Ал дүниенің ұлттық бейнесі әр ұлттың өмір сүру заңдылықтарында, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, мәдениеті, әдебиетінде жатыр. Оқушылардың санасына дүниенің ұлттық бейнесінің қалыптасуы ұлттық рухта тәрбиелеу мен оқыту арқылы жүзеге асырылады. Ұлттық білім берудің өзі – ұлттық қауіпсіздік пен мәдениеттің құрамдас бөлігі. Халқымыздың сан ғасырлардан келе жатқан ұлттық мұрасын оқу-тәрбие ісімен сабақтастыра отырып тәрбиелеу – ұлттық ерекшелігімізді тануға, олардың бойына ұлттық психологияны қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Сонымен, қазақ тілі сабағында пәнаралық байланысты үйлесімді жүргізіп, оқытылатын материалдар негізінде бастауыш сынып оқушыларының ұлттық таным көкжиегін кеңейтіп, балаларды адамгершілікке, қарапайымдылыққа, бауырмалдылыққа, еңбек сүйгіштікке, эстетикалық сезімге тәрбиелеуге болады.

Қорыта келе, «Елдің елдігін оның тарихы, әдебиеті, салт – дәстүрі сақтайды» деген ұғымға сүйене отырып, дүниенің ұлттық бейнесін қалыптастыру үрдісін шартты түрде мынандай бағыттарға бөлуге болады:

- тілді құрметтеу;
- ұлттық салт – дәстүрді зерделеу;
- елдің тарихы мен мәдениетін оқып зерттеу;
- ата-бабалар өсиетін орындау;
- жер байлығы мен табиғатты қастерлеу.

Әдебиеттер:

1.Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» - Астана, 2014ж. 17 қаңтар.

2.Смағұлова Г.Н. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – Алматы: Ғылым, 1998. – 196 б.

3.2-4-сыныпқа арналған бастауыш мектеп оқу бағдарламалары. Білім беру бағдарламалар орталығы. Назарбаев Зияткерлік мектептері. – Астана, 2016.
4.Оқу бағдарламалары. Әдебиеттік оқу. Жалпы орта білім беретін мектептің 2-4-сыныптарына арналған. – Алматы, 2003.

ӘОЖ 82 (574)2

МАХМУД БИН АЛИДІҢ «НАХДЖ АЛ-ФАРАДИСІ» ШЫҒАРМАСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Сабыр Ғ.К.
№1 жалпы орта білім беретін мектеп мұғалімі, Орал қ.

Аннотация: *В статье подробно проанализировано произведение Махмуда бин Али «Нахдж әл-Фарадис», ценного памятника эпохи Золотой Орды. О том, что лексический фонд памятника очень богат и содержит общие для тюркских народов элементы, свидетельствуют реальные языковые данные. Письменность полностью доказала, что тюркские языки могут служить ценным источником для изучения истории казахского языка.*

Ключевые слова: *Письменные памятники, Золотая Орда, лексика, словарный запас, фонетика*

Annotation:*The article analyzes in detail the work of Mahmoud bin Ali "Nahj al-Faradis", a valuable monument of the Golden Horde era. The fact that the lexical fund of the monument is very rich and contains elements common to the Turkic peoples is evidenced by real language data. The written language has fully proved that the Turkic languages can serve as a valuable source for studying the history of the Kazakh language.*

Keywords: *Written monuments, Golden Horde, vocabulary, vocabulary, phonetics*

«Нахдж ал-Фарадис» - Алтын Орда дәуірінің құнды шығармаларының бірі. Сол дәуірдегі діни шығармалардың ең маңыздысы деп айтуға болады.. Төрт тараудан тұратын шығарма Мұхаммед пайғамбардың хадисімен басталады. Пайғамбардың және оның серіктерінің өмірі, қызметі баяндалып, халифтер, алғашқы имамдар, пайғамбардың әулеті суреттеледі, ислам дінінің негізгі шариғаттарын түсіндіріледі. Ескерткіштің өн бойында үгіт-насихат айтылып, адамгершілік, адалдық, кішіпейілділік уағыздалады. Ірі прозалық шығарма болып табылатын "Нахдж ал-Фарадис" түркі тілдерінің тарихын зерттеуде, XIV ғасырдағы жәдігерлік жазылған аймақтағы тілдің жай-күйін білуде өте маңызы зор жәдігерлік. Бұл тұрғыда белгілі ғалым Ә.Нәжіптің «Как известно, поэтическое, тем более

переводное произведение имеет меньшую ценность для истории языка. Поэтому обьемистое прозаическое произведение «Нахджул фарадис» имеет большое значение для характеристики тюрксого языка в XIY в. В том ареале, где создан этот памятник»-, деген сөзінің маңызы зор[1].

Ескерткіштің лексикалық қоры өте бай және түркі халықтарына ортақ элементтер мол. Түркітануда XIV ғасырда пайда болған ескерткіштерді ***З*** тілді ескерткіштер, ***Й*** тілді ескерткіштер деп бөліп қарау қалыптасқан. ***З*** тілді ескерткіштер оғыз тілінің негізінде жазылған да, оғыз тілінің элементі көп, архаизмдерге және қараханид әдеби тілінің элементтеріне бай болып келеді. Ғылыми зерттеу еңбектерде бұл тіл оғыз-қыпшақ әдеби тіл деп аталады. “Нахдж әл-Фарадис” оғыз-қыпшақтық ***з*** әдеби тілінде жазылған мұра, оған Қараханид дәуірінен келе жатқан жазба әдебиет дәстүрдің әсері тиген. Кейбір зерттеушілер, әсіресе Ш.Марджани бастаған татар ғалымдар ескерткіш тілін бұрынғы бұлғар-татар тіліне жатқызып жүр. Дейтұрғанмен ескерткіш туралы алғаш мәліметті 1885 жылы тауып хабарлаған татар ғалымы Ш.Марджани болатын. Бірақ автор туралы және шығарманың жазылу уақыты туралы мәлімет жазылған қолжазба жоғалып кеткен. Мұның өзі «Нахдж әл-Фарадистің» басқа шығармалармен шатастыруға әкеліп соқтырды. XX ғасырдың басында татар ғалымы Г.Газиз “Нахдж әл-Фарадистің” жеке-жеке үзінділерін татар әдебиеті тарихының оқулығына қосып, ғылыми айналымға шығарды. 1928 жылы А. З. Валиди Стамбулдың Ени Джами мешітінің кітапханасынан аталмыш шығарманың ескі көшірмесін тауып, «Хорезмде жазылған түркі тілдік шығарма» атты мақаласында хабарлады [2].

1928 жылы Ялта өлкетану музейінің директоры Я. Кемаль бұл шығарманың толық емес көшірмесін тапты. Көшірменің үзінділері 1930 жылы А.Самойловичтің алғы сөзімен жарияланған болатын»[3]. Өкінішке орай бұл көшірме қазіргі таңда із-түссіз жоғалып кетті. 1949 жылы Қазанда Б.А.Яфаров Татарстанда табылған көшірмелер негізінде кандидаттық диссертация қорғады. 1956 жылы Анкарада Я.Экман Ени Джамиден табылған көшірменің факсимелесін жариялады. Осы мәліметтерге қарағанда жәдігерліктің жариялануы мен зерттелуі көңіл толарлықтай емес.

Осы күнге шейін табылған көшірмелердің ең құндысы – Стамбул көшірмесі. Өйткені - бұл ең толық көшірме. Төрт тараудан, қырық бөлімнен тұрады. Басты кемшілігі – автор туралы мәлімет жазылмаған. СССР ҒА-ның Ленинградтағы Шығыстану институтының Ленинград бөліміне 1934 жылы Қазаннан бұл шығарманың көне көшірмесі тапсырылған. Бұнда мынандай маңызды мәлімет бар: *Сафар айының сәгизинчи күн йылқы йылы эрди, Йети йуз әллик тоқузда Сарай шахрунда эрди. Бу китабны жам қылғучы ал- Алим ар-Раббин Ва – л- Амил ас- Самадани ал – Устад ал – Мутлак Ва – л – Амил ал – Мувахҳад Махмуд бин Али шаих Ас – Сарайи маншаан ва – л – Булгари мувалладан Ва – л – Курдари ақдан.* Аудармасы: Бұл жылқы жылының сафар айының сегізінші жұлдызы. Сарай қаласында 759 жыл. Бұл кітапты жазушы, құдайға жүрегін ұсынушы, құдайдың бұйрығымен өмір сүруші,

ұлағатты ұстаз, тек жалғыз құдайды танушы Махмұд Бин Али, шығу тегі Сараи шейхі, Бұлғарда туылған, Курдарыға қатысты.

Осындағы Курдар сөзін бірнеше ғалымдар Якут Хамави, А.З.Валиди, М.Ф. Кепрюлзаде Хорезмнің ірі, мәдени қалаларының бірі деп таниды. Автор Курдардан шығып, кейін Сарайда өмір сүрген деп қорытады. Бірақ түркі танушы Ә.Нәжіп Ленинград көшірмесіндегі ***акдан*** (қатысты) сөзіне сүйеніп басқаша ой қорытады: "Однако слово ***акдан*** Ленинградского списка позволяет нам выдвинут, другую гипотезу. Дело в том, что среди племен, населявших Золотую Орду, было племя, носившее такое названия и кочевавшее в Нижнем Поволжье; у казахов Малой Орды до последних десятилетий также существовал род Курдер. Не исключено, что в приведенном тексте указывалась племенная приднадлежность автора сочинения". Ә.Нәжіптің бұл сөзінің жаны бар. Қазақтың кіші жүз рулары "Бай ұлы", "Әлім ұлы", "Жеті ру" болып үш тайпалық бірлестікке бөлініп Жайық, Еділ бойын жайлаған. Жеті рудың бір атасы - Кердері руы жартылай көшпелі, жартылай отырықшы болып, басқа рулардан гөрі қала мәдениетіне, саудаға, ғылым мен білімге жақын болғаны тарихтан белгілі. Кердеріден тарихқа белгілі ақындар, ғалымдар көп шыққан. Сондықтан "Нахдж әл-Фарадистің" авторы - Кердері руынан болуы ғажап емес.

Сонымен жоғарыда айтылған қолжазбалардағы мәліметке қарағанда ескерткіштің авторы - Махмуд бин Али. Жазылған уақыты 759-жыл, сафар айының сегізі, жаңа стиль бойынша 1358 жыл, қаңтар айының сегізі. "Нахдж әл-Фарадистің" жазылу уақыты Сарайда Жәнібектің баласы Бердібектің патшалық құрған кезімен сай келеді.

"Нахдж әл-Фарадис" XIV ғасыр ортасындағы Алтын Орда көркем прозасының үлгісі ретінде өте құнды. Қазақ тілінің тарихи лексикологиясын зерттеуде – маңызды материал. Мұрағаттың лексикасы күрделі, қыпшақ, оғыз элементтері араласып келіп, Алтын Ордадағы шығыс әдебиет дәстүріне ұрынған. Өз дәуіріндегі тайпалардың тілдік элементтерін бойына сіңірген. Сондықтан онда кездесетін көнерген сөздер өзара синонимдік қатар құрайды. Мысалы: *иди* және *изи* "құдай" , "қожайын", *тақы* және *тақын* "тағы", *тапу* және *тапуғ* "қызмет", "табыну", *зандуач* және *сандуач* "сандуғаш", *қалаш* және *қайаш* "туысқан", *қузуғ* және *қуйуғ* "құдық", *йашру* және *йашну* "құпия", "жасырын", *йигли* және *сочал* "ауру" т.б. Көнерген деп ерекшелеп отырған сөздеріміз өз тұсында көне болмаса керек. Біз сөздерді бүгінгі күн тұрғысынан салыстыра келіп шартты түрде көне деп отырмыз. Ал "Нахдж әл-Фарадисте" кейбір сөздер көнелік белгілермен архаизм болады. Соның бірі з (ذ) дыбысы. Мыс: ***аз***-ат, ***азақ***-аяқ ***азарламақ***-ерттеу, ***боз***-бой, ***қазғу***-қайғы т.б. *З* дыбысы башқұрт тілінен басқа қазіргі түркі тілдерінде архаизм болып саналады. Ал А.К. Боровков орта ғасыр ескерткіштерінде құрамында з дыбысы бар сөздердің кездесу себебін әдеби дәстүрдің әсерінен деп қарайды [4]. Бұл айтылған пікірлерге қарағанда з дыбысы бір кездерде чығыл тайпаларына тән болғандығын, ал, "Нахдж әл-Фарадистің" тіліндегі

мұндай дыбыстары бар сөздердің кездесуі әдеби дәстүрдің әсерінен болғанын аңғарамыз.

Ескерткіш лексикасының жалпы түркілік қабаты өте бай, бойында көнелік элементі бар сөздер көптеп ұшырасады: Олар: *азақ* “аяқ”, *аз* “ат”, “есім”, *азын* “басқа”, *өкуш* “көп”, *ичра* “ішінде”, *боз* “бой,дене”, *ташра* “тыста, сыртында”, *тызмақ* “тыйым салу”, *маңыз* “жүз”, *қолмақ* “сұрау”, *қаз* “сұрау”, *йапурғақ* “жапырақ”

Қыпшақтық қабатқа жататын сөздерде мол. Мысалы, *айақ* “аяқ”, *ат* “ат, есім”, *башқа* “басқа”, *көп* “көп”, *ичинда* “ішінде”, *бой* “бой, дене», *сормақ* “сұрау”, *йапрақ* “жапырақ”, *ағач* “ағаш”, *отурмақ* “отыру”, “өмір сүру”, *ел* “халық”, *толуғ* “толық”, *бөрі* “қасқыр”, *қой* “қой”.

“Нахдж әл-Фарадис” тілінде қазіргі қазақ тілімен мағыналық жағынан да, дыбыстық жағынан бірдей, дәлме-дәл сөздер көптеп ұшырасады. Мысалы: *арық, арпа, арқа, ас, ат, ата, аталық, атлас, ақшам, адым, айыр, ала, алты, ана, ант т.б.*

Сонымен қатар жәдігерлік діни шығарма болғандықтан оның лексикасының басты ерекшелігі араб-парсы тілінен енген діни сөздердің молдығы. Мысалы, Алла атын мадақтаған эпитеттер: *Хақ* – анық, шындық, *Хақ Тағала* –анық, құдіретті, *хақ тәбарәкә уа тағала* –Нақ шындық, аса жоғары, *рабб*-жеңімпаз, *раббел аламин* - әлемді бағындырушы, *әрхамур рахимин* – мейірімділердің ішінде мейірімді. Парсы тілінен енген *бар ходай*-бог сущий, *паруардигар* – жаратушы т.б.

Періштелер аттары көп кездеседі. Періште сөзі екі түрлі вариантта кездеседі. Бірі парсы тілінен енген *фәрештә,* екіншісі араб тілінен енген: *мәләк.* Ескерткіште бірнеше періштелер аталады: *Жабраил, Микаил, Исрафил.* Ал *Газраил* - өлім періштесі, мәтінде оның эпитеті кездеседі: *Мәлкул мәвет* - араб тілінен аударсақ «өлім періштесі» деген мағына береді. Хадистерде кездесетін періштелердің де аттары бар: *Мөнкир уа Нәнкир* - өлгендерді сұраққа алатын *Мүңкір- Нәнкір* періштелер.

Пайғамбарлар аттары да мол. Пайғамбар сөзін беру үшін мәтінде парсы тілінен енген *пәйғамбар* және араб тілінен енген *наби* сөзі жарыса қолданылады. Ал *расул* (елші) сөзі тек Мұхаммед пайғамбарға қаратып қолданылады: Ескерткіш мәтінінде бірнеше пайғамбарлар аталады: *Адам, Нух, Якуб, Шөғәйб, Муса, Дауд, Ыиса (иса), Сөләймән, Ибрахим. Ибрахимнің* эпитеті де бар: *Халилуллаһ* –аланың досы. *Мұхаммед* пайғамбар аты мәтінде *Расуллаһи* (Алланың елшісі)деп те қолданылады және пайғамбар атының алдында *Салләллаһу галәйһи вә сәлләм* мақтау эпитеті айтылып отырады.

Ескерткіште адам аттары да жиі кездеседі. Олар негізінен Мұхаммед пайғамбардың серіктері: *Умар, Али, Фатима, Айша, Мәрван* т.б.Мұхаммед пайғамбардың серіктері мен жақын адамдарының атының алдында *радый Аллаһу ганһу* (оларға Алла риза) эпитеті қолданылады. Жәдігерлік тілінде адам есімдеріне *аб* (әке), *умм* (ана), *ибн* (ұлы), *бинт* (қызы) қосымшалары қосылып та айтылады: *Абу Бакір* (Бәкірдің әкесі), *Абу Талиб* (Талибтің әкесі), *Уммегөлсум* (Гулсімнің анасы), *Ибн Ғимран* (Ғимранның ұлы), *Фатима бинт Мұхаммед* (Фатима Мұхаммед қызы). Мәтінде пайғамбардың әйелі Айшаға

қаратып айтылатын *Уммуль-муьминин* (дінге сенетіндердің анасы немесе мұсылмандардың анасы) мадақ эпитеті кездеседі. Мәтінде «қыз» мәнін беретін арабтың *бинт* сөзімен қатар түркілік *қыз* сөзі де қолданылады.

«Нахдж әл-Фарадис» тілінде діни мәні бар сөздер өте мол. Солардің бірі мұсұлман күнтізбесіне қатысты уақыт атаулары, ай аттары: *сафар, рабиғуль-әуал, Зөлхиджа, Рамазан, жумға*. Сомен қатар мәтінде қасиетті кітаптардың аттары да кездеседі. *Тәурат, Инжил, Забур, әл-Куран*. Құран атауының эпитеттері де қолданылады: *Кәләмулла* (Алла сөзі).

Құран оқу әрекетіне байланысты сөздер де көптеп ұшырасады. Мәтінде парсы тілінен енген *намаз* сөзімен қатар араб тілінің *ассалят* сөзі де қолданылады. Бұдан басқа *дұға, азан, ғұсыл* (толық жуыну), *тәһәрат* (жуыну), *сәждә, ғибадат* сөздері ұшырасады. «Жуыну» мәнін беру үшін автор араб сөзімен қатар парсының *абдәст, абдәст қылу* сөздерін пайдаланады.

Қажылыққа қатысты терминдер де мол. Олар *хаджи* (ер тегі), *хаджия* (әйел тегі). *Уқуф* сөзі Арафат тауына шығу мағынасын береді. Көпше түрде жасалған бұл сөздің түбірі *уақф* екі мағына береді. Біріншісі, қайырымдылық мақсатқа арналған зат. Екіншісі, шығу, тұру, аялдау. Сонымен қатар «жүру, айналып өту» мағынасында, көпше түрде *тауаф* сөзі бар. Яғни Қағбаның жеті рет айналып өту мағынасын беру үшін қолданылады. Мәтінде *йамуннәхер* (құрбандық шалу күні) сөзі де ұшырасады.

Ескерткіште бірнеше лауазым атаулары кездеседі. Бұлардың дені араб тілінен енген. Мысалы, *муэзин, имам, мухтәсиб* (бақылаушы), *хатиб* (шешен), *уағыиз* (уағыз айтушы), *әнсари* (көмекші, яғни Мұхаммедтің Мәдиналық серіктері). Сонымен қатар *әмирул-мөэминин* (барлық дінге сенушілердің көсемі) сөзі де ұшырасады.

“Нахдж әл-Фарадис” жәдігерлігі қазақ тілі тарихы үшін аса маңызды еңбек. Оның лексикасын, тілінің грамматикалық ерекшелігін зерттеу қазақ әдеби тілінің тарихы үшін аса өзекті мәселе. Түркі халықтарына ортақ мұрадан қазақ тілінің элементтерін іздеу қазақ тіл білімінің құрметті де қасиетті міндеті.

Әдебиеттер:

1. Наджип Э. Об авторе и дате создания памятника XIY века «Нахджул фарадис»// TURCOLOGIA (к 70 –ию акад. А.Н.Кононова). Ленинград: Наука, 1976, 364 стр.
2. Validi A.Z. Hvarezemde yazilmis eski turkче eserler. – Turki – yat Mecuasi. C. II. Istanbul, 1926
3. Кемаль- Якуб. Тюрко-татарская рукопись XIV века “Нахдж әл-Фарадис”. Симферополь, 1930.
4. А.Н.Боровков. Лексика среднеазиатского тефсира XII-XIII вв. Москва, 1963.
5. Э.Фазылов. Староузбекский язык. (Хорезмийские памятники XIV века). I, II том. Ташкент, 1966.

ӘОЖ 94 (574)

АЛАШ ТАҒЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗДІК

Сүлейменова Д.Д.
тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университет, Орал қ.

Аңдатпа: *Алаш, Алашорда, Алаш көсемдері, әрине өз бағасын алып жатыр.Алаш тарихына байланысты еңбектер жарияланууда. Бірақ әлі де болса, Алаш тарихын тереңдетіп зерттеу – болашақтың еншісінде, күні бүгінге дейін ақталмаған,тарихи айналымға түспеген Алаштың ардақты ұлдарының деректері баршылық.*

Тірек сөздер: *саяси күрес, қазақ зиялылары, отарлық езгі,Алаш қозғалысы, ұлттық мемлекет,тәуелсіздік*

Summary: *At this time, Alash, Alashorda, the leaders of Alash are getting their assessment. Also, works on the history of Alash are being published. However, a deep study of the history of Alash is still in the hands of the future generation.*

Key words*: political struggle, Kazakh intelligentsia, colonial oppression, Alash movement, nation state, independence.*

Аннотация: *В данное время, Алаш, Алашорда, лидеры Алаш получают свою оценку.А также,издаются труды по истории Алаша.Однако, глубокое изучение истории Алаша все еще в руках будущего поколения.*

Ключевые слова: *политическая борьба, казахская интеллигенция, колониальный гнёт, движение Алаш, национальное государство, независимость.*

XX ғасыр басындағы ұлт зиялыларының алдына қойған міндеті қазақ деген «Халқын ұлт деңгейіне көтеру», өз елін «жат үстемдіктің тепкісінен құтқарып өз мекемелеріне ие,тәуелсіз бір жеке тұлғаға айналдыру» - деген болатын Мұстафа Шоқай [1]. Осы мұратқа жету жолында Алаш зиялылары халық бұқарасымен тығыз қарым-қатынас ұстай отырып, ұлттық сананы қалыптастыруға, мемлекеттік құрылым құруға тырысты.

Алаш зиялыларының негізгі назар аударуға тура келген мәселесі,қазақ халқының ұлттық тілінің, білім жүйесінің,жаңа сатыдағы ұлттық мәдениетінің, ұлттық бірегейлік пен санасын қалыптастыру, осы жолда олар жан аямастан қызмет етті. Басқаша айтқанда,ағартушылық ұлт үшін ұйытқы элемент міндетін атқарады. Сол сияқты ұлтшылдықтың да түпкі мақсат-мұраты бар. Отарлық езгі жағдайындағы елдер үшін ол ұлттық мемлекеттілікті жаңғырту немесе оны қалыптастыру.Ұлттық мемлекет

азаттық жолына түскен елдің территориялық тұтастығы мен еркін дамуының кепілі екенін Алаш зиялылары ғасыр басында ұғынып, сол жолда қызмет етті.

Ғасыр басындағы ең өзекті мәселе қазақ халқы үшін – жер мәселесі болды. Осы мәселені шешу жолында Алаш қайраткерлері қызмет етті.

1917 жылы патша тақтан құлаған соң, қазақ жерінде әр облыстарда Қазақ сьездері өткізілді.Алда тұрған міндет қазақ мемлекеттілігін құру міндеті тұрды. Бұл міндетті орындау жолында, қазақ халқының саяси бірлігі және саяси сауаттылығы өте қажет еді. Осы бағытта қазақ халқының арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу барысында Алаш қайраткерлері тынбастан қызмет атқарды.

1917 жылы шілде-тамыз айларында Жалпықазақтық бірінші сьезінде «Алаш» партиясы тарих сахнасына шықты. Алаш партиясының ұлттық ұстанымы бес түрлі тұжырымға негізделді. **Бірінші ұстаным:** Жер,жер және жер. Жерсіз Отан жоқ. Ә. Бөкейханның ұйғарымы бойынша: «Қазақтың байырғы жерін қашан қазақтар өз бетінше ғылым мен техникаға сүйеніп, толық игермейінше,жер жеке меншікке де,қоныстанушыларға да берілмейді». Яғни, бұл ұстаным: Жер-Отан, ал Отанды сатуға да, жеке меншікке айналдыруға да болмайды. Жер үшін әр қазақтың намысы жыртылып, ол жерге әр қазақтың тері мен қаны төгілген-деген тұжырымға саяды. Бұл тұжырым бүгінде де күн тәртібінде тұрған мәселе екенін естен шығаруға болмайды.

Екінші ұстаным: жердің астындағы,үстіндегі барлық игілік қазақ мемлекетіне қызмет етуі керек. Ә.Бөкейханның айтуынша: «Оның әрбір түйір тасы, әр қазақтың өңіріне түйме болып қадалуы керек»-дейді. Яғни,бұл өз жерінің игілігін,өз еліне,халқыңның игілігіне жұмса,одан асса ғана, жатқа салауат дегенді білдіреді. Бұл тұжырым бүгінде де негізін жойған жоқ,сондықтан ойлану қажет,ертеңгі ұрпаққа не қалдырамыз деп.Абай данышпанның айтқаны:

Өздеріңді түзелер дей алмаймын,

Өз қолыңнан кеткен соң,- дегені жердің астына,үстіне,аспаныңа иелік ете алмасаң ырықтың кеткені сол емес пе?

Үшінші ұстаным: Ә.Бөкейхан: «Қазақтың жерінде өндірілген бір уыс жүн,сол мемлекеттің азаматтарының үстіне тоқыма болып киілуі керек»-деп толықтай экономикалық тәуелсіздік пен бірлікке қол жеткізуге ұмтылу керек екенін айтса, Абай атамыз: «Бірлік ақылға-бірлік, малға бірлік емес. Малыңды беріп отырсаң –атасы басқа, діні басқалар да жалданып тірлік қылады. Бірлік сатылса, анұрғандықтың басы осы. Ағайын алмай бірлік қылса керек» дегенде бірлік,осы экономикалық бірлікті меңзеген.Бүгінде тәуелсіз мемлекет бола тұра, толық экономикалық тұтас бірлікке қол жеткізе алмай отырмыз.

Төртінші ұстаным: Қазақ мемлекетінде мемлекет құрушы ұлттың тіл,дін,діл үстемдігі болуы керек, яғни яғни, Х. Досмұхамедов айтқандай: «Ана тілін жақсы біліп тұрып , бөтенше жақсы сөйлесең бұл сүйініш, ана тілін білмей тұрып, орысша жақсы сөйлесең бұл күйініш»дейді. Әр уақытта

ұлттық мәдениет сақталуы тиіс. Ал бұл күнде өзге ұлт өкілдері түгел,қазақтың өзі ана тілінде сөйлеуден қалып барады.

Бесінші ұстаным: Тәуелсіз ғылымға, ұлттық салт-дәстүрге негізделген заңға сүйене отырып,жаңа үлгідегі ұлттық- демократиялық мемлекет құру еді. Бүгін де аңсаған тәуелсіздікке қол жеткіздік, бірақ атқаратын істеріміз алда тұрған өзекті мәселелер өте көп, жіберген қателіктерде аз емес[2].

“Алаш” қозғалысы, “Алаш партиясы, “Алашорда” автономиясы ұғымы турасында Манаш Қабашұлы бұл ұғымдардың мәні, хронологиялық аясы әлі күнге дейін анық еместігін айта отырып, осы тақырып төңірегіндегі зерттеулерге тоқталып өтеді[3]. Мәселен зерттеуші М. Қойгелдиевтің XX ғ. ұлт-азаттық қозғалысын “Алаш қозғалысы” деп атағандығын, сонымен бірге “Алаш” партиясы, Алашорда үкіметі, “Алаш” автономиясы қосылып, “Алаш қозғалысы” деп түйіндегендігін[4], “Алаш” қозғалысын зерттеушілердің бірі Дина Аманжолованың “қазақтың ұлттық қозғалысы “Алаштың” дамуын үш сатыға бөліп, оларға:1) 1905-1916 жж. Батыс бағыттағы либералдық зиялы топтың ағымын,2) 1917 ж. революция дәуірін,3) 1918-1920 жж. Алаш тарихын бөлгендігін[5], ал ғалым К. Нұрпейістің “Алаш”, “Алашорда” ұғымын ғасыр басындағы буржуазиялы қауымның әлеуметтік-саяси қозғалысына таратуға болмайды” деп санап, Алаш қозғалысы деген ұғымға Алаш партиясы, Алашорда автономиясы оның үкіметі құрылған және большевизм мен бетпе-бет жауласқан 1917-1920 жылдарға ғана тән екенін” атап көрсеткендігін көрсетеді [6].

Манаш Қабашұлы “Алаш қозғалысы” турасындағы өз ойын былай түйіндейді. Оның пікірінше “Алаш қозғалысы” деген ұғымды ұлт-азаттық қозғалысымен шендестіру орынсыз. Ол: “Алаш қозғалысы ұлт-азаттық қозғалысының бір ғана белесі, оның шыны”, - дей келе, ұлт-азаттық қозғалыстың көп ағымдардан тұратындығын, оған жұмысшы қозғалысын, шаруалар қозғалысын, зиялы қауым қозғалысын, мұсылмандар қозғалысын жатқызуға болатындығын көрсетеді.

“Алаш” қозғалысы туралы ұғымды талдауда Манаш Қабашұлы Әлихан Бөкейхановтың “Қырғыздар” деген мақаласына сүйеніп, Алаш көсемінің ғасыр басында орыс әдебиетімен ауыздықтанып, Еуропа мәдениетіне сенген, батыстықтар рухында шыңдалып, ұлттық діни өзгешеліктерді жоғары санаған түрікшілдер, панисламизм жақтаушылары болып бөлінгендігін, батысшылдар атанғандар “Қазақ” газетінің төңірегіне топтасып, болашақ Алаш зиялыларының негізін қалағандығын атап өтеді. Сондай-ақ, ғалым Алаш қозғалысы Ресейдегі екі революция кезінде де өз бағдарламасымен жеке толқын, жеке ағын болып шыққандығын, Алаш партиясы, Алашорда автономиясы, Алашорда халық Кеңесі болып қалыптасып, большевизммен жекпе-жек айқасқандығын баса айтады. Ғалым профессор Кеңес Нұрпейістің “1905-1916 жылдар аралығы Алаш қозғалысының пісіп-жетілуіне, Кадет партиясынан бөлініп, өз алдына Алаш қозғалысының шаңырақ көтеруіне әкелген даярлық кезеңі болды” деген тұжырымын толығымен қолдайды[7].

1916 жылы маусым жарлығынан кейін зиялы қауым өкілдерінің бөлініп, Алаш қозғалысы қалыптаса бастаған кезде зиялылар бір-біріне қарама-қарсы екі

топқа бөлінгендігін, сөйтіп олар баррикаданың екі жағында болғандығын, алайда осы қозғалыс отаршылдыққа қарсы күрес жүргізгендігін айқындайды.

Қазақ зиялы қауымының басым көпшілігі Алаш партиясы, Алашорда Ұлттық Кеңесінің маңына топтасқандығын, Ә. Бөкейхан әуелі баста оппозициялық либералдық зиялы қауым қозғалысының басы-қасында болып, ал кейін Алаш қозғалысының көсемі болып, Алаш туын көтергендігін баса көрсетеді.

Манаш Қабашұлы Алаш зиялыларын ғасыр басында Ресейде қалыптаса бастаған интеллектуалдардың жаңа ұрпағына жатқызды. Ақпан төңкерісінен кейінгі жылы Қазақстан қоғамындағы өзгерістер легін Алаш қозғалысымен тығыз байланыста қарастыруды ұсынды.

Алаш зиялылары ағартушылық идеясын жаңа сатыға көтеріп, оны дін аясына таратқандығын, таптық мүдде емес, тұтас ұлт мүддесін қорғап, отаршылдыққа қарсы ұлттық майдан ашуды көздегендігін талдап көрсетеді. М. Қозыбаев Алашорда үкіметінің бағдарламасының мәнін талдауға тырысады. Олардың ұлт мәселесін шешудегі реформаторлығын нақтылайды.

Алаш партиясының құрамында қазақ зиялыларынан басқа ұлт өкілдерінің болғандығын да келтіреді. Мәселен, Алаштың қырғыз филиалы болып, тек Бішкекте ол партияның 800 мүшесі болғандығын, олардың қатарында Әбдікәрім Сыдықов, Ишанғали Арабаев сияқты көрнекті өкілдерін келтіреді[8].

Ғалым түркілердің “Шығыс түркі Федерациясын” Алаш негізінде жасауға әрекеттенгендігін де атап өтеді. Сөйтіп, Алаш қозғалысы – ұлт-азаттық қозғалыстың биік белесі болды деп тұжырымдайды [9].

Қазақстанның тәуелсіз ел болуы, ұлт мәселесі ғалымның еңбектерінің басты тақырыбына айналды. 1991-2002 жылдарда мерзімді басылым беттеріне оның тәуелсіздік, ұлт тақырыбына арналған көптеген мақалалары жарияланды. Атап айтқанда “Тәуелсіздік толғаныстары”, “Тіл тағдыры –ұлт тағдыры”, “Киелі тәуелсіздік”, “Тәуелсіздік даңғылы”, “Ана тілім – айбарым”, “Тәуелсіздіктің рухани көрінісі”, “Отан туралы сөз”, “Қандай елміз – қандай болуға тиіспіз”? “Тәуелсіздік самалы”, “Ұлт болымысы”, “Ұлт намысы”, “Ұлт тілі”, “Ұлттық мәдениет”, “Ұлтжандылық”, “Ұлт зиялылары” және тағы басқа мақалалары жарық көріп, Қазақстанның тәуелсіздікке жету жолдары мен оның тарихи маңызы, халқымыздың ұлтжандылық қасиеттері айқындалады.

Манаш Қабашұлының тәуелсіздікке байланысты толғанымдары, Отанға деген сүйіспеншіліктері де аса терең. Оның әрбір зерттеуінен осы тәуелсіздікке жетудегі халқымыздың патриоттық сезімі, ұлтжандылығын айқын сезінуге болады.

М. Қозыбаев “Тәуелсіздік даңғылы” деген мақаласында еліміздің жоғалтқан асылы тәуелсіздік деп, оған жету жолының қиын да, қилы болғандығын келтіреді. “1980 жылдардың соңында Кеңес мемлекеті ыдырай бастады. Одақтас республикалар жеке бөлініп шықты. Біз жалтақтаумен біраз отырып қалдық”, - деп жаза отырып, өзінің депутат болған кезінде Жоғарғы Кеңестің сессиясында егемендік алу туралы пікірін қысыла-қысыла айтқандығын да жасырмайды. Осы сессиядан кейін құрамында төрағасы С. Зиманов, мүшелері Н. Назарбаев, Ә. Кекілбаев, С. Сартаев және М.

Қозыбаев бар комиссия құрылып, Егемендік декларациясын дайындауға кіріседі. “Бұл Декларация – тәуелсіздіктің алдыңғы баспалдағы болды десем, қателеспеген болар едім”, – дейді ғалым [10]. Егемендік туралы декларация ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің 1990 жылғы 25 қазанындағы қаулысымен қабылданды.

Мемлекеттік егемендіктің жариялануы – республика өміріндегі аса маңызды саяси оқиға болды. Бұл декларацияның қабылдануын ғалым тарихи маңыздылығы зор екендігін атай отырып, тәуелсіздікке апаратын бірден-бір қадам деп санады. “Алматы ақшамы” газеті тілшісімен болған сұхбатында Манаш Қабашұлымен Декларацияның қабылдануының мәнін түсіндіріп өтеді.

М. Қозыбаев көрсеткендей, тәуелсіздік жолы – қиын жол болды. 1731 жылдан бастап 1986 жылдың желтоқсанына дейін бір сәт үзілмеген жеті жүзге жуық ұлт-азаттық, ұлттық тойтарыс қозғалысы бастан кешірген.

Тәуелсіз еліміздің іргесінің мықтылығын шет мемлекеттерге таныту үшін білім мен ғылым салаларын көтеру қажеттігін ғалым баса көрсетеді. Ол Президентіміз Жолдауында да білім мен ғылымға көп көңіл бөлу керектігі жөнінде көтергендігін, “ғылымсыз, білімсіз халық – өркениеттің құлы, ғылымды, білімді халық – өркениеттің пірі” деген тұжырымға келеді[11].

Тәуелсіздік – саяси тәуелсіздік, экономикалық тәуелсіздік, рухани тәуелсіздік, ғылыми-техникалық тәуелсіздік, информациялық тәуелсіздік... Манаш Қабашұлы осы тәуелсіздіктер елдің елдігін көтеріп, дүниежүзіне танытады деген пікірде болып, осы тәуелсіздігімізді сақтайтын ел азаматы екендігін айтады.

М. Қозыбаев еліміздің алдыңғы елдер қатарында болуы үшін тәуелсіз экономикасы, стратегиялық маңызы бар өндірістері болу керектігін және де ұлттық жұмысшы табының жағдайын көтеру қажет дейді. Демократиялық ашық қоғам болу үшін мемлекетке дінді араластырмау, діннің қоғамдағы өзіндік орнын табу, елдің ағартушылық рухын көтеру керектігін атайды [12].

Қазақстан республикасының тәуелсіздігінің 30 жылдығымен тұспа-тұс келген, академик Манаш Қозыбаевтың 90 жылдық мерейтойының аталып өтілуі бұл жас ұрпаққа тағылымды сабақ болары сөзсіз.

Қорыта айтқанда тәуелсіздік ғасырлар бойы қазақ халқының аңсаған арманы. XX ғасыр басында қазақ зиялылары саяси күреске шығып, кеңестік идеологияның құрбаны болса, ғасыр соңында бұл армандары орындалды. Биыл Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық тойын өткізіп жатырмыз,келесі жылы Алаш автономисының 105 жылдығы және Жаһанша Досмұхамедовтың 135 жылдық мерей тойы[13].

Әдебиеттер:

1. Шоқай М. шығ.жин. Алматы, 2013, 2т.
2. Жұртбай Т. Біртұтас Алаш идеясы. Алматы, 2016.
3. Қозыбаев М. Өнегелі өмір Алматы 2016, 344 б.
4. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Алматы,1995
5. Аманжолова Д. «На изломе. Алаш в этнополитической истории Казахстана». Алматы, 2009.412б.

6. Нұрпейіс К. Алаш һәм Алашорда. Алматы, 1995.
7. Қозыбаев М. Тәуелсіздік самалы//Қазақ тарихы.1993. №6,22б.
8. Қозыбаев М. Тәуелсіздіктің рухы//Алматы ақшамы.1998. №211.
9. Қозыбаев М. Өркениет және ұлт. Алматы, 2001, 369 бет.
10. Қозыбаев М. Тәуелсіздік даңғылы // Ақиқат. 2001. №4,12б.
11. Назарбаев Н. Елбасы жолдауы**. Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру.2018.**
12. Қозыбаев М. Заман және зиялы // Парасат. 1998. №6,24б.
13. Сүлейменова Д. Жаһанша Досмұхамедов һәм қазақ автономиясы. Орал, 2018.

ӘОЖ 37:811.512

ҚАЛАІШІЛІК НЫСАН АТАУЛАРЫНЫҢ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Төлебаева Т. Т.
Қазақ тілі мен әдебиеті білім бағдарламасының 1-курс магистранты
Садуақас Н. А.
филология ғылымдарының кандидаты, доцент Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті.Ақтөбе қаласы, Қазақстан Республикасы

Аннотация: *В статье указаны различные объекты, расположенные в черте города, обращено внимание на смысловую связь между их деятельностью и названиями. Много людей, содержащих учереждений, коллективных (обучения, образования, науки, пройзводства), культурных зданий (кино, театр, филормония, развлекательные очаги), коммерческие места (банк, театр, торговый дом, магазин, рынок, агенства, фирма), спортивные объекты (спортивные площадки, спортивный комплекс, стадион, бассейн) и другие. Сделан анализ на лингвистические особенности имён объектов.*

Ключевые слова: *город, учереждение, школа, театр, стадион, магазин, названия объектов.*

Annotation: *The article shows various objects located in the city, and draws attention to the semantic relationship between their functions and names. Collective institutions (educational, educational, scientific, industrial facilities), cultural buildings (cinemas, theaters, philharmonic societies, entertainment centers), commercial facilities (banks, trading houses, shops, markets, agencies, companies), sports facilities (sports grounds, sports complex , stadium, pool), etc. The analysis of the linguistic features of the names of objects is carried out.*

Key words: *the name of the city, institution, school, theater, stadium, shop, object.*

Адам баласының ғасырлар бойы қалыптасқан сөйлеу әдебі, өмір тәжірибесі, салт-дәстүрі, мәдениеті, танымы, білімі, адами ізгілікті қасиеттері мен рухани құндылықтары, қоғамның әлеуметтік сипаты, т.б. этнологиялық түсініктері ұлттық қазынасы - оның тілінде көрініс табады. Қоғам дамыған сайын тілдік қатынас та күрделене түседі. Адамдардың бір-бірімен сөйлесуі тек түсінісу, хабарласу, қажетті мәліметті алу-беру ғана емес, тілдік қатынас адамның айналасын қоршаған орта туралы барлық ақпараттармен байланысып жатады. Адамды қоршаған ортада ауыл, қала, мекеме, түрлі қоғамдық және жеке нысандар, көше, тау, орман су, құм, бағалы металл, қазба байлық, жан-жануар, түрлі өсімдіктер әлемі, т.б. болғандықтан, олардың атаулары да тілдік қолданыста айтылып жатады. Тіліміздің лексикасы халық тұрмысындағы ұғым-түсініктерді сөз арқылы бойына жинақтап, уақыт өтіп, қоғам дами түскен сайын жаңа сөздермен толығып, өсіп, ұлғайып отырады. Сондықтан тіршіліктің барлық саласын қамтитын сан мыңдаған сөздерді рет-ретімен жүйелеп, әртүрлі топтарға бөліп, оларға ғылыми түсініктер бере алуымыз керек. Міне, сонда ғана әрбір топтағы сөздердің сыр-сипатын ашып, қолданылу ерекшеліктерін айқындай түсеміз. Әлемді тіл арқылы тануда жалқы есімдердің маңызы ерекше десек, ономастикалық кеңістіктегі тілдік бірліктердің ерекшеліктерін, оның ментальді-когнитивтік сипаттарын айқындау қазіргі тіл білімінің жаңа ғылыми парадигмасына сәйкес зерттеу өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Сонымен бірге, елдің ономастикалық кеңістігін зерттеу, Елбасы ұсынған, «ұлттық идеяны» қалыптастырудағы құнды фактордың бірі болып табылады. Тіл қызметінің өзіндік ерекше саласының бірі - ономастика десек, оның ішкі құрылымдарының бір тармағы - эргонимдер. Қазақ тіліндегі жалқы есімдер жүйесіндегі атауларды зерттеген ғалымдар Г.Б. Мәдиева мен С.Қ.Иманбердиева ономастикалық кеңістікті шартты түрде идеонимдер мен прагматонимдер деп үлкен екі топқа бөліп, оларды өз ішінде артионим, документоним, библионим, хрононим, поэтоним, теоним, т.б. деп топтап, ал прагматонимдер қатарында порейоним,эргоним, хрематоним, фалероним, т.б. деп жіктеп көрсеткен [1.82]. Ономастика саласында ерекше мән беретін ұғымдардың бірі – эргоним. Эргонимия (эргоним грек тілі. Ërgo - іс, қызмет, еңбек+ onyma, onoma есім, ат, атау) – онимнің бір түрі, адамдардың біріккен ісінің, соның ішінде кеңестің, ұйымның, мекеменің, қоғамның, үйірменің жалқы есімі [1.166]. Осы анықтамалар негізіне қарай, қазіргі тілдік қолданыста эргоним - қалаішілік нысана атаулары деген мағынада жұмсалады. Эргоним оним түрі ретінде түрлі мекеме, ұйым, одақ, қауымдастық, үйірме, кәсіпорын, оқу орны, кітапхана, сауда орны, т.б. нысандар атауларын қамтиды. Жүйелеп, мағыналық жағынан топтап айтқанда, белсенді адамдарды қамтитын ұжымдық мекемелер (оқу,

білім, ғылым, өндіріс орындары), мәдени нысандар (кино, театр, филормония, ойын-сауық ошақтары, т.б.), түрлі коммерциялық мекемелер (банк, сауда үйі, дүкен, базар, агенттік, фирма, т.б.), спорттық нысандар (спорт алаңы, спорт кешені, стадион, бассейн,) т.б. нысандар эргонимдік қатардың бірліктерін құрайды. Жалпы алғанда олар қаланың ономастикалық кеңістігін танытады, қалада жүріп-тұруға бағыт береді, себебі олар атау қызметінен басқа, бұл объектілерді қолдану мүмкіндігіне қарай идентификациялау, жекелеу, адрестік, ақпарат беру, т.б. қызметтерін атқарады. Сонымен қатар атаулар танымдық қызметін де атқарады. Олар қаланың ақпарат кеңістігінде бір ерекше белгі, бағыт болып табылады. Осы атаулардың ерекшеліктері жөнінде хабардар болуымыз керек, сондықтан оларды тіл мамандары тілдік тұрғыдан зерттеуге алады. Айналамыздағы түрлі мекеме, кәсіпорын, бизнес орталықтар, шағын жұмыс орындары, бәрін бір сөзбен, бір атаумен тіл білімінде эргоним қарастырады.

Қазіргі кезде еліміздің экономикалық кеңістігінде және әлеуметтік өмірінде жағдай жақсарған сайын қаланың да келбеті көркейіп, неше түрлі көлемде салынған ғимараттар, жеке кәсіпорын, фирма, компаниялар, әртүрлі мекемелер, басқа да қоғамдық, сауда, мәдени орындар көбейе түсті. Эргонимдер өз қолданысында, алдымен, атауыштық (идентификациялаушы), одан соң, ақпараттық-хабарлама және жарнамалық қызметтер атқаратыны анықталған жай. Яғни, эргоним белгілі бір нысанның атауы болуымен қатар, бұған қоса оның мекендік (адрестік), ақпараттық (информативтік) және бөлшектеуші (дифференциациялаушы) қызметті де атқарады екен. Эргонимдік номинация талабы бойынша нысанның атауы уәжді болуына, алдымен, нысанның атқаратын қызметінен хабар беріп тұруы, содан кейін, сол нысанның қызметін жарнамалап, өзгелерді өзіне тартып, қызығушылығын оятуы, одан соң, адамның есте сақтауына ыңғайлы, айтуына оңай атаулар болуына, назар аударылуы тиіс. Сонымен бірге, күнделікті қоғамдық өмірде қалаішілік нысан атауларының бірі сол нысанның қызметін нақты жарнамалап, атауы мен қызметі тығыз байланысып тұрғанын танытса, енді бір атаулар мен нысан қызметі арасында байланыс өте әлсіз болатынын, ал кей жағдайда, нысан атауы сол нысанның қызметінен тіпті алшақ жататыны байқалады. Осы мәселеге қатысты зерттеу жүргізген ғалым М. Какимова кейбір эргонимдердің толық уәжділік сипаты мекеменің шығаратын өнімін немесе көрсететін қызметін толық танытатынын, бәсең уәжделген эргонимдер нысан жөнінде толық мәлімет бере алмайтынын, ал эргонимдердің уәжсіз типтері нысан жөнінде ешқандай ақпарат ақпарат жоқтығынан адресатқа да түсініксіз болатынын көрсетеді [2.12]. Нысандарға қатысты берілген атау ұғымдары ономастикалық кеңістікте үлкен рөл атқарады, себебі олар тілдік қарым-қатынас барысында белсенді қолданыс тауып, тілден көрініс табады. Эргоним қалаішілік нысан атауларымен байланысты болса, прагматоним тауарлық таңба атаулары деген ұғымды білдіреді, яғни нысандағы өнімдермен байланысты

атауларды қарастырады. Сондықтан қаладағы нысандар мен өнім, тауар, қызмет ету атаулары өзара байланысты болып келеді. Ономастикада осы ұғымдарға қатысты деректер көп болғандықтан оны тілдік жағынан зерделеу де маңызды болып табылады.

Бұрын кеңестік жүйеде орыс тілінде және жалпы аталатын атаулар көп болды. Мысалы, «Промтовары», «Обувь», «Продукты», «Универмаг», «Кулинария», «Сберкасса», ЦУМ, т.б. Бұл атаулар өздеріне қатысты нысандардан толық мәлімет беріп тұрды. Ал қазіргі таңда қоғам дамыған сайын атаулар да әртүрлі болып, көбейе түсті. Бұл атаулар тілімізде қолданылатын болғандықтан оны тілдік жағынан да қарастыру керек болады. XXI ғасыр дамыған кезең. Ең алдымен өз тіліміздегі атаулардың маңызы ерекше екенін ескеру керек. Мысалы, Ақтөбе қаласының көрікті жерлерінде бой көтерген, қазақша атаулар алған нысандарына назар аударайық. «Қоныс» спорт сарайы. Бұл ғимарат 1976 жылы салынған, ол спорттық ойын түрлерін өткізуге арналған. Ақтөбе қаласының ең көрікті ең ұлы ғимараттарының бірі ол - Ақтөбе орталық мешіті. Оның тарихы 1901 жылы қаладағы 200 орындық мешіттің құрылысы кезінен бастау алады. - Оқушылар сарайы. Бұл ғимарат оқушылар мен жастарға мектептен тыс қосымша білім беретін оқу-әдістемелік орталығы [3.]. Осы аталғандай, Орталық саябақ, Ақтөбе орталық мешіті, оқушылар Сарайы, «Қоныс» спорт сарайы, басқа да әсем ғимараттар Ақтөбе қаласының сәнін келтіріп тұр. Атаулар арқылы қала өміріндегі тілдік қолданысты, әрі қала өміріндегі ана тіліміздің қалай бейнеленгенін анықтауға болады. Яғни, эргонимдер адамзат өркениетіндегі тұрмыс-тіршілігін, мәдени, экономикалық сол секілді т.б. өзгешеліктерімен тығыз байланысты келеді. Айналамыздағы түрлі атаулар тек бір нысанды атау үшін емес, халқымызға барлық жағынан да қызмет етіп тұруы тиіс деп ойлаймыз. Егер атаулар қаламыздағы бір-бірін қайталамайтын әрі қаланың тарихына мән беретіндей атауларға ие болып, көбінесе қазақ тілінде ғана қойылса, қазақ тілінің дамуына үлес қосып, қаланың мәдениетінің жоғары болуына ықпал етері сөзсіз. Себебі атаулардың қазақ тілінде қалыптасуы - мемлекеттік тілдің дәрежесі, қазіргі жай-күйі, болашақ үшін игі іс. Сондықтан болашақтың жарқын болуы жолындағы осындай қадамдардың дұрыс жолмен реттелуін қадағалау қажет. Әрбір берілген атаулар басқа тілде емес, қазақ тіліндегі атауларға ие болса, қаланың ақпарат кеңістігінде мәдениетімізден берілген айрықша белгі болуының көрінісіне айналары хақ. Сонымен қатар қазақша атаулардың мейлінше көп болуы мемлекеттік тілдің дәрежесін үстем етері анық.

Айналамызға көз салсақ жеке-меншік орталықтардың саны күннен-күнге өсіп жатқанына көзіміз жетеді. Орталықтардың атаулары да өздеріне сай ерекшеліктерімен аталады және бұны ғылымда эргоним саласы қарастырады. Эргонимдер бірнеше түрге бөліп қарастырылады:

Антропоним атауларымен байланысты эргонимдер. Антропоним - гр. адам, атау деген сөздердің мағынасын берсе, ал антропонимика - адам аттарын, жалқы есімдерді зерттейтін Онамастиканың бір саласы[4.42]. Антропонимдер ономастикалық кеңістіктің өзегі болып

табылады. Ұлттық антропонимиконның негізгі қорын көп жағдайда ана тілдегі атау құрайды. Антропонимдік жүйе белгілі бір семантикаға ие әйел есімі мен еркектер есімі болып бөлінеді. Атаулар маңызды заң қызметін - қоғамдағы жеке адамды ажырату қызметін атқарады[5.54].

а). Белгілі тұлғалар есімі. Көптеген нысандарға ерлік – еңбектерімен халық жадында қалған тұлғалар есімі берілген. Ақтөбе қаласындағы осындай эргонимдік атауларға назар аударайық:

Нұрпейіс Байғанин атындағы кітапхана. Нұрпейіс Байғанин (1860-1945) Ақтөбе облысы, Темір ауданында дүниеге келген, халық ақыны, жырау, «Нарқыз», «Аққенже» дастаны, «Кектің дауысы», «Қазақбаймен айтыс», «Ақын шабыты», «Көрімдік», «Ғасырдың қарт бұлбұлы» т.б. өлең-жырлар авторы [5.310].

Ә.Молдағұлова атындағы музей. Әлия Нұрмұхамбетқызы Молдағұлова (1925 ж. 15 маусым, Ақтөбе облысы, Қобда ауданы, Қаз КСР – 1944 ж. 14 қаңтар, Псков облысының солтүстігінде Новосокольники, Казачиха ауылы, РКСФР, ерлік көрсеткен), Кеңес Одағының Батыры (1944), мерген, ефрейтор.

Тахауи Ахтанов атындағы драма театры. Тахауи Ахтанов (1923-1994) Шалқар ауданы, Шетырғыз ауылында дүниеге келген,Ұлы Отан соғысына қатысқан, «Махаббат мұңы», «Дала сыры» кітаптарының, «Боран», «Шырағың сөнбесін», «Қаһарлы күндер» романдарының және тағы басқа көлемді туындылардың авторы [5.283].

Қобыланды батыр атындағы стадион. Қобыланды Тоқтарбайұлы - қара қыпшақ руынан шыққан халық батыры. Қобыланды батырдың ерліктері «Қобыланды батыр» жырында берілген[6.15].

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті. Құдайберген Қуанұлы Жұбанов (19.12.1899 ж. Темір ауданы, Ақтөбе облысы – 25.02.1938 ж.) – тіл білімі саласындағы алғашқы қазақ профессоры, түркітанушы, педагог.

Сақтаған Бәйішев атындағы облыстық кітапхана. Сақтаған Бәйішұлы Бәйішев (1.10.1909 жыл, Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Ақжар ауылы - 18.06.1982 жыл, Алматы) - қоғам қайраткері, ғалым, экономика ғылымдарының докторы, профессор (1962), Қазақстан ғылым академиясының академигі, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері.

Екі мәрте Кеңес Одағының батыры Талғат Бегелдинов атындағы әуе қорғаныс күштерінің әскери институты. Талғат Жақыпбекұлы Бигелдинов (05.08.1922, Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы, Майбалық ауылы – 09.11.2014, Алматы) - Авиация генерал-майоры, Кеңес Одағының екі мәрте батыры, «Барыс» орденінің иегері.

Ахмет Жұбанов атындағы музыка колледжі. Ахмет Қуанұлы Жұбанов (1906-1968) - қазақ музыкасын зерттеуші көрнекті ғалым, әйгілі композитор, дирижер. Қазақстанның халық әртісі, өнертану ғылымының докторы, профессор, академик.

Ғазиза Жұбанова атындағы облыстық филармония. Жұбанова Ғазиза (1927-1993) - сазгер, Қазақстанның және КСРО-ның халық артисі, ҚазССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, профессор.

Есет батыр атындағы спорт колледжі. Есет Көкіұлы – Жетіру тайпасының, тама руынан шыққан белгілі батыр. 17 ғасырдың соңы мен 18 ғасырдың басында елін жаудан қорғап, ақыл-айласымен қол бастаған, әскери-жауынгерлік өнерді меңгерген сонау заманда қайраты тасыған тұлға[6.395].

ә). Шағын кәсіптер атауы. Мұндай орындар сол кәсіпкердің есімімен немесе туысының, досының, жақын адамдарының есімімен аталады. Мәселен: «Айдана» кафесі, «Жанар» азық-түлік дүкені, «Сәуле» сұлулық салоны, «Әйгерім» мейрамханасы, «Марат» фитнес клубы, «Димаш» студиясы, «Шеге» – құрылыс дүкені, «Раушан» дәріханасы, т.б.

б). Мифоним атаулары. Жалпы мифоним дегеніміз – ертегі, аңыз кейіпкерлерінің есімдері. Ақтөбе қаласындағы мифоним атауларымен аталатын орталықтар: «Бауырсақ бала» (ертегі) асханасы, «Антарес» (грек. anti – қарсы, Арес – соғыс тәңірі) мейрамханасы, «Ер Төстік» (ертегі) бала-бақшасы, «Томирис» (сақ ханшайымы) бала-бақшасы, т.б...

Топоним атауларымен байланысты эргонимдер. Топоним - гр. мекен, ат, атау деген мағынаны білдіреді, ал топонимика –жер, мекен, атау, яғни географиялық орындарына байланысты аталатын тау, елді-мекен, жер-су атауларын зерттейді[4.383]. «Алатау» сауда үйі. Жетісу мекеніндегі Алатау - солтүстік-шығысында Алакөл қазаншұңқыры мен оңтүстік-батысында Іле өзені аңғары аралығында орналасқан тау. Ұзындығы 450 км, ені 100-250 км. [8.198]. «Анкара» донер-кебаб асханасы. Анкара 1923 жылдан бері Түркия Республикасының елордасы атанып келе жатқан қала. Қаланың жер аумағы 1417 км квадрат, халық саны 2007 жылғы санақ бойынша 4890893 квадрат. Анкара саяси орталық және экономикалық маңызы бар қала. «Арцах» мейрамханасы. Арцах – Арменияның тоғызыншы провенциясы. Құрамында 12 облыс бар. Мемлекеттік тілдері иран тілі және армян тілі. «Амстердам» мейрамханасы. Амстердам – Нидерлант елінің астанасы, ең ірі қаласы. Жер аумағы 219,07 км квадрат. 2010 жылғы санақ бойынша халық саны 780152 адам.

Флора және фаунаға байланысты атаулар. «Шағала» санаторий. Шағала – құс атауы. Олар жақсы ұшады, ерекшелігі жүзеді, бірақ суға сүңги алмайды. Шағалалар ірі жәндіктермен, балықтармен, моллюскалармен, тышқан тәрізді кемірушілермен қоректенеді. Қазақстанда шағаланың 9 түрі кездеседі. «Аққу» балабақшасы. Аққу – қаз тәрізділер отряды, үйрек тұқымдасының жеке туысына жататын өте сұлу, киелі құс. «Дельфин» бассейн». Дельфин - сүтқоректілер класының кит тәрізділер тобына жататын тісті киттер тобының бір тұқымдасы. Дельфиндер тропиктік және қоңыржай белдеулердің теңіздерінде таралған. Кейбір түрі полюстік белдеу теңіздерінде де кездеседі. Көбіне топ құрып тіршілік етеді.

Астрономим атауларымен байланысты эргонимдер. Аспан әлеміндегі жүйелер атауларында Ақтөбе қаласындағы кешен атауларынан кездестіруге болады. Мәселен, «Нұр-Ай» балабақшасы, «Меркурий» дүкені, «Планетаий» мұражайы, «Жұлдыз» ательесі.

Бағалы тастар атауы. Кәсіпкерлердің басым көпшілігі бизнестерін бағалы тастар атауларымен атап жатады. Осы аталған эргоним кәсіпке жақсы табыс көзі түсу мақсатында қойылатындай. Оларға: «Алтын орда» мейрамханасы, «Көктас» фитнес орталығы, «Алмаз-Дент» стоматологиясы, «Золотой колос» (золотой – қаз. «алтын») мейрамханасы, «Алтын таға» дүкені, «Алтын сарай» мейрамханасы т.б..

Менсонимдермен байланысты эргонимдер. Менсоним - латын тілінде mensa- тамақ, түстену, асхана, дүкеншік (лавка) + грек тілінде onoma-ат, атау, есім) азық-түлік сату, тамақтану орындарын атайтын жалқы есім, қалаішілік атаулардың бірі, яғни эргонимнің бір түрі, тағамхана атаулары болып табылады). Осы тағамхана атауларын да өз ішінде бірнеше топқа бөліп қарауға болады.

Астроним атаулары: Мейрамхана, кафелерге негіз болған атаулар. Жұлдыз (мейрамхана) - (лат. stella немесе лат. astrum;) - салмағы ерекше ауыр, өзегіндегі термоядролық реакция арқылы айналасына тұрақты жарық шығаратын, плазмалық газ күйдегі аспан денесі. Антарес (мейрамхана) - (грекше -Арес, Римше - Марс, Демек соғыс Тәңірі Аресқа қарсы), соғыс құдайы атымен аталған сарышаяндағы α Sco, немесе Alpha Scorpii жұлдызы - айнымалы қосаржұлдыз. Космос (мейрамхана) - (араб.-кеңістік, космос) - Кейде ғарыш ұғымына Жер және оның атмосферасы енбей қалады. Ғарыш жер төңірегіндегі кеңістікті қамтитын жақын Ғарыш және жұлдыздар мен галактикалар, т.б. кеңістігін қамтитын алыс Ғарыш болып ажыратылады. Седьмое небо (мейрамхана) – орыс тіліндегі фразеологизм «на седьмом небе» бақыттан басы айналу

Ұлттық дәстүрге байланысты атаулар. Ақ босаға (мейрамхана) - үй есігінің екі жақтауы. Жастар жеке отау құрғанда немесе біреу жаңа үй алғанда жақын-жуықтары келіп, жаңа үйдің босағасына май жағады. Бұл осы үй берекелі, майдай жұғымды болсын деген ұғымды білдіреді. Сондықтан да қазақ халқы жаңа түскен келінге босаға аттаттырып, сәлем еткізіп, үлкендер бата берген. Саз сырнай (мейрамхана) - үрлемелі аспап. Сазсырнай ысқырып ойналатын флейталар тобына жатады. Шаңырақ (мектеп, кафе) - киіз үйдің ең жоғарғы бөлігі. Оның пішіні күмбез тәріздес, шаңырақ уықтардың ұштарын біріктіріп ұстап тұрады. Киіз үйдің үстіндегі дөңгелек шеңбер осылай аталатыны белгілі.

Өзге тілден енген мейрамхана атаулары. Көшедегі жарнамалардың жазылуындағы қателері туралы көп айтылады. Сонымен бірге, көшеде тағамханалар маңдайшаларындағы жазуларға қарап, қазақтың жерінде емес, өзге елде жүргендей сезінесің. Мысалы, Ақтөбе қаласындағы «Корона», «Замок», «Коллизей», «Антарес», «Урарту», «Европа», «Плазма», «Чиндалле», «Зодиак», «Очаг», «Арцах», «Мойка», «Ассоль», «Кабачок», «Робинзон», «Холостяк», «Свеча», «Рагадизе», «Арафат»,

«Дослуг», «Ясмин», «У тещи», т.б. атаулардың мемлекеттік тілге қызмет етіп тұрмағаны айдан-анық. Ғылым тілінде тағамхана атаулары менсонимдер деп аталады. Дамыған елдерде менсонимдердің өз елінің тарихы, мәдениеті мен тілін насихаттап, өз жерінің ерекшелігін жарнамалап тұруына назар аударылады екен. Замок – бекініс, (лат. Форт); Ариадна – көне грек мифологиясында критс патшасы Минос пен Пасифаидың қызы; Амстердам – Нидерландияның ең үлкен қаласы және астанасы; Адмирал – (араб. Амир аль-бахр «Теңіз әміршісі») әскери-теңіз флотындағы ең жоғары шең атауы; Астория – Колумбияның оңтүстік жағалауында орналасқан Орегон штатындағы кішене қалашық; Ланцелот – кельт мифологиясында патшаның абыройлы; Mersi Baku – фр. Үлкен Рақмет; Арцах – армяндардағы ер адам есімі; Идиллия – жаратылыстың кең байлығында тыныш өмірді суреттейтін поэзиялық шығарма; Версаль – Париждің сыртында орналасқан қала, корольдік резиденцияның ауласынан шыққан; Седьмое небо – орыс тіліндегі фразеологизм «на седьмом небе» бақыттан басы айналу деген мағынаны білдіреді.

Ақтөбе қаласындағы қалаішілік атаулардың бірі, менсонимдердің, осындай атауларын ұшыратамыз. Жалпы кез-келген қалаға сапар тартсаңыз, әр адам ең әуелі оның көшелеріне көз салары сөзсіз. Ал көшеде қаптаған дүкен, кафе, мейрамхана, бар, сырахана дегендеріңіз жаңбырдан кейінгі саңырау құлақтардай күн өткен сайын қаптап келеді. Демек, қала менсонимдері сол өңірдің өткен тарихынан, мәдениетінен тіптен менталитетінен де хабар беріп тұрады. Алайда, өкінішке орай, қаламыздағы менсонимдерге көз жүгірте отырып, кенеттен көңіліміздің түсіп кететіні де рас. Өйткені басым менсонимдердің көпшілігі өзге тілден енген, біздің менталитетімізге мүлдем жат, қарапайым халық түсінбейтін сөздер.

Эргоним түрлерінің бірі өзге тілдегі сөздердің кешен атауларына берілуінен көруге болады. Ақтөбе қаласындағы Әбілхайыр хан даңғылында кездесетін атауларға зер салсақ, қазақ тілімен қатар, өзге тілдердегі атауларды да байқауға болады. «Афсона» кафесі. Афсона - иран тілінен алынған. Ол тілдегі мағынасы «ертегі» деген ұғымды білдіреді. «Асыл» мейрамханасы. Асыл - араб тілінен алынған «әсил» - негіз, түбір, түп нұсқасы, шынайы, нағыз, қымбатты, ардақты деген мағына береді. «Магнит» сауда нысаны. Магнит - грек. magnetis, Magnetis lithos, Магнесия тасы, магниттелушілік қасиеті бар, яғни магнит өрісін туғызатын дене, Магнесия - Кіші Азиядағы көне қала деген ұғымдарды білдіреді. «Кухня» асханасы. Кухня – ас дайындайтын бөлме. «Аура» мейрамханасы. Аура – араб тілінде заттың ерекше қасиеті, белгілі бір өнер туындысының аты, сондай-ақ, «ара қашықтықтың ерекше көрінісі» деген ұғымдарды білдіреді. Ақтөбе қаласының орталығында орналасқан Әбілқайыр хан көшесінің тілдік ерекшеліктеріне назар аударсақ, бұл көшенің тілінде ана тіліміздегі атаулардың белсенді қолданылып, мемлекеттік тіліміздің ықпалы артып келе жатқанын байқатады. Сонымен қатар, кейбір атаулар жергілікті

тілден басқа және өзге халықтың тіршілігіне сәйкес қойылғанын да байқауға болады.

Сонымен бірге, қала эргонимдерінің кейбірі өзге тіл әріптерінде жазылып берілген: «World Class» (қаз. «дүниежүзілік деңгей») фитнес орталығы, «Avenue» (қаз. «даңғыл») сұлулық салоны, «Юрта» (қаз. «шаңырақ») мейрамханасы, «CityShoppingCenter» (қаз. «қаланың дүкен аралау орталығы») сауда орталығы, «Золотой колос» (қаз. «алтын масақ») мейрамханасы, «Фиолетовая корова» (қаз. «күлгін сиыр») тағам жеткізіп беру нысаны. «Cvet'ok» гүлдер салоны, «Jennyfer» бутигі, «Style» ателье, «Diva» оптика салоны, «Keruencity» ойын-сауда кешені, «Миллениум» дәріханасы. Миллениум - уақытты санайтын бірлік, т.б. Бұл эргонимдерге қарап, олардың қазақ тілі мен жазуын насихаттауға үн қоса алмайтынын көруге болады.

Эргонимдерді зерттеу тек қалаішілік нысан атауларын анықтап қана қоймай, оның тілдік ерекшелігін танытуға, сонымен бірге қалаішілік кеңістіктегі ұлттық құндылықтардың бағалануын, елдің рухани әлемін құрметтеумен де ұштасып жатады. Біз дербес елде күн кешіп жүрген халықпыз. Ұлтымызды, тіліміздің жоғары қойып, құрметтеуіміз арқылы мәңгілік ел атануға қадам жасаймыз. Халық қоғамнан үлгі алады, қоғамды жасаушы да адамдар, Сондықтан еліміздегі барлық нысандарды халық игілігі үшін еңбек сіңірген адамдар есімдерімен, халқымыздың тарихына қатысты атаулармен атауға тиіспіз. Ал кейбір атаулардың біздің тарихымызға қатыссыз болса, халқымызға пайдасы болмаса, ондай атаулар мемлекеттік тіліміз бен халқымыздың болашағына қызмет ете алмайды. Айналамыздағы түрлі атаулар тек бір нысанды атау үшін емес, халқымызға барлық жағынан да қызмет етіп тұруы тиіс деп ойлаймыз. Егер атаулар қаламыздағы бір-бірін қайталамайтын әрі қаланың тарихына мән беретіндей атауларға ие болып, көбінесе қазақ тілінде ғана қойылса, қазақ тілінің дамуына үлес қосып, қаланың мәдениетінің жоғары болуына ықпал етері сөзсіз. Себебі атаулардың қазақ тілінде қалыптасуы - мемлекеттік тілдің дәрежесі, қазіргі жай-күйі, болашақ үшін игі іс. Сондықтан болашақтың жарқын болуы жолындағы осындай қадамдардың дұрыс жолмен реттелуін қадағалау қажет. Әрбір берілген атаулар басқа тілде емес, қазақ тіліндегі атауларға ие болса, қаланың ақпарат кеңістігінде мәдениетімізден берілген айрықша белгі болуының көрінісіне айналары хақ. Сонымен қатар қазақша атаулардың мейлінше көп болуы мемлекеттік тілдің дәрежесін үстем етері анық.

Қорыта айтқанда, эргонимнің бір парасы сол нысан жөнінде мол ақпарат беретін болса, енді бір эргонимдер атауы айтуға, есте сақтауға жеңіл, адресатқа түсінікті болып, сол нысанның қызметін нақты танытып тұрса, эргонимнің келесі бірі өзі атын алған нысанның қызмет көрсету немесе шығаратын өнімін жарнамалап, аталған мекемені алға сүйреп, оның имиджін қалыптастыруға ат салысып тұратынын байқауға болады. Сонымен бірге эргонимдер жергілікті жердегі байырғы тұрғылықты халықтың тұрмыс-тіршілігі, тарихы, тілі, мәдениетімен тығыз

байланысты болуымен қатар, сол жерде тұратын, еңбек етуші басқа да этностардың тілінде де көрініс береді. Эргонимдер тек нысанның атынан ғана хабар беріп қоймайды, олар белгілі бір тілде берілуі арқылы тілдік қолданыс аясына да өзінің ізін түсіріп, белгілі дәрежеде тілдің дамуына өз үлесін қосады. Сондықтан эргонимдердің мемлекеттік тілдің де дамуына ықпал етіп, оның қолданыс аясын кеңейтіп, мәртебесін асқақтатып отыруына көңіл бөлінуі тиіс.

Әдебиеттер:

1. Иманбердиева С. Қала ономастикасының кейбір мәселелері. -Алматы: «Арқас», 2004.-136 б.
2. Какимова М.Е. Типология эргонимов Северо-Казахстанской области. Автореф. Канд. Филол. Наук. -Алматы, 2004.- 26 с.
3. Энциклопедия «Актобе». М.К.Тажебаев. - Актобе: «Отандастар»,- 2002 ж.
4.Тіл білімі сөздігі.- Алматы:Ғылым, 1998.-544 б.
5. Мәдиева Г.Б., Иманбердиева С.Қ. Ономастиканың теориясы мен практикасы. -2015. 270 б.
6. Мусин А.Е., Айталы. А. -Ақтөбе энциклопедиясы: «Отандастар-Полиграфия» баспаханасы, 2001.- 748 б.
7. Ахметов.А. Ақсауыт. 1-бөлім.-Алматы: «Жазушы» баспасы, 1977.- 131 б.
8. Ахметова С.Г., Тұрсынбаева.Ж.Б., Ысқақова Ж.Ы., Яровая Е.Ф. Ағылшынша-қазақша сөздік. -Алматы: «Мектеп» баспасы, 2006.- 78 б.

УДК 378.02

ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ 21 ВЕКА ПРИМЕНЯЕМЫЕ ПРИ ИЗУЧЕНИИ СПЕЦИАЛЬНЫХ ДИСЦИПЛИН

Уракчинцева Г.В.
Западно-Казахстанский инновационно- технологический университет
Казахстан, г. Уральск, urakchintseva@mail.ru

Аңдатпа: *Әлемде болып жатқан өзгерістер оқу үрдісіне де әсер етеді. Бұл мақалада 21 ғасырда оқушыларды оқытудың жаңа инновациялық технологиялары қарастырылады. Арнайы пәндерді оқуда қолданылатын негізгі оқыту технологиялары сипатталған.*

Тірек сөздер: *инновациялық технологиялар, педагогика, инновация, білім.*

Summary*: The changes taking place in the world also affect the learning process. This article examines new innovative technologies for teaching students in*

the 21st century. The basic teaching technologies used in the study of special disciplines are described.

***Key words**: innovative technologies, pedagogy, innovation, education.*

Новый век внес существенные изменения в дидактику и методы обучения. Педагогика XX века отличается от педагогики XXI века. С начала двадцать первого века в развитии национального и мирового образования произошло много изменений. Самым заметным явлением в настоящее время является интернетизация общества и проникновение цифровых технологий в обучение. Современное поколение обучающихся известно как цифровое, социально цифровое, так и поколение Z [1]. Знание - это переход от приобретения знаний через чтение, от монолога преподавателя к визуальному восприятию или обсуждения в аудитории [2]. Цифровые технологии меняют наш образ жизни, способы общения, образ мышления, чувства, каналы влияния на других людей, социальные навыки и социальное поведение. Как утверждает Мамешева, «высокотехнологичная среда - компьютеры, смартфоны, видеоигры, поисковые машины в Интернете - изменяют человеческий мозг» [3]. Нововведения, или инновации характерны для любой профессиональной деятельности человека и поэтому, естественно, становятся предметом изучения, анализа и внедрения. Инновации сами по себе не возникают, они являются результатом научных поисков, передового педагогического опыта отдельных преподавателей и целых коллективов. Этот процесс не может быть стихийным, он нуждается в управлении.

Для успешного качества образовательного процесса преподаватели должны быть специалистами в своей области, отвечать общим требованиям, проити курс базовой подготовки, разработать собственную оригинальную методику и использовать ее в процессе обучения. Формирование методического обеспечения использования информационных компьютерных технологий в учебном процессе в общем случае проходит в несколько этапов:

- подготовка методических материалов по чтению лекций с использованием информационных технологий;
- подготовка демонстрационных материалов с использованием мультимедийных систем;
- повышение квалификации преподавательских кадров по использованию информационных технологий.

Педагогические инновации - это инновации в педагогической деятельности, изменения в содержании и технологии обучения и воспитания, направленные на повышение их эффективности. Таким образом, инновационный процесс заключается в формировании и развитии контента и организации нового. В целом, инновационный процесс относится к комплексной деятельности по созданию, развитию, использованию и распространению инноваций.

В развивающейся образовательной системе Казахстана внедряются инновационные процессы по следующим направлениям: формирование

нового образовательного контента, разработка и внедрение новых педагогических технологий, создание новых типов образовательных учреждений. Кроме того, профессорско-преподавательский состав ряда казахстанских учебных заведений внедряет инновации, которые уже вошли в историю педагогической мысли.

Современная педагогика из «науки о воспитании и обучении» стала «наукой о воспитании и образовании». Категория «образование» в двадцатом веке была преобразована и расширена. Дидактика со времен Яна Амоса Коменского понималась как теория обучения. В советской дидактике образование понималось как «результат обучения» [4], «процесс и результат овладения системой научных знаний и когнитивных навыков» [5]. То есть получение образования имело выражение в получении сертификата об образовании или университетского диплома. В современных учебниках по педагогике, например, Бордовской и Реаном, образование понимается более широко [6]:

- как процесс и результат обучения;
- как ценность общества, потому что общество потратило более 8 тысячелетий на построение громоздкая система образования;
- ценность личности, поскольку современный человек более 15 лет проводит на образовании и профессии;
- социальный институт с собственной мощной инфраструктурой, экономикой, образовательными программами, органами управления, дидактическими системами и т. д.

Теории образования рассматривают взаимодействие не только студента и преподавателя (микроуровень взаимодействия), но также взаимодействие государства и системы образования, социальных групп студентов и преподавателей. Это уровень макровлияния образования на общество и общества на образование. Вот почему педагогические теории и проблемы рассматриваются не только с точки зрения внутренних отношений студента и преподавателя, но и как дидактическая и в то же время социальная среда, открытая для инноваций и вмешательства, динамических изменений. Поэтому, формируя предметные компетенции, мы одновременно проектируем формирование социальных, коммуникативных компетенций, жизненных компетенций.

Инновация - это феномен, который несет в себе сущность, методы, приемы, технологии и содержание нового. Инновации (от латинского in-in, nove-new) - внедрение нового, внедрение новизны. По словам Таубаева и Лактионова: «Инновационный процесс представляет собой комплексную деятельность по формированию и развитию содержания образования и организации нового» [6].

Инновационные методы обучения - это методы обучения, предполагающие новые способы взаимодействия «преподаватель - студент», определенное новшество в практической деятельности в процессе усвоения учебного материала. Существует два типа «нового»: «чисто новое» - первое созданное, находящееся на уровне адекватного открытия, установления

новой истины; «Новый», имеющий смесь старого, точнее говоря, состоящего из слоя старого и т. д. Мы предлагаем еще одну типологию инноваций в обучении (технологии, методы и методики):

- абсолютная инновация (абсолютно новая технология);
- модернизированная инновация (значительно улучшенная технология);
- модифицированная инновация (слегка улучшенная технология);
- инновации, технологии, внедренные на новую территорию (например, тренинги для РК, кредитные технологии обучения для Казахстана);
- инновационная технология нового применения.

Инновационные образовательные технологии современного университета - это технологии, основанные на инновациях: организационные (связанные с оптимизацией условий образовательной деятельности), методологические (направленные на обновление содержания образования и повышение его качества) и управленческие [7].

Итак, инновационные методы обучения включают интерактивные и компьютерные технологии. Интерактивные технологии включают лекции (научные, социальные, профессиональные, интегративные и т. д.) и семинары (споры, образовательные дискуссии, мозговые атаки и т. д.). Технологии компьютерного обучения включают сбор, обработку, хранение и передачу информации от студента к студенту и наоборот.

Таким образом, технология подразумевает, помимо собственно методов обучения, еще организационные условия реализации образовательного процесса, где равно активными должны быть как преподаватели, гак и обучающиеся.

Основными признаками образовательной технологии являются:

- соотнесенность целеполагания с определенным временным циклом. Для урочных технологий обучения это - соотнесенность с уроком (одиночным или спаренным), для внеурочных педагогических технологий - с «полным жизненным циклом» проекта, исследования, мероприятия, коллективного творческого дела и т.п. Таким образом, в общем массиве педагогических технологий могут быть выделены две группы: технологии/методы организации урока (именно их чаще всего называют «технологиями/методами, обучения») и технологии/методы организации внеурочной деятельности учащихся;
- диагностичность целей обучения. Особенность диагностичных целей: «цели обучающегося» (ожидаемые результаты обучения, т.е. то, что должно быть освоено), а не «цели преподавателя» (то, что должно быть преподано);
- наличие максимально четких критериев оценки достигнутых результатов;
- обязательность итоговой рефлексии обучающихся (и преподавателя), т.е. соотнесения достигнутых результатов с запланированными, оценка/самооценка и, при необходимости, момент коррекции, приводящий к преодолению разрыва между достигнутым и запланированным результатом обучения. Рефлексивные инструменты используются в различных формах - индивидуальная и групповая рефлексия обучающихся; совместная рефлексия

обучающихся и преподавателя; собственная рефлексия преподавателя. Опора на рефлексивные механизмы предполагает акцент на осознании процесса учения самим обучающимся, который формулирует и оценивает получаемые результаты, уточняет цели дальнейшей работы, корректирует задачи своего профессионально-личностного развития.

Характерными особенностями современных педагогических технологий называют:

- проблематизацию содержания, побуждающую обучающихся к активной мыслительной деятельности в процессе овладения знаниями;
- коллективный и индивидуальный поиск решения поставленных задач, проблемных ситуаций; вовлечение обучающихся в познавательно-исследовательскую деятельность;
- использование развивающих возможностей различных методик;
- создание педагогических ситуаций общения на уроке, «полилога», позволяющего каждому обучающихся проявлять инициативу, самостоятельность;
- стимулирование и поощрение самообразования и саморазвития обучающихся и создание обстановки для естественного самовыражения обучающихся.

Характеристики инновационных технологий обучения:

Контекстное обучение (А.А. Вербицкий). Интеграция различных видов деятельности студентов: учебной, исследовательской, практической. Создание условий, максимально приближенных к реальным. Увеличение доли практической работы студента, с акцентом на прикладные цели.

Имитационное обучение (В.М. Ефимов, В.Ф. Комаров и др.). Использование игровых и имитационных форм обучения. Увеличение доли активных методов обучения - ролевые, деловые, имитационные игры.

Проблемное обучение (М.И. Махмутов и др.). Инициирование самостоятельного поиска (студентом) знаний через проблематизацию (преподавателем) учебного материала. Изменение характера учебной задачи и учебного труда с репродуктивного на продуктивный, творческий.

Модульное обучение (П.А. Юцявичене). Содержание учебного материала жестко структурируется в целях его максимально полного усвоения, сопровождаясь обязательными блоками упражнений и контроля по каждому фрагменту. Специфическая организация учебного материала в наиболее сжатом и понятном для студента виде.

Полное усвоение знаний (В.М. Кларин и др.). Разработка вариантов достижения учебных результатов, на основе изменения параметров условий обучения, для обучающихся с различными способностями. Обеспечение возможности выбора обучающимися оптимальных для себя условий обучения для достижения максимального результата в виде полного усвоения знаний.

Дистанционное обучение (Е.С. Полат, И.В. Роберт и др.). Широкий доступ к образовательным ресурсам с опорой на новейшие информационно-коммуникационные технологии, предельно опосредованная роль

преподавателя, самостоятельная и автономная роль студента. Использование новейших информационно-коммуникационных средств и технологий обучения.

Информационные технологии привнесли значительные изменения и в систему проверки знаний студентов. Существенное преимущество этих технологий в том, что они предоставляют новые возможности не только преподавателю, но и студенту. Студент из объекта обучения превращается в субъект обучения, осознанно участвующий в процессе учебы и самостоятельно принимающий решение, связанные с ним. При этом если при традиционном контроле информацией об уровне подготовки студентов владел и полностью распоряжался только преподаватель, то при использовании новых методов сбора и анализа информации она оказывается доступной и самим студентам. Это позволяет им осознано принимать решения, связанные с ходом учебного процесса, делать преподавателей соратниками в важном деле, в результате которого они равно заинтересованы.

Контроль качества усвоения знаний, оценка степени достижения поставленных учебных целей является важными составными частями учебного процесса при использовании любой образовательной технологии. Применяемые с этой целью формы контроля, оценки уровня обученности отличаются большим разнообразием. Каждая из них имеет свои преимущества и недостатки.

Особое место среди форм контроля занимает тестирование. Естественно, что тесты – далеко не единственная форма контроля знаний, которая должна применяться в системе контроля знаний специальных дисциплин. Сильной стороной тестового контроля знаний является возможность охватывать в процессе тестирования большой объем материала и тем самым получить действительно широкое представление о знаниях тестируемого студента. Использование тестирование позволяет заметно повысить объективность, детальность и точность оценивания результатов дисциплины. Кроме того, тесты могут быть применены студентами в ходе самостоятельной работы для контроля качества усвоения материала.

Тестирование позволяет осуществлять не только контроль, но и самоконтроль знаний студента, систематизировать их. Тесты являются хорошим средством для подготовки к экзамену.

В сочетании с персональными компьютерами и новыми информационными технологиями тесты помогают перейти к созданию современных систем адаптивного обучения и контроля. Используются различные виды тестов и методы их проведения.

Во-первых, проводят тестирование на заключительном этапе занятия0 что позволяет увидать вопросы, недостаточно хорошо понятые студентами. Это в свою очередь, стимулирует и к совершенствованию методики изучения данной темы. Таким образом, промежуточное тестирование, фиксирует переход от одной темы к другой, в результате чего осуществляется

постоянная обратная связь обучающегося с преподавателем, позволяет повысить эффективность процесса усвоения знаний.

Во-вторых, тестовые знания используются в межсессионный период, как для самоконтроля знаний, так и для их контроля преподавателем.

В-третьих, они служат основой проверки знаний в качестве промежуточного контроля.

В-четвертых, как итоговый контроль знаний студентов после окончания изучения курса.

Подготовка к тестированию мобилизует студентов на дополнительные занятия по дисциплине. Часто используется и другой прием. При помощи проектора на экран выводятся тесты, а вся группа студентов дает письменные ответы, после чего преподаватель проверяет полученные результаты.

Таким образом, цель инновационных технологий состоит в том, чтобы не просто дать студентам технические средства, но помочь научиться думать лучше и глубже. Мы меняем технологии обучения и выбираем наиболее эффективные и удобные. В целом приходится признать, что описанные в статье методы и способы применения информационных технологий не исчерпывают всех их потенциальных возможностей. Это лишь первые шаги, из которых, однако, уже можно извлечь определенные уроки. Один из них состоит в том, что сама компьютерная техника и сами программы без соответствующих методик их применения не приносят ни какого обучающего эффекта и являются, с точки зрения организации процесса подготовки, лишь красивыми игрушками. Мы учимся учиться постоянно. Одна из главных компетенций 21 века – готовность к переменам и обучению.

Литературы:

1. Силова И. Глобализация на полях: образование и постсоциалистические трансформации в Центральной Азии. Шарлотта, Северная Каролина: Информационная эпоха издательства (IAP), Inc .; 2016; 12(6) с. 25-29

2. Дерижан И, Вальчев Г. Особенности методики обучения современной студенческой аудитории. В: Ежегодник Бургасского свободного университета. Бургас: БРУ; 2015. с. 1653. Мямешева Г. Добродетель в современном умном мире. Вестник КазНУ. Серия «Педагогическая наука». 2015; 44 (1) с. 152-156

4. Ситаров В.А. Дидактика Я. Коменского: Учебник. М.: Издательство Академия; 2015 (3-издание), с. 134

5. Анисимов В.В., Грохольская О.Г., Никандров Н.Д. Общие принципы педагогики и современные инновации. М.: Издательский Дом «Просвещение»; 2016, с. 35

6. Муталиева А.Ш., Ахтанова С.К. Педагогика XXI века: инновационные методы обучения // Universum: психология и образование :

электрон. научн. журн. 2020. № 3 (69). URL: https://7universum.com/ru/psy/archive/item/8928 (дата обращения: 15.11.2021).

7. Карпенко М.П. Новые парадигмы образования XXI века //www.mosdu.ru

ӘОЖ 37.013

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ

Утесинова А. С.
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялар университеті
2-курс магистранты

Андатпа: *Қашықтықтан оқытудың маңыздылығы – білім берудің біртұтас ақпараттық жүйесін құру, сол арқылы білім алушылардың пәннің бағдарламалық материалдарын меңгеру деңгейін, жетістік сапасын арттыру. Сонымен қатар әлемдік ақпарат кеңістігіне жол ашып, білім алушылардың ғылыми және шығармашылық ізденістерін жетілдіру.*

Қашықтықтан оқытудың педагогикалық технологияларындағы басты мәселе – ойды, ақпаратты, білімді визуализациялау, педагогикалық қарым-қатынастың жаңа тәсілдерін құру, оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың дәстүрлі формаларын түзету болып табылады.

Тірек сөздер*: жаңа технологиялар, педагогика, оқу іс-әрекеті, білім*

Аннотация*: Важность дистанционного обучения заключается в создании единой информационной системы образования, тем самым повышая уровень освоения обучающимися программных материалов дисциплины, качество достижений. А также совершенствование научных и творческих поисков обучающихся, открыв путь к мировому информационному пространству. Главной проблемой в педагогических технологиях дистанционного обучения является визуализация мысли, информации, знаний, создание новых способов педагогического общения, коррекция традиционных форм организации учебной деятельности.*

Ключевые слова*: новые технологии, педагогика, учебная деятельность, образование*

Annotation: *The importance of distance learning is the creation of a unified information system of education, thereby improving the level of students ' assimilation of program materials of the discipline, the quality of achievement. At the same time, to open the way to the world information space, to improve the scientific and creative search of students. The main problem in pedagogical*

technologies of distance learning is the visualization of thoughts, information, knowledge, the creation of new ways of pedagogical communication, correction of traditional forms of Organization of educational activities.

***Key words**: New technologies, pedagogy, educational activities, education*

Қазіргі таңда қашықтықтан оқыту еліміздің барлық білім беру жүйелеріне толық енгізілгені бәрімізге мәлім. Бұл оқыту жүйесінің білім алушыға кез келген уақытта жан-жақты білім алуына мүмкіндігі мол. Қашықтықтан оқытудың маңыздылығы – білім берудің біртұтас ақпараттық жүйесін құру, сол арқылы білім алушылардың пәннің бағдарламалық материалдарын меңгеру деңгейін, жетістік сапасын арттыру. Сонымен қатар әлемдік ақпарат кеңістігіне жол ашып, білім алушылардың ғылыми және шығармашылық ізденістерін жетілдіру.

Қашықтықтан оқытудың педагогикалық технологияларындағы басты мәселе – ойды, ақпаратты, білімді визуализациялау, педагогикалық қарым-қатынастың жаңа тәсілдерін құру, оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың дәстүрлі формаларын түзету болып табылады. Заманауи ғасырдың өскелең ұрпағы ақпараттық технологиялардың қыр-сырын жетік меңгеруде, сандық технология жұмыстарын жетілдіруде, әлемдік ақпарат кеңістігінде ақпараттық білімдерін шыңдауда бұл жүйенің маңызды рөл атқаратыны белгілі. Қашықтан оқыту бірлескен жұмыс нәтижесінде оң нәтижелерін беретіні айқын.

Қазіргі уақытта білім алудың ілгері даму мүмкіндігі зор тәсілдерінің бірі – заманауи телекоммуникациялық технологияларды, атап айтқанда интернет желісін қамтамасыз ететін мүмкіндіктерді қолдана отырып, қашықтан оқыту. Қашықтан оқытудың тиімділігі оған енгізілген педагогикалық мағынамен анықталады, оның түсіндірулерінің ішінде екі түрлі көзқарасты бөліп көрсету керек. Біріншісі, бүгінгі күні кеңінен таралған, қашықтықтан оқыту арқылы мұғалім мен оқушы арасында ақпарат алмасуды білдіреді. Екінші тәсілде қашықтан оқытудың басым бағыты – қазіргі заманғы телекоммуникация құралдарының көмегімен құрылған оқушының жеке танымдылығының қызметі. Бұл тәсіл білім беру субъектілерінің өзара іс-қимылының интерактивтілігін және оқу процесінің өнімділігін қамтамасыз ететін ақпараттық және педагогикалық технологияларды біріктіруді көздейді. Бұл жағдайда ақпарат алмасу және жіберу оқушылардың нәтижелі білім беру қызметін ұйымдастыру үшін көмекші ортаның рөлін атқарады. Оқыту нақты уақытта синхронды түрде жүреді (чат, бейне байланыс, қашықтағы оқушылар мен мұғалімдерге ортақ “виртуалды тақталар” және тағы басқалар), сонымен қатар асинхронды (электрондық пошта негізіндегі телеконференциялар).

Биылғы жаңа оқу жылына арналған жоспарлар жарияланып, бірінші тоқсан нақты қашықтан ұйымдастырылатындықтан республика бойынша білім беру ұйымдарының барлық педагогтері «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымдарының педагогикалық шеберлік орталығы әзірлеген «Қашықтан оқытуды үйренемін» бес модульден тұратын

онлайн-курсында білім алуда. Көзделген мақсаты – мұғалімдерге оқушылармен қашықтықтан жұмыс істеудің барлық қырларын үйрету және түсіндіру. Ең басты артықшылығы тыңдаушылар халықаралық stepik.org платформасына кез-келген ыңғайлы уақытта кіре алатындығында, яғни олар сабақ уақытына байланысты еместігінде (сондықтан мен осы курсқа алғашқылардың қатарында зор ықыласпен қуана қатыстым).

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқытудың жаңа технологиялары, интерактивті әдістер жиі қолданылады. Әдіс-тәсілдің тиімдісін мұғалім өз еркімен таңдайды. Заман талабына сай шәкірт шығармашылығын дамытуға, мұғалімнің қажеттіліктеріне жан-жақты жауап беретін ұтымды технологиялар шексіз. Тәжірибеде сол технологияларды қолдану, оң-солын тану, зерттеу, пысықтап талдау жасау – әр ұстаздың басты міндеті. Өз іс-тәжірибемде жаңа технология әдістерін қолдануда жеткен нәтижелер турасында, сабақ өткізу барысын сипаттауға көшейін. 9-сынып оқушыларына «Болашақтың энергиясы» тақырыбында сабақ өткізілді. Сабақ мақсаттарын оқу мақсатына сай, тілдік бағдарды қолдана отырып жүйелеп құрылды. Білім алушыларды сабақ тақырыбына сай үш топқа бөліп, берілген тапсырмаларды мұқият орындауды талап етілді.

Мұғалім түсіндірмесі:

«Болашақтың энергиясы» тұрақты даму ұстанымдарына негізделеді, ал оның астында экономикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарды, сондай-ақ мәдени ахуалдылылықпен және адам денсаулығына пайдалы ортаны қамтамасыз етумен байланысты сұраныстарды қанағаттандыруға бағытталған үрдістер ұсынылған. Қуат көздерінің дамуына бағытталған стратегияларды, бағдарламалар мен технологияларды зерттеу, қуатпен жабдықтау сенімділігі мен тиімділігін арттыру, қалпына келтірілетін қуат көздерін қолдануды ынталандыру және қонақтарға қуат көзін үнемдеу өндірісінің жоспарын дайындау мен іске асыруға, энергетикалық қорларды тиімді пайдалануға белсенді қатысу қажеттілігін көрсету тәрізді нақты мақсатпен негізделеді. Алаштың айбыны мен айбарына айналған ажарлы Астанада Бүкіләлемдік EXPO-2017 көрмесі болды. Көрменің де көрмесі бар. EXPO Халықаралық көрмесі күнделікті көп шараның бірі емес. Оны өткізуге әлемнің әлеуметті елдерінің бәрі қатысты. Кезінде Парижге – Эйфель мұнарасын, Лондонға – Хрусталь сарайын сыйлаған, ал Венаға әлемдегі ең үлкен мұнарасы бар павильон тұрғызған EXPO Бүкіләлемдік көрмесі Астанада өтті. Қазақстан осы құрметті жеңіп алды. Осы 2017 жылы өткен EXPO Халықаралық көрмесінің басты тақырыбына бүкіл әлем үшін өте маңызды болып табылатын «Болашақтың энергиясы» атты тақырыпты шығара отырып, дүние жүзін балама энергия көздерін дамытуға және «жасыл экономика» қалыптастыруға шақырып отырмыз. Бұл проблеманың біздің еліміз үшін де маңызы зор. Өйткені, қазіргі таңда Қазақстанда ауыр экологиялық ахуал қалыптасқан. Екінші жағынан, ұлттық экономикамыздың құрылымын түбегейлі өзгертуге мүмкіндік беретін көптеген озық бастамалар белгіленген және жүзеге асырылып жатыр. Таяу болашақта еліміз жүріп өтетін жол жеңіл емес. Бұл даму жолы ауқымды инвестиция, жан-жақты

ізденіс және озық технологияларды қажет етеді.

Сабақтың басында тақырып бойынша түсінік берілген соң білім алушылардың қызығушылығын арттыру үшін тақырыпқа сай бейнеүзік көрсетілді. Содан кейін, жұптық жұмыс орындауда «Үш жақты күнделік», жеке жұмыста «Еркін жазу», топтық жұмыс орындауда «Әдеби шеңбер» әдістерін қолдану барысында өте жақсы нәтижеге қол жеткіздім. Білім алушылар «Жетон» әдісі (осы жетонда берілген түстер) арқылы бағалаланып отырды. Сабақ соңында кері байланыс «Нысана» әдісі арқылы жүргізілді.

Сабақта жаңашыл әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы жеткен нәтижелерім мынадай: шәкірттің білім деңгейі алдымен түсінуден басталады, алған білімін қолданып, қорытындылауға дейін жоғарылайды. Қабылданған жаңа ақпаратты саралап, мәселені өзі шешуге мүмкіндігі болады.

Жаңа әдіс-тәсілдерді жетілдіріп, тиімді оқыта білу үшін әр ұстаз өз пәніне сүйіспеншілікпен қарап, ерінбей еңбек етіп, қазіргі заман талабына сәйкес компьютер тілін білуі қажет. Ұстаз ұтымды әдістерді пайдалану арқылы шәкіртінің білімге деген ынтасын ұштайды, таным көкжиегін кеңейтеді, шығармашылық қабілетін дамытады.

Қазіргі таңда теледидар арқылы барлық сынып пәндері бойынша білімдік бағдарламалар негізінде 10 минуттық сабақтар өткізілуде. Өзім сабақ беретін 5-сынып білім алушылары күнделікті «Балапан» арнасынан көрсетілетін сабақ материалымен танысқан соң, өзім ұсынған оқу материалына сай тапсырмаларды орындайды, кері байланыс арқылы олардың білімдері тиянақталып отырады. Bilimland сайтынан тақырыпқа сай материалдарды іріктеп, қосымша тапсырмалар жасақтап, оларға жіберемін. Олар пән мазмұнына сай түрлі танымдық бейнефильмдермен танысып, білімнің жан-жақты толысуына мүмкіндік алып отыр. Мәнерлеп оқу, айтылым дағдыларын жетілдіру мақсатында whatsapp желісі пайдаланылады. Бұл білім алушының оқуға қызығушылығын ояту, ынтасын арттыру, уәжін жетілдіру, өздігінен ізденуіне жол ашады. Әсіресе, бұлар жаңа сабақ материалын түсіндіру кезінде басты назарда болады. Білім алушының алдыңғы білімімен жаңаны ұштастыру мұғалімнен ерекше кәсіби біліктілікті, педагогикалық шеберлікті талап етеді.

Сонымен қатар, қашықтан оқытуда қалай «оқу үдерісін жоспарлауға болады?» деген сұраққа жауап ала аласыз. Бұнда берілген кеңестер: барлық жұмысты бірден жүзеге асыруға тырыспаңыз. Қашықтан оқыту кезеңінде қандай мақсаттарыңызға қол жеткізуге болатынын мұқият ойластырыңыз; қашықтан оқытудың ең қарапайым бір-екі құралын таңдап алып, солармен жұмыс істеуді бастаңыз. Бірден көптеген құралдарды қолдануға тырыспаңыз; қашықтан оқыту кезеңінде Сіздің оқу сценарийлеріңіз неғұрлым қарапайым, түсінікті және шынайы болса, оларды ойдағыдай жүзеге асыру және қажетті нәтижеге қол жеткізу мүмкіндігі соғұрлым көбірек болады; оқытудың жаңа форматына Сіз ғана емес, оқушылар мен олардың ата-аналары да жаңадан бейімделуде екенін, олар да Сіз сияқты мазасызданатынын есіңізде ұстаңыз; оқушыларыңыздың ерекшеліктерін ескеріңіз және онлайн сабақты жоспарлау

барысында сабақ мақсаттары мен тапсырмаларды әзірлеп, бір немесе бірнеше саралау тәсілін таңдаңыз.

Оқуға қатыстыру модулінде тақырып аясында “Оқушыларды оқу үдерісіне қалай ынталандыруға/тартуға болады?” деген мәселе қарастырылды. Бұл сұрақты шешуде оқушыларды оқыту үдерісіне ынталандыру факторларын, әдіс-тәсілдерін анықтау аса маңызды. Шәкірттерді оқуға қызықтыру, ынталандыру жайлы ойлаған кезде, біз олардың ішкі ынтасын арттыру жолдарын түсінуге тырысамыз. Оқуға қатыстыру дегеніміз оларды қызықтыру, жаңа бір нәрсе жасап көруге, таңдауға, қателесуге, қайтадан бастауға, табысқа жетуге ұмтылуға мүмкіндік беру. Осылайша, білімгерді оқуға белсенді қатыстырудың тәсілдерін қашықтан және дәстүрлі оқытуда кеңінен қолданып, балалардың дербес оқушыға айналуына көмектесеміз. «Онлайн сабақты жүргізу: сыртқы келбет және онлайн этикет» тақырыбы «сабақты трансляциялауға дейін және оны жүргізу барысында қандай мәселелерді назарда ұстау керек?» деген сұрақ аясында толық мәлімет берді.

Бұл шешімдер электрондық пошта арқылы салыстырылады және талқыланады; оқушылар сұрақтар, пікірлер, шолулар алмасады. Нәтиже туындаған сұрақтарды тұжырымдау және оқу веб-серверіне орналастырылған тақырып бойынша негізгі мәселелерді ұжымдық таңдау. Қашықтан оқыту сабақтарының түрлері бір жағынан педагогикалық процестің ерекшеліктерімен, екінші жағынан — оқыту орталығының қарамағындағы ақпараттық және телекоммуникациялық құралдар мен сервистердің жиынтығымен анықталады. Тәжірибе қашықтан оқытуда сабақтың келесі түрлерін қолдану өнімділігін көрсетеді. Кіріспе сабақ бүкіл курсты қамту, оның мәселелерін, алдағы сабақтарды шолу мақсатында өткізіледі. Оны білім беру серверінде веб-беттер жиынтығы түрінде жасаған жөн. Жеке сабақ-кеңес беру әр оқушының ерекшеліктерін ескере отырып, әр түрлі формада өткізіледі. Электрондық пошта бойынша қашықтықтан өткізілетін конференция қашықтықтан хат алмасу аясында бір мәселені талқылаудың құрылымы мен регламентін әзірлеуді талап етеді.

Интернет “желілік” мұғалімдердің рөлін арттырады, өйткені телекоммуникациялардың көмегімен олардың әсер ету аймағы әдеттегі оқу процесімен салыстырғанда жүздеген және мыңдаған есе артады. Дарынды мұғалім оны қоршаған адамдарға ғана қызықты емес; оның миссиясы кеңірек-қашықтан оқыту технологиясын қолдана отырып, одан үйренгісі келетіндерге көмектесу. Біздің ғасырда ең жақсы оқытушылар, ең алдымен, қашықтан, яғни электронды телекоммуникациялардың көмегімен бүкіл әлеммен қарым-қатынас жасай алатын және жасай алатын адамдар болады.

Модуль мазмұнында қашықтан оқыту кезінде ата-аналармен өзара тиімді қарым-қатынасты ұйымдастыруға көмектесетін материал ұсынылды. Қашықтан оқыту кезіндегі ата-ананың рөлі аса құнды екеніне назар аударуға болады. Себебі: ата-ана қадағалаушы, қолдаушы және қорғаушы. Қашықтан оқытуда, бала ата-ана мен ұстаздың қолдауына, көмегіне қаншалықты зәру болса, ата –ана мен ұстаздардар да бір- бірімен тығыз байланыста болу

керектігін көрсетті. Онлайн курста осы мәселелердәі де жауабын тапқандай болдым.

Оқытудың жаңа технологияларын пайдалануда мектептің алатын орны ерекше. Өйткені, білім де, тәрбие де, дүниеге көзқарас та мектепте қалыптасып орнығады. Осыларды іске асыратын басты тұлға – ұстаз.

Қазіргі талап - берілетін білім деңгейінің кенейтілуі мен білім алушылардың оны сапалы меңгеруі және нәтижелі болуы.

Қорыта келе айтарымыз, қолданыстағы жаңа технологиялар - әр білім алушының білім алуға, ақпарат жинауға деген құқықтарын іске асыратын үздіксіз білім беру жүйесі нысандарының бірі болса, мұғалімнің де негізгі қызметін атқара жүріп білімін, біліктілігін арттыруына мүмкіндік берері сөзсіз**.** Әр тәжірибе өзінше құнды. Қайталанбас іс секілді. Ұстаздың шеберханасы – ол оның сабақтары, сыныбы. Пән сабақтарын жетілдірудің басты кілті - оқушылармен бірлесе өзекті мәселелерді жұмыла шешуге жетелеу. Сабақ басында ұсынылған тақырып төңірегінде ой қорыта білуге үйрету, практикалық қажеттілігін сезіндіру. Абстрактілі оқытудан гөрі объективті жолмен түсіндіруге талпыну деп білемін.

Әдебиеттер:

1. Қазақ тілі мен әдебиеті республикалық ғылыми-педагогикалық әдістемелік журналы. Алматы. №7, 2003. -87 бет.
2. Қазақ тілі мен әдебиеті республикалық ғылыми-педагогикалық әдістемелік журналы. Алматы. №8, 2013. -20 бет.
3. Қазақ тілі мен әдебиеті республикалық ғылыми-педагогикалық әдістемелік журналы. Алматы. №3, 2014. -26 бет.
4. Қазақ әдебиеті. 10-сынып. Нұр-Сұлтан. «Арман-ПВ» баспасы. 2019. -66 бет.
5. Қазақ тілі. 8-сынып. Астана. «Арман-ПВ» баспасы. 2018. -158 бет.
6. Қазақ тілі. 9-сынып. Нұр-Сұлтан. «Арман-ПВ» баспасы. 2019. -75 бет.
7. Ғаламтор желісі. https://bilim-all.kz/ сайты, Qaztest.kz сайты

ӘОЖ 376.3

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ СӨЙЛЕУ ТІЛІНДЕ МҮКІСТІГІ БАР БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ДЕҢГЕЙІН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРМЕН ДАМЫТУ

Халикова Б.Т.
БҚИТУ аға оқытушысы, педагогика және психология магистрі

Шонбаева С.Т.
БҚИТУ аға оқытушысы
Батыс Қазақстан инновациялық – технологиялық университет, Орал қ.

Аннотация: *Мақала мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілінде мүкістігі бар балалардың танымдық деңгейін инновациялық әдістермен дамытуға арналған. Инновациялық технологиялар - бұл заманауи жағдайда баланың тұлғалық дамуындағы динамикалық өзгерістер есебінен оң нәтижеге қол жеткізуге бағытталған оқыту әдістері, тәсілдері, білім беру құралдар жүйесі туралы сөз қозғалады.*

Кілт сөздер: *танымдық деңгей, сөйлеу тілі, инновациялық әдіс, технология.*

Annotation: *the article is devoted to the development of the cognitive level of preschool children with speech disorders by innovative methods. Innovative technologies are a system of teaching methods, methods, and educational tools aimed at achieving a positive result due to dynamic changes in the child's personal development in modern conditions.*

Keywords: *cognitive level, speech language, innovative method, technology.*

Қазіргі педагогикалық тәжірибе логопед мамандардан мектепке дейінгі жалпы сөйлеу тілі бұзылған балалардың сөйлеу тілін дамытуды қамтамасыз етуде объективті түрдегі ақпараттармен толықтырылған коммуникативтік қабілеттілік пен сөйлеу әрекетін бейнелейтін коррекциялық-педагогикалық нұсқаулардың құрылуын талап етіп отыр. Көрсетілген сөйлеу тіліндегі кемшілік кезіндегі түрлі психологиялық-педагогикалық ықпал ету жұмыстары біртұтас психологиялық әдістемелерге ортақ талдаулардың қорытындысын логопедке жалпы сөйлеу тілі бұзылған баланың сөйлеу тілінің дамуындағы объективті жағдайлардың қорытындысы мотивациялық қажеттілік сферасының қалыптасу деңгейі, қарым-қатынасқа түсу актісінің операциялық механизмдерінің даму деңгейі, сөйлеу кезіндегі тілдік сипаттағы құралдардың қолданылуы түрінде сипатталады.

Мектепке дейінгі жас — балалардың танымдық белсенділігінің даму кезеңі. Мектепке дейінгі жастағы балалардың танымдық үдерістерін дамыту мәселесі бүгінгі күні өзекті болып табылады және тұлғаның жалпы дамуындағы маңызды рөл атқарады. Танымдық үдерістер мектепке дейінгі

бала үшін үлкен маңызға ие, себебі бұл үдерістердің қалыптасу және даму дәрежесі одан әрі оқу қызметіндегі табыстылықты айтарлықтай дәрежеде анықтайды.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың танымдық белсенділігінің қалыптасуына тиімді әсер ететін жағдай жасау, танымдық даму ерекшеліктерінің проблемасы көптеген жылдар бойы педагогикалық және психологиялық зерттеулерде жетекші орындардың бірін алады. Оған шетелдік (Д. Болдуин, Д. Брунер, К. Бюлер, Э. Клапаред, Ж. Пиаже, В. Штерн және т.б.), сондай-ақ отандық (П. П. Блонский, В. П. Вахтеров, П. Ф. Каптерев, Е. И. Конради, А. А. Смирнов және т. б.) көптеген педагогтар мен психологтар жүгінді [1].

Жоғарыда көрсетілген проблемамен қатар педагогикалық теория мен практиканы дамытудың қазіргі кезеңінде ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің тұжырымдамалық тәсілдерін қайта қарастыруға, түзету әсерінің тиімділігін арттыру мақсатында оларды оқытудың мазмұнын жетілдіруге ерекше назар аударылады. Бұл үдерісті жүзеге асыру шарттарының бірі дамуында әртүрлі ауытқулары бар балалардың жас заңдылықтары мен дамуының ерекшеліктерін есепке алу болып табылады. Түзету педагогикасы саласындағы зерттеушілердің айтуынша, ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар арасында сөйлеу қабілеті бұзылған балалар үлкен топты құрайды, олардың ішінде жалпы сөйлеу қабілеті дамымаған балалар бөлінеді [2].

Сонымен қатар, мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілінде мүкістігі бар балалардың танымдық деңгейін түрлі инновациялық және дамытушы технологиялардың көмегі сөйлеу даму көрсеткіштерінің оң серпініне алып келеді.

Инновациялық технологиялар - бұл заманауи жағдайда баланың тұлғалық дамуындағы динамикалық өзгерістер есебінен оң нәтижеге қол жеткізуге бағытталған оқыту әдістері, тәсілдері, білім беру құралдар жүйесі. Танымдық-сөйлеу дамуын қалыптастыру және жандандыру үшін дәстүрлі әдістер мен тәсілдермен қатар келесі инновациялық әдістер қолданылады.

Инновациялық әдістер:

- Денсаулық сақтау технологиялары,
- ТРИЗ-технологиялар,
- модельдеу әдісі,
- Акт-технологиялар,
- мнемотаблиц технологиясы,
- педагогикалық арт-терапия;
- синквейн

«Денсаулық сақтау технологиясы» - бұл оқу мен дамытудың барлық кезеңдерінде баланың денсаулығын сақтауға бағытталған білім беру ортасының барлық факторларының өзара байланысы мен өзара әрекеттесуін қамтитын шаралар жүйесі.

Міндеті – балабақшадағы педагогикалық үдеріс субъектілерінің: балалардың, педагогтар мен ата-аналардың денсаулығын сақтау, қолдау және байыту [3].

Мақсаты – денсаулық сақтау технологиясы-оқушының денсаулығын сақтау мүмкіндігін қамтамасыз ету, оның бойында салауатты өмір салты бойынша қажетті білім, білік пен дағдыларды қалыптастыру, алған білімдерін күнделікті өмірде қолдануға үйрету.

Денсаулық сақтау технологияларының түрлері

1. Денсаулықты сақтау және ынталандыру технологиялары.
2. Салауатты өмір салтын оқыту технологиясы.
3. Түзету технологиялары

Барлық ойындар да балалардың тілін дамытуға бағытталған, өйткені олардың кез келгені ережелерді оқып үйренуді, мәтіндік сүйемелдеуді есте сақтауды, мәтін бойынша қимылдарды орындауды талап етеді.

«ТРИЗ технологиясы»

Ойлаудың жүйелілігі шығармашылық потенциалын дамыту - шешу және – бейнелеу есептері теориясы. Мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған ТРИЗ – бұл бағдарлама тиімділігін арттыруға, балалар қызметінің түрлерін әр түрлі етуге, балаларда шығармашылық ойлауды дамытуға қабілетті ойын, сабақ және тапсырмалар жүйесі, технология жеке тұлғаға бағытталған тәсілді табиғи түрде жүзеге асыруға мүмкіндік береді, бұл МДҰ ФГОС контекстінде әсіресе өзекті [4].

Сабақтарды құру принциптері

- Ақпарат хабарламасының минимумында-ең көп пайымдаулар.
– Міндеттер мен проблемалық жағдайларды талқылау үшін қолайлы нысан-ми шабуылы.
- Шығармашылық қиялды белсендіру.
- "Шындықты іздеу" процесінде балаға қол жетімді барлық қабылдау және операция құралдарын: қорытындылар, себеп-салдарлық байланыстар және т. б. пайдалану.
- Өзара байланысты элементтердің біртұтас кешені ретінде әлемге көзқарас.

Ең бастысы – баланың назарын қызықты нәрселерге аудару, барлығын дайын түрде түсіндіруге және беруге тырысу, әр жағынан жағдайды жиі қарауға, «нашар» және «жақсы» деген жаман нәрселерді табу, бірге ойлау, тәжірибе жүргізу, бірақ нәтижелерді толық түсіндіруге тырыспау – мектепке дейінгі балалардың барлық көріністерінде қызығушылығын тәрбиелеу.

«Модельдеу әдісі»

Модельдеу – бұл нақты объектіні емес, оның моделін зерттеуді ұсынатын таңбалық-символдық қызметтің түрі; осы процестің көзі балалар қызметінің модельдеуші сипаты болып табылады. Модельдеудің мақсаты – балалардың қоршаған әлем және табиғат әлемі объектілерінің ерекшеліктері, олардың құрылымы, олардың арасындағы қарым-қатынасы, қоршаған әлем туралы білімді табысты меңгеруін қамтамасыз ету, әңгіме құрылымын тиімді есте сақтау, ақпаратты сақтау, жаңғырту және әрине сөйлеуді дамыту.

Мектепке дейінгі бала меңгеретін негізгі құралдар – сенсорлық эталондар, бейнелі сипатқа ие түрлі символдар мен белгілер, ең алдымен бұл әртүрлі көрнекі үлгілер, схемалар. Модель балаларға ақпаратты оңай есте сақтауға және оны практикалық қызметте қолдануға мүмкіндік береді.

✓ Модель объектінің қасиеттері мен белгілері туралы түсініктердің қалыптасуы жағдайында мектепке дейінгі балаларды айналып өтуге енгізіледі;

✓ Модель заттың немесе құбылыстың аналогы болуы тиіс, оның барлық белгілері мен сапасы баланың тікелей қатысуымен модельделеді;

✓ Модель күнделікті өмірде балаларға қол жетімді болуы керек;

✓ Модель қысқа болуы керек және заттың немесе құбылыстың негізгі сапасын ғана сипаттайды;

✓ Бір уақытта бір ғана үлгіні пайдалануға болады.

Модельдермен әрекеттер реттілігі:

- Ауыстыру (алдымен модельдер дайын түрде ұсынылады, содан кейін балалар шартты орынбасарды өз бетінше ойлап табады));

- дайын үлгілерді пайдалану (орта топтан бастап);

- модельдерді құру: жағдай бойынша, өз ойы бойынша, нақты жағдай бойынша. ***«АКТ-технологиялар»***

Ақпараттық білім беру технологиялары – бұл педагогикалық мақсаттарға жету үшін арнайы техникалық құралдарды (ДК, мультимедиа) пайдаланатын білім беру саласындағы барлық технологиялар.

АКТ-ны қолдану арқылы 3 сабақ түрін бөледі.

1. Мультимедиялық қолдаумен сабақ (мультимедиялық презентацияларды қолдану сабақты эмоционалды түрде боялған, қызықты етуге мүмкіндік береді, тамаша көрнекі құрал және демонстрациялық материал болып табылады, бұл сабақтың жақсы нәтижелілігіне ықпал етеді).
2. Компьютерлік қолдаумен сабақ (көбінесе мұндай сабақтар ойын оқыту бағдарламаларын пайдалана отырып өткізіледі).
3. Диагностикалық сабақ (мұндай сабақтарды өткізу үшін арнайы бағдарламалар талап етіледі, бұл аз немесе кейбір жалпы білім беру бағдарламалары бойынша мүлде жоқ).

«Мнемотаблиц технологиясы»

Мнемотехника – грек тілінен аударғанда – «есте сақтау өнері».

Мнемотехника – бұл ақпаратты тиімді есте сақтау және жаңғырту және сөйлеуді дамытуды қамтамасыз ететін әдістер мен тәсілдер жүйесі.

Мнемотехниканы оқытудың мақсаты – есте сақтауды, ойлауды, қиялды, зейінді, атап айтқанда психикалық процестерді дамыту, өйткені олар сөйлеудің толыққанды дамуымен тығыз байланысты.

Мнемотехниканың негізгі міндеттері:

✓ Балалардың графикалық ұқсастықтың көмегімен, сондай-ақ орынбасарларының көмегімен таныс көркем шығармаларды түсініп, айта білуін дамыту;

✓ Балаларда психикалық процестерді дамыту: ойлау, зейін, қиял, есте сақтау (әр түрлі түрлері) ;

✓ Балаларда зеректілікті, байқағыштықты, салыстыра білуді, маңызды белгілерді ерекшелеуді дамыту;

✓ Мектеп жасына дейінгі балалардың ертегі, ойын, экологиялық, этикалық сипаттағы өнертапқыштық міндеттерді шешуге ықпал ету. ;

✓ Балалардың халық және авторлық ертегілерге деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу.

Мнемокестенің мазмұны – бұл заттардың, ертегі кейіпкерлерінің, әңгімелердің, табиғат құбылыстарының, кейбір әрекеттердің графикалық немесе ішінара графикалық бейнесі, сюжеттің негізгі мағыналық буындарын бөліп көрсету арқылы, яғни қажет деп санайтын нәрселерді салуға болады.

Мнемокестелер балалардың байланыстыра сөйлеуін дамыту бойынша дидактикалық материал болып табылады және: сөздік қорын байыту; көркем әдебиет түсінгенін айтқан кезінде; әңгіме құрастыруға үйрету; өлеңдер, жағылтпаш, жұмбақ жаттау кезінде; жұмбақтарды шешу кезінде.

Мнемокестелермен жұмыс істеу реті:

1 кезең: кестені қарау және онда не көрсетілгенін талдау.

2 кезең: ақпаратты қайта кодтау жүзеге асырылады, яғни абстрактілі сөз символдарынан бейнелерге түрлендіру.

3 кезең: қайта кодтаудан кейін ертегіні қайта баяндау, берілген тақырып бойынша әңгіме жүргізу немесе символдарға, бейнелерге сүйеніп өлең оқу жүзеге асырылады, яғни есте сақтау әдісі пысықталады.

«Педагогикалық арт-терапия»

Арт-терапия – бұл адам психикасының басқа көріністері мен сезімдерін беру үшін өнер құралдарын пайдалану, оның әлем сезімдерінің құрылымын өзгерту мақсатында. Өнер құралдарына: музыка, кескіндеме, әдеби шығармалар, театр және т. б. жатады. Арт-терапия міндеттері:

✓ Арт-терапия құралдарын пайдалану арқылы танымдық-сөйлеу белсенділігін дамыту.

✓ Көптеген міндеттерді шешу үшін: оқыту, тәрбиелеу, тұлғаны дамыту, сөйлеуді түзету, мінез-құлықты дамыту үшін ертегі терапиясы ресурстарын қолдану.

✓ Балалардың ой-өрісін кеңейту, музыка, кескіндеме, поэзия арқылы мәдени мұраға деген сүйіспеншілікті арттыру.

✓ Креативтілікті, ойлау ерекшелігін ынталандыру.

✓ Өзіне деген сенімділікті дамыту.

✓ Эмоционалдық жағдайды үйлестіру.

✓ Балалар ұжымының дамуына ықпал ету

Мектепке дейінгі балаларға арналған арт-терапия түрлері:

✓ Изотерапия – бейнелеу өнері әдістерін қолдану.

✓ Түс терапиясы – баланың сезімтал саласын дамыту, қабылдау, зейін, есте сақтау, ойлау, қиял.

✓ Фототерапия – фотосуретті қолдану және оны әртүрлі психологиялық мәселелерді шешу үшін, сондай-ақ тұлғаны дамыту және үйлестіру үшін пайдалану.

✓ Ойын терапиясы – бала үшін табиғи сабақ - ойын-қоршаған ортамен қарым-қатынасты моделдеудің тәсілі және тұлғаның дамуы.

✓ Музыкотерапия – бұл әсер ету күші бойынша, мүмкіндіктердің кеңдігі бойынша, бар эмпирикалық материалға өте бай бағыт.

✓ Ертегі терапиясы – емдеу үшін ертегілер қолдану. Ертегілер жазуға, айтуға, драматургияға, сурет салуға және т. б.

«Синквейн»

Синквейн – бұл балаға дыбыс, сөз, мәтін сияқты абстрактілі ұғымдарды көзбен көрсетуге және олармен жұмыс істеуді үйренуге мүмкіндік беретін көрнекі үлгілеу әдісі. «Синквейн» сөзі француз тілінен «бес жол» деп аударылады және «бес жолдан тұратын өлең» дегенді білдіреді. Педагогтар бұл жұмбақ сөзді «бес шабыт» деп еркін аударады, өйткені әрбір мектепке дейінгі бала өзін жаратушы ретінде сезінуі мүмкін.

Синквейн біздің мектептер мен мектепке дейінгі мекемелерде баланы барынша толық ойлауға, өз ойларын қысқа әрі түсінікті жеткізе білуге үйрету мақсатында қолданылады. Синквейннің құрамы қандай?

Өлеңнің бірінші жолы – дидактикалық синквейн тақырыбы, сөз-пән. Сөздің бөлігі бойынша бұл зат есім және осы сұрақтарға жауап береді: кім? Не?

Екінші жол – екі сөз-белгі. Сөздің бөлігі бойынша, әдетте, сұрақтарға жауап беретін қатысушылар мен сын есімдер: не? Қандай? Мектепке дейінгі бала жиі сын есімдерді пайдаланады. Егер синквейн тақырыбы «құс» болса, бала: «құс кішкентай, сұр, бірақ ән айтпайды» дейді.

Үшінші жол – үш сөз-әрекет. Сөздің бөлігі бойынша бұл етістіктер, сұраққа жауап береді: не істейді? Бұл жасайды? «Құс (бұл) әндетеді».

Төртінші жол – бала қозғалған тақырып туралы өз пікірін білдіретін тұтас фраза, синквейн пәніне деген өз сезімін білдіреді. Классикалық синквейнде бұл төртінші жолда сөйлемде төрт сөз болуы керек, ал дидактикалық синквейнде мектепке дейінгі бала қалағандай көп сөз ойлап табсын, баланың мағынасы мен лексикалық қоры маңызды.

Бесінші жол – онда тағы бір сөз немесе фраза бар. Бұл синквейн пәнінің мәнін көрсететін барлық өлеңнің Аңдатпасі, автордың ол туралы пікірі, синквейн тақырыбына синонимі. Сөздің бөлігі бойынша бұл есім немесе зат, және сұрақтарға жауап береді: кім? Не? Оның құрылымы бойынша бес жолды өлең – синквейн өткір шыңдары бар шыршаға ұқсайды: 1-2-3-4-1.

Қорытынды

Мектепке дейінгі балалардың танымдық - сөйлеу дамуы маңызды және қиын шешілетін міндет болып табылады. Бұл міндетті шешу балаларды алдағы мектеп оқуына дайындау үшін де, қоршаған ортамен жайлы қарым-қатынас үшін де қажет.

Инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану ықпал етеді:

- білім сапасын арттыру;
- тәрбиешілердің біліктілігін арттыру;
- педагогикалық тәжірибені қолдану және оны жүйелеу;
- тәрбиеленушілердің компьютерлік технологияларын пайдалану;;

- тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау және нығайту.

Мектепке дейінгі білім беруді дамыту, оның жаңа сапалы деңгейге көшуі мектепке дейінгі жастағы балалармен жұмыста инновациялық технологияларды пайдаланбай жүзеге асырылмайды.

Әдебиеттер:

1. Лынская М.И.. Формирование речевой деятельности у неговорящих детей с использованием инновационных технологий. – М.: ПАРАДИГМА, 2012.- 128с.

2. Годовикова, Д.Б. Общение и познавательная активность у дошкольников // Вопросы психологии. — 2004. — № 1. — с. 34.

3. Васильева, М. А., Гербова, В. В., Комарова, Т.С. Программа воспитания и обучения в детском саду. — М., 2006. — 140 с.

4. Мухина, В.С. Психология дошкольника. — М., 2005. — 239 с.

ӘОЖ 82-1:8121512.123

ТІЛДІК КОММУНИКАТИВТІЛІКТЕГІ ТІЛ МӘДЕНИЕТІ НОРМАЛАРЫ МӘСЕЛЕСІ

Хасанов Ғ.Қ.

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің доценті, ф.ғ.д., Орал қаласы.

***Аннотация**: В статье рассматривается тесная связь коммуникативной лингвистики с основой культуры речи. Также иссследуется роль языковых норм как критерии коммуникативного общения.*

***Ключевые слова:** языковая коммуникация, основы культуры речи, языковая норма, культура письма, речь, коммуникативная норма.*

***Abstract:** The article examines the close connection of communicative linguistics with the basis of the culture of speech. The role of linguistic norms as a criterion for communicative communication is also investigated.*

***Key words:** linguistic communication, basics of speech culture, linguistic norm, writing culture, speech, communicative norm.*

Коммуникативті лингвистикада ең маңызды мәселе – тіл мәдениеті және оның нормаларын сақтау. Ауызекі сөйлеу стилінде бұл талаптар сақтала бермейтіні белгілі. Осыған орай бұл екі пән өзара тығыз байланысты.

«Коммуникация» сөзі латын тіліндегі communico – ортақ қыламын, байланыстырамын, пікір алмасамын деген сөзінен шыққан. Адамзат

қоғамында коммуникация пікірлесу, ойларымен, білімдерімен, сезімдерімен, мінез-құлық әрекеттерімен алмасу деген т.б. ұғымдарды да қамтиды. Коммуникация тек адамзаттың әлеуметтік-қоғамдық жүйесінде ғана жүзеге аспайды. Белгілі бір дәрежеде коммуникация аң-құстарға да, түрлі механизмдерге де (тұрбалар, телефон сигналдары, интернеттегі компьютерлердің байланысы т.б.) тән. Ал адамзат коммуникациясы қоғамның бір мүшесі ретінде, жалпы адам ретінде дамуына ықпал етті.

Ф.Ш. Оразбаева былай дейді: «Әлемдік тіл біліміндегі коммуникация теориясында М. Бахтиннің идеясы кең етек алған. Ғалымның екі негізгі идеясы коммуникация әрекетін түсінуге мүмкіндік береді. 1. кез келген айтылатын сөздің біреуге бағытталатыны, яғни тыңдаушысыз сөйлеуші де жоқ дегенге саяды; 2. кез келген сөйленген сөз белгілі бір контексте, белгілі бір уақытта, белгілі бір орында мағынаға ие болады, яғни хронотоптық идеясы (грек тілінен алғанда «уақыт» және «кеңістік, мекен» дегенді білдіреді). Коммуниканттардың құрамына қарай коммуникация бірнеше түрге бөлінеді: 1. ішкі (интерперсоналды) коммуникация – адамның өз-өзімен, іштей сөйлесуі; 2. жеке тұлғалардың коммуникациясы – екі коммуниканттың арасында жүзеге асады; 3. топтық коммуникация – топтардың ішінде, топтардың арасында, жеке тұлға мен топтың арасында жүзеге асады (мәселен, мекеме басшысы мен қызметкерлері арасындағы коммуникация); 4. бұқаралық коммуникация – қызығушылықтары әр басқа болатын көпшілік қауым мен теледидар, радио арасында болатын қатынас» [1, 15].

Сөйлеуші тұлғаның тіл мәдениетінің дәрежесі, сөйлеу қабілеттілігі мен жеке қасиеттері оның сөйлеген сөзінен көрінеді. Сөйлеу мәдениеті туралы осындай көзқарасты С.И. Ожегов еңбегінен көреміз: «Жоғары сөйлеу мәдениеті - өз ойынды тілдік құралдар арқылы дұрыс, дәл, айқын жеткізе білу. Бірақ жоғары сөйлеу мәдениеті тілдік нормаларды сақтау ғана емес. Бұл өз ойынды жеткізетін құралды дәл табумен қатар, оны түсінікті, ақылға сыйымды жеткізетін құралды таба білу деген сөз» [2, 6].

Ал тіл мәдениеті пәнінің зерттеу нысаны – тілдің сөйлеу не жазу мәдениеті. Бір сөзбен айтқанда, тіл мәдениеті мәдениет деген үлкен ұғымның мазмұнына кіреді. Осы ұғымға қоғам мәдениеті енеді, ал қоғам мәдениеті адам мәдениетінен тұрады. Жеке адам мәдениетінің бірден-бір айқын көрсеткіші – оның тілі. Тіл сөйлеуден және жазудан тұрғандықтан, тіл мәдениеті адамның сөйлеуі мен жазуының мәдениеті болады. Сонда тіл мәдениеті пәнінің зерттеу нысаны – сөйлеу мен жазу мәдениетінің негізгі ұғымдары мен басты өлшемдерін зерттеу. Сөйлеу мен жазу тілдегі күрделі ұғымдар болғандықтан, олардың айырмашылықтары да үлкен. Сөйлеу – тілдің жарыққа шығуы, жазу – тілдің сыртқы пішіні. Екеуі де тілдің көрінісі болғанымен, басты айырмашылығы дыбыс пен әріптің айырмашылығымен астасып жатыр. Кезінде Ахаң жазғандай: «Әріпті көреміз және жазамыз, дыбысты айтамыз және естиміз». Дыбыстау мен жазудың тығыз байланысы тілдің жалпы қоғамдық дамуына қатысты болады. Сөйлеу мәдениеті мен жазу мәдениетінің бір жеке адамда қатар болуы үнемі бола бермейтіні айқын.

Бір адамдарда сөйлеу мәдениеті жақсы дәрежеде болғанымен, кейбіреулер сөйлеуге жоқ, жазуға шебер болуы мүмкін. Сөйлеу мен жазудың әдемі болуы тіл мәдениетінің көрсеткіші болып есептеледі.

Қазақ тіл білімінде зерттеушілер арасында тіл мәдениетінің зерттеу нысаны не? деген мәселе бойынша қайшылықтар орын алған. Академик Р.С. Сыздық бұл туралы былай деп жазады: «Тіл мәдениетінің басты-басты тарамдары (мәселелері) айқындалып, мазмұны мен бъектісі, теориясы мен әдістері белгілене бастады. Дегенмен, бұл салада әлі қолға мықтап алынбаған істер мен шешілмеген проблемалар аз емес: тіл (немесе сөз) мәдениетіне қатысты ғылыми терминдерден бастап, жалпы теориясын жасауға, әсіресе, ұлттық тіл мәдениетінің ерекше сипаттарын ашуға дейінгі жұмыстар ізденушілері мен зерттеушілерін күтіп тұр» [3, 20]. Ол қайшылық сөйлеу мен қалыпты тілдің айырмашылығынан туындап отыр. Бұл мәселе жалпы тіл білімінде бұрыннан айқындалған, яғни сөйлеу мен тіл – екі үлкен ұғым. Ал қазақ тіл білімінде бұл мәселе енді ғана айқындалып келеді десек қате болмас. Қазақ тіл білімінде «тіл» мен «сөйлеу» мәселесіне жекелей арналған зерттеу жұмыстары соңғы кездерде ғана жарық көре бастады. Мәселен: Р. Сыздық, З.Ш. Ерназарова, Ж.А. Жакупов, А.Б. Салқындай, Б.Қ. Момынова т.т. зерттеушілердің еңбектерін атауға болады. «Сөйлеу» терминінің орнына А.Б. Салқынбай «лебіз» терминін қолдануды ұсынады. Ол былай деп жазады: «Қазіргі қазақ тілінің бүгінгі дыбыстық жүйесі мен сөз құрамын, грамматикалық құрылымы мен мағыналық дамуын анықтауда, оның қолданыстық қызметін, лебіз жүйесіндегі жұмсалу аясын пайымдаудың маңызы бар. Бұл үшін тіл мен лебіздің (речь) арасындағы айырмашылықты екшеп, олардың байланысы мен ерекшелігін, негізгі мәнді белгілерін саралаған жөн. Тіл – санадағы ұғымның мағыналық, мазмұндық мәні сіңген, халықтық рухпен нәрленген, дыбыстық таңбалар арқылы көрінетін таным жиынтығы болса, лебіз – осы таңбалардың қолданыстағы қызметі, ойдың нақты көрінісі. Лебізде тіл өмір сүреді, өзінің негізгі қатынас құралы болу қызметін атқарады» [4, 6]. Ол бұл екі ұғымның айырмашылығын былай көрсетеді: «Тіл – «халықтың жинаған рухани қазынасының жиынтығы, соның бәрін сақтайтын қоймасы» болса, сол «қоймадағы» таңбалардың әртүрлі мақсатта жұмсалуы, сөйлеуші мен тыңдаушының арасында болатын әңгіме-дүкеннен бастап, ғылыми, көркем шығармаларда, ресми құжаттардағы қолданысы – лебізді құрайды. Лебіз – тілдегі бірліктердің сөйлеу барысында қолданысы, жұмсалуы; белгілі бір уақыт аралығында жазбаша немесе ауызша түрде әр алуан, әр типті ақпарат беру құралына айналуы. Тіл мен лебіз адамзаттық ортақ феномендік құбылыс бола тұра, бір-біріне қарама-қарсы қойылад. Тіл – қарым-қатынас жасаудың құралы, лебіз осы құрал арқылы сөйлеуді жүзеге асырады. Лебіз – нақты, тіл – абстрактылы; лебіз – субстанциалды, тіл – формальды құбылыс; лебіз – құбылмалы қозғалыста; тіл – жүйелі, бір қалыпты; лебіз уақыт пен кеңістікте жасалады. Лебіз – белсенді, динамикалық сипатта, тіл – белсенді емес, негізінен, статикалық жағдайда; лебіз әр алуан сипатта дамып, жетіліп, қолданыста мағыналық тұрғыдан құбылып отырады; тілде атаулардың мағыналары жеке-жеке анықталса,

лебізде сөздер бір-бірімен тіркесіп, мағыналық жағынан ұштаса бірігіп, ой мазмұнын жеткізеді» [4, 8].

Жалпы сөйлеу мен тіл мәселесінің екіге жіктелуі Ф. де Соссюрдің «Жалпы лингвистика курсы» еңбегінде алғаш басталған болатын. Ф. де Соссюр қалыпты тіл мен сөйлеудің (речь) екі бөлек екенін дәлелдеп, зерттеген болатын. Орыс тіл білімінде бұл мәселе осы бағытта дамыған болатын. Орыс тілшілері «культура речи» терминін осы пәннің атауы ретінде қалыптастырды. Қазақ тіл білімінде «сөйлеу» мен «тіл» ұғымдарының нақтыланбағанынан «тіл мәдениеті» атауы да толық қалыптаспай келеді. Қазақ тіл білімінде тіл мәдениетімен айналысып жүрген академик Р. Сыздық бұл мәселенің бірден шешіле қоймайтынын жазған еді. Ол: «Тіл мәдениеті, яғни тілдік элементтердің дұрыс қолданысы, сол тілді жұмсау барысында талап етіледі, демек, бұған «культура речи» деген термин дәлірек келеді. Ал қазақ тіл білімінде «язык» пен «речь» - ті айырып атайтын терминдер әлі қалыптасып келеді. «Язык» дегенді «тіл» делік, ал «речь» - ті қалай атауымыз керек. Оны «тіл», «сөз», сөйлеу», «тіл қолданысы», «қолданыс» деп әрқайсымыз әртүрлі беріп жүрміз. «Культура речи» деген сияқты білім-ғылымның жалпы бір саласын атау керек болғанда «сөз мәдениеті» деп алған дұрыс сияқты, ал баяндау барысында, контексте «қолданыс», «тіл қолданысы», «сөйлеу» деген сөздер де «речь» мағынасын бере алады (мен өз еңбектерімде тығырықтан осылайша шығып жүрмін). Сірә, жалпы пәндік термин ретінде «сөз мәдениеті» дегенді таңдаған дұрыс болар», – деп жазады [3, 20]. Дегенмен де «тіл мәдениеті» термині бүгінде қалыптасып кеткенімен Р. Сыздық жазғандай сөйлеу мәдениеті беретін мәнді дәл бермейді. Бұл пәнді қазақ тіл біліміне және оқу бағдарламаларына енгізген көрнекті ғалым М. Балақаев «тіл мәдениеті» терминін қолданған болатын. Бұл мәнге ол кезде «тіл» де, «сөйлеу» де қатар енетін еді, себебі кеңестік тіл білімінде бұл мәселелердің әлі ара жігі ашылмаған еді. Негізінен, «сөз мәдениеті» атауы дәл келгенімен де «тіл мәдениеті» атауын сол күйінде қалдырған қате болмас деп санаймыз. Бүгінде, барлық конференция, семинарларда «тіл мәдениеті» бөлімі деген атау қабылданған. Р. Сыздық «тіл мәдениеті» термині туралы өз пікірінде: «Ал «тіл мәдениеті» дегенді бірден ығыстырып тастауға тағы да болмайды, өйткені, біріншіден, ол – бұл күнде қазақ тіл білімі зерттейтін қолданбалық мәні зор саланың атауы ретінде біршама қалыптасқан термин болса, екіншіден, ой-пікірді тіл арқылы білдіруде сөздерді орнымен жұмсап, сөйлемдерді дұрыс құрастырудан өзге де сәттер бар екені, яғни түзулікті, дұрыстықты («мәдениетті»), жазудағы сауаттылықты, сөйлеу актісіндегі сөздерді дұрыс дыбыстай білу сияқты тұстарды қоса есептесек, жалпы «тіл мәдениеті» деген термин де оңтайлы келеді. Әсіресе, бұл атауға кеңірек ұғымды сыйғызып, бүгінгі әдеби тілдің нормаларын сөз еткен тұста қолдансақ, дұрысырақ болатын тәрізді», – деп көрсетеді [3, 22]. Енді тіл мәдениеті пәнінің зерттеу нысаны не? деген сұрауға келсек, бұл пәннің зерттеу нысаны ауқымды. Бұған сөйлеу нормаларының ережелері, жазу нормаларының ережелері енеді. Сөйлеу ережелеріне дұрыс орфоэпиялық нормалар бойынша сөйлеу, диалектілік сөйлеу ерекшеліктерінен арылу, қазақ

тілінің интонациясы бойынша сөйлеу, логикалық, лебізді екпіндерді сақтау сияқты келелі мәселелер енеді. Р. Сыздық бұл пәннің зерттеу нысанын былай анықтайды: «Тіл мәдениеті дегеніміз – сөздерді дұрыс, орнымен қолдану (лексикалық), дұрыс құрастыру (синтаксистік), дұрыс қиюластыру (морфологиялық), дұрыс дыбыстау (орфоэпиялық), сауатты жазу (орфографиялық), тілді әсер етіп жұмсау (лингвостилистикалық) нормаларын ұстану, орнықтыру, жетілдіру. Осылардың бәрін қосып, тіл мәдениеті деген ғылым-таным саласын «ортология» деп атаушылық бар, яғни ортология – сөздің (тілдің) дұрыстығы туралы ілім. Бұл атауды біз де қисынды санаймыз» [3, 25]. Сонымен, тіл мәдениеті пәнінің зерттеу нысаны – дұрыс, тілдік нормаларға сай сөйлеу мен қалыпты, тілдік нормаларға сай жазу ережелерін ұстану. Тіл мәдениеті пәнінің басты мақсаты – қоғам мүшелеріне әдеби тіл нормаларына сәйкес сөйлеу мен жазу тәртібін көрсетіп, сол нормалардың мазмұнына сай сөйлеу мен жазуға дағдыландыру.

Тіл мәдениеті пәнін оқытуда мынадай міндеттер көзделеді:

– сөздерді дұрыс қолдану нормаларын меңгерту;

– сөздерді дұрыс құрастыру нормаларын үйрету;

– морфологиялық нормаларды меңгерту;

– дұрыс дыбыстау (орфоэпиялық) және жазу (орфографиялық) нормаларға төселдіру;

– стилистикалық нормаларға жетілдіру.

Сонымен қатар, тіл мәдениеті пәнін аудиторияға оқытуда сөздерді лексикалық мағыналары бойынша құру мәселесі, стилистикалық қателерге жол бермеу, әріптер емес, дыбыстар бойынша сөйлеу мәселесі сияқты міндеттер басты болады.

А.Ж. Қобланова өзінің «М. Балақаев – қазақ тілі мәдениетінің пәнінің негізін қалаушы» атты мақаласында ғалымның еңбегіне мынадай баға береді: «М. Балақаевтың зерттеулеріне дейін де жеке адам мәдениеті, қоғамның мәдениеті, ауыл мәдениеті, қала мәдениеті, ұстаз мәдениеті т.б. атаулар ерте кезден-ақ, әртүрлі дискурстарда қолданылып жүрген болатын. Алайда, тіл мәдениеті деген тіркесінің де сол кезеңдерге дейін болғандығын жоққа шығара алмаймыз. Бірақ, тіл мәдениеті, сөйлеу мәдениеті деген атау сол кездегі қоғамдық санада «сыпайы сөйлеу», «сынық сөйлеу» деген түсініктің төңірегінде болды. М. Балақаев қоғамдық санадағы біржақты түсінікке «төңкеріс» жасады. Ғалым, алдымен, әдеби тіл, тілдік норма, әдеби тілдің нормасы деген іргелі ұғымдарға талдау жасап, анықтама бере отырып, бұларды тіл мәдениеті пәнінің негізгі арқауы етіп алады. Сөйтіп, тіл мәдениеті дегенді тек «сыпайы сөйлеп, сынық мінез көрсету» емес, әдеби тілдің ауызша нормасымен сөйлеу («орфоэпиялық нормаға» сүйену), әдеби тілдің жазбаша нормасын ұстану («орфографиялық норма»), сөзді дұрыс құрастыра отырып, тілдік амал-тәсілдерді белгілі бір коммуникативтік мақсатқа сай жұмсай білу («стильдік норма») және «сөз шеберлігі» деген ұғымдарды қамтитын күрделі пән екенін жетер жеріне жеткізіп зерттеді. Осылайша тіл мәдениеті пәнінің негізгі объектісі айқындалды» [5, 145].

Сөзді дұрыс айту нормалары сөйлеу мәдениеті үшін қажетті болады. Орфоэпиялық нормаларды сақтау мәселесі бүгінгі ұрпақтың тілінде қиын болып отырғаны белгілі. Бүгінде әріптер бойынша сөйлейтін ұрпақтың өсіп келе жатқаны жасырын емес. Тіл мәдениетінің басты көрсеткіші – сингармонизм заңы бойынша дыбысталуды сақтап сөйлеу. Сонымен қатар, жазу кезінде орфографиялық нормаларды білу қажеттілігі адамның жазу мәдениетін арттыратыны сөзсіз. Осы тұрғыдан келгенде, тіл мәдениеті орфографиялық, орфоэпиялық нормаларды көпшілікке меңгертумен тығыз астасып жатыр. Дұрыс дыбыстау мен сауатты жазу қашанда мәдениеттің бір көрінісі ретінде болатыны айқын.

Мәселен, кеңес дәуірінде орыс тілінің элементтері тіл мәдениетін бұзбайтын болып есептелсе, бүгінде олар тіл мәдениетінің нормаларына сәйкес келмейтін элементтер болып саналады. Тіл мәдениетінің мәселелері көптеген тіл мәселелерінен кейін қаралатыны жасырын емес, себебі теориялық сұрақтарды тілшілер маңызды деп есептейді. Ал, негізінен, тіл мәдениеті пәні – ол қоғамдағы зиялы адамның басты көрсеткіші, сол себепті, жеке адам тілінің мәдениеті тұтас қоғам тілінің мәдениеті деуге болады. Жалпы, қазақ тіл білімінде тіл мәдениеті пәнінің кенжелеу дамуының Р. Сыздық мынадай себептерін көрсетеді: «Тіл мәдениетінің өзге салалардан кешірек, кейінірек қолға алынуының объективтік себептері бар. Тілдегі мәдениет дегенді әңгіме ету тілдік нормаларының, яғни қолданыс заңдылықтарының қалыптасып, едәуір тұрақталған әдеби тілдің болуына, оның жазбаша да, ауызша да түрін қалың жұртшылық тұтас пайдалана бастаған кезіне тікелей байланысты» [3, 22].

Тіл мәдениетінің басты мәселелері дұрыс сөйлеу мен дұрыс жазу мәселесінен тарайды. Кез келген қоғам мүшесі сөйлейтін және жазатын болғандықтан, тіл мәдениеті оның қоғамда ұстанатын басты ұстанымдарының біріне айналады. Әдеби тіл нормаларына сай сөйлеу мен жазуды мектеп және жоғары мектепте аудиторияға үйретіп, оның теориялық негіздерін оқытпаса, толық зиялы қоғамды қалыптастыру қиынға соғары анық. Оның үстіне, тіл мәдениетінің мәселелері соңғы кездерде ғана зерттеле бастады. Р. Сыздық бұл туралы былай дейді: «Бізде тіл мәдениеті дегенге соңғы 30-35 жылдың барысында ғана айтарлықтай көңіл аударылып, ол тіл білімінің бір саласына айналды, ғылыми ізденістер мен практикалық жұмыстар дүниеге келді, атап айтқанда, Қазақстан Ғылым академиясының А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында арнайы бөлім ашылып, жұмыс істеді, сауатты жазу, сөздерді дұрыс дыбыстау, дұрыс қолдану сияқты салаларға арналған анықтағыш құралдар, сөздіктер, мақалалар мен жинақтар жарық көрді, диссертациялар қорғала бастады» [3, 23]. Тіл мәдениетінің басты мәселелері қоғамда бекітілген тілдік этикет пен әдеби тілдің нормаларын сақтаудан туындайды. Оның ішінде, басты сұрақ: ол нормалар қандай мазмұнда болуы керек және тілдік этикет ұлттық дәстүрге сай болуы тиіс пе, әлде батыс үлгісінде мәдениетке сай болуы тиіс пе? Бүгінгі қазақстандық қоғам екі мазмұнда көрінеді, яғни қазақ ұлттық дәстүрге сай келетін тіл мәдениеті және орыс тілі мәдениетінің нормаларына сай тіл мәдениеті. Мәселен, қазақ іскерлік ортасындағы тіл мәдениетінде: «Сәке»

деген норма бар да, «Серік Жардемұлы» деген норма бар. Ал орыс тілінің нормаларына сай келетін «Серк Жардемович» деген норма қолданыста бар. Бұның бәрі тіл мәдениетінің басты мәнін айқындаудан бастап шешіледі деп санаймыз. Р.С. Сыздық тіл мәдениетінің басты мәнін былай анықтайды: «Сөйтіп, «тіл мәдениеті» деп нені танимыз? Мәдениет деген сөздің семантикасында «дұрыстық», «түзулік», «тәртіптілік», «жүйелілік», «реттілік», «қисындылық», сәйкестік» деген сияқты мағыналық реңктер (семалар) жататыны белгілі. Тіл мәдениеті, ең алдымен, әдеби норма дегенге тікелей қатысты. Жалпы тіл білімінде (шетелдік те, орыстық та, қазақтық та) біршама қалыптасқан тұжырымдарға иек артсақ, тіл мәдениеті дегеніміз – тілдік нормаларды, оның ішінде, әдеби тіл нормаларын дұрыс сақтау әрекеті болып табылады. Кейбір зерттеушілер бұл салаға кеңірек міндет артып, тілдің көріктеу құралдарын, яғни стилистикалық заңдылықтарды дұрыс пайдалануды да сөз мәдениетінің объектісі деп таниды. Бұл пікірді біз де қостаймыз» [3, 24]. Осы пікірді басшылыққа алсақ, тіл мәдениетінің басты мәселелері мыналар деуге болады, яғни ұлттық дәстүрдегі тіл мәдениеті, ұлттық мінездің сөйлеу этикетінде көрінуі, әдеби тіл мен тіл мәдениетінің байланысы, әдеби тіл нормаларының тіл мәдениетінің басты өлшемдері болуы, көркем шығарма жазу мен тіл мәдениеті, газет тілі мен тіл мәдениеті, қала тілінің қалыптасуы мен тіл мәдениетінің қатынасы, сөз және шеберлік мәселесі, стильдердің тіл мәдениетіне деген әсері, тілдік тұлға тілінің тіл мәдениетіне деген өзіндік ықпалы, лингвомәдениеттану мен тіл мәдениеті пәндерінің байланысы, іс жүргізу мен тіл мәдениетінің байланысы, шешендік өнер мен тіл мәдениетінің тығыз байланысы т.т. Тіл мәдениеті пәнінін басты мәселелері бұлармен шектеліп қалмайды. Бұған қоса, бала тілінің қалыптасуы мен тіл мәдениетінің басты негіздерінің қалануы, көпшілік алдында сөйлеу мәдениеті мен жазу мәдениетінің байланысының көрінісі, когнитивтік тіл білімі мен тіл мәдениетінің арақатынасы, сын мен тіл мәдениеті, кірме мәдениет пен тіл мәдениеті, қазақ тіл мәдениетіндегі қазақшылдық пен шалақазақтық мінездің орын алуы, ақын-жазушылар тілі мен тіл мәдениетінің байланысы т.т. Қысқаша пәннің аумағында қарастыруға сыймаса да, осындай мәселелердің тіл мәдениеті пәні шеңберінде жинақталып қалғанын айту қажет.

Р. Сыздықтың көрсетуінше тіл мәдениетінің мынадай мәселелері бар:

«1) Тілдің графикалық құралы, яғни ең қолайлы, қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне сай келетін әліпби (алфавит) таңдау, бұл проблема қазақ жұртшылығына жазу таңбасын өзгертіп, кириллицадан латынға көшу саясаты көтерілген кезеңде туып отыр;

2) Емле мәселелері, қазіргі қолданып отырған жазуымыз бойынша түзілген емлеміздің қырнайтын, толықтыратын, ықшамдайтын тұстары барына назар аудару және қазіргі емле қағидаларының негізінде латын жазуына сәйкестендіріп жасалатын емле ережелерін дұрыс түзу;

3) Жазудың тілдік нормаларды қолдануға және оларды қалыптастыруға қатысты оң және қолайсыз сәттері, яғни орфографиялық нормалар мен

орфоэпиялық заңдылықтардың бір-біріне қайшы тұстары, оларды реттеу жолдары;

4) Ғылыми және басқа да терминология жайы; төл тілдік және кірме терминдердің арасалмағы; термин жасау принциптерін тұрақтандыру; кірме терминдердің тұлғалануы (жазылуы мен айтылуы);

5) Лексикалық қазынаны байыта түсу мақсатын жалау етіп, қазіргі қазақ тілін әдеби нормадан тысқары тұратын элементтерді, оның ішінде, әсіресе, жергілікті сөздерді ешбір уәжсіз қолданудан сақтандыру, көне, сирек сөздердің қолданысына қатаң қарау, олардың мағынасын дәл біліп, орнымен жұмсауды, көпшілікке түсініктілігін талап ету;

6) Тіл мәдениетін, тілдік нормаларды насихаттайтын, түсіндіретін, үйрететін ғылыми-практикалық, анықтамалық құралдардың өте аздығы, барларының араларына 5-10 жыл салып келесі басылымдары әрең жарық көретіндігі;

7) Мектептер мен жоғары оқу орындарының оқу кестесінде тіл мәдениетіне арналған сағаттардың не жоқтығы, не жеткіліксіздігі» [3, 18-19]. Коммуникативтілікте тілдік норманың реттеуші қызметін Д.А. Әлкебаева өз зерттеулерінде қарастырған болатын. Од тілдік норма туралы былай деп жазады: «Тіл мәдениеті тілдік норманың үш түрін қамтиды. Олар:

– тілдік норма (лексикалық, сөзжасамдық, грамматикалық, дыбыстану нормасы);

– этика – сөз нормалары (сөйлеу этикасының ережелері);

– коммуникативті норма (сөйлеу қарым-қатынасының тиімділік қағидалары)» [6, 38].

Қорыта айтқанда, коммуникативті тіл білімі мен тіл мәдениеті пәндері тығыз байланысты болады және байланыс тілдік нормалардың өлшемінде болады. Лебіз болсын, сөйлеу болсын, жазу болсын, жалпы тілдік қатынаста басты реттегіш тетік – тілдік нормалар болады.

Әдебиеттер:

1. Оразбаева Ф. «Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі» Алматы 2000 ж.
2. Ожегов С.И. Словарь русского языка. М. 1955.
3. Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптануы. – Астана: Елорда, 2001.
4. Салқынбай А.Б. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Қазақ университеті, 2008.
5. Қобланова А.Ж. М. Балақаев – қазақ тілі мәдениетінің пәнінің негізін қалаушы // «Ф. Мұсабекова және тіл білімі мен әдістеме мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық және практикалық конференция материалдары. Алматы, 2009, 145-147 бб.
6. Әлкебаева Д.А. Қазақ тілінің прагмастилистикасы. – Алматы: Зият-Пресс, 2007.

ӘОЖ 37.0

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫС НЕГІЗІНДЕ ДҮНИЕНІҢ ҰЛТТЫҚ БЕЙНЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҰСТАНЫМДАРЫ

Хасанова Инкар Утебаевна
М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің доценті, п.ғ.к.
Салахитдинова Мансулу Жигировна
М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің магистранты
Қазақстан, Орал

Аңдатпа: *Мақалада бастауыш мектепте дүниенің ұлттық бейнесін пәнаралық байланыс негізінде қалыптастыру мәселесі сөз етіледі. Қазақ тілі пәнін оқытуда ортақ тақырыптар – пәнаралық байланыстың негізгі тірегі. Сондықтан ортақ тақырыптар арқылы бастауыш сынып оқушыларына дүниенің ұлттық бейнесін қалыптастыруда пәнаралық байланысты ұйымдастырудың ұстанымдары мен жолдары талданады.*

Тірек сөздер: *Бастауыш мектеп, дүниенің ұлттық бейнесі, пәнаралық байланыс, жаңартылған білім беру мазмұны, ортақ тақырыптар, ұлттық құндылықтар.*

Аннотация: *В статье рассматривается формирование национального образа мира в начальной школе на основе междисциплинарной коммуникации. Общие темы в обучении казахскому языку являются основой междисциплинарного общения. Поэтому анализируются принципы и способы организации межпредметной коммуникации в формировании национальной картины мира у младших школьников через общие темы.*

Ключевые слова: *начальная школа, национальный образ мира, междисциплинарная коммуникация, обновленное содержание образования, общие темы, национальные ценности.*

Annotation: *The article considers the formation of a national image of the world in the primary school on the basis of interdisciplinary communication. General topics in the study of the Kazakh language are the basis of interdisciplinary communication. Therefore, the principles and ways of organizing interdisciplinary communication in the formation of the national image of the world for primary school students through common topics are analyzed.*

Keywords: *primary school, national image of the world, interdisciplinary communication, updated content of education, general topics, national values.*

Дүниенің ұлттық бейнесі – когнитивті лингвистикадағы басты категория, сондықтан ана тілі арқылы дүниенің ұлттық бейнесін қалыптастыруды когнитивті танымдық тұрғыдағы оқыту әдістемесі басшылыққа алынады. Бастауыш сынып балаларының санасына дүниенің

ұлттық бейнесін қалыптастыру сабақта пайдаланылатын ортақ тақырыптар бойынша берілетін дидактикалық материалдар мазмұнында болмақ. Жаңартылған білім беру бағдарламасы ерекшеліктерінің бірі ортақ лексикалық тақырыптардың берілуі болып саналады. Ортақ тақырыптар – бұл пәнаралық байланыстың негізгі тірегі. Сондықтан да, ортақ тақырыптар негізінде пәнаралық байланысты ұйымдастыра отырып, бастауыш сынып оқушыларына дүниенің ұлттық бейнесін қалыптастыруға көңіл бөлген жөн деп есептейміз.

Ғалымдардың тұжырымдауынша, дүниеге ұлттық көзқарас – қоғамдық сана мен тұлға санасының ең жоғарғы деңгейі. Дүниеге ұлттық көзқарас ұғымы біртұтас дүниені жалпылама ұғынумен ғана шектеліп қалмайды, сонымен бірге, осы біртұтас дүниемен қарым-қатынас жасаудың жалпы өлшемдерін, басқаша айтқанда, дүниеге белгілі бір қарым-қатынас өлшемдерін белгілеп, міндеттейді. Дүниені тану немесе дүниеге ұлттық көзқарас, адамның сыртқы дүние қоршаған ортаға, өзіне-өзінің, басқаларға қарым-қатынасы туралы мәліметтердің жиынтығы. Сонымен қатар, ол адамның бағыт бағдарын, сенімі мен идеалдарын, ұстанымдарын, ұмтылыстарын білдіреді. Ал дүниенің ұлттық бейнесі әр ұлттың өмір сүру заңдылықтарында, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, мәдениеті, әдебиетінде жатыр. Оқушылардың санасына дүниенің ұлттық бейнесінің қалыптасуы ұлттық рухта тәрбиелеу мен оқыту арқылы жүзеге асырылады. Халқымыздың сан ғасырлардан келе жатқан ұлттық мұрасын оқу-тәрбие ісімен сабақтастыра отырып тәрбиелеу – ұлттық ерекшелігімізді тануға, олардың бойына ұлттық психологияны қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Сонымен, қазақ тілі сабағында пәнаралық байланысты үйлесімді жүргізіп, оқытылатын материалдар негізінде бастауыш сынып оқушыларының ұлттық таным көкжиегін кеңейтіп, балаларды адамгершілікке, қарапайымдылыққа, бауырмалдылыққа, еңбек сүйгіштікке, эстетикалық сезімге тәрбиелеуге болады.

Дүниенің ұлттық бейнесін қалыптастырудың ұстанымдарын, әдіс-тәсілдерін анықтау, берілген білім көлемі мен мазмұнын нақтылау оқытудың педагогикалық заңдылықтарына сүйенгенде ғана жүзеге асады. Ж. Аймауытов баланы оқытудың ережелерін, заңдарын баяндайтын, оқытудың дұрыс жүйесін тауып, білімді тез меңгерудің шарттарын көрсететін педагогиканың бөлімі – дидактика екеніне ерекше мән береді, ол мәселелердің әлеуметтік маңызын беріп, түрлі қырынан оқып-үйренуге назар аударған. Дидактика – педагогиканың білім беру және оны оқыту теориясын қарастыратын саласы. Ол білімнің мазмұнын, оқыту ұстанымдарын, оқуды ұйымдастырудың әдіс-тәсілдерін, білік пен дағды қалыптастырудың амалдарын зерттейді. Мұғалім материалды меңгерту үшін дидактиканың оқыту, білім беру жөніндегі заңдылықтарын сақтай отырып, теориялық қағидаларын басшылыққа алады. «Дидактикалық принциптер оқу үдерісінің жалпы мақсаттары мен заңдарына сай келетін оқудың жалпы мазмұнын, ұйымдастыру формалары мен әдістерін айқындаушы тірек тұжырымдар жиынтығы» [1].

«Принцип» деген сөз көптеген ғалымдардың ғылыми еңбектерінде «ұстаным» деп қолданылады. Оқыту ұстанымдары мұғалім мен оқушының бірлескен әрекетіне негізделеді. Дидактикалық ұстанымдар жөнінде ғалымдардың пікірлері әртүрлі болып келетінін айту керек.

Қазақ балаларына педагогика ғылымының не екенін, дидактикалық ұстанымдарды тәрбие үрдісімен ұштастыруын алғаш рет түсіндірген адам, «Педагогика» еңбегінің авторы – М. Жұмабаев болды. Кейінгі уақытта еліміздің педагог-ғалымдары (М. Мұқанов, Н. Көшекбаев, Р.М. Қоянбаев, Ж.Б. Қоянбаев, С.Б. Бабаев) өздерінің теориялық еңбектерінде оқытудың барлық пәнге ортақ жалпы дидактикалық ұстанымдары мен әдістерін негіздеп берді.

Дегенмен, педагог-ғалымдардың ұсынған дидактикалық ұстанымдарында бірізділік сақталмайды. Бұл ғалымдардың ұсынған ұстанымдарының бастылары мыналар*:* ғылымилық, жүйелілік, материалды дұрыс орналастыру, алдын-ала болжау, саналылық, беріктік, теорияның тәжірибемен, өмірмен байланысы, көрнекілік.

Сонымен, ғалымдардың ұстаным туралы пікірлерін жинақтай келе, дидактикалық ұстанымдар жүйесінің құрылымы өмір талабына сәйкес сараланып, толықтырылып, өзгеріп отыратыны байқалады. Аталған ұстанымдардың барлығы да білімнің жан-жақты тиянақты, жүйелі, саналы, бірізді, терең, сапалы т.б. берілуін мақсат етіп, ана тілін оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Біз бастауыш сынып оқушыларының санасына дүниенің ұлттық бейнесін қалыптастыруда жоғарыда аталған педагог ғалымдардың ұстанған басты дидактикалық ұстанымдарын басшылыққа ала отырып, когнитивті тілі білімі ұстанымдарына сүйендік.

Ғаламның тілдік бейнесін қалыптастыру ұстанымы. Бұл ұстаным ғаламның тілдік бейнесінің көрінісін нақтылауға құрылады. Сонымен қатар, ғаламның қарапайым бейнесі, ғаламның когнитивті бейнесі, ғаламның көркем бейнесін негіздеу болады. Бұл ұстаным ұласпалы сипатта жүреді. Бірінші бала өз отбасында дүниенің қарапайым бейнесін қабылдайды. Дүниенің когнитивті бейнесі баланың танымдық әрекеті арқылы қалыптасады. Есейе келе дүниенің көркем бейнесін өз санасында негіздейді.

Мәселен, дүниенің қарапайым бейнесі – «көктем» – *жыл мезгілі*. Дүниенің когнитивті бейнесіне – *көктемде күн жылиды, ағаштар бүршік жарады*, т.т. үлгілерді айта отырып, бала көктемнің бейнесін тұтас қабылдайды, көкжиегі кеңейеді.

Дүниенің көркем бейнесіне – *көктем – тіршілік белгісі, көктем – жаңару* т.с.с. үлгілерді балалар айта алады. Әдебиеттік оқу мазмұнының басты концептілеріндегі шығармалар мен қазақ тілінде берілетін мәтін мазмұны арқылы халық өмірінің, дүниетанымының, шаруашылығының көріністері туралы білім беріледі, онда дүниенің ұлттық бейнесі сипатталады.

Дүниенің ұлттық бейнесі, ұлттық рухани болмысы әр халықта әртүрлі болады. Мысалы, мал шаруашылығымен айналысқан қазақ халқының көру, есте ұстау, ұлттық дүние бейнесін қабылдау қабілеті ерекше дамыған.

Мәселен, олар күнтізбе болмаған кезде көктемнің туғанын жер астындағы жылан, саршұнақтардың жер бетіне шығуынан біліп отырған. Олардың тіршілігі табиғатқа етене жақын болғандықтан, табиғат құбылыстарының сырын терең танып, ұлттық рухани болмысын бейнелейтін атаулармен белгілеп отырған.

Мысалы, «ұзын сары» (күннің ұзаруы), «құралай салқыны» (мамыр айының үшінші онкүндігінде), «мамыр» (барлық құстардың балапанын атайды) айында құстар ұя салып, балапан шығарады.

Когнитивті модельдеу ұстанымы. Бұл – тілдегі ұлттық ұғымдарды бейнелейтін сөздерді бір ұғымдық аяға бірігіп, құрылымдық үлгілер құрауы. Басқаша айтқанда, концептінің мәнін тез ұғыну үшін тірек ұғымдар (сөздер) арқылы үлгісін ұсыну. Мәселен, *күз – жомарт мінез; күз – күрең шақ; күз – жанған жапырақ т.т.* Ұғымдарды бір концептіге енгізу, біріктіру, топтастыру. Мысалы, *Отан* концептісіне: *жер, су, тау, бұлақ, ағаш, үй, көше; дала – туған жер, атамекен, жұрт, ел, көл, егін, арғымақ, көңіл; т.б.*

Ұлттық менталдыққа сүйене дамыту ұстанымы. Бұл ұстаным ұлттық мәдени кеңістіктегі ұлттық ұғымдарды құрайтын дүниенің ұлттық бейнесін көрсетеді. Концептінің атауыштық өрісіндегі тілдік бірліктердегі ұлттық мәдени тұрмысқа қатысты нақыштары, белгілері бар дүниенің ұлттық бейнесін дамыту.Мысалы, қазаққа тән мінез-құлықтар: *қонақжайлылық, бауырмалдылық, кішіпейілділік, өнерпаз, шешендік т.т..*

Тамақтар-сусындар: *тары, құймақ, бөртпе, құрт, ірімшік, жент, малта, қымыз, т.т...*

Киіз үй жабдықтары: *шаңырақ, уық, кереге, босаға, таяныш, маңдайша, сықырлауық, табалдырық, түндік* т.т. Талдауға берілген тапсырмаларда кездесетін ырым, халықтың тәрбиелік дәстүрлері, ұлағатты ұлттық ұғымдары, жер-су аттарының тарихы, жан-жануар мен өсімдіктер дүниесі туралы деректер баланың танымын арттырып, ел тарихын, ата тегін тануға, салт-дәстүрін білуге қызығушылық туғызады. Бұл оқушының бастауыш сыныптан бастап ұлттық тұлғалық қасиеттерінің артуына жағдай туғызады.

Когнитивті пәнаралық байланыс ұстанымы. Когнитивті оқытуда бірнеше пәннің этнопедагогика, қазақ тілі, саз, сурет, дүниетану, математика, ұлт тағылымы материалдары қатар игерілетіндіктен, дүниенің ұлттық бейнесін қалыптастыру пәнаралық ұстанымға сүйене дамиды [2].

Ортақ тақырыптарға негізделген концептілер бойынша дүниенің ұлттық бейнесін сурет салу, ән айту, дүниетану, математика, ұлт тағылымы пәндерінен алған білімдерімен байланыстырып қалыптастырса, оқушылардың ұлттық таным көкжиегі кеңейеді, білім дәрежесі көтеріледі.

Мысалы, *«мамандық»* тақырыбындағы сабақта ата-бабаларымыздың ата кәсібі мен ел байлығын игеруге қажетті мамандық атауларын меңгерту үшін дүниетану пәні бойынша «Қазақстан картасымен» жұмыс жасалады. Картада бейнеленген Қазақстанның әр облысына тән шаруашылықты, еліміздің байлығын суреттеу арқылы осы байлықты игеру үшін, дамыту үшін бүгіндегі қажетті мамандық иелерінің атын атап, ол туралы ой қозғап, болашақта кім болатындарын қиялдауға ерік беріледі. Сол арқылы оқушыларды өз

Отанының байлығын қорғап, соны игеру үшін қажетті кәсіпті таңдай алуға, әр мамандықтың ерекшелігін анықтауға, мамандық туралы мәлімет алуларына және туған өлкесіне еңбек етуге тәрбиелеуге болады, өз ойларын толық жеткізуге үйретіледі.

Математика пәнімен байланыста алсақ, мезгіл, мерзім атаулары, математикалық өлең есептер, санамақ, жұмбақ, мақал-мәтелдерді көптеп қолдануға болады. Мысалы:

«Атты күнде мінсең – тулақ,
Аптада мінсең – құнақ,
Айында мінсең – ат,
Жылында мінсең – тұлпар» деген мақал-мәтелден оқушылар мерзім өлшемдері мен жылқының қасиетін анықтай алады. Немесе мерзім атауларын (жыл, ай, тәулік, күн мен түн):

«Бір ағаштың он екі бұтағы бар,
Әр бұтағында отыздан жапырағы бар,
Жапырақтың бір жағы ақ,
Бір жағы қара» – деп, жұмбақ түрінде беру – баланың ақыл-ойын, қиялын, ой ұшқырлығын дамытудың ұтымды тәсілі. Бұл – мұғалімнің қиялына, шабытына байланысты.

Бастауыш сынып оқушыларында дүниенің ұлттық бейнесін қалыптастыратын когнитивті оқытуда осы ұстанымдарды ұстану өзінің нәтижелерін береді.

Қорыта келе, пәнаралық байланысты үйлесімді жүргізуде жоғарыда аталған ұстанымдарды басшылыққа алып, ортақ тақырыптық материалдар негізінде бастауыш сынып оқушыларының ұлттық таным көкжиегін кеңейтіп, балаларды адамгершілікке, қарапайымдылыққа, бауырмалдылыққа, еңбек сүйгіштікке, эстетикалық сезімге тәрбиелеуге болады.

Әдебиеттер:

1. Бабаев С.Б. Бастауыш мектеп педагогикасы. – Алматы: Заң әдебиеті, 2007. – 413 б.
2. Хасанова И.У. Бастауыш мектепте зат есімді когнитивті оқыту әдістемесі.

Педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2010. – 152 б.

ӘОЖ 37:811.512

АҚЫН С.БОРАНБАЙҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ «ТАБИҒАТ» КОНЦЕПТІСІ

Ізбасова І. А.
Қазақ тілі мен әдебиеті білім бағдарламасының 1-курс магистранты.Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
Ақтөбе қаласы, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекші: Ф.ғ.к., доцент **Н.А.Садуақас**

Аннотация: *В статье рассматриваются методы исследования языка в когнитивной лингвистике, концепт, концептуальный анализ, познание, языковая картина мира и др. Дано понятие единиц. Концептуальный анализ произведен в творчестве поэта Сарышолака Боранбаевича с акцентом на значение и национально-культурные особенности токенов, представляющих различные концепты, отражающие языковой образ мира.*

Ключевые слова*: познание, концепт, национальное знание, поэт, поэзия, литературное слово, литературный язык.*

Annotation: *The article deals with the methods of language research in cognitive linguistics, concept, conceptual analysis, cognition, linguistic view of the world, etc. The concept of units is given. Conceptual analysis is made in the works of the poet Sarysholak Boranbayevich, focusing on the meaning and national cultural features of tokens representing various concepts that reflect the linguistic image of the world.*

Key words: c*ognition, concept, national knowledge, poet, poetry, literary word, literary language.*

Қазіргі таңда тілді жоғары адамзаттық құндылыққа бағалап, оны антропологиялық танымның құралы ретінде зерттеуге тіл білімінде ерекше маңыз беріліп отыр. Тіл арқылы әлемнің бейнесі жасалады, тіл жер бедерін де, ауа райын да, тарихты да, салт-дәстүрді де бейнелейді[1.46]. Танымдық тіл білімі, яғни когнитивті лингвистика - адам санасында құрастырылған танымдағы әлемнің тілдік бейнесі, оның ішкі құрылымы, оны репрезентациялау әдістері мен заңдылықтарын зерттейтін тіл білімінің бір саласы. Адам санасындағы білім өзін қоршаған ортаға қатысты ақпарат берсе, ал адамның танымдық әрекеті тілдік бірліктер арқылы жүзеге асады. Когнитивтік ғылымның қалыптасуы мен дамуы, оның теориялық бағыттары терең зерттелуі өткен ғасырда Дж. Лакофф, Р. Лангакер, Т. Ван Дейк, Дж. Хэйман, Х.И. Шмидт, М. Джонсон, т.б. шетелдік ғалымдардың тарапынан бастау алса, орыс тіл білімінде де когнитивтік лингвистиканың өзекті мәселелері Ю.А. Сорокин, Е.С. Кубрякова, А.Н. Баранов, Н.Д. Арутюнова, В.А. Маслова сияқты т.б. ғалымдар зерттеулерінде көрініс тапты. Қазақ тіл

білімінде когнитивтік лингвистика мәселелері Ж. Манкеева, Б. Момынова, Қ. Жаманбаева, Г. Гиздатов, А. Ислам, М.Күштаева, Ш. Елемесова, сияқты т.б. ғалымдар еңбектерінде әртүрлі қырынан қарастырып келеді. Адамның білу, ойлау, қорытынды жасау әрекеттерінің бәрі тілдік бірліктер арқылы танылса, олар кестелер, сызбалар, фреймдер, сценарийлер, ойсуреттер немесе ойбейнелер, т.б. әлемнің тілдік бейнесі және менталдылық ерекшелігі негізінде тілде көрініс береді. Когнитивті лингвистикаға оның концепт, концептуалды жүйе, когниция, әлемнің тілдік көрінісі, когнитивтік база, танымдық үлгі, концептік ая сияқты т.б. ұғым бірліктері жатқызылады. Когнитивті лингвистика туралы оқулық жазған ғалымдардың бірі В.А. Маслова адам санасындағы танымдық білімдер концепт қызметі арқылы жинақталатынын, сонымен бірге танымдық тіл білімінің елестету, схема, картина, фрейм, сценарий (скрипт), гештальт сияқты бірліктерді адам танымындағы ақпараттарды сыртқа шығаруда қолданылатын тілдік құрал деп көрсетеді [2.35]. Қазақ тіл білімінде де когнитивтік лингвистиканың теориялық ерекшеліктері, қалыптасуы мен дамуы туралы мәселелері зерттеуге алынды[3]. Когнитивтік лингвистиканың басты бірліктері қатарында концептің атқаратын қызметі көп, ол белгілі бір танымды айқындайтын тірек сөздер аясындағы ұлттық болмысқа негізделген санадағы ақиқат дүниені танылатын ақпараттар жиынтығы болып табылады. Тілді қолданушы, оны дамытушы да адам, оның коммуникативті қызметі мен қолданыс аясын кеңейтіп қана қоймай, көркемдік әлемін де ұштай түсетін тілдік тұлға екені анық. Тілдік тұлғаны терең тану үшін оның ой-танымын айғақтайтын тілдік дискурсын, яғни ақынның шығармашылық қырын когнитивтік, прагматикалық деңгейде қарастыру арқылы тілдік-концептуалды бейнесін көңіл көзімен, сезім ойымен тануымыз қажет. Танымдық тіл білімінде айтылған сөздің жиынтық ойы, сөздің мағыналы мәйегі, ойдың терең сыры, сөз маржандары концепт бірлігі арқылы танылады. Ал концепт - менталды символдық мәні бар, бір-біріне байланысты бірнеше ойларды қамтыған ғылыми ұғымдар жиынтығы. Қазіргі тіл білімінде жаңадан қолданыс тауып, зерттеле бастаған антропоөзектік парадигма тілді құрылымдық, жүйелік парадигмамен сабақтастықта зерттей отырып, тілді тек қарым-қатынас пен ойды білдірудің құралы емес, ұлттың рухани-мәдени коды ретінде қарастырады [4.39]. Біздің түсінігімізше, концепт бір тілде сөйлеуші халықтың мәдениетпен және ұлттық салт-дәстүрмен байланысты танымында тіл арқылы жинақталған ақпараттар бірлігі болып табылады. Тіл мен мәдениет те тығыз байланысты болады. Филологияда алғашқы кезде тіл білімінде орныққан концепт термині тілдік-ұлттық деректермен қатар кейіннен әдеби шығармалар тілін де, әдеби шығармаларды да концептуалдық тұрғыда талдаумен тығыз ұштаса зерттеле бастады. Концепт ұлттық дүниетанымды көрсететін, санада сақталып келген ұлт құндылықтары жөніндегі түсінікті білдіретін күрделі құрылым деуге де болады. Ал концептілік талдау барысында тілді қолданушының әлем туралы түсінігінің ерекшеліктерін сөз арқылы ашатын болсақ, ақынның тілдік қолданысы, сөз өрнегі, образдық ойлау шеберлігі,

шығармаларының идеялық мазмұны да танымдық тұрғыда жүйеленіп, концепті аясында танылады. Концепт әлемнің концептуалды-тілдік бейнесінің құрылымын танытатын бірлік, сондықтан Сарышолақ ақынның тілдік тұлғасы оның шығармашылығындағы елдің ұлттық болмысы, асқақ арманы, биік мәртебесі, өр мінезін танытатын тілдік бейнелі әдеби концептілер арқылы көрініс табады.

Антропоцентристік лингвистикада концепт түрінде жинақталған «дүниенің тілдік тұлғасы», «дүниенің тілдік бейнесі» категориясы тілді әлеммен байланыстыратын, тілдік тұлғаның айнала туралы өзіндік ішкі ақпараттарын ұлттық менталитетпен байланыста бейнелейтін танымдық көзқарастары зерттеуге алынады. Ақын Сарышолақ Боранбайұлы шығармаларында «Табиғат», «туған жер», «оқу-білім», «адамгершілік», «әйел», «табиғат» т.б. концептілер арқылы ақынның азаматтық көзқарасы, ақындық шеберлігі мен тілдік өрнектері көрініс береді. Сондықтан ақын шығармаларындағы дүниенің тілдік бейнесін танытатын әртүрлі концептілерді репрезентеуші лексеманың мағынасы мен ұлттық мәдени ерекшеліктеріне назар аудара отырып, Сарышолақ ақынның шығармашылық көркем әлемін, тілдік сөз қолданыс ерекшеліктерін жан-жақты концептуалды түрде талдауға мүмкіндік болады.

Сарышолақ Боранбайұлы - XIX ғасырдың екінші жартысында танылған қазақ ақындарының көрнекті өкілдерінің бірі. Сарышолақ ақынның өмірі орыс отаршылдығының әбден күшіне еніп, қазақ өлкесін емін-еркін билей бастаған кезімен тұспа-тұс келді. Сарышолақ осы «зар заманды» басынан өткерді. Ол жеке басының емес, халқының жағдайын ойлап қабырғасы қайысты, ел ішіндегі ахуалды, жұрттың басына түскен ауыртпалықты жырға қосты. Ақын халқының ауыр халін көріп, патшалық орыс отарлаушыларына қарсы сөздер айтып, өлеңдерімен сынағандықтан, патша өкіметінен көп зәбір көріп, қуғын-сүргінге түскен еді [5.39]. Ақын поэзиясының құндылығы қазақ ауылының тұрмысын, айналадағы өмір болмысын, қоғамдық құбылыстарды өте кең қамтып, нақтылы бейнелеуімен, ел тағдырына қатысты әлеуметтік мәселелерді халықтық мүдде, озат арман-мақсаттар тұрғысынан толғай білуімен айрықша танылады. Қазақтың шаруа халқының патша өкіметінің отарлық езгідегі ауыр тағдырын, өмір тұрмысын ерекше шеберлікпен көрсете отырып, өз өлең-жырларымен халықты қоғамдық саяси мұраттарға жетуге ынталандырады. Оның шығармалары патшалық жүйенің отарлық қысымына қарсы айтылғандығына және одан кейінгі кеңес үкіметінің де қызыл саясатына сай келмегендіктен тыйым салынған күйінде елге танытылмай, ұзақ уақыт белгісіз болып келді. Сарышолақ ақынның поэзиясының тілдік қуаты, сөз шеберлігі, сөз өрнектері мен стильдік қолданыстары сан қырлы, бүгінгі таңда да өзіндік көркем сөз өрнектерімен ерекшеленеді. С. Боранбайұлының поэзиялық шығармалары мен ақындық шығармашылығы кейінгі кезде жинақталып, әдеби тұрғыда талдана бастаса, ал оның еңбектері тілдік қырынан әлі зерттелген жоқ. Ақындық шеберлігі мен шығармашылығы жағынан өзі өмір сүрген кезеңіндегі алдыңғы қатарлы ақындар қатарынан орын алатын ақын Сарышолақ Боранбайұлының шығармашылығын тілдік

тұрғыдан, тілдік-концептілік жүйеде қазіргі қазақ тіл біліміндегі жаңа ғылыми бағыттар тұрғысынан концептуалды талдау ғылыми өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Қазақ тілінің стилистикасы мен тіл мәдениеті тұрғысынан алғанда да ақын өмір сүрген кезеңдегі қазақ тілінің көркем сөз қолданысын танытатын нақты құнды деректер қатарында ақын Сарышолақ Боранбайұлының шығармаларына концептуалды талдау жасауды мақсат етеміз. Адам баласы қай кезде де кіндік қаны тамып, асыр салып балалық шағын өткізген туған мекенін ешқашан да есінен шығармайды. Ақын шығармашылығында да басты көзге түсетін тақырып-туған жер мәселесі. Ақын Сарышолақ шығармаларына зер сала оқысаң, алдымен, ол өзінің туған жерін, өскен мекенін, оның табиғатын, өзені мен даласының құмына дейін асқан сүйіспеншілікпен жырлағанына көз жеткіземіз. Сондықтан осы мақалада ақын шығармаларындағы «туған жер» концептісін назарға алып, оның танымындағы туған жердің табиғаты туралы жырларына концептуалды талдау жасаймыз. Ақын шығармаларына концептуалды талдау жасауда алғашқы сөзді оның ой-толғанысын, туған жерге деген сүйіспеншілігін, азаматтық көзқарасы мен ұлттық танымдарын танытатын өлең-жырларындағы көрініс тер туралы айтудан бастап, «табиғат» концептісі арқылы өлең-жырларының көркемдік әлемін тануға ұмтыламыз. Сарышолақ ақын XIX ғасырдың орта тұсында қазіргі Ақтөбе облысы Шалқар өңіріндегі Ұлы Құмның бойында туған. Ақынның шығармашылығындағы туған жер концептісіне негіз болатыны да осы, Ұлы Құмның бойы, осы өңірдің табиғаты болып табылады. Сарышолақ Боранбайұлының шығармашылығын зерттеген ғалым Ж.Асан: «Бұл өңірде бөкен, қасқыр, түлкі, қоян, құстардан дала бүркіті, сұңқар, бөдене, дуадақ, тарғақ сияқты жан-жануарлар мекендейді. Осы аң-құстардың бір де біреуі ақын назарынан тыс қалмаған. Тіпті, ақынның тапқан теңеулері шебер қиюласып, керемет табиғат картинасын дереу көз алдыңа әкеледі. Әкеліп қана қоймай көз алдында сол суреттер өзгеріп, толығып, әйтеуір, қимыл-қимылға ұласып жатады. Тіпті, баяу желмен тербелген түрлі өсімдіктердің өзі осы картинаны жандандыра түскендей», -деп ақынның туған жерге, оның табиғатына деген сүйіспеншілігін, суреткерлік шеберлігін дөп басып көрсетеді [5].

Ұлы Құм-ау, Ұлы Құм, Түйе бойы шілігің,
Аңқып көкірек ашатын, Жидекті бал шырының, - деп жырлаған[5. 124].

Ақынның туған жерге деген сүйіспеншілігі, өз танымы бойынша Ұлы құмның сипатын оның табиғатымен, суы мен шыбық ағашымен бірлікте алып, ұштастыра көркем сөзбен, бейнелі теңеулермен жырға қосады.

Айналайын, Ұлы Құм!
Жаз болғанда тербеліп, Шәушілдейді шыбығың.
Бәйшешегің көкке сермеліп, Қыздай еді қылығың[5. 124].

Туған жердің табиғатын жалаң суреттемей, оны аң-құстарын көзге көргендей елестетіп, күн сайын көзі көріп жүрген керемет суретті өз танымындағы сұлу сөзбен өріп нанымды етіп жеткізеді.

Қояның қойдай өретін, Шіл құлдырай жөнетін.
Қарсағың қашып қырқадан, Әр төбеден түлкі өнетін.
Кекілік шулай асатын, Тұрымтай ен сап беретін.
Үкілер улеп түнімен, Ерекше күйге басатын, - деп жырға қосқан[5. 124].

Сарышолақ ақын жырларында ата мекеннің қояны мен шілі, қарсағы мен түлкісі, тіпті, жансыз шілігі мен бәйшешегі – бәрі, бәрі ақын жанына сондай жақын, туған жердің табиғаты мен ондағы барлық тіршілік иелері асқан сезімталдықпен суреттеледі. Ақын туған жердің аң-құстарын өзінің ерекше ықыласымен сипаттауды одан әрі үдете түскен.

Бұлдырық ұшар зуылдап, Күзенің қашар шуылдап,
Қырғиың қалқыр қырындап. Қасқырың жортса қаңтарда,
Торғайың дүрік дуылдап. Доңызың жөңкір дызылдап [5. 124].

Оған туған жердің сұрықсыз сауысқаны да, харам доңызы да жақын. Сарышолақ бірнеше тармақтың өзіне осыншама жануарды сиғызады. Ұлы Құмның нулы-шулы табиғаты ақын үшін алтын бесік, саялы бақпен парапар.

Мәлін несібе айырып, Дуадақ қанат қайырып,
Сауысқаны шақылдап, Байғыздары шаңқылдап,
Ат қайшылап құлағын, Жапалақ ұшар жалпылдап.
Тіршілігім-Ұлы Құм, Құм да болса - Алтын бақ[5. 125].

Сарышолақтың өзі тұстас ақындардан өзгешелігі –табиғат туралы жиі жырлап отырған. Оны құр жырламай өз танымындағыкөркем өрнектермен ерекше шабытпен жырлайды. Сондықтан өлеңдері де сылдырап аққан судай, ескен жібектей. Көркемдік айшықтардың сан түрін кездестіресіз. Сарышолақ ақын өз танымы бойынша туған жеріндегі Ұлы Құмның бойында Жомарт, Қопасор көлдері мен Ор, Тенбен, Елек өзендерінің бойындағы табиғатты да жырға қосып, Жомарт көліне арнап шығарған «Жомартым» атты өлеңінде:

Құстары шулап есті алған, Жомартым-ау, Жомартым,
Самалың есер қарсы алдан, Толқының сыңғыр ән салған.
Теңгедей өзің болғанмен, Дариядай көріп тамсанам.
Қоғалы шүйгін сабатын, Мың жылқы ішсе қанатын.
Үдере көшкен көп Тілеу, Айнала шаңқан қонатын,-деп жырлаған[5. 125].

Ақынның шығармашылығында «табиғат» концептісін репрезентеуші Жомартым-ау, Жомартым», «Самалың есер қарсы алдан», «Толқының сыңғыр ән салған», «Теңгедей өзің болғанмен», «Дариядай көріп тамсанам» деген өз танымындағы лексемалар тіркестерінің мағынасына ой жіберсек, туған жердің самалы, толқыны асқан сезімталдықпен айтылып, дариядай, теңгедей деген теңеулермен өрнектелгенін көреміз. Ақын «теңгедей» «Жомарт» көлін телегей-теңіз «дарияға» теңеп, «құстардың шуы» мен «толқынның сыңғыры», «қоғалы шүйгінін», «мың жылқы ішсе қанатын» өзен суын деген сөздермен суреттеген.

«Табиғат» концептісінің құрылымында Сарышолақ ақынның танымына ерекше әсерлі бейне қалдырған суреттер енгізілгенін көреміз. Ақын шығармаларында құстар мен жәндіктер табиғаттағы қозғалыс үстінде қым-қуыт тіршілік үстінде суреттеледі. Өлең жолдарында оқпақ, тарғақ, сұқсыр, шүрегей, аққу, көлбақа, т.б. құстар мен жәндіктер табиғаттың бір бөлшегі ретінде ақынның танымында ерекше әсерлі бейнесімен туған жерінің келбетін танытады. Сарышолақ ақынның когнитивтік санасындағы неше түрлі құстар туған жердің табиғатына жарасым сыйлап, ақын шығармашылығында орнитологизмдердің де танымдық мәні бар екенін танытып тұрғандай.

Жағада тұрсаң тың тыңдап, Оқпағы жүрер мыңқылдап,
Тарғағы күйттер ыңқылдап, Сұқсыры суда сылпылдап,
Шүрегей зырғыр былпылдап, Аққу кербез сұңқылдап,
Неше бір құстар қиқулап, Көлбақа шулап құрқылдап,
Бекер той қып жатқандай, Шошынып жүрек жұлқынбақ[5. 125].

Антропоөзектік лингвистикада тілді зерттеуде оны адаммен, оның танымымен байланысты қарастыру арқылы әлемнің тілдік бейнесін қалыптастыруға баса назар аударылатын болса, әдебиет теориясында да қандай да бір шығырма түптеп келгенде адам өмірімен байланысты шешімін табуы тиіс деген қағида болса, Сарышолақтың да шығармалары осы басты қағиданы ұстап тұрғандай, ақынның барлық сезімі, туған жерге деген ыстық ықыласы табиғат пен ондағы тіршілікпен тығыз ұштасып, адамның жүрегіне иіп әкеліп қиюласып жатқанын байқаймыз.

Көктем келісімен табиғат қайта түлеп, өңі кіре бастайды. Жан-жануарлар бой жазып, мәре-сәре болысып жатады. Ақынға ерекше шабыт берген жыл мезгілінің осы шағын «Тебен суына» деген өлеңі арқылы шебер жеткізеді:

Тебен су, ағасың-ау сылдыр қағып, Қамыстың ұлпасынан үкі тағып,
Суынан бал татиды көктемеде, Малдығы қоныс болған майдай жағып, - дейді[5. 122].

Сарышолақ ақын туған жердің табиғатының ыстық келбетін көктемгі жердің жаңарып, жанданған табиғаттың тамылжып тұрған шағында адамдардың да бойын шаттандырып, қыстан мал мен бастың аман шыққанына қуанып жататынын өзара ұштастыра суреттеумен көрсетеді.

Сарышолақ ақын туған жер табиғаты тақырыбы аясында өсіп-өнген жерінің табиғатын, әсіресе, түрлі тіршілік иелерінің іс-әрекетін суреттеуге шеберекенін танытады. Теңеулер көмейден төгіліп-ақ жатыр. Ақынның Арал теңізі жайлы айтқанына құлақ түрсек.

Бара қалсаң аққуы, Ортаға алар кел-келдеп.
Бекіресін көргенде, Аш көздер тұрар емпеңдеп.
Құланы жылқымен қатарлас.
Болса да қанша жүректі, Ну қамысқа бата алмас.
Шұбар жонды жолбарыс, Аң патшасы ақ алмас.
Тоғайын қорып жататын, Қызғыш құс та жата алмас.

Доңызы шауып,шыңғырып, Тойынып, шіркін, болған мас[5. 120].

«Балығы тайдай тулап, бақасы қойдай шулаған» жерұйықтан кем емес. Сарышолақтың ақындығынды мін жоқ, сырлы сезіммен жырланған осындай керемет тармақтар көп кездеседі, өйткені, ол - биік талғамның ақыны.

Сарышолақ Боранбайұлының шығармашылығын зерделеген әдебиетші ғалым Ж.Асан: «Сарышолақ Боранбайұлының жүз қырық жылдық мерейтойы қарсаңында ақынның өмірі мен мұралары туралы біраз материалдар облыстық, республикалық деңгейдегі газет-журналдарға басылып шыққан болатын. Шығармаларының азды-көпті жинақталып, кітапша болып та басылып шықты. Алайда, әлі күнге дейін Сарышолақ Боранбайұлының мұралары жіпке тізіліп, ғылыми деңгейдегі дәл бағасын алған жоқ»,-деп, оның шығармаларын жинақтап, реттеу, әртүрлі қырынан ғылыми тұрғыда зерттеу алдағы міндет екенін атап көрсетеді[5.]. Ақынның шығармашылығы әдебиеттану тұрғысынан бірлі жарым мақалаларда баяндалып, әртүрлі қырынан алғашқы әдеби пікірлер айтылса да, ал тілдік тұрғыда бұған дейін әлі ешбір мақала да жазылмай, тілдік қыры да зерттеуге алынған жоқ еді.

Қорыта айтқанда, ақын Сарышолақ Боранбайұлының шығармашылығындағы өлең мәтіндерін концептілік тұрғыда зерттеу барысында ақынның әртүрлі тақырыпта жазылған өленderінің тілдік ерекшеліктері анықталып, көркем сөз өрнектері, айшықты тілдік деректерінің танымдық мәні көрсетілді. Ақын өленderінде көтерілген елдің өмірі мен тұрмысы бейнеленіп, жырланған тақырыптарға қатысты концептілерді репрезентеуші лексемалардың мағынасы мен ұлттық мәдени ерекшеліктеріне тілдік тұрғыда концептуалдық талдау жасалды. Кейінгі ұрпағына ой салар қуатты жырларын қалдырған Сарышолақ ақынның туған жер табиғатына қатысты өленderінде елді-жерді сүюдің үлгісін танытып, оны асқан шеберлікпен жырға қосып, туған жердің әр тасы мен құмын, өзені мен аң-құстарын, бәрін-бәрін өзінің жүрек түкпіріндегі ыстық сезіммен жырға қосқанын байқатады. «Табиғат» концептісінің құрылымында туған жердің әр тасы мен құмы, өзені мен аң-құстары көрініс тапқан. Сарышолақ ақынның танымында туған жердегі барлық тіршілік иелері, аң-құстары, сонымен бірге жансыз табиғаты да жанды бейнедей ақынның сөзінде ерекше леппен жырланған. Сондықтан қазақ даласы, ондағы табиғаттың барлық көріністері ақын танымы арқылы жанды бейнеге ұласып, «табиғат»» концептісінің құрылымында қуатты өлең - жыр болып, оқыған сайын өзіне тарта береді. Ақын С.Боранбайұлы шығармаларының тілдік-концептуалды бейнесі «табиғат» концептісінің құрылымында ерекше көрініс табады.

Әдебиеттер:

1.Тер-Минасова С.Г. Тіл және мәдениетаралық коммуникация.-Алматы: Ұлт аударма бюросы, 2018.-320 б.

2. Маслова В.А. Когнитивная лингвистика: Учебное пособие.- Минск: ТетраСистемс, 2004. - 256 с.

3. Оразалиева Э. Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы.- Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2007. - 312 б.
4. Манкеева Ж. Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері // «Тілтаным» журналы.-Алматы: А. Байтұрсынұлы ат.ТБИ, 2001. - № 4. – 39-44 б.
5. Боранбайұлы С. Азаттық еді аңсаған. Таңдамалы шығармалар. - Алматы: «Елшежіре», 2006. – 264 б.

УДК 94(574)

АЛТЫН ОРДА ЖАЗБА МҰРАЛАРЫН ТАРИХИ ГРАММАТИКА ДЕРЕК КӨЗІ РЕТІНДЕ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Ержигитова Г. К.
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің
2-курс магистранты
Ғылыми жетекші: ф.ғ.д., профессор **Сабыр М. Б.**

Аңдатпа: *Бұл мақалада Алтын Орда жазба мұраларын тарихи грамматика тұрғысынан дерек көзі ретінде оқытудың тиімді тұстары қарастырылды. Жоғары оқу орындарында тарихи грамматиканың әдістемелік негіздерін оқыту мақсаты айқындалды. Жазба мұраларды оқыту барысында тарихи грамматикада қолданылатын әдістер жалпылама талданып жазылды. Өмір ақиқаты мен тарихи шындыққа негізделген Ұлық Ұлыстың заңды мұрагері екендігімізді айғақтайтын тұжырымдамалар жинақталды. Алтын Орда жазба мұраларын тарихи грамматикада дерек көзі ретінде оқытудың күрделі және өзекті екені анықталды.*

Кілт сөздер: *ежелгі жазба ескерткіштер, тарихи-салыстырмалы әдіс, ретроспективтік әдіс, синхрондық сипаттау әдісі, әдеби жәдігерлерді оқыту барысы, Ұлық Ұлыстың заңды мұрагері.*

Аннотация: *В этой статье были рассмотрены наиболее эффективные аспекты обучения золотоордынскому письменному наследию как источнику с точки зрения исторической грамматики. Определена цель обучения в высших учебных заведениях методическим основам исторической грамматики. Методы, используемые в исторической грамматике при обучении письменному наследию, были обобщенно проанализированы. Собраны концепции, доказывающие, что мы являемся полноправными наследниками Великого Улуса, основанные на реалиях жизни и исторических фактах. Выявлено, что преподавание письменного наследия Золотой Орды как источника по исторической грамматике является сложным и актуальным.*

Ключевые слова: *памятники древней письменности, историко-сравнительный метод, ретроспективный метод, метод синхронного описания, процесс преподавания литературных памятников, законный наследник Великого Улуса.*

Abstract: *In this article, the most effective aspects of teaching the Golden Horde written heritage as a source from the point of view of historical grammar were considered. The purpose of teaching in higher education institutions the methodological foundations of historical grammar is determined. The methods used in historical grammar in teaching written heritage have been analyzed in a generalized way. Concepts have been collected that prove that we are the full heirs of the Great Ulus, based on the realities of life and historical facts. It is revealed that the teaching of the written heritage of the Golden Horde as a source of historical grammar is complex and relevant.*

Keywords: *monuments of ancient writing, historical and comparative method, retrospective method, method of synchronous description, the process of teaching literary monuments, the legitimate heir to the Great Ulus.*

Алтын Орда жазба мұраларын тарихи грамматика тұрғысынан дерек көзі ретінде зерттеу түркітанушы ғалымдар мен жас зерттеушілердің аса маңызды міндеттерінің бірі. Алтын Орда дәуірі әдебиеті жазба ескерткіштерінің дыбыс, морфемалар жүйесі, морфологиялық құрылымын, синтаксисі мен лексикасын, қалыптасуы мен даму жолдарын және бағыттарын зерттеу, осы күнге дейін жазылған іргелі еңбектерді талдай отырып сол бағытты жандандыру қажет. Себебі тарихи грамматиканың мақсаты – тілдің барлық салаларының даму заңдылықтары мен өзгеру бағдарларын айқындау болып табылады. Тарихи грамматикада жазба ескерткіштердің тіліндегі тарихи өзгерістеріне тұжырым жасау жазба ескерткіштерді негізге ала отырып, сол дәуірдегі халықтың сөйлеу тілі мен тіл жүйесінің заңдылықтарын баса аңғаруға болады. Орта ғасырдағы ежелгі әдеби мұралар көне түркі, ұйғыр, шағатай, араб, парсы тілдерінде жазылған. «Алтын Орда мемлекеті - көптеген түркі тайпалары мен монғол руларының бірлестігі әрі мекені болды. Соншалықты әр алуан ру-тайпалардан құралғандығына қарамастан Алтын Орда орталықтанған күшті мемлекет болды, өйткені онда біртұтас саяси-экономикалық, қоғамдық-әлеуметтік, мәдени жағдай қалыптасқан еді. Ең бастысы – мемлекет бірыңғай көшпелі болмай, отырықшылық сипатта да болды. Соның арқасында мемлекет те, қалалық та мәдениет туды, рас, ол тақыр жерге туған жоқ, керісінше көне түркілер мен оғыздардың, қарахандықтардың заманында өрістеген мәдениеттің, дәлірек айтқанда, жазба әдебиеттің негізінде пайда болды да, бұрынғы әдебиет, дәстүр қайта түлеп, жаңаша даму жолына түсті, сөйтіп бұл тұста өмірге жазба түріндегі біраз шығарма келді. Солардың қатарында, мәселен, Алтын Орда дәуірінде әдебиеттің көркем шығармаларын жарыққа шығарған бірде-екілі шығармалары сақталған ақын-жазушылар Рабғузи, Сайф Сараи, Хорезми, Сайдахмет, Хорезми, Құтб, Дүрбек, т.б. [1, 8]. Әдеби

жәдігерлерде сол кезеңнің тарихи оқиғалары, мәдени өмірі, дала өркениеті өрнектелген.

Тарих қойнауына көз жібертсек, Кеңес дәуірі кезінде Алтын Орда жазба мұраларын зерттеуге, Ұлық ұлыстың заңды мұрагері екендігімізді дәлелдеуге тыйым салынды. 1937 жылдан бастап Алтын Орданы зерттеуге тыйым салынып, Алтын Орда атауының өзі жек көрініштi етілді. Қазақстанның ресми тарих ғылымында Алтын Орда «қазақтардың ата-бабаларының (қыпшақтар) жерін жаулап алған жат мемлекетке» айналды. Кейініректе, Алтын Орда тақырыбын зерттегені үшін қазақтың біртуар ғалымы Қаныш Имантайұлы Сәтбаев та жапа шекті. Ғалым Едіге эпосын зерттегені үшін қудаланды. Соның салдарынан Қаныш Сәтбаев 1951 жылы Қазақстан КП (б) ОК хатшысы Ж. Шаяхметовке, БКП (б) ОК хатшысы М.А. Сусловқа «өкінішке толы хаттар» жазып жүріп, республика және бүкілодақ билігінің алдында ақталуына тура келді. Осылайша, 1950-жылдары кеңестер билігі «Алтын Орда» концептісіне түбегейлі жат таңбасын басып, «Қазақстанның ұлттық тарихынан» шығарып тастады. 1980-жылдары жылымық кезең қылаң бере бастады. 1983 жылы Ілияс Есенберлин «Алтын Орда» трилогиясын аяқтады. Жазушы осы шығармасында Алтын Орданы Қазақ хандығының атасы ретінде суреттеді. Алайда кеңестік цензураның бұрынғы екпініне байланысты, қаламгердің осы туындысы «Көшпенділерге» қарағанда қазақ оқырманының арасында айтарлықтай танымал бола қойған жоқ. Сонда да Ілияс Есенберлин Алтын Орданы жеккөрінішті қылған бұрынғы көзқарасқа батыл қарсы барды. Сонымен қатар Қазақстанның көрнекті тарихшысы Вениамин Юдин де Алтын Орданы ғылыми тұрғыда «ақтауға» қол жеткізе бастап еді. Оның 1983 жылы аз таралыммен шығарған бірнеше ғылыми мақаласы Алтын Орданы зерттеудің жаңа концепциясына негіз болды [2,1].
Тұңғыш президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 2014 жылдың 25 тамызында Ұлытау төрінде берген сұхбатында «Біз кеше пайда болған халық емеспіз. Бұл-ғұндардың да көк түріктердің де, Алтын Орданың да орталығы болған жер. Отан деген үлкен ұғым. Отанды қорғау дегенде, әрине, адам баласы алдымен өз шаңырағын ойлайды. Сондықтан тарихыңды білген жөн... Тарихын білмеген ұлттың болашағы да бұлыңғыр. Мысалы, керемет үлкен еменнің тамыры терең болмаса, ол дауылға шыдап тұра алмайды. Сондықтан тарихымызды таныту үшін көп нәрсе жасап жатырмыз...» деген болатын [3,3]. Расымен, халқымыз қаншама тар жол, тайғақ кешіп, нәубетті бастан өткерсе де, түп тамырын, төл тарихын ешуақытта ұмытқан емес. Ең басты құндылығымыз, байлығымыз егемендігіміздің арқасында көптеген жетістіктерге қол жеткізіп, тарихтағы бұрмалаулар теріске шығарылып, әділеттілік орын ала бастады.

Қазақ мемлекетінің алтын бесігі-Алтын Орда. Алтын Орда мұрагерлері екендігіміз бұлтартпас тарихи шындық. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласында «Әрбір халық өзінің арғы-бергі тарихын өзі жазуға тиіс. Бөтен идеологияның жетегімен жүруге болмайды. Ұлттық мүдде тұрғысынан жазылған шежіре ұрпақтың санасын оятып, ұлттың жадын жаңғыртуға мүмкіндік береді.

Бүгінгі тарихымыз 1991 жылмен немесе 1936 жылмен өлшенбейді. Халқымыз Қазақ хандығы кезінде де, одан арғы Алтын Орда, Түрік Қағанаты, Ғұн, Сақ дәуірінде де осы жерде өмір сүрген, өсіп-өнген. Қысқаша айтқанда, ұлттық тарихымыздың терең тамырлары көне заманның өзінде жатыр[4, 2-3]. Мемлекет басшысының айтқанындай біз тарихы тереңде жатқан іргелі, алтын тарихы бар мемлекетпіз.

Жоғары оқу орындарында Алтын Орда жазба мұраларын тарихи грамматика дерек көзі ретінде оқыту үшін тілдің тарихи дамуын зерттеуде қолданылатын әдіс-тәсілдерді қолданған абзал. Зерттеулерде қолданылатын басты әдіс – тарихи-салыстырмалы әдіс [5,16]. Сонымен бірге ретроспективтік әдісті қолдану қажет. Ретроспективтік әдісті қолдану арқылы тарихи грамматика зерттеулерін бүгінгі тілдің фактілеріне талдау жасап, сол талдаудан алынған ерекшеліктерге сүйене отырып, өткен дәуірге үңіледі. Тарихи грамматика жазба ескерткіштер тілін қарастырғанда да осы әдісті қолданып, осы принципті ұстанады [5, 4]. Тарихи грамматика дерек көзі ретінде оқыту үшін алдымен жазба ескерткіштердің зерттеулеріне, фактілерге сүйеніп, тарихи морфология, тарихи синтаксис негізінен көне ескерткіштер фактілерін хронологиялық ретпен жеке-жеке қарастырып, содан соң талдау қажет. Осы негізде оқытып, оқыту барысында тарихи-салыстырмалы әдіс пен ретроспективтік әдісті қолданған абзал.

Жазушы, түркітанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, академик Немат Келімбетов «Ежелгі әдеби жәдігерліктер» атты өз еңбегінде «Бұл арада мынадай бір жәйтті мықтап ескерген жөн: белгілі бір әдеби жәдігерлікті жасауға бертін келе әрқайсысы жеке-жеке халық ретінде қалыптасып шыққан ру-тайпалардың бірі көбірек, екіншісі аздау үлес қосқан болуы мүмкін. Осыған орай, біз сөз етіп отырған ежелгі түркі әдеби жәдігерліктерінің кейбіреуінің тілі қазіргі қазақ тіліне, ал екіншісі – әзірбайжан тіліне, үшіншісі – өзбек тіліне немесе басқа да түркі тілдерінің біріне жақынырақ болып келеді»[6, 5]. Алтын Орда жазба мұраларының көбісінің тілдері ұқсас, алайда тарихи жағынан бір-бірінен алыс болып табылады. Түрлі тарихи кезеңдерде жарыққа шыққан жазба мұралар өзара типологиялық салыстыру арқылы көне түркі поэзиясының грамматикалық тұрғыдан өзгеріске ұшырап отырғандығы байқалады. Әдеби мұралардың ішіндегі дастандар, хикаяттар дыбыстық жүйесі жағынан қазақ шешендері мен жырауларының толғауларымен сабақтас. Әдеби жәдігерлерді оқыту барысында шығармалардың ішкі мазмұнын, жанрын, негізгі идеясын, көркемдік ерекшелігіне баса назар аудару қажет. Бұл тұста синхрондық сипаттау әдісімен оқыту қажет. Синхрондық сипаттау әдісі Алтын Орда дәуірін жан-жақты сипататуға, Алтын Орда жазба мұраларының тілі, динамикалық тарихы, яғни, тілдік функциялар мен қатынастардың даму, өзгеру тарихы, тіл семантикасының даму, өзгеру, жаңару тарихын тиімді меңгертуге болады.

Бүгінгі таңда еліміздің жоғары оқу орындарында жазба ескерткіштер және олардың зерттелуі жайлы деректер мен ақпараттар беретін әр түрлі оқулықтар бар. Соның ішінде А. Ибатовтың Құтбтың «Хұсрау уа Шірін»

поэмасының сөздігі, Э.Н.Наджиптің «Тюркоязычный памятник XIV века «Гулистан» Сейфа Сараи и его язык», М.Томановтың «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы», «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы», Ә.Құрышжанов, Ғ. Айдаров, М.Томанов «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі», Н. Келімбетовтің «Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі», «Ежелгі дәуір әдебиеті», «Ежелгі әдеби жәдігерліктер», М. Б. Сабырдың «Құтыптың «Хұсрау мен Шырын» поэмасының лексика-грамматикалық сипаты» және «Орта ғасыр жазба ескерткіштері фразеологиялық және паремиологиялық қорының этномәдени сипаты (XIVғ.)» еңбегі, «Көне қыпшақ тілі мен қазақ тілінің фоно-морфо-семантикалық сабақтастығы», «Қыпшақтану» еңбектерінде Алтын Орда дәуірінің жазба мұралары ауқымды зерттелген. Бұл Алтын Орда дәуірінің кеңінен зерттелуіне жол ашып жатыр. Осындайда француз ғалымы Луи Пастердің «Ғылым прогресі ғалымдар еңбегінің құндылығымен және оның ашылуымен ерекшеленеді» деген дәйек сөзі ойға оралады [7,147]. Осы құнды еңбектердің негізінде жазба мұраларды тереңдетіп оқытуға болады деп ойлаймын. Оған қоса жаңа оқулықтар да жарыққа шығып, мәдени мұралардың аударма нұсқадағы кітаптармен толығуда. Тұңғыш Президент Н.Назарбаевтың «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасының аясында жарық көрген «Әдеби жәдігерлер» сериясының 20 томдығы, мемлекеттік тапсырыспен басылған «Ұлы дала жауһарларының» үшінші томы «Алтын Орда дәуіріндегі әдеби жәдігерлер (Діни-дидактикалық шығармалар»). Оқырманға ұсынылған «Әдеби жәдігерлер» басылымының басты мақсаты – халықтың ежелгі заманнан бергі жазба мұралары мен әдеби жәдігерлерін сол күйінде өзіне қайтару, түркі халықтарына ортақ ежелгі және орта ғасыр әдеби ескерткіштері мен XV-XIX ғасырлардағы ақындар шығармаларын неғұрлым толық жариялау [8, 7]. Қазіргі таңда қолданылатын әдістемелерге сүйене отырып, түркітанушы ғалымдардың зерттеулерін негізге ала отырып, бүгінгі таңға дейін маңызын жоғалтпаған, ежелгі әдеби жәдігерліктерді тарихи грамматика тұрғысынан оқыту тиімді. Әлбетте ғалымдар мен зерттеушілердің еңбектерін негізге ала отырып, жазба мұраларды тарихи грамматика дерек көзі ретінде оқытуға бүгінгі күнде биік талаптар қойылады. Алтын Орда мирасқорлары ретінде біз жазба мұраларымызды оқытудың тиімді жолдарын сараптауымыз қажет. Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев айтқандай, «Алтын Орда - қазақтың мәдени кодының маңызды бөлшегі»[9,1]. Әйгілі қазақ жазушысы, қазақ тарихының төрінен алатын дара тұлға Ілияс Есенберлин «Алтын Орда – Қазақ хандығының бабасы. Халқымның қиын да ерлікке толы тарихын суреттеу міндеті өмірімнің мәніне айналды. Елімнің өткенін әңгімелеу өмірімнің басты мақсаты болды. Мемлекеттік және ұлттық тұтастықтың өміршеңдігі мен оны сақтап қалу үшін болған күрес туралы шынайы тарихты көрсету. «Көшпенділерде» және «Алтын Орда» трилогиясында мен осы туралы айтқым келді» демекші, Алтын Орданың заңды да тікелей мұрагері – қазақ халқы. «Тәуелсіздік тұғырындағы соңғы жылдар бедерінде еліміздің рухани өмірінде елеулі өзгерістер болды. Ең бастысы, қоғам өміріне де, өнерге де жетпіс жыл бойы жасанды жол сілтеуші болып келген саяси идеология келмеске кетті.

Рухани өміріміздің өткені мен бүгінін бағалауда , артығы мен кемін саралауда бұрын соңды болмаған шығармашылық еркіндікке қол жеткіздік. Әдебиетіміз бен әдебиеттану ғылымы да саясаттану құрсауынан құтылып, тек өмір ақиқаты мен тарихи шындыққа негізделген нақты тұжырымдар жасайтын бағытын айқындап алды. Қоғам құрылымына ғана емес, тұтастай ойлау жүйесіне де өзгеріс әкелген тәуелсіздік мәдени тарихымыздың тереңінен батыл бойлау мүмкіндігін берді. Бұл орайда ұлтымыздың рухани қазынасының қайнар көзі, түпкі негізі саналатын көне мұраларымызды зерттеу ісінің 20-30 жыл бұрынғы кезеңдермен салыстырғанда соңғы он жылдың ішінде ерекше қарқын алуы сөз жоқ, тәуелсіздік сыйлаған рухани еркіндіктің шынайы көрінісі» [10,3]. Әдебиетті, тарихты, географияны, этнографияны ақтарып қарасаң да Ұлық ұлыстың іздері байқалады. Біз Ұлық ұлыстың бүгінгі мұрагерлері екендігіміз даусыз. Сондықтан әлі де зерделеуді қажет ететін әдеби жәдігерлерді ұмытпай ұлықтау қажет.

Әдебиеттер:

1. Қазақ әдебиетінің тарихы (Он томдық) 3-том. Алтын Орда дәуірі мен Қазақ хандығы тұсындағы әдебиет. –Алматы: ҚазАқпарат, 2008.
2. https://abai.kz/ ақпараттық порталы. Сәбитов Жақсылық «Алтын Орда кеңестік кезеңде қалай зерттелді?» мақаласы.
3. «Қазақ хандығының 550 жылдығы – ұлттық тарихтың тағдыршешті кезеңі» тақырыбына арналған ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы. 2015 жылғы 16 ақпан. –Астана, «ҚР Парламент Шаруашылық басқармасының Әкімшілік ғимараттар дирекциясы» РМК баспаханасы, 17.04.2015ж.
4. Тоқаев Қасым-Жомарт «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласы. «Орал өңірі» газеті, Жұма, 8 қаңтар, 2021 жыл. №2 (20926).
5. Томанов Мархабат. «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы». « Мектеп» баспасы, 1988.
6. Келімбетов Немат. Ежелгі әдеби жәдігерліктер. –Алматы, «Алатау» баспасы, 2005.
7. Ақылдың кені. (Ұлағатты сөздер). Құрастырған: Қ. Жарықбаев. – Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖШС, 2008.
8. Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. 15-т: Алтын Орда дәуіріндегі діни-дидактикалық шығармалар./Құрастырған: Т.Қыдыр.-Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2011.
9. 04.10. 2019 жылы Сочиде өткен «Валдай» Халықаралық пікірталас клубының жылсайынғы XVI отырысында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың сөйлеген сөзі. https://www.inform.kz/kz/kasym-zhomart-tokaev-altyn-orda-kazaktyn-madeni-kodynyn-manyzdy-bolshegi_a3571955
10. Сейтжанов Қ.Қ. «Алтын Орда дәуірі түркі классикалық поэзиясының көркемдік ерекшеліктері». Монография. Қарағанды «Болашақ-Баспа» баспасы, 2013.

СЮЖЕТТІК-ДРАМАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ КӨРКЕМ-БЕЙНЕЛІ ОЙЛАУЫН ДАМЫТУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Иргалиев А.С., Изтурганова А.Т.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Summary: *the article analyzes the scientific and methodological foundations of the organization of psychological and pedagogical activities for the development of artistic and imaginative thinking in students through plot-dramatic activity, presents the results of the ascertaining, formative and control stages of the experiment.*

Keywords: *harmonious development of the child's psyche, art education, aesthetic education of schoolchildren, creative abilities, artistic and imaginative thinking.*

Резюме: *в статье анализируются научно-методологические основы организации психолого-педагогической деятельности по развитию художественно-образного мышления у учащихся через сюжетно-драматическую деятельность, представлены итоги констатирующего, формирующего и контрольного этапов эксперимета.*

Ключевые слова*: гармоничное развитие психики ребенка, художественное образование, эстетическое воспитание школьников, творческие способности, художественно-образное мышление*.

Білім берудің фундаменталдығы мен жеке тұлғаның, қоғам мен мемлекеттің өзекті және перспективалық қажеттіліктеріне сәйкестігі негізінде оның қазіргі заманғы сапасын қамтамасыз ету - Қазақстан Республикасының Білім беру саясатының басты міндеті. Білім беру сапасына қол жеткізу үшін қазіргі заманғы мектеп түлектеріне қойылатын талаптарға сай келетін, жеке тұлғаның үйлесімді дамуына ықпал ететін эмоционалды-сезімтал, шығармашылық, шығармашылық принципті қалыптастыру және дамыту құралы ретінде драмалық өнердің әлеуетін неғұрлым толық пайдалану қажет. Өнерсіз ғылыми-техникалық прогресс мүмкін емес, ол адамның шығармашылық қабілеттерін - қиялын, түйсігін, талдау және синтездеу қабілетін, адамның барлық қызмет салаларында қажет құбылыстарды нақты және тұтас қамтуын қалыптастырады.

Жалпы білім беретін мектептің маңызды міндеті-білім беру ғана емес, сонымен қатар оқушылардың қабілеттерін анықтау және дамыту. Шығармашылық қабілеттердің бірі-көркем-бейнелі ойлау қабілеті. Үнемі өзгеріп отыратын қазіргі әлемде өзінің алдына туындайтын міндеттерді оңай шешетін, стандартты емес ойлаушы адамды тәрбиелеу көркемдік-бейнелі ойлауды дамыту процесінде жүзеге асырылатын шығармашылық әлеуетті дамыту нәтижесінде шешілуі мүмкін.

Мектеп тәжірибесін талдау, көркемдік-эстетикалық білімнің қазіргі деңгейі дәл осы салада реформалау процесі негізінен декларативті-теориялық сипатта бола отырып, жеткілікті қарқынды және тиімді емес екенін көрсетеді. Көркемдік білім беру мен эстетикалық тәрбиеге қатысты экстенсивті өзгерістердің болмауы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту бойынша білім беруді жаңғырту тұжырымдамасында қойылған міндеттерді шешуге ықпал ететін тиімді әдістемелер, бағдарламалар құруды, жаңа қарқынды жолдар іздеуді талап етеді.

Сонымен қатар, Д.Б. Богоявленская, С.М. Бондаренко, Р.М. Грановская, Л.Б. Ермрлаева-Томина, В.С. Мухина, О.Ф. Потемкина, В.С. Ротенберг және т. б. заманауи бақылаулар мен зерттеулер бейнелі ойлаудың, жалпы білім беру деңгейінің сапасын арттырудағы идеялардың және жалпы балаларды оқытудың өнімділігінің маңыздылығын көрсетеді.

Біздің зерттеуіміздің теориялық негізін құру кезінде біз психология және жас физиологиясы саласындағы іргелі еңбектерге сүйендік, бұл Б.Г. Ананьев, П.П. Блонский, Л.М. Веккер, Л.А. Венгер, Н.Н. Волков, В.В. Давыдов, Л.В. Занков, А.Б. Запорожец, А.З. Зак, В.П. Зинченко, Е.И. Игнатьев, В.И. Кириенко, В.С. Кузин, Н.С. Лейтес, А.Н. Леонтьева, В.С. Мухина, А.В. Петровский, С.Л. Рубинштейн, Н.П. Сакулина, С.Д. Смирнова, Б.М. Теплова, Д.Н. Узнадзе, А.Г. Хрипкова, Д.Б. Эльконина, И.С. Якиманская және т. б.

Көптеген зерттеулер қабылдау мен ойлаудың өзара байланысын дәлелдейді. Зерттеушілер О.И. Галкина, Н.Н. Волков, В.К. Лебедко, С.П. Рощин және т. б. атап өткендей, табиғаттан сурет салу қиындықтары кеңістік пен кеңістіктік көріністерді нашар дамыған қабылдаумен байланысты. Осы зерттеушілер әзірлеген қоршаған шындықтың объектілері мен құбылыстарын бейнелеу идеяларын дамыту бойынша әдістемелік ұсыныстарды қолдану балалардың суреттерінде жасалған суреттердің экспрессивтілігіне ықпал етеді.

Қиял, қиялды ойлау мен эмоциялар арасындағы байланысты барлық психологтар атап өтеді, олар Л.С. Выготский, С.Л. Рубинштейн, В.С. Кузин. Эмоциялар - бұл қиялдың жануына әкелетін сезімдер, бұл әсіресе баланың бейнелі идеяларына әсер етеді, бұл объектілерді бейнелеу объективтілігінің белгілі бір бұзылуына әкеледі, өйткені көріністерде балаға не әсер еткені, оның жанашырлығын немесе қабылданбауын тудырды. Дәл осындай көріністер көркем шығармашылықтың материалы болады. С.Х. Раппопорт эстетикалық эмоциялардың қалыптасу процесін, бейнелі ойлаудағы түрлі эмоциялардың орны мен рөлін қарастырды.

М.П. Арнхейм, Н.Н. Волков, Л.С. Выготский, Е.И. Игнатьев, В.И. Кириенко, А.Н. Леонтьев, А.Р. Лурия, С.Л. Рубинштейн, С.Д. Смирнов және т. б. шығармаларында бейнелі ойлауда идеялардың пайда болуы үшін қажетті визуалды бейнені қалыптастырудың психологиялық механизмінің мәселелері қарастырылған.

Балалардың суреттері көбінесе қол жетімді идеялар негізінде жасалады, яғни әртүрлі комбинацияларда қабылданған бұрын қабылданған заттар мен құбылыстардың суреттері. Сонымен қатар, егер белгілі бір педагогикалық

бағдар болмаған кезде жас студентті қабылдау схемалық және фрагменттік болуы мүмкін болса, онда оның идеялары сол күйінде қалады. Алайда, В.Г. Ананьев жүргізген зерттеулер өкілдіктер міндетті түрде қабылдаудың әлсіреген көшірмесі емес екенін көрсетеді, кейде олар тиісті қабылдауларға қарағанда жарқын және айқын болуы мүмкін. А.А. Люблинская идеялардың жарықтығына сөз, әсіресе көркемдік сипаттама ықпал ететінін атап өтті. Мысалы, «қоян» сөзіне қатысты «батыл» эпитет сөзі баланың қиялын презентацияда өмірге келген қоянның бейнесін сипаттайтын жарқын бөлшектерді ұсынуға бағыттайды.

Көркем шығармашылықпен дамыған қиял баланың идеяларының дамуына ерекше әсер етеді. Көркем қиял-бейнелі ойлаудың негізгі компоненті. Қиял кез-келген шығармашылық іс-әрекеттің және өмірге деген шығармашылық көзқарастың құрамдас бөлігі ретінде әмбебап, жалпыадамзаттық құндылыққа ие. Дамыған қиял адамға қажет, өйткені қиялдан айырылған ол әрқашан жаңаның алдында тоқтап қалады, оның мәнін түсіне алмайды және оған стереотиптік, стереотиптік идеялармен жақындайды.

Білім беру міндеті кең мағынада қоғамның дамуы тұрғысынан мәдениеттің берілуін білдіреді. Мәдениетті сақтау тек білім беру арқылы мүмкін болады. С.А. Гавриляченко, В.П. Зинченко, В.С. Кузин, Б.Н. Неменский, Н.Н. Ростовцев, В.К. Лебедко, С.П. Ломов, Л. Г. Медведев, Н.М. Соколышкова, А.С. Хворостов, Н.К. Шабанов, О.Н. Шабанова, Е.В. Шорохов, Т.Я. Шпикалованың зерттеулері оқушыларды бейнелеу өнері арқылы мәдени мұраға баулу проблемаларына арналған.

Компьютерлік ойындарға, комикстерге, бейнелерге және телеинформацияларға әуестену балалардың ойлауын стандарттауға ықпал етеді, өз қиялының сарқылуына әкеледі. Олардың педагогикалық тәжірибесінде мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балалардың суреттерінің мазмұнын, басқа мұғалімдер мен психологтардың байқау нәтижелерін талдай отырып, балалар суреттерінде ерте эротика, қатыгездік, агрессия көріністері ретінде таңдалған «зұлымдық бейнелері» жиі кездесетінін көрсететін дабыл сигналдары бар деп айтуға болады.

Е.В. Бондаревскаяның пікірінше, «мектеп ортасында бейімсіздік, депривация, жеке тұлғаны дараландыру, мұғалімдердің жалпы педагогикалық мәдениетінің төмендеуі, білім беру мен тәрбие мазмұнындағы ұлттық нигилизм құбылыстары жаппай бола бастады».

Зерттеулер өміршеңдіктің жоғалуына әкелетін эмоционалды депрессия көбінесе бейнелі сфераның басылуымен немесе дамымауымен байланысты екенін көрсетеді. Бала көбінесе өз ойларын сөзбен жеткізе алмайды, нәтижесінде өзіне деген сенімін жоғалтады. Мектеп циклінің көптеген пәндері психикалық және сөйлеу тілі болғандықтан, өнер, әсіресе бейнелеу өнері баланың психикасының эмоционалды тепе-теңдігін қалпына келтіруде шешуші рөл атқарады.

О.Ф. Потемкина өзінің зерттеуінде «қиын» балалар үшін сурет түрінде бірдеңе ұсыну және сурет салу қиын екенін айтады. Бұл балалар көбінесе

сабақтарда алаңдайды, өйткені бейнелі идеялардың болмауы оларға ақыл-ойда белсенді әрекет етуге, мұғалімнің айтқанын бейнелеуге мүмкіндік бермейді. Есте қаларлық материалда оларды шарлау қиын, сондықтан олар оның мағынасын жиі түсінбей, оны «есте сақтауға» мәжбүр. Бейнелі дамымау балалардың 3-5% девиантты мінез-құлқының себебі болып табылады.

С.В. Валикжанина, А.А.Голуб, Н.Э. Изергина, Н.В. Ломаева, П.И. Медведев, Ю.В. Станэк, Г.В. Черемных және т.б. диссертациялық зерттеулер бейнелеу өнері арқылы көркем-образдық ойлауды дамыту әдістерін іздеуге арналған.

Көркем-образдық ойлауды дамыту, бастауыш сынып оқушыларының бейнелеу әрекетін жетілдіру әдістерін зерделеу әлеуметтік, педагогикалық, психологиялық маңызға ие. Алайда, есепке алудың жеткіліксіздігі және үнемі өзгеріп отыратын заманауи жағдайларға бейімделу практикада қолданылатын әдістемелік жүйелердің тиімділігін төмендетеді. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту бойынша Бейнелеу өнері пәніне қойылған міндеттерді шешу үшін оқушылардың көркем-бейнелі ойлауының тиімді дамуына ықпал ететін және басқа әдістемелік жүйелерді практикада қолданудың оң және теріс нәтижелерін ескеретін әдістемелік жүйені әзірлеу және эксперименттік тексеру бойынша қосымша зерттеулер жүргізу қажет.

Зерттеудің өзектілігі мен мәселесі мақсатты, объектіні және тақырыпты анықтады, зерттеу міндеттері мен әдістерін тұжырымдауға мүмкіндік берді.

Зерттеу мақсаты: сюжеттік-драмалық іс-әрекет арқылы оқушылардың көркем-бейнелі ойлауын дамыту.

3.Власова Ю.В., Белобрыкина О.А. К вопросу о профессиональном становлении и развитии личности психолога // Психология в вузе. - 2004. - № 2. - С. 86-99.
4.Исаев Е.И., Косарецкий С.Г., Слободчиков В.И. Становление и развитие профессионального самосознания будущего педагога // Вопросы психологии. - 2000. - № 3.
5.Сахновская О.С. Профессиональная идентичность: быть или называться - www.psihoterapevty.ru.
6.Исмагилова Ф.С. К проблеме психологического анализа профессионального опыта // Вестник МГУ. - Сер. 14. Психология. - 2000. - № 2.
7.Поваренков Ю.П. Психологическое содержание профессионального становления человека. - М.: УРАО, 2002.

ОҚЫТУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ПАРАДИГМАСЫ ЖӘНЕ «ҚАЗАҚ ТІЛІ» ОҚУЛЫҚТАРЫНЫҢ ЖАЙЫ

Абдолова Г К.
Орал қаласы №1 жалпы орта білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-сарапшы

Аңдатпа: *Білім беру парадигмалары өзгеруіне байланысты педагогикалық іс-әрекеттер де өзгерді. Жаңа білім беру ісіне қатысты реформаларды іске асыруда оқулықтардың сапасы сын көтермейді. Бала үшін оқулық негізгі құрал болуы тиіс. Оқулықты дайындау ісіне үлкен назар аудару қажеттігі жөнінде айтылады.*

Кілт сөздер: *жеке тұлға, оқулық мәселесі, оқулықтарды даярлау, оқулық сапасын бағалау критерийлерінің жүйесі.*

Аннотация: *В соответствии с изменениями парадигмы системы образования изменилась и функциональная деятельность педагога. Но, учебники, разработанные по новым реформам в образовании, до сих пор не выдерживают критики. Учебник должен быть основным ресурсом. В данной статье поднимается проблема ответственного подхода к составлению школьных учебников.*

Ключевые слова: *личность, проблемы учебников, процесс подготовки учебников, система критерий оценки учебников.*

Ертеңгі күннің нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға жетелейтін – білім. Қазақстан білім беру парадигмасы Қазақстан Республикасының Конституциясы, білім беру саясаты, заңдарды терең талдау нәтижесінде қалыптасуда. Ғалымдар пікірлерін арқау ете талдау жасауда білімдік жүйе парадигманың басты мақсаты. Үшінші мыңжылдықта жастар қандай болуы керек? Бұл пікір адамзатты ойландыруда. Жаңа қоғамға жаңа жеке тұлға қажетті. Мұндай тұлғалар қайдан, қалай қалыптасады? Еліміздің саяси, мәдени, экономикалық дамуына үлес қосушы, мәдениетті, парасатты, дені сау азамат қалыптастыру – бүгінгі мектеп міндеті. Қабілетсіз, білімсіз, бала болмайтындығы педагогикада дәлелденген. Жеке тұлғаның дара қасиеттерін танып білуде мүмкіндігі шектеулі әдістемелерді жаңарту талабы қойылды. Білім беру парадигмалары өзгеруіне байланысты педагогикалық іс әрекеттер де өзгерді. Жаңа білім беру ісіне қатысты реформаларды іске асырушы, орындаушы ұстаз қауымы. Білім беру парадигмасында оқу-жаңа білімді іздену арқылы тәжірибеде қолдану. Мұндағы басты міндеттер: жалпы, өзіндік қабілеттер даму мүмкіндігі білік, білік, дағдыларды қалыптастыру,қолдану. Оқыту үрдісін осылайша ұйымдастыру нәтижесі - әмбебап әрекетке дайын, дамыған тұлға болып табылады. Мектептегі оқу қызметінің бірі – оқушыны нақты өмірге даярлау. Бала «жалпыға айналған білімнен» «білім-жеке өмір азығы» үлгісіне саналы көшуді әлемдік білім кеңістігіне өтуді қамтамасыз етеді. Білім сапалы болуы қажетті. Білімді игеруде білім нәтижелері: өзіндік меңгеруі,өзіндік талдауы,

өмірлік бағытта, тәжірибеде қолдануы керек. Бұлар жеке тұлғаның теориялық ойлауы арқылы болады. Теориялық ойлау білім беруде пәннің сапалылығы. Бұл оқушылардағы ойлау әрекетін дамыта оқыту, ұйымдасқан іс-әрекеттерге ұмтылдырады. Оқыту барысында кем дегенде оқушыға нені оқыту, қалай оқыту кімді үйретуді мұғалім анық білуі қажетті. Шетел ғалымдары тұжырымдарында «Білім нәтижесі оқытудың белгіленген кезеңдерін аяқтаған да оқушы нені біледі, нені істей алады?» деген сұрақтар жауабымен аяқталады. Осыдан келіп оқыту түбінде бір нәтижелі өнімді бағытта болуы керек деп тұжырымдайды. Оқушыға берілетін білімді ұйымдастыруға солар арқылы саналы меңгертуде және оны қолдана алуынан нәтиже беруі керек. Білім берудің жаңа жүйесіне байланысты оқушылардың шығармашылық қызығушылығын қалыптастыру-оқытудың дидактикалық негізін құрайды.

Оқушының шығармашылығы – оқулық тапсырмалары арқылы жүзеге асырылады. Оқитын оқулық сапалы болса, мұғалім шеберлігі жоғары деңгейде болса да, мұғалім оқушыға белсенділік туғызбаса білім нәтиже бермейді. Оқулық мазмұнының мақсаты оқушыға бағдар беру. Оқулық оқу жүйесінің өзгеруіне байланысты жаңа білім жүйесі алдыңғы орынға баланың білім дағдысы емес, тұлғалық білім алу арқылы дамуын қойып отыр.

Бүгінгі таңда жалпы орта білім беретін мектептердегі «Қазақ тілі» оқулықтарын қосымша ресурс ретінде пайдаланып жүрміз. Оқу бағдарламасында әр бөлімде міндетті қарастырылатын оқу мақсаттары бөлініп берілген. Ал оқулықта оқу бағдарламасы негізінде құрып алған күнтізбелік-тақырыптық жоспарым бойынша өткізетін сабағыма қатысты орындайтын тапсырмалар аз немесе жоқ. Оқулықтағы тапсырмалардың қай оқу мақсатына қатысты екенін анықтап күнтізбелік-тақырыптық жоспар жасағым келіп еді, ол оқу бағдарламасына сай оқу мақсатын көздемейді. Сондықтан мұғалімдер қауымы оқулықты қосымша ресурс деп түсінеміз. Осы турасында білім және ғылым министрі А.Аймағамбетов фейсбукте мынадай пікір білдіріпті. «Оқулықтар мәселесі өте маңызды. Бұл баяғыдан келе жатқан, халықтың көкейінде жүрген ең басты мәселенің бірі. Бізде кей әріптестеріміз «Оқулық – қосымша құрал деп атайды». Мен онымен келіспейтіндігімді әрқашан да айтамын. Оқулық бала үшін негізгі құралдың бірі. Бала оқулыққа сүйеніп оқиды. Оқулықта болған ақпаратты бойына сіңіреді. Сондықтан оқулыққа біз үлкен назар аударып жатырмыз. Біз оқулықтың жалпы дайындалу процесін өзгерттік. Биыл біз оқулықтарға қатысты жаңа ереже қабылдадық. Енді бұдан кейін шығатын оқулықтар басқа сапада жарық көреді» депті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің үшінші отырысында білім беру саласындағы реформаларға тоқталып, оқулық сапасының нашарлығын айтып мәселе көтерген болатын. «Біздегі оқулықтардың деңгейі төмен. Кітапты әзірлеген азаматтардың жауапкершілігін заңнамалық тұрғыдан реттеу керек. Сапасыз оқулық дайындағаны үшін жауапқа тартылсын. Басқаша болмайды»,- деді Президент.

Оқулық авторына қойылатын талап оқулықтың өзіне қойылатын талаптан әлдеқайда жоғары. Кез келген білімді не зиялы маман автор бола алады деу түсінбестік. Олар арнайы дайындалып, жан-жақты әзірліктен соң барып, оқулық жазуға кірісе алады. Бұл туралы «Оқулықтану. Өзекті мәселелері» атты еңбектің авторлары төмендегіше тұжырым жасайды: « Оқулық теориясын, екінші сөзбен айтқанда, оқулық жазуға қойылатын дидактикалық талаптарды үңіле зерттеп, сол негізде жазбақшы оқулығына қатысты тыңғылықты әзірлік жұмысын жүргізбей тұрып, кім де болса, төтеден килігіп, сапалы оқулық жазып шығамын десе, онысы күпіршілік. [1]

Оқытудың бірден-бір мақсаты – өзіне тән педагогикалық тәсілдер арқылы жеткіншек ұрпақты адам баласының өзінің ұзақ тарихында жинақтаған білім, тәжірибесімен қаруландыра отырып, сол қоғамның мұрат-мақсаттарына сәйкес тәрбиелеу, жеке тұлға етіп қалыптастыру. [2] Бұл мақсат, негізінен, оқу құралдарын пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Соған орай оқулық әдебиет өзі ұсынатын білімдерді дидактикалық талаптарға сүйеніп, айрықша ыждағатпен елеп-екшеп алады да, өмірдің (табиғаттың) өзінде солай болғандай етіп жүйелейді. Мұны оқытудың білім беру, дамыту, тәрбиелеу принциптеріне сай жүзеге асыру – өз алдына бір ғылым. Бұл ғылымнан оқу құралдарын жасауға қатысы бар адамдардың бәрі (авторларды жасақтап, оқу құралдарын әзірлеу процесін басқарушылар, авторлар, арнаулы редакторлармен рецензенттер, сарапшылар, сынақтан өткізушілер, оқу-әдістемелік кеңес пен бағалау комиссияларының мүшелері, баспа редакторлары мен техникалық көркемдеушілер, суретшілер, т.б.) жақсы хабардар болуы керек.

2021 жылдың 8 қаңтарында «Білім туралы» Заңға толықтырулар енгізілді. БҒМ-ның құзыреті кеңейтілді: 19-4) орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың және мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптарды әзірлейді және бекітеді делінген. [5] Бұған дейін ҚР-дағы білім беру ұйымдарына арналған оқу әдебиетін дайындау жөніндегі кепілдемелер (ҚР БҒМ-нің 06.05.2005 ж. № 284 бұйрығымен бекітілген) оқулық сапасын бағалау критерийлерінің жүйесі (2007-2017 жж. аралығында осыған ұқсас критерийлер «Оқулық» РҒПО-сының Ғылыми кеңесінде бекітіліп тұрды) заманауи оқулықтарға қойылатын талаптар 2017 жылы бекітілген болатын.

Бұл ғылымды меңгеру – жаңа буын оқулықтарын оларға қойылатын талаптар деңгейінен шығарудың басты шарты десек, екінші үлкен талап – білім мазмұнының анықталуы. Оқулықтың мазмұнын сөз еткенде, кейінгі жылдары Білім беру стандарты туралы әңгіме қозғайтын болып жүрміз.

Білім беру стандарты деп білімділіктің мемлекеттік нормасы ретінде қабылданатын негізгі өлшемдер жүйесі ұғынылады. Ал білімділіктің өзі қоғамдық мұраттың көрінісі болатындығы және жеке адам мен білім беру жүйесінің осы мұратқа жетудегі мүмкіндіктерін ескеретіндігі белгілі. Білім беруді стандарттау әр алуан елдерде қашанда оқу жоспарлары мен бағдарламаларын жасау, білімнің белгілі бір деңгейін белгілеу және т.б.

арқылы жүзеге асырылып отырады. Әйтсе де «стандарт» деген терминнің өзі білім беруге қатысты біршама бертінде қолданылатын болды.

Білім беруді стандарттаудың негізгі объектілері оның құрылымы, мазмұны, оқу жүктемесінің көлемі және оқушылардың даярлығының деңгейі болып табылады. Стандартпен белгіленген нормалар мен талаптар білім берудің негізгі жақтарының сапасын бағалау кезінде эталон ретінде қабылданады.

Сонымен, ең алдымен, әр пән бойынша білім беру стандарттары жасалып, сол негізде оқу пәндерінің бағдарламалары дайындалып, осы бағдарламалар негізінде оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар жазылуы керек. Білім беру стандарттары жасалғанда жалпы орта мектептің оқу жоспары да бірге жасалады, себебі, осы оқу жоспарында қай пәннің қай сыныпта қанша сағат оқылатыны көрсетіледі. Ал пән бағдарламаларында оқытылатын тақырыптарға бөлінетін сағат мөлшері көрсетіледі. Егерде оқырман әр сыныпта оқытылатын әрбір тақырыптың мазмұнын түсіну үшін осы пәннің ішкі байланысын және оның барлық пәндермен, сонымен бірге оқулықтың мазмұнына, құрылымына және мәтініне қойылатын талаптардың да қатаң сақталуының қажет екенін ескеретін болса, онда оқулықтың арқалар жүгін пайымдар еді.

Сонымен қазақ халқы өз егемендігін алуымен бірге үлкен бір тарихи мүмкіндікке ие болып отыр, ол, француз педагогы А. Шоппе айтқандай, «ұлтты қалыптастыратын феномен» рөлін атқаратын өз оқулығын жасау мүмкіндігі. Бұл – дәуірлік маңызға ие ұлы міндет. Жоғарыда айтылғандай, оқулық қандай болса, одан алатын білім де сондай болады, халқымыздың, еліміздің келешегі де сондай болады.

Қорыта келе, «Білекке сенген заманда ешкімге сес бермедік, білімге сенер кезеңде қапы қалып жүрмейік» деген көреген Абылай ханның ой тұжырымын мақсат етіп алайық. Қазіргі уақытта еліміздің білім беру кеңістігінде көтеріліп отырған мәселелерді шешуге батыл кірісейік.

Әдебиеттер:

1. Құсайынов А.Қ., Ұ.Ә.Асылов. Оқулықтану. Өзекті мәселелер. – Алматы: Рауан, 2000. – 32 б.

2.(Совайленко В., Лебедова О. Школа и дети в опасности. «Педагогический Вестник», N5,6,7, сентябрь-октябрь, 1999).

3. Құсайынов А.Қ., Ұ.Ә.Асылов. Оқулықтану. Өзекті мәселелер. – Алматы: Рауан, 2000. – 32 б. [2, 36-43 бб.].

4. Мұғалімге арналған нұсқаулық (Ұлттық білім академиясы) 2016. 9 б

5. «Білім туралы» Заңға толықтырулар - 08.01.2021 ж

ӘОЖ 16.41.25

ОРТА ҒАСЫРЛЫҚ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІ ТІЛІНДЕГІ ӘЛЕМНІҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІ

Сабыр М.Б.-ф.ғ.д., профессор
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.,

Аңтатпа.*Мақалада Адтын Орда дәуірінде жазылған жазба ескерткіштер бір тұтас тілдік мұра ретінде қарастырылған. Жазба мұралар тілі кешенді түрде зерттеліп, қазақ рухани мәдениетімен сабақтастығы көрсетілген. «Тіл мен этнос бір тұтас» қағидасымен көне қыпшақтық мәдениет пен бүгінгі қазақ дүниетанымының ортақтығы, әлемнің тілдік бейнесін тілдік деректер арқылы ашуға ұмтылған. Осы мақсат-міндетті орындау үшін әлемнің тілдік бейнесін бойына сақтаушы, алып жүруші фразеологизмдерге этномәдени тұрғыдан талдау жасалған.*

Жазба жәдігерліктер тіліндегі тұрақты тіркестер ұлттық менталитеттен мәдени ақпарат беретіндігі нақты деректермен айтылған. Және де бұл ақпараттар қазақы ой-санамен, таным-түсінікпен, дағды-дәстүрмен астарласып, сабақтасып тіл мен ұлттың тарих қойнауынан түзілген бірлігін, тұтастығын аңғартады.

Көне қыпшақтық жазба мұралардың тіліндегі тұрақты тіркестерге этнолингвистикалық, этномәдени талдау жасау арқылы Ұлы Дала мәдениетінің ғасырлар бойы үнемі сабақтастықта қалыптасқан әлемнің ұлттық тілдік бейнесі көрінеді.

Түйін сөздер*: Жазба ескерткіштер, Алтын Орда, әлемнің тілдік бейнесі, фразеологизмдер, қыпшақтар, рухани мәдениет.*

Аннотация. *В статье письменные памятники периода Золотой орды рассматриваются как целостное языковое наследие, на основе комплексного изучения языка письменных памятников показана их созвучие с духовной культурой казахов. Сделана попытка раскрытия языковой картины мира через языковые явления на основе мировоззренческой общности древней культуры кипчаков и современной казахской культуры, отождествляя язык и этнос как единое целое. Для достижения данной цели сделан этнокультурный анализ фразеологизмов как хранителей и носителей языковой картины мира.*

Конкретными данными обоснована способность устойчивых словосочетаний в языке письменных памятников передавать культурную информацию о национальном менталитете, что свидетельствует ее

единство, общность и целостность с мировоззрением и миропониманием, культурной традицией казахов, которая берет свое начало у истоков времен.

***Ключевые слова**: письменные памятники, Золотая Орда, языковая картина мира, фразеологизмы, кипчаки, духовная культура.*

***Summary:** In the article, written monuments of the Golden Horde period are considered as an integral linguistic heritage, on the basis of a comprehensive study of the language of written monuments, their consonance with the spiritual culture of the Kazakhs is shown. An attempt is made to reveal the linguistic picture of the world through linguistic phenomena based on the ideological community of the ancient culture of the Kipchaks and modern Kazakh culture, identifying language and ethnicity as a single whole. To achieve this goal, an ethnocultural analysis of phraseological units as keepers and carriers of the linguistic picture of the world is made.*

Concrete data substantiates the ability of stable phrases in the language of written monuments to convey cultural information about the national mentality, which testifies to its unity, community and integrity with the worldview and understanding of the world, the cultural tradition of the Kazakhs, which originates from the origins of time.

***Key words:** monuments of writing, Golden Horde, linguistic picture of the world, phraseology, Kipchaks, spiritual culture.*

Кіріспе

Рухани жаңғыру бағдарламасы ұлтымыздың салт-санасы мен дүниетанымын қозғаушы күш ретінде игі бастамалар көтерді. Соның бірегейі тарихты таразылап, Алтын Орда мемлекетінің 750 жылдығын атап өту болды. Қазақ мемлекеттілігінің тарихында Ұлық Ұлыс Алтын Орданың маңызы зор. Алтын Орданың дәуірі қазақ ұлты мен қазақ тілінің қалыптасуында ерекше тарихи белес. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында жаңғыру үдерісінің ұлттың жүріп өткен тарихынан бас тартып, жаңа бастамаларға, тың құндылықтарға ұмтылу еместігін, керісінше ұлттық болмысымызды, құндылықтарымызды заманауи үрдістермен сәйкестендіре жетілдіруді мақсат тұтатын қам-қарекет екендігін айтқан [Тоқаев,2020] тұжырымдарына арқа сүйей отырып, Алтын Орда дәуірі жазба ескерткіштерін лингвомәдени, этномәдени деңгейде зерттеу қазақ тілі лексикасының қалыптасу жолын, ұлттық танымның қалыптасу үдерістерін айқындай түседі.

Алтын Орда тұсында жазылған жазба мұралар оғыз-қыпшақ не қыпшақ-оғыз аралас тілде жазылды. Дегенмен поляк түркітанушысы

А.Зайончковскийдің «XIII ғасырда біртұтас түркі тілі қалыптасты» деген сөзінің маңызы зор. Осы кезеңдегі жазба мұралар аралас тілді болса да қыпшақ элементі басым екені көптеген зерттеулерді айтылып жүр. Өйткені Алтын Орданың негізгі халық қыпшақтар болды да, қыпшақ тілі халықаралық тіл дәрежесінде күллі Еуразияның бар қиырынан естіліп тұрды. Тұңғыш Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «V-XV ғасырларда түркі тілі Еуразия құрлығының аса ауқымды бөлігінде ұлтаралық қатынас тілі болды. Мәселен, Алтын Орданың бүкіл ресми құжаттары мен халықаралық хат-хабарлары негізінен ортағасырлық түркі тілінде жазылып келді»[Назарбаев, 2017],-деген пікірі де осыған саяды.

Материалдар мен әдістер

Ежелгі дәуірлер мен тарихи кезеңдердегі қазақтың рухани-мәдени жүйесінің жаратылысы мен болмысын орта түркі дәуіріндегі (X-XVғ.) тілдік деректер негізінде саралап тану-қазіргі тіл білімінде аса өзекті. Алтын Орда тұсында, XIII-XIV ғасырларда көне қыпшақ тілінде жазылған жазба ескерткіштер сөзсіз біздің рухани мұрамыз. Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында қазіргі таңдағы ұлттық сананы жаңғырту мәселелеріне назар аудара келе: «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс. Ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана»[Назарбаев, 2017] деп атап көрсеткен болатын. Йә, шын мәнінде бабалар үні, сарыны осы мұраларда жатыр. Себебі олар байырғы қыпшақтардың көркемдік таным әлемін бойына сақтап, ұлттық мәдениетіміздің тарихи арнасы ретінде ұлттық танымның ғасырлар қойнауынан тартылып жатқан терең тамырларын көрсетеді. Осы бағытта этностың, ұлттың дүниетаным жүйесін зерттеу барысында басты қағида ретінде антропоцентристік және когнитивтік лингвистиканың «әлемнің тілдік бейнесі» қисынының тұжырымдары қайнар көз бола алады. Ал әлемнің тілдік бейнесін В.Н.Манакин былай түсіндіреді: «Языковая картина мира- это отражённый средствами языка образ сознания – реальности, модель интегрального знания о концептуальной системе представлений, репрезентируемых языком»[Манакин, 2014: 46].

Қазақ тілі лексикасы бай, грамматикалық құрылысы жетілген, орамды әдеби тілге бірден айналған жоқ. Тіліміздің қазіргі күйі, оның бойындағы әлемнің тілдік бейнесі - ұзақ замандар бойғы өсудің, шыңдалудың жемісі. Ежелгі дәуірлер мен тарихи кезеңдердегі қазақтың рухани-мәдени жүйесінің жаратылысы мен болмысын көне қыпшақтық тілдік деректер негізінде саралап тану-қазіргі тіл білімінде аса өзекті. Себебі ол тіліміздің көркемдік таным әлемін ғана емес, ұлттық мәдениетіміздің арқауларын анықтап, ұлттық танымның ғасырлар қойнауындағы терең тамырларымен байланыстырады. Әрбір тіл белгілі әлеуметтік топтың қажеттілігін өтей отырып, этностың мәдениетінің бейнесі, көрсеткіші болады. В.Гумбольдттың айтуынша: «Тіл халық рухының сыртқа шығуы сияқты, яғни ұлттың тілі - оның жанының бейнесі, ұлттың жаны – оның тілінің бойында өмір сүреді. Бұдан асқан тепе-

теңдікті, сәйкестікті елестету қиын». Қазіргі таңда ұлттық дүниетаным мен мәдениетті, этностың ойлау жүйесін сол ұлттың тіліне сүйеніп зерделеу, тіл арқылы қалыптасқан мәдениетті таразылау өзекті болып отырғаны сөзсіз. Әлемнің тілдік бейнесі әлемді көру мен оны тіл құралдарымен бейнелеудің тілдік және мәдени өзгешелігін бекітуге мүмкіндік туғыза отырып, тіл мәнін біртекті түзеді.

Тіл мен ділді, болмысты жалғастықта, бір деңгейде зерделеудің тиімді саласы – когнитивтік лингвистика. Бүгінгі тіл білімінде тілді ұлттың рухани-мәдени қазынасы ретінде қарастырудың шеңбері кеңейе түсуде. Өйткені әр тіл ұлттың тарихын, мәдениетін, танымы мен талғамын, мінезі мен санасын, кәсібі мен салтын, дәстүрі мен даналығын тұтас сақтайтын таңбалық жүйе. Сондықтан да қазіргі қазақ тіл білімінде тіл мен мәдениет сабақтастығын, атап айтқанда, тілдің бойындағы ұлттық сипатты, ұлттық рухты тануға негізделген когнитивтік лингвистика, оның лингвомәдениеттану, этнолингвистика т.б. салалары өріс алып отыр. Осы ғылым салаларының қисындары жазба ескерткіштер арқылы қыпшақтық және қазақтық мәдениетті, таным-түсінікті сабақтастыра зерделеп, әлемнің тілдік бейнесін ашуға мүмкіндік береді.

Біршама тілдік өзгерістердің тарихтың ұзын жолында жетілуін, қалыптасуын бірінші кезекте байырғы кезеңдерден сақталып келе жатқан жазба жәдігерліктердің тілдік деректерін кешенді зерделеу арқылы ғана анықтауға болады. Ортағасырлық жазба ескерткіштердің кешенді түрде зерттелуі – әдебиет және тіл тарихындағы көкейкесті мәселелердің бірі болып саналады.

Қыпшақ тілінің, оның ішінде қазақ тілінің тарихына көз жүгірткенде Алтын Орда, XIV ғасыр жазба жәдігерліктерінің тіліне сүйенеміз. Атап айтсақ Құтыптың «Хұсрау мен Шырын», Сейф Сарайидің «Гүлистан би-түрки», Хорезмидің «Мұхаббат- наме», Махмуд бин – Алидің «Нахдж әл – Фарадис» атты шығармаларында кездесетін фразеологиялық бірліктерді саралау, олардың этномәдени сипатын анықтай отырып, әлемнің ұлттық тілдік бейнесі ретінде зерттеу аса өзекті мәселе болмақ. Әлемнің тілдік бейнесін тудыруда фразеологизмдер үлкен рөл ойнайды. «Әртүрлі тілдік құралдармен (лексикалық, грамматикалық, стилистикалық) қалыптасатын әлемнің фразеологиялық бейнесі әлемнің тілдік бейнесінің құрылымдық бөлігі болып саналады»[Хайруллина, 2008: 12]. Жазба ескерткіштердің тіліндегі тұрақты тіркестерді қазақ тіліндегі баламаларымен салыстырсақ, бір тұтас күрделі ойды бір деңгейде беруімен бір ұлттың мұрасы екені аңғарылады. Осы тұрақты тіркестердің әлемнің ұлттық тілдік бейнесі анық көрінеді. Әлемнің тілдік бейнесі тіл иесінің дүниетанымындағы ұлттық-мәдени реңкті бейнелейді. Бұл тұрғыда О.А.Корниловтың «национальная языковая картина мира является результатом отражения коллективным сознанием этноса внешного мира в процессе своего исторического развития, включающего познание этого мира. Внешний мир и сознание – вот два фактора, которые порождают языковую картину мира любого национального языка»[Корнилов, 2003:140],-деген тұжырымы өте дұрыс.

Нәтижелер мен талқылау

Қазақы, ұлттық мәдениетіміздің қалыптасу тамыры, түп-төркіні Дешті-қыпшақ даласында өмір сүрген, туырлықты киіз үйінің шаңырағынан жұлдыздармен тілдескен, көк дауылды ат еткен, жауларымен жандасқан, достарымен андасқан, көк найзалы қыпшақ ру-тайпаларының тұрмыс-тіршілігінде, салт-дәстүрінде жатыр. Жазба жәдігерліктер тіліндегі тұрақты тіркесетр бойында қазақы, мәдени деректер бар ма деген сұрақ туады. Әрине, образды, бейнелі тұрақты тіркестер халықтың көз-қарасынан, тіпті күнелікті тұрмыс-тіршілікте қолданған құрал-жабдық, мінген ат, ішкен-жеген тағамдарынан да хабар береді. Академик Ә.Т.Қайдаров келелі пікірлеріне сүйенсек, ұлттың жүріп өткен сан ғасырлық даму жолы, оның айшықты іздері бал-бал тастарға, жартастарға қашалған сына жазулар арқылы, мәдени жәдігерліктер мен әртүрлі ғимараттар түрінде жетуі мүмкін. Бірақ бұлардың бәрі ұлт өмірінің еміс-еміс елесі ғана. Ал этностің шын мәніндегі даналығы, ұлылығы, таным-түсінігі дүниетанымы тек тілінде ғана сақталады. Әрбір дәуірде өмірге қажет болған құрал-сайманның, қару-жарақтың, киер киім мен ішер тамақтың, тұрмыстық заттар мен салт-санаға, әдет-ғұрып, наным-сенімге, ойын-күлкі, той-томалаққа байланысты ұғымдардың аты-жөні, сыр-сипаты т.б. тек тіл фактілері ретінде ғана, яғни жеке сөздер мен сөз тіркестері, фразеологизмдер мен мақал-мәтел арқылы ғана бізге жетуі мүмкін [Қайдаров,1988:34]. Яғни тіл арқылы халықты танимыз. В.Фон Гумбольдттің “тіл халық рухының, оның танымы мен менталитетінің көрінісі” деген концепциясына сүйенген антропологиялық тіл білімі қазақ топырағында да даму үстінде. Тіл мен мәдениетті сабақтастырған этнолингвистиканың негізін қалаған академик Ә.Т.Қайдаров болса, бұл сала Р.Ғ.Сыздықова, Е.Жанпейісов еңбектерінде жалғасын тапты.

Біздің ата-балаларымыз қалдырып кеткен, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан тұрмыс-салт, ұлттық таным-түсінік, өнер, өлең, толғауы тоқсан қызыл тіл, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер бәрі-бәрі жиналып рухани мәдениетті құрайды. Рухани мәдениет-рухани өмір. Тұтас ұлттың адами, кісілікті келбеті тілінде, тұрақты-тіркестерінде, минталитетінде жатыр. Минталитет пен тілді бір-бірінсіз түсіндіру мүмкін емес. Тілдің ішкі тұлғасы мен мазмұнын, ұлтымызға тән рухани байлығын бойына сіңіріп, сақтап бүгінгі ұрпаққа жеткізетін ана тіліміздің құдіреті – оның кумулятивтік қызметімен байланысты.

Жазба мұрағаттардағы әлемнің тілдік бейнесі бірінші кезекте тұрақты тіркестер арқылы көрінеді. Тұрақты тіркестер ұлттық дүниетанымды бойына жинақтаған тілдік құралдар. Ғалымдардың мына тұжырымдамасы дәлел бола алады: Әлемнің тілдік бейнесі тілдің фунционалды құралдарымен жасақталады, яғни тұтас тілдік корпустан қарым-қатынас жасауға қажетті және жиі қолданылатын тұрақты тіркестер мен лексиканы таңдап алуымен ерекшеленеді [Попова, Стернин, 2007:64]. Фразеологизмдер тек екіншілік бейнелі атау емес, ұлттық танымның, мәдениеттің көрінісі. Лингвистикалық мәдениеттану ғылымын зерттеуші

В.Н.Маслова былай дейді: “эксплицировать культурную значимость языковой единицы (т.е. “культурные знания”) на основе соотнесения прототипной ситуации фразеологизма или другой языковой единицы, его символьного прочтения с теми “кодами” культуры, которые известы или могут быть предложены носителю языка лингвистом” [Маслова, 1997:10]. Қазіргі уақытта тіл мен мәдениеттің, тіл мен ұлттық таным-түсініктің арақатынасын синхрондық тұрғыдан ғана емес, диахрондық тұрғыдан зерттеу маңызды. Мотивациялық және дүниетанымдық деректерге арқа сүйей отырып қазақ ұлтының өзіндік, басқалааралық ұқсамайтын ерекшелігін бүгінгі тілдік фактілермен қоса байырғы тілдік фактілерге, жазба ескерткіштер тіліндегі мәдени ақпараттарға табан тірей зерттеп, мәдени, рухани жалғастық тінін табу өте қажет. Тіл – мәдениеттің құрамдас бөлігі болғандықтан орта ғасырдағы қыпшақ тайпалары мәдениетінің қазіргі қазақтар өміріндегі із-сілемдерін тіл ғана көрсете алады. Халық мәдениетінің ұлттық ерекшелігінің тілде көрініс тауып жататындығы туралы В.В.Виноградов былай дейді: “Социокультурный уклад определенной национальной общности имеет свои особенности, отличающие его от других национальных укладов. Эти особенности отражаются в лексике и составляют в ней фоновую информацию, передающую сведения о национальных формах, видах и проявлениях духовной и материальной культуры” [Виноградов, 1978:41].

Орта ғасыр жазба жәдігерліктері өз дәуірінің бүкіл тілдік сипатын қамти алмаса да, тұрақты тіркестер арқылы көптеген қазаққа ортақ мәдени, танымдық ақпараттар бере алады. Мәселен, Біліг қамчысыны елгә алыб “білім қамшысын қолға алып” [ХШ, 6р9]. Осы сөйлемдегі *біліг қамчысы* фраземасы қазақы ой түсініктен хабар береді: *Қамшы* жарау атты көшпендінің жауына сілтейтін бас қаруы. Қамшысыз ат үстінде күн көру қиын. Автор *қамшы* сөзін *біліг* сөзімен қосақтап “ақыл ойдың ұшқырлығын, өткірлігін” айтып отыр. Білімдінің беті жарық, білімсіздің беті шарық екенін қамшы арқылы береді. Кезінде ұлы Абылай хан халқына “білектің заманы кетіп, білігтің заманы келе жатыр, әзірмісің әлеумет” дегенде осындай “білімділікті” айтып отыр.

Тағы бір дерекке жүгінейік: Зулум қамчысы кетті әрсә елдін “зұлымдық қамшысы кетер болса қолдан” [НФ,8в22]. Осы сөйлемдегі *зулум қамчысы* тұрақты тіркесі де *қамшы* сөзіне арқа сүйеп жасалған. Мағынасы “қаталдық, озбырлық, жауыздық”. Көн садақты дос етіп, көк дауылды ат еткен көшпенді жауына, он екі өрме, бұзау тіс дырау қамшы сілтеп тәнін жаралап, жанын тәубаға келтірсе, енді бір жуан топ әлсізге күш көрсету үшін де қолданған. Жоғарыдағы тұрақты тіркестерге ұйытқы сөз болып тұрған *қамшы* қазақтың бүкіл тұрмыс тіршілігіне тән мәдени мұраның атауы.

Фразеологизмдер құрамындағы компоненттерде, яғни жеке сөздерде сөздің ішкі мағыналық тұлғасы арқылы мағыналық реңк, коннотацияда ұлттық ерекшелікті айқындау жағы денотатқа қарағанда басымдау болады [Смағұлова,1998:158]. Қазақ тілінде “қамшы” сөзі ұйытқы болған

фразеологизмдердің семантикалық қырлары әр түрлі: қамшы болу, қамшы боп тию, қамшыдай қату, қамшы ойнату, қамшы үйіру т.б.

–Ақыл тізгініні ким бәрік туттың “ақыл тізгінін берік тұттың” [Г,6р11]. Осы сөйлемде *ақыл тізгіні* тұрақты тіркесін ашуды ақылға жеңдірудегі сабырлылықты, шыдамдылықты *тізгін* сөзіне сүйеніп білдіріп тұр. Яғни ашу дұшпан ақыл дос, ақылыңа ақыл қосқа саяды. Ат үстіндегі қазақтың жүгені тізгінсіз болса қалай жүреді. Асауды жүгеннің тізгіні көндірсе, адамды ақылдың тізгіні көндіреді. Яғни тізгін сөзі де ұлттық мәдени белгіні білдіреді.

Қандайда бір затты танып білуде (мысалы: тізгін) көптеген уақыттың нәтижесі ретінде оның образы адам ұғымында ассоцияланып, тілде басқа құбылыс, затқа телінеді, соны сипаттап, ұқсатып меңзейді. Қазақ тілінде тізгін сөзінің фразеологиялық парадигмалары тақырыптық семантикалық жағынан әртүрлі. Мәселен,

– тізгін берді (босатты) – ерік берді, ырық берді.
– тізгінге жабысты – билікті өз қолына алғысы келді.
– тізгіндеп ұстады – еркіне жібермеді.
– тізгін көшті (тиді, ұстады)//тізгінің өз қолына алды – билік тиді, ерік өз қолына келді.
– тізгінін салмады – ерік бермеді.
– тізгін тартты – байқап сөйледі.
– тізгін ұшымен келді – билігінен, еркінен айырылды.
– тізгінін жиды – аяғын тартты, қарқынын басты [Кеңесбаев, 2007:531].

Келтірілген фраземаларда *тізгіннің* әрекетіне негізделген образдылық бар.

– Бүйурды кәлтүрүң қуш салалық “бұйырды: келтіріңдер құс салайық” [ХШ,80р17]. Осы сөйлемде *құш салу* фраземасы көшпенділердің байырғы аңшылық кәсібінің түрін білдіреді. Құс салып аң аулау түркі халықтарының ішінде бүгінде қазақтарда ғана сақталған. Аңшылық өнерді “бір қызық ісім екен сұм жалғанда” деп ұлы Абай жоғары бағалап, талай өлеңдерінде суреттеген:

Ұқпассың, үстірт қарап бұлғақтасаң,
Суретін көре алмассың, көп бақпасаң,
Мұны оқыса, жігіттер аңшы оқысын,
Біле алмасың, *құс салып*, дәм татпасаң.

Қазақ топырағында аңшылықтың тұзақ құру, қақпаншылық, мергеншілік, ит жүгірту және саятшылық сияқты түрлері бар. Қазақ тілінің сөздік құрамында аңшылық өнерге қатысты лексика өте мол. Академик Ә.Марғұланның айтуынша, тек саятшылыққа байланысты туған мың жарымдай сөз (халықтық термин) бар екен[Бабалықов, Тұрдыбаев, 1983:205]. *Құс салу* тұрақты тіркесі қазақтар мен ортағасырлық қыпшақтарға ортақ этнографизм.

Фразеологизмнің бойындағы қат-қабаттарда сақталып қалған тіл иесінің күнделікті өміріне, рухани және тұрмыстық мәдениетіне, діни көзқарасына, я болмаса эстетикалық талғамына, дүниетанымына қатысты болып келетін қандай да бір оқиғаның, нәрсенің, белгінің, құбылыстың іздері, зерттеушіні көбінесе көне нанымдар, салттар, әлеуметтік-тарихи құбылыстар әлемін зерделеуге жетелейді [Ураксин, 1990:245]. Мысалы, Кішігә тегмәсүн көз “кісіге көз тимесін” [Мн,28в5]. Осы сөйлемдегі “біреудің назары түсіп ауру” мағынасындағы *көз тегмәсүн* тұрақты тіркесі қазіргі қазақы ұғым-түсініктен туындап отыр. Қазақта жас балаға, сұлу қызға, жүйрік атқа көз тиеді, тіл өтеді деп көзден тасалап ұстау ырымы бар. Мәселен,

Құлагер қуанышпен қосып едім,
Алдыңнан үмітпенен тосып едім,
Жиылып, арғын, найман қарағанда,
Тіл мен *көз тиер* ме деп, шошып едім (І.Ж.).

“Көз тию” ұғымы орта ғасырдан жетіп бүгінгі қазақтардың санасынан, түсінігінен орын тепкен. Көпшіліктің көз алдындағы жағдаяттан туған.

Әр ұлт өкілдерінің, әр дәуір адамдарының өздерін қоршаған ортаға, әдемілікке, сұлулыққа көз қарастары әртүрлі болуы мүмкін. Сұлулық, әдемілік сипаттарын бейнелеуде ұлттық мәдени өмір салты, қоршаған орта, жер жағдайы, құбылысты қабылдау ерекшеліктері көрініс беріп отырады [Смағұлова,1998:175]. Орта ғасыр жазба ескерткіштерінің тақырыбына орай сұлу қызды суреттеуде, неше түрлі айшықты сөз өрнектері қолданысқа түскен. Мысалы, *ай йүзім, йүзі гүл, йүзі күн, пістә ағыз, толун ай, шәкәр ерін, күн күзгүсү (күн айнасы), күнәш йүзли (күн жүзді), Юсуф жамалы, он төртинчи түннүң толун айы.* Осы сөз-образдардағы сұлу қызды ай мен күнге теңеу қазақ тілінде де кең тараған.

–Нітәк келдің бу йергә әй толун ай “неге келдің бұл жерге, әй толған ай” [Мн,93в16]; Йелиб он төрт күн тиләйк, ол он төртинчи түннүң толун айы “он төрт күн, түн желіп, сол он төртінчі түннің толған айын көрмекке” [ХШ,22б3]. Осы сөйлемдерде *ай* сөзі ұйтқы болған *толун ай, он төртинчи түннүң толун айы* тұрақты тіркестері қазақы таным-түсінікпен астасып жатыр. Он төртінші айдай боп, Түседі кімнің көзіне [КТФС,417]. Қас сұлулықты қазақ толған айға теңейді. “Ай әр айдың он төртінші жұлдызында шартабақтай болып, әбден толысады. Сол себепті де халқымыз осы күнді “он төртінші жұлдыз” демейді, “айдың бір жаңасы” дейді. Яғни ықылым заманнан бері жаңа туған айдың алғашқы күні деп есептеліп келген-ді[Есламғалиұлы, 1995].

Аталмыш фразеологизмдердің өн бойынан ұлттық-мәдени колорит көрініп тұр. Бұл этностың әлем, ғалам, сұлулық жайлы бейнелі түсінігі.

Бір замандарда Дешті-Қыпшақ даласында құйындай желіп жүрген еркін, жүйрік, азат дала дүлдүлі *құлан* бейнесі талай сөз саптауларға негіз болған. Мысалы, *құлан көңлүңни* “сенің жабайы жүрегің” [Г,36б9). Қазақ тілінде *құлан* сөзімен келген фразеологизмдер де семантикалық жағынан әртүрлі.

- Құлан бүлкілге басты – жорта жөнелді, сау желіске салды.
- Құландай ащы дауысты – айбарлы, үнді.
- Құланның қасынуына мылтықтың болуы – істің орайы, сәті келуі,
- Құлан таза – кіршіксіз, адал.
- Құлан таза арылуы – ауру-сырқаудан мүлде айықты.

Орта ғасырлардағы *құлан* сөзі қазақ тілінде өрісі кеңіп, ұлттық таным-түсінікпен астасып әр қилы сөз образдар туғызуға негіз болған.

Қорытынды

«Тіл мен этнос бір тұтас» қағидасымен көне қыпшақтық мәдениет пен бүгінгі қазақ дүниетанымының ортақтығы осындай тілдік деректерге сүйеніле зерттелгенде ғана ғасырлар бойы тіні үзілмей келе жатқан әлемнің тілдік бейнесі айқындалады.

Орта ғасырлық жазба ескерткіштер тіліндегі осындай фразеологизмдер сөз жоқ ұлттық менталитеттен мәдени ақпарат береді. Және де бұл ақпараттар қазақы ой-санамен, таным-түсінікпен, дағды-дәстүрмен астарласып, сабақтасып тіл мен ұлттың тарих қойнауынан түзілген бірлігін, тұтастығын аңғартады.

Көне қыпшақтық жазба мұралардың тіліндегі тұрақты тіркестерге этнолингвистикалық, этномәдени талдау жасау арқылы Ұлы Дала мәдениетінің ғасырлар бойы үнемі сабақтастықта қалыптасқан әлемнің ұлттық тілдік бейнесі көрінеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

Бабалықов Ж., Тұрдыбаев А. Қырандар. –Алматы: Жалын, 1983. –205 б.

Виноградов В. Лексические вопросы перевода художественной прозы. –М.: Высшая школа, 1978. –160 с.

Есламғалиұлы М. Сан қилы сауал. –Алматы, “Ана тілі”, 1995. 13 мамыр.

Корнилов О.Я. Языковые картины мира как производные национальных менталитетов. 2-е изд., испр. И доп. – М.: ЧеРо, 2003. – С. 326.

Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологизмдер сөздігі. -Алматы: ҚазАқпарат, 2007. -2007. -356б.

Қайдаров Ә.Т. Тарихи лексикология және этнолингвистика // Қазақ тілі тарихи лексикологиясының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1988. –33-39 бб.

Манакин В.Н. Сопоставительная лексикология. – К.: Знания, 2004. – С. 46.

Маслова В. Введение в лингвокультурологии. –М.: Наследие, 1997. –220 с.

Назарбаев Н.Ә. Болшаққа бағдар: рухани жаңғыру// Егемен Қазақстан. 2017. 12 сәуір.

Попова З.Д., Стернин И.А. Когнитивная лингвистика: Учебное издание. – М.: АСТ: Восток -Запад, 2007. -С. 80.

Смағұлова Г.Н. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – Алматы: Ғылым, 1998. –194 б.

Тоқаев Қ. К. «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан»// Егемен Қазақстан. 2020,8 қаңтар.
Ураксин З. Сравнительное изучение и этимологизация фразеологизмов в тюркских языках // Проблемы этимологии тюркских языков. –Алматы: Наука, 1990. –С. 245-246.
Хайруллина Р.Х. Фразеологическая картина мира: от мировидения к миропониманию. 2-е изд. – Уфа: БГПУ, 2008. -С. 159.

Referenees

Babalykov J., Turdybayev A. Oryly. - Almaty: Zhalyn, 1983. -205 b.
Vinogradov V. Lexicheskiye voprosy perevoda khudozhestvennoi prozy. -M.: V Vysshaya shkola, 1978. – 160 s.
Eslamgaliyuly M. San kily saual. Almaty, Ana tili, 1995. 13 mamyr.
Kornilov O.Ya.Yazikoviye kartiny mira kak proizvodniye nacionalnykh mentalitetov. 2 e izd., I dop - M.: CheRo, 2003. – S 326.
Kenesbaev I. Kazakh tilinin phraseologismder sozdigy. - Almaty: KazAkparat, 2007. -2007. -35bb.
Kaydar A. T. Tarikhi lexicologiya zhane ethnolinguistica//• Kazak tili tarikhi leksikologiyasynyn maseleleri. - Almaty: Gylym, 1988. -33-39 bb
Manakin V.N. Sopostavitelnaiya leksikologiya. K.:Znaniya, 2004. – S. 46
Maslova V. Vvedeniye v lingvokultorologi. -M.: Naslediye, 1997. – 220 s.
Nazarbayev N.A. Bolashakka bagdar:ruhani zhangyry// Egemen Kazakhstan. 2017. 12 sauir
Popova Z.D., Sternin I.A. Cognitivmaiya linguistica:Uchebnoe izdaniye. - M.: AST: Vostok -Zapad, 2007. -C. 80.
Smagulova G.N., magynalas phraseologismderdin ulttyk madeni aspektilery. - Almaty: Gylym, 1998. -194 b.
Tokaev K.K. "Abay zhane XXI gasyrdagy Kazakhstan "//Egemen Kazakhstan. 2020, 8 kantar
Uraksin Z. Sravnitelnaiya izucheniye i etymologyzaciya phraseologismov v turkskikh yaziykakh//Problemy etymology turkskikh yaziykov. - Almaty:Nauka, 1990. -C. 245-246.
Khairullina R. Kh. Phraseologicheskaiya kartina mira:ot mirovideniya k miroponimaniyu. 2e izd. - Ufa: BGPU, 2008. -S. 159.

МАЗМҰНЫ

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

Тайжанов А. Тәуелсіздік – жаңарған ұлттық санамыздың қалыптасуы мен рухани жаңғыруымыздың кепілі..... 3
Ерназаров Ж.Т. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл: тарихтан тағылым және саяси-әлеуметтік даму үдерісіндегі жетістіктер.....16
Әбдіуақап Қ. Шетел ақпаратындағы желтоқсан көтерілісі және Қазақстанның тәуелсіздік тарихындағы орны..... 20
Жексенғалиев Б.Ө. Үндесім теориясы мен терминдері..... 25
Көшім Д. Отыз жылдағы «әттеген-айлар»..... 28
Құрманбайұлы Ш. Тәуелсіздік және қазақ терминологиясы..... 41
Баязитова Р.Р. Формирование основ этноэтикета у детей (на примере Башкир).....51

СЕКЦИЯЛЫҚ МӘЖІЛІСТЕР

Абужалитова А.Т. Формирование методической компетентностистудентов в образовательном процессе в высших учебных заведениях.....58
Асқарова Г.К. «Ортаазиялық тәпсір» (XII-XIIIғғ.) Ескерткішінің қазақ руханиятындағы орны.....63
Абуова Р.С Подготовка специалистов организаторов культурно-досуговой работы с использованием интерактивных формобучения.....67
Абуова А.С., Абуова Р.С. Духовно-нравственное развитие личности на основе традиционной культуры в современных социально - культурных условиях.....70
Азизова Н.Қ. Педагогикада инновациялық технологияларды тиімді қолданудың ерекшеліктері 74
Аймаганбетова А.М. Компетентностный подход в профессиональном обучении..... 78
Айткалиева Д.Н. Эволюция различных форм досуга в контексте истории массовых праздников и зрелищ - как огромный потенциал в культурно-досуговой работе.....88
Алимова А.Т. Қашықтықтан білім берудегі педагогикалық-психологиялық аспектілер.....93
Аниева А.М. Бастауыш сынып оқушысының математика пәнінен функционалдық сауаттылығын қалыптастыру және дамыту.....98
Аскарова Б.Т. Мемлекеттік және ұлтаралық қатынас тілі ретінде қазақ тілінің коммуникативтік қызметі және инновациялық әлеуеті.....103
Бегилова Г.С. Взаимодействие вуза и библиотек - как профессиональная основа подготовки библиотечных специалистов.....108
Бимендина Б.Т. Тәуелсіз Қазақстанның өзіндік даму жолы: тарих, құқық, бүгінгі шындық және келешегі.....113
Бөкенбай Е.М. Қазақ және түрік мақал-мәтелдерінің мағыналық ұқсастығы.....120

Гумарова А. Б. Робототехника жылдам қарқынмен дамитын болашақтың технологиясы..... 124
Грибан В.Г., Фоменко А.Е. Применения методов инновационного обучения у высшем учебном заведении ……..……128
Джумагалиева В.С. Роль тематических фотографических композиций в рекламе изображений на текстиле 136
Джуманиязова У.А., Муратова А.С. Основные положения методики обучения студентов русскому языку.....143
Джуламанов С.С. Ата Заң – Тәуелсіз елдің кепілі.....147
Ешмұқамет Ұ., Садуақас Н.А. Кірме сөздердің прагматикалық қызметі.151
Жалиева Н.Б. Курт – национальный деликатес казахов.....158
Жумабаев М. «Ор» түбірі – байырғы және мәңгі жас лексикалық бірлік...165
Жумагулова Г.А. Представления современной казахстанской молодежи о семейно-брачных отношениях.....174
Заур Қ.М. Қиын жасөспірімдерді тәрбиелеудегі инновациялар.....178
Кажженова Ж.К. Болашақ дизайнерлердің құзыреттілігін қалыптастыру жолдары.....184
Каиржанова Н.Н. Айгүл Кемелбаеваның «Мұнара» романындағы синоним сөздердің қолданылу ерекшеліктері.....190
Курманова Ж.Б., Байтлесова А. Роль иностранного языка в образовательном пространстве 198
Мамбеталиева Г.З. Нашар еститін балалардың сөйлеу тіліндегі бұзылысымен жұмыс.....202
Муратбекова А.Б. Ыбырай Алтынсариннің танымдық әлемі.....209
Мусина Н.М. Жоғары оқу орындардағы арнайы пәндерді оқытудың ерекшеліктері.....213
Наурызалиева Ж.С. Қашықтықтан білім беруде смарт технологияларды тиімді қолданудың педагогикалық шарттары.....219
Орынбасарова Э.О., Арыстанов М.Қ. Қазақстан тарихын жаңаша оқытудың әдіснамалық негіздері.....224
Салахитдинова М.Ж., Хасанова И.У. Бастауыш сыныпта пәнаралық байланыс негізінде дүниенің ұлттық бейнесін қалыптастыру.....230
Сабыр Ғ.К. Махмуд бин Алидің «Нахдж ал-Фарадисі» шығармасының маңызы.....236
Сүлейменова Д.Д. Алаш тағылымы және тәуелсіздік.....241
Төлебаева Т.Т., Садуақас Н.А. Қалаішілік нысан атауларының тілдік ерекшеліктері.....246
Уракчинцева Г.В. Инновационные технологии 21 века применяемые при изучении специальных дисциплин.....255
Утесинова А.С. Қашықтықтан оқытуда педагогикалық жаңа технологияларды іске асыру.....262
Халикова Б.Т., Шонбаева С.Т. Мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілінде мүкістігі барбалалардың танымдық деңгейін инновациялық әдістермен дамыту.....268

Хасанов Ғ.Қ. Тілдік коммуникативтіліктегі тіл мәдениеті нормалары мәселесі.....274
Хасанова И. У.,Салахитдинова М. Ж. Бастауыш сыныпта пәнаралық байланыс негізінде дүниенің ұлттық бейнесін қалыптастырудың ұстанымдары.....282
Ізбасова І.А. Садуақас Н.А. Ақын С.Боранбайұлы шығармаларындағы «табиғат» концептісі..... 287
Ержигитова Г. К. Алтын Орда жазба мұраларын тарихи грамматика дерек көзі ретінде оқытудың әдістемелік негіздері.....294
Иргалиев А.С., Изтурганова А.Т. Сюжеттік-драмалық іс-әрекет арқылы оқушылардың көркем-бейнелі ойлауын дамытудың әдіснамалық негіздері.....300
Иргалиев А.С., Нурмангазиева Л.К.Профилактика профессиональной деформации педагога посредством формирования аутопсихологической компетентности.....309
Иргалиев А.С., Дауталиева З.О.Психологическое сопровождение процесса формирования профессиональной идентичности молодого педагога.....316
Абдолова Г. К. Оқытудың қазіргі заманғы парадигмасы және «қазақ тілі» оқулықтарының жайы.....322

Сабыр М.Б. Орта ғасырлық жазба ескерткіштер тіліндегі әлемнің тілдік бейнесі.....326

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған
«ТАРИХТАН ТАҒЫЛЫМ ЖӘНЕ САЯСИ-ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ЖАҺАНДЫҚ, ҰЛТТЫҚ ТРЕНДТЕР» атты атты
халықаралық ғылыми-практикалық офлайн/онлайн конференциясының

МАТЕРИАЛДАРЫ

Жауапты редакторы Раманова А.А.
Ответственный редактор

Компьютерде беттеген және дизайн
Компьютерная верстка и дизайн Қазкенова Г.У.

Техникалық редакторлар
Технические редакторы Қазкенова Г.У.

АВТОРЛАРДЫҢ ТҮПНҰСҚАСЫНАН БАСЫЛЫП ШЫҚҚАН

ОТПЕЧАТАНО С ОРИГИНАЛОВ АВТОРОВ

Көлемі 36,25 б.т., Таралымы 70. Тапсырыс № 7 .

Объем 36,25 п. л., Тираж 70. Заказ № 7.